Педагог психологтар негiзiнен бiлiм беру саласында қызмет көрсетедi, сонымен қатар, педагогикалық колледждерде пән оқытушысы ретiнде мұғалiмдiк қызмет атқарады, сондықтан бұл маман иелерi кiрiктiрiлген қызмет түрiн атқарады. Яғни, бiлiм саласына қызмет етушiлерге қойылатын талаптармен қатар, мұғалiмдерге қойылатын талаптарды да бiлулерi, орындаулары шарт.

В.Н.Карандашев оқытушының кәсiби маңызды сапаларын сипаттап: «Психология пәнi оқытушысының iскерлiктерi, тұлғалық қасиеттерi мен қабiлеттерi өзге оқытушылық мамандықтарға ұқсас. Ол төмендегiдей сапаларға ие болуы тиiс:

1. Психологиялық бiлiмдердiң әрқилы салаларында бiлiмдiлiгi мен хабардарлығын танытып, өзге ғылымдарда да бiлiмпаз болуы тиiс.
2. Оқытқан пәнiнiң iргелi незiн меңгеруi тиiс

3. Өз бетінше оқу материалын меңгере алуы, оқытудың оптималды құралдары мен тиімді әдістерін анықтай алуы тиіс.

4. Қисынды ойлап, шебер сөйлейтін. Тілдік қоры бай болып, шешендік және әртістік қабілеттерге ие болуы тиіс.

5. Студенттердің оқу материалын түсініп, меңгеруі үшін оны лайықты түсіндіре алуға қабілетті болуы тиіс.

6. Бақылампаздыққа, талапшылдыққа және студентті түсіне алу іскерлігіне ие болуы тиіс.

7. Студенттердің оқу материалын меңгеруіне ынталандыруы тиіс.

8. Коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы тиіс.

9. Педагогикалық әдепті болуы тиіс». [4. ].

Кәсіби даярлау жүйесіндегі болашақ педагог – психологтардың ең маңызды қасиеттерінің біріне оның енгізіліп жатқан жаңашылдыққа деген оң субъективтік көзқарасын жатқызуға болады. Зерттеуші ғалым С.И.Краснов, егер болашақ педагог – психологтар ендіріліп жатқан жаңашылдықтың мән – мағынасын қабылдаса, онда инновациялық іс – әрекеттің әртүрлі жасанды имитациялары пайда болды, дейді. [5,59-64 б.].

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой – өрісі жоғары, зерделі, жан – жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы ұстаз тұрады.

«Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады» - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. [6,3 б.].

Әдебиеттер:

1.Жаксыбаева А. Ж. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру // Молодой ученый. — 2014. — №1.2. — С. 55-57.

2. Абеуова И.Ә. Білім еру саласындағы психологиялық қызмет: әдіснама, технология, практика. Алматы: ЖШС «Эверо» 2011ж. 452б.

3.Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года.//<http://www.edu.gov.kz>

4. Карандашев В.Н. Психология: введение в профессию. М.,2000.

5. Краснов С.И. Нормы социального проектирования и имитации инновационной деятельности / С.И.Краснов //Проблемы проектирования в работах аспирантов ИПИ РАО за 1994г. – 1995. – С.59-64.

6. Бұлақбаева М.К. Педагогикалық шеберлік негіздері:оқу құралы.Алматы: Отан баспасы,2016. – 126 б.

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ**

Толеуова Р.Н. - экология магистрі,

Қайырлы А.Қ. - экология магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласына қойған жаңа мақсатына сәйкес жас ұрпақтарға валеологиялық тәрбие беру негізі міндет болып саналады. Осы ұстанымды негізге ала отырып, «Экологиялық білім беруді дамыту және оның болашағы» атты тақырыпты ашуды жөн көрдік. «Экологиялық мәселелер ең маңызды өмірлік мәселелердің бірі, өйткені әңгіме адамның ғұмыр кешетін ортасы жайында, болашақ ұрпақтарының өмірі туралы болып отыр», - деп Ш. Айтматов айтып кеткен.

Қазіргі уақытта адамзат экологиялық кризистің қиын жағдайында тұр, оны шешу үшін экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы зор. Табиғи ресурстардың толықтай

немесе немесе кейбір бөліктердің жоғалуы, табиғи ландшафт өнімділігінің төмендеуі, топырақ, су жүйесінің құрғауы, қоршаған ортаның ластануы Қазақстандағы табиғи ортаның жалпы экологиялық жағдайының бұзылуын сипаттайды [1]. Қазақстанда Аралдың тартылу мәселесі су ресурстарын рационалды пайдалану арқылы, халықты таза сумен қамтамасыз ету, су көздерінің ластануы, энергетика мен ауыл шаруашылығы арасындағы байланыс барлық елдегі эколог мамандардың біріккен жұмысы үшін перспективалық мәселелер болып табылады. Мұндай қарым-қатынастар суды сақтау, суды пайдалану және су көздерін қорғау бойынша барлық ұлттық бағдарламалардың бірігуіне әкеледі.

Қазақстанда экологиялық жағдайдың қалыптасуы халықтың денсаулығына әсер етпей қоймайды, экономикалық шығынға әкеледі. Сондықтан экологиялық қауіпсіздік-мемлекет аймақтарының стратегиялық міндеттерінің бірі. Сонымен қатар экологиялық қауіпсіздік-халықтың тұрмыс жағдайының тұрақтылығы мен қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету. Экологиялық жағдайдың нашарлау себептерінің бірі халықтың экологиялық білім деңгейінің төмендігі немесе жеткіліксіздігі, соның ішінде табиғатты пайдалануға байланысты басқару құрылымының мамандары әртүрлі шаруашылық салаларының сферасындағы өндірістік жұмысшылар. Экологиялық мәселелер басқару шешімдерін қабылдау кезінде ескерілуі қажет, олай болмаған жағдайда қоғам оның себептерімен емес, ал олардың таңдауымен күреседі. Экологиялық білім берудің тиімді жүйесі қоғам мен экономика даму тұрақтылығын қамтамасыз ететін құралдардың бірі [2]. Тұрақты даму принциптерінде экологиялық капитал қорларын болашақ ұрпаққа жеткізу мен сақтаудың қарастырылғаны белгілі: топырақтың құнарлығы, таза ауа, белгілі климат, озондық қабат, генетикалық биотүрлер. Әкімшілік басқару және табиғатты пайдалану сферасындағы барлық мамандардың экологиялық дайындығының сапасы маңызды деңгейде анықталады, өйткені бұл шаруашылық салаларын тиімді жоғарғы технологияға ынталандыру кезінде болуы мүмкін. ХХІ ғасырдың күн тәртібінде экологиялық білім өзіндік мақсат емес, ол тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажет салауатты өмір, құндылықтар, білімді өзгертудің негізгі механизмі ретінде қарастырылады. Экологиялық білім беру төмендегідей іс-әрекеттердің дамуына бағытталған: табиғи ресурстарды үнемдеу; қоршаған ортаның ластануын тоқтату; табиғи экожүйені сақтау; қабылданған экологиялық этиканы, тәртіп кодекстерін және халықаралық одақ нормаларын сыйлауды меңгеру; қаржылық қолдау және қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысу, толық дайындықты қалыптастыру; ТМД мемлекеттеріндегі біріккен экологиялық саясатты жүзеге асыру мен біріккен табиғатты қорғау әрекеттерін жүргізуі.

Экологиялық білім беру ерекше қалыптасқан жүйе, болашақ ұрпақтың мүддесі мен қажеттілігін және алғышарттарын сақтау, жер жүзіндегі адам өмірінің жоғары бағалауы, жер жүзіндегі адам өмірінің жоғары бағалануы, ақпаратты-экологиялық қоғамның жүзеге асырылуы. Экологиялық білім дегеніміз үздіксіз оқу процесі, ғылыми және тәрбиелік білім мен іскерлік жүйесін қалыптастыруға бағытталған, тұлғаның дамуы мен тәрбиеленуі. Сонымен қатар экологиялық өмір салтын қалыптастыру, тұрақты табиғатты пайдалану мен тұтыну, қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі мен тәртібі болып табылады. Экологиялық білім жүйесі ұйымдық формалардың іс-әрекетімен үздіксіз экологиялық білім жиынтығының міндеті мен мақсатын жүзеге асыру үшін жеткілікті. Соның ішінде, экологиялық білім инфраструктурасы, басқару кадрлық қамту нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік және экономикалық реттеу. Экологиялық білім стратегиясы экологиялық білім аймағындағы мемлекеттік саясат негізін құрайтын және адам өмірінің салтын экологизациялау, оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарын анықтайтын, экологиялық мәдениетті қалыптастыру «адам- табиғат», «қоғам-табиғат», қарым-қатынас сферасындағы қоғамдық ой сана ғана емес, оның терең қажеттілігінің өзгерісін түсінетін принциптер, мақсаттар, ойлар басымдығының жүйесі. Экологиялық мәдениет әрбір адамның және елдің экологиялық қауіпсіздігі, салауатты өмір салтын, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыру, қоршаған табиғи ортамен

адамның өмір қызметінің қарым-қатынасының ежелден келе жатқан тәжірибесі. Мемлекеттік нормалардың қалыптасуы, қоғамдық мұратты көрсететін адамның экологиялық жауапкершілігі болады. Экологиялық жауапкершілік табиғи жүйені өзіндік реттеу және қошаған ортамен қатынасындағы еркіндік өлшемнің тұрақты заңдармен анықталған шекараларын, адамның түсінгендігін білдіреді. Маңызды экологиялық білім беру негіздерінің экологиялық пәндері адамдардың даму тұрақтылығы мен жер жүзіндегі өмір сүру мәселелерін қамтиды. Оларды оқытудың объектісі-биоорталық және антропоорталық сипатын ұстанатын жүйелер. Мұндай жүйе түрлері қоғам мен адам, тірі табиғаттың дамуымен өзіндік ұйымдастырылуын жүзеге асыруды қамтамасыз ету; антропогендік және техногендік престо сынайды, экологиялық қарым-қатынасты оптималдандыруға әрбір тұрғындардың қатысуын талап етеді.

Қазақстандағы экологиялық білім жүйесі қоршаған ортаны қорғау және білім министрлігімен реттеліп үйлестіріледі. Экологиялық білімнің қабылданған бағдарламасы, халықтың экологиялық білімділігін жоғарлатуды қоғамның әлеуметтік ортасын экологизациялау және экологиялық көзқарасын қалыптастыруды қарастырады [3].

Білім беру жүйесінің құрылымына сәйкес қабылданған экологиялық білімнің бірнеше сатысын бөлуге болады: мектепке дейінгі мекемелерде және отбасындағы тәрбие, орта кәсіби оқу орындарында және бастауыш, жалпы білімдік мектептерде білім беру, жоғары оқу орындарынан білім алу, жоғары оқу орындарынан кейінгі дайындық саты. Мектепке дейінгі экологиялық білім және тәрбие-үздіксіз экологиялық білім және тәрбие-үздіксіз экологиялық білім жүйесінің бірінші сатысы, балаларда экологиялық сауаттылықтың негізін қалыптастыру. Мектепке дейінгі экологиялық білімнің басты құрамдас бөлігі табиғатқа және оның тұрғындарына ғасырлық дәстүрге бай халықтық педагогика болып саналады. Бірақ мектепке дейінгі білімнің бүкіл аймақтарындағы қабылданған бағдарлама және экологиялық білімнің үздіксіз тұжырымдамасы мемлекеттік деңгейде тәжірибеде, өмірде жүзеге асырылуы жеткіліксіз. Үздіксіз экологиялық білімнің жүйесінде орта мектептегі экобілімнің екінші сатысы болып саналады.

Оқу процесінде қолданылып жүрген оқулықтар мен методикалық әдістемелер ескеріліп, экологиялық мәселені толық қарастырмайды. Қазіргі уақытқа дейін кәсіби экологтарды дайындау қажеттілігі біздің сана-сезімімізге толық жете бермейді. Қорыта айтқанда, экологиялық білім беру және табиғатты қорғау жұмысы басқа елдердегі «тұрақты даму» моделіне өтуі қажет.

Экологиялық білім беруді тек қана білімді, іскер дағдыны қалыптастыру және тәжірибеде қолдану ғана емес, оны альтернативті экологиялық өмірге жаңалық енгізуде және табиғатты қорғаудағы белсенді тәжірибелік қызмет деп қарастыру қажет. Олай болса, мазмұнға толы табиғатымызды сақтап қалу экологиялық білімді талап етеді [4].

Әдебиеттер:

1. Ақбасова, Ә. Қ. Экология / Ә. Қ. Ақбасова., Г.Ә. Саинова. – А.: Бастау, 2003. - 292 б.
2. Әділов, Ж.М. Тұрақты даму және айналадағы орта/ Ж.М. Әділов. – А.: Ғылым, 1998.- 250 б.
3. Мылтықбаев, Е.А. Экологиялық тәрбие/ Е.А. Мылтықбаев. – А.: Бастау, 2011. – 263б.
4. Ел Президентінің ««2050 стратегиясы» жетілген мемлекеттің жаңа бағыты» Жолдауы. – Астана, «Желтоқсан», 2012.

Резюме: Загрязнения окружающей среды является актуальной проблемой современности. Поэтому в данной статье описывается важность экологического образования в воспитании молодого поколения.

## ТЕХНОЛОГИЯ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ КАК ИННОВАЦИОННОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аманова Б.Н.-старший преподаватель  
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск, РК

Проблемным обучением можно назвать обучение решению нестандартных задач, в ходе которого обучаемые усваивают новые знания, умения и навыки. Формирование профессионального мышления студентов - это выработка творческого и проблемного подхода.

Вузовская подготовка должна сформировать у специалиста необходимые творческие способности:

- возможность самостоятельно увидеть и сформулировать проблему;
- способность выдвинуть гипотезу, найти или изобрести способ ее проверки;
- собрать данные, проанализировать их, предложить методику их обработки;
- способность сформулировать выводы и увидеть возможности практического применения полученных результатов;
- способность увидеть проблему в целом, все аспекты и этапы ее решения, а при коллективной работе - определить меру личного участия в решении проблемы.

По результатам исследования проведенных занятий по специальным дисциплинам наиболее эффективны три способа организации проблемного обучения:

### 1. Проблемное изложение

- студенты не обладают достаточным объемом знаний, поиск осуществляет сам преподаватель, заставляет студентов думать, затем только студенты могут дать для себя ответ и сверить его с выводами преподавателя.

### 2. Поисковая (эвристическая) беседа («эвристика» от греч. — нахожу, отыскиваю, открываю).

- это система взаимосвязанных вопросов преподавателя и ответов студентов, цель – решение новой для студентов проблемы.

### 3. Самостоятельная исследовательская деятельность студентов.

- возможна, когда студенты обладают хорошими знаниями, необходимыми для построения научных предположений

- сначала выполняется практическая работа по сбору фактов, затем их теоретический анализ и обобщение (проблема возникает в ходе противоречия между выявленными фактами)

Здесь студенты выполняют разбор конкретных производственных ситуаций(КС).  
Схема проблемного обучения показана на рисунке 1.



Рисунок 1. Схема проблемного обучения

Проблемная лекция начинается с вопросов, с постановки проблемы, которую в ходе изложения материала необходимо решить. Проблемные вопросы отличаются от не проблемных тем, что скрытая в них проблема требует не однотипного решения, то есть, готовой схемы решения в прошлом опыте нет. Для ответа на него требуется размышление, когда для не проблемного существует правило, которое нужно знать.

С помощью проблемной лекции обеспечивается достижение трех основных дидактических целей:

1. усвоение студентами теоретических знаний;
2. развитие теоретического мышления;
3. формирование познавательного интереса к содержанию учебного предмета и профессиональной мотивации будущего специалиста.

В течение лекции мышление студентов происходит с помощью создания преподавателем *проблемной ситуации* до того, как они получают всю необходимую информацию, составляющую для них новое знание. В традиционном обучении поступают наоборот - вначале дают знания, способ или алгоритм решения, а затем примеры, на которых можно поупражняться в применении этого способа. Таким образом, студенты самостоятельно пробуют найти решение проблемной ситуации.

Компонентами проблемной ситуации являются объект познания (материал лекции) и субъект познания (студент), процесс мыслительного взаимодействия субъекта с объектом и будет познавательной деятельностью, усвоение нового, неизвестного еще для студента знания, содержащееся в учебной проблеме.

Вывод: проблемные лекции обеспечивают творческое усвоение будущими специалистами принципов и закономерностей изучаемой науки, активизирует учебно-познавательную деятельность студентов, их самостоятельную аудиторную и внеаудиторную работу, усвоение знаний и применение их на практике.

Кейс-технологии — строятся на анализе смоделированных или реальных ситуаций и поиске решения. Причем различают два подхода к созданию кейсов. Американская школа предлагает поиск одного-единственного правильного решения поставленной задачи. Европейская школа, наоборот, приветствует многогранность решений и их обоснование.

Мозговая атака — поток вопросов и ответов, или предложений и идей по заданной теме, при котором анализ правильности/неправильности производится после проведения атаки. Название метода родилось в системе управления, а также в сфере научных

исследований. Метод заключается в поиске ответа специалистов на сложную проблему посредством интенсивных высказываний всевозможных приходящих в голову идей, догадок, предположений, случайных аналогий. Золотое правило мозговой атаки — ничего из произнесенного участниками не подвергать сомнению, не критиковать, а обеспечить полную свободу высказывания любых идей. Такая психологическая свобода позволяет вести себя раскованно, не бояться ставить себя в неловкое положение неудачной репликой, показаться неумным, смешным и т. д. В такой обстановке рождаются самые невероятные, поистине сумасшедшие идеи, многие из которых в дальнейшем, после тщательного анализа могут быть отсеяны, но неожиданно возникает то, что надо для решения данной проблемы.

Для выявления эффективности использования проблемного метода на занятиях специальных дисциплин, мною были проведены небольшие исследования, цель которого состояла в том, чтобы опытно-экспериментальным путем подтвердить эффективность данного метода обучения в достижении студентами результатов обучения. Результаты проанализированы по I и II рубежному контролю. Первоначально, для того чтобы зафиксировать первичные данные было использовано анкетирование студентов и наблюдение преподавателя. Для выявления личностных результатов студентам была предложена анкета «Оценка своих умений», которую студенты заполняли, опираясь на самоанализ. Констатация предметных результатов происходила подсчетом среднего балла успеваемости I и II рубежного контроля. Результаты исследования самооценки студентов по традиционному и проблемному методам обучения представлены на рисунке 2 и 3.



Рисунок 2. Результаты исследования самооценки студентов по традиционному



Рисунок 3. Результаты исследования самооценки студентов по проблемному методу обучения

По результатам исследования проблемного метода обучения следует отметить, что студенты, закончившие колледж по специальности «Нефтегазовое дело» и поступившие в ВУЗ принимают активное участие в эвристической беседе, в проблемном изложении и исследовательской деятельности, так как они обладают достаточным объемом знаний по спец. дисциплинам, проходили обучение на производстве во время прохождения практики, занимались дипломными и научными проектами.

Следует также отметить, что применение традиционных методов обучения для студентов «ускоренников» становится малоинтересными, так как основная часть дисциплин ими пройдена в колледже, поэтому подводя итоги исследования хотелось бы отметить, что именно для студентов ускоренного обучения необходимо разрабатывать новые учебные программы, внедрять инновационные технологии и активные методы обучения

Применение технологии проблемного обучения приводит к повышению показателей качества и успеваемости обучения студентов, а, следовательно, к более высокому уровню усвоения дисциплины. Внедрение инновационных образовательных технологий приносит свои изменения в потенциальное развитие личности преподавателя и студента, способствует высокому развитию уровня образовательной деятельности. Современное развитие общества, интенсивный поток разнообразной информации, необходимость быстрого реагирования на рынке требуют от современного специалиста и руководителя владения навыками работы в команде, в среде современных информационных технологий, самостоятельности в принятии решений, способности к саморазвитию. Развитие общества изменяет требование и к современным педагогам, которые должны не только быть компетентными в области своей специальности, но и готовы поделиться глубоким знанием изучаемой дисциплины, а также владеть новыми учебными технологиями, обеспечивающими активное вовлечение студентов в учебную, научно-исследовательскую и самостоятельную работу.

Литература:

1. Есенбекова А. Э., Дусталиева С. М. Интерактивный метод преподавания на кафедре технических дисциплин в Казахском университете инновационных и телекоммуникационных систем // Актуальные вопросы технических наук: материалы IV Междунар. науч. конф. - Краснодар: Новация, 2017. - С.55-57.
2. Домкин В.Д. Инновационные технологии в образовании, Исследовательский университет/под ред. Г В. Манера,- Томск: Изд-во Том.ун-та, 2007.
3. Есенбекова А. Э., Дусталиева С.М. Рубрика: 14. Общие вопросы технических наук Опубликовано в IV международная научная конференция «Актуальные вопросы технических наук».- Краснодар, февраль 2017)
4. Педагогика и психология высшей школы./под. ред. М. В. Булановой-Топорковой: Учебное пособие. - Ростов н/Д: Феникс, 2002. - 544 с.

Резюме: Заманауи оқытудың басты мақсаты, болашақ мамандарды дайындау кезінде олардың шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Оқытушының өз жұмысында жаңа әдістерді енгізуі - болашақ мамандардың кәсіби дамуы үшін, оқу процесінде қолайлы жағдай туғызу. Шығармашылық процесі ең алдымен жаңалық ашуды қамтиды: жаңа объект, жаңа білім, жаңа қиыншылықтар, оларды жаңа әдістермен шешу. Мақаланың мақсаты мен міндеті болашақ мамандарды дайындаудың тиімділігін арттыру үшін, проблемалық оқыту әдісінің оқу үрдісін әр түрлі формада ұйымдастыру кезіндегі әсерін бағалау және талдау жүргізу.

## **ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ**

Жолдасова А.А. - жоғары санатты оқытушы,  
Құрманғалиева Б.Б. - бірінші санатты оқытушы  
Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Орал қ., ҚР

Қоғамымыздағы қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары енгізіліп, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияны меңгеру тәрбиенің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Қазіргі кезде мұғалімнің өз шеберлігіне орай көптеген технологияларды қолданып игеуіне болады. Атап айтсақ «Дамыта оқыту», «Модульді оқыту», «Денгейлеп саралап оқыту», «АКТ», «Сын тұрғысынан ойлау» т.б. технологияларының элементтерін кеңінен пайдалануға болады. Бұл педагогикалық технологиялар – бала мен мұғалімнің түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы. Әдебиет пәнін оқытуды жақсарту – осы пән мұғалімдері үнемі көңіл бөлуге тиісті өмір талабының бірі. Өйткені әдебиет пәні жас ұрпақты жан сұлулығына, биік адамгершілік қасиеттерге, өмірді сүйе білуге баулиды. Ең бастысы, әдебиет арқылы ертеңгі елінің қоғам құрылысшылары – бүгінгі мектеп оқушыларының бойында рухани мұраттарына адалдық, адамгершілік дүниетаным, азаматтық күрескерлік көзқарас қалыптасады. Заманауи білім беруде де әдебиетті оқытудағы осы міндеттерге баса назар аударылған. Төменгі сыныптарда әдебиет пәнін оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар: оқушылардың сөздік қорының дамуына, сөйлеу тілінің жетілуіне, әдеби талдаудың кейбір тәсілдерін меңгеруіне назар аударылса, жоғарғы сыныптарда әдебиет пәнінің ғылыми курс жүйесімен оқытылып, жанрлық ерекшеліктерімен танысып, оның күрделі ұғымдары жайлы мағұлмат алуына көңіл бөлінеді. Колледжде «Әдебиетті оқыту әдістемесі» пәнінен «Ертегі жанрын оқыту» тақырыбына үлгілі сабақ өткіздім. Негізінен 5-сыныпта ертегілер жанр ретінде арнайы оқытылып жүр. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша осы сыныпта тек «Керқұла атты Кендебай» ертегісі 7 сағатқа берілген. Ертегілердің ішінде көркемдік деңгейі жоғары, ауыз әдебиетінің озық туындылар қатарына жататын ертегілердің бірі – «Керқұла атты Кендебай». Мен ең алдымен оқушылар назарын ертегі композициясының күрделілігіне, сюжетінің шиеленісуіне, мазмұнының қызықтылығына аударамын. Ертегідегі оқиғаның басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі, адам образдарының жасалуы сияқты теориялық ұғымдар жөнінде оқушыларға мәлімет беріледі. Содан кейін ертегінің тақырыбы әңгімеленеді. Ертегі кейіпкерлері көпшілігінің қиял-ғажайыптық сипаттағы бейнелер екенін пайымдай келіп, оқушылар ертегілердің қиял-ғажайып түрі дегеннің не екенін біледі. Мен ертегі кейіпкерлерін сипаттай келіп, оның идеясына байланысты оқушыларға бірқатар түрткі сұрақтар қоямын: - Ертегінің негізгі идеясы нені білдіреді? - Ертегінің негізгі идеясы – адам баласына қастық жасаушы жауыздық күштерге қарсы күресу, оларды қарапайым адамның қалайша жеңгенін көрсету. - Оқиға қай кейіпкерлердің төңірегіне құрылған? Ұзын сонар баяндау, көп сөз оқушыларды жалықтырады. Сондықтан мен сабақтың танымдық сапасын арттыру үшін көрнекті құралдарды тиімді пайдалануға тырысамын. Мысалы: Ең алдымен, ертегінің атаулары жазылған түрлі- түсті стикерлер ақылы оқушыларды 3 топқа бөлдім. Топ атауын, топтың ережесін тағайындалды. Үй тапсырмасын «Өрмекші торы» әдісі арқылы тексеріп, студенттер тоқыма жіпті лақтыру арқылы «Әңгіме жанрын оқыту» тақырыбы бойынша бір- біріне сұрақтар қойды. Жаңа материалды меңгерту 1- тапсырма «4 формат» әдісі (топтық жұмыс) арқылы өтті. 1-топ Ертегі жанрын оқыту (кластер құру) 2- топ Әңгіме жанры мен ертегі жанрын оқытуды салыстыру (Үрмелі шар кестесін құру) 3- топ Бағдарлама мен оқулықтарға талдау жасау. 2- тапсырма «Стикердегі диалог» әдісі арқылы оқушылар тақтадан артында сөз жазылған стикерлерді алып, жұбымен диалог құрастырды. (жұптық жұмыс), 3- тапсырма «Дубляж жасау» әдісі (топтық жұмыс), Оқушылар проектордан «Сынық құмыра» ертегісін дыбыссыз қарап, ертегінің сюжетіне байланысты топ болып дубляж жасады. «Түсін мені» әдісі арқылы сергіту сәтін өткізді. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 5- кластың оқулығын талдап, «Керқұла атты Кендебай» ертегісіне құрылған жаңа оқулықтағы тапсырмаларды орындаттым. Олар:

композициялық талдау, тыңдалым бағыты бойынша мәтінмен жұмыс, жеке жұмыс. Жаңа материалды «Соңғы сөзді мен айтамын» әдісі арқылы бекітіп, «СМС жолдау» әдісі арқылы кері байланыс жүргіздім. Студенттер сабақтан алған әсерлерін қағаз телефон қиындысына жазып тапсырды.

Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Мысалы: Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше ете маңызды кеңестер ұсынды. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды. (1962) Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында; біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалықашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі.

Осы кезде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Әдебиеттер:

1. Қ.О. Бітібаева «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» Алматы 2012
2. М. Ғабдуллин. «Халық ауыз әдебиеті».
3. Қ. Жұмалиев. «Әдебиет теориясы».
4. Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы, 2012.

## **ӨНЕР БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҮДЕРІСІ**

Құрманқұлов Ш. – магистрант

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы қ., ҚР

Қазақстан қазіргі уақытта нарықтық экономикасы дамыған ел ретінде әлемдік қоғамдастыққа танылды. Қазақстан тәуелсіздігін алған қысқа тарихи мерзімде көп нәрселерге қол жеткізді. Саяси тұрақтылықты нығайту, тиімді экономикалық реформаларды жүргізу, білім беру жүйесін жаңарту, білімнің әлемдік аренада танылуы,

азаматтардың тұрмыс – жағдайларының жақсаруы сияқты біздің республикамыздың бүгінгі қол жеткізген жетістіктері – бұлар қоғамның бірлескен және біртұтас жасампаз еңбегінің куәсі, яғни ұлттың стратегиялық басымдылықтарының өмірде жүзеге асуы. Білім- тек ғылымның іргетасы емес, шетелдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын арқауы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Қай елдің болмасын өсіп- өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы, оның білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Білікті мамандар топтасқан ортада алынбайтын қамал, еңсерілмейтін биік жоқ. Халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірибелі білімді, үлкен сыннан өткен кадрлардың қолында екенін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасында ерекше айта отырып, бұл жүйені іске асырудың бірден-бір жолы елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізу мәселесі екенін көрсеткен[1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында « Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауын ұсынды. Бұл жолдауда « біздің болашаққа барар жолымыз Қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Таяудағы 2-3 жылда дуалды оқыту жүйесі техникалық және кәсіптік білім беру берудің ұлттық жүйесін негізін қалыптастыру», деп атап көрсетті. [2].

Дуалдық оқыту жүйесіне еліміздің 100 колледжі енгізіледі. Қазіргі кезде қалаларда техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері, ал жалпы алғанда, еліміздің 100-ден астам колледждерінде ауыл шаруашылығы, көлік, металлургия, машина жасау, мұнай-газ, химиялық және кен өндірісі салаларындағы кадрларды дуалдық білім беру жүйесімен дайындау элементтері енгізілуі міндеттеліп отыр. Республика көлемінде 120-дан астам мамандық бойынша жаңа кадрлардың 70 пайыздық өндірістік тәжірибеден өтіп жүріп, білім алуына жол ашылды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың білім беруге қатысты айтқан мәселелері бәрімізді бей-жай қалдыра алмайды. Өркениетке бет бұрған еліміздің жастары- ертеңгі мемлекет тірегі. Қоғамға да ең басты керегі – елдің ертеңіне деген сенім мен үміт. Сол тірек нық та берік, сенімді болуы үшін бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үрдісі кәсіптік және техникалық білім беру ордаларынан басталмақ. Мұндай жағдайда теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жою мәселесімен күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету - бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Міне, осындай мәселелерді шешу барысында кәсіби мамандарды даярлау жолында дуалды білім беру жүйесін дағдыға айналдырған жөн.

Дуалды оқыту ең алғаш 1960 жылдары Германияда пайда болып, негізі қаланды. Көптеген жылдар бойы Германияда кәсіптік білім берудің қосарлы жүйесі бар, ол кәсіптік оқу мекемесі болып табылады, сонымен қатар бұл жүйе Швейцария, Австрия, Дания елдерінде қолданылады. Бұл жүйенің жұмыс істеуі үшін жауапкершілік алдыменен экономика көрсеткішінде. Германия Федеральдық үкіметі кәсіптік білім берудің тек құқықтық негізін сұрайды, оның құрылымдары іс жүзінде экономиканың қолөнер саласынан алынған.

Қолөнер өнеркәсібіндегі ұйымдастырылған және реттелетін кәсіптік білім 1894 жылы пайда болды. Оның жарқын мысалдарының бірі – Германиядағы кәсіптік – техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Қазіргі таңда, ол кеңінен әр түрлі білім салаларында пайданылады. Дуалды оқу бағдарламасы жұмыс берушілердің тапсырысымен және қатысуымен жасалады, бір мамандық шеңберінде оқытылатын пәндері бойынша оқу материалының көлемін бөлуге мүмкіндігі бар. Теориялық және практикалық бөлімдерге шамамен бірдей сағат бөлінеді. Дуалды оқытудың Германиялық бағдарламасына есептелген мерзім екі жылдан үш жарым жыл аралығында ауысып отырады.

Шығармашылық оқу орындағы студенттер дайындығы көп қырлы және орындаушылық өнердің басымдығының өзі оны басқа мамандықтардан ерекшелейді. Осы орайда консерваторияда заман талабына сай оқыту, ұлттық құндылықтарды қадірлеу, қасиетін сіңіру, басты орын алады. Ол- кәсіби маман, жеке тұлға қалыптастыруда жүйелілік, тұтастық принциптерін қалыптастыру. Жалпы елімізде білім беру жүйесінде әлемдік озық үлгілерді, негізгі қалыптасқан тәжірибелер мен әдіс-тәсілдері қолданып терең білімді, ізденімпаз, барлық жағдайда шығармашылық бағыт ұстанатын, өз талантын таныта алатын, қалыптасқан дәстүрлер негізінде заманауи бағыт алатын кәсіби маманды, тұлғаны, тәрбиелеуге зор мән берілуде.

Барша мамандықтардың бірегейі, халқымыздың өткен шежірелі тарихы мен бар болмысын зерделеген және қанша ғасырларды артқа тастаса да уақыт талабымен жаңғырып, қайта болашаққа түлей озған, баршаға тән ұлттық өнердің өзегі домбыра және оның күйлері. Күй өнері ілкі орындаушылық дәстүрлерді сақтай академиялық білім бағытымен астастырыла бір арнада өрістетіледі. Қарамақарсылық(дуальдық) типіне жатпайтын мәдениетте орындаушылықта микро және макрокосмосты біріктіре алатын, өзінің шығармашылық жігерінің арқасында нақтылы мәңгілік абсолют дәрежесіне дейін көтере алатын және абсолютты нақтылық тынысымен толықтыратын музыканттың ерекше типі қалыптасқан. Рухани тұрғыда – бұл сакральді антиэнтропиялық міндетін тек мәдениетте ғана емес, жалпы социум өмірінде жүзеге асыратын медиатор-музыкант типі. Музыкалық нақтылау деңгейінде оны суырыпсалма музыкант деп атайды. Күй – бөлінбейтін әлемдердің: өнер мен өмірдің сәбиі. Алайда бұл «қосәлемділік» («двумирне») әркелкі болып келеді. Қазақ қалқы үшін музыканың ең биік сәті – шырақ алуында күйіп-жанатын көбелек секілді, «қосәлемділіктің» тепе-теңдігін және өнер шебін бұза отырып шынайы өмірдің нағыз отымен лаулауы. Күйдің өзі өмірдің маңызды бөлімі бола тұрып, тікелей оған әсер етеді, ол тұрмысты үйлесімді етеді, физикалық және рухани дерттерден айықтырады.

Жақсылық пен жамандықтың мәселелері, дүние жүзіндегі адам орны, оның тылсым күштермен қарым-қатынасы әрдайым дәстүрлі қазақ өнерінде беделді орынға ие болған. Қазақтың аспаптық музыкасының арнайы ұлттық жанры – күй – философиялық мәселелер жиынтығын ұлттық өнердің вербальді (сөз) жанрларында сияқты барынша толық ашты [3].

Бүгінгі таңда домбыра мамандық пәні бойынша болашақ орындаушы, оқытушы мамандар музыкадағы түрлі стильдер мен жанрлар туралы, мәдениет пен өнердегі негізгі көркемдік ағымдар туралы, бұрынғы және қазіргі кезеңдегі жаңа орындаушылық үрдіс, музыка саласындағы техникалық жетістіктер туралы толық мәлімет алуға тиісті. Домбырашылар дәстүрлі күйшілік өнердің орындаушылық мектептерін, көрнекті күйшілердің өзіндік шеберліктерін, күй тарту өнерінің кәсіби-дәстүрлі көркемдік ағымдарын ажырата меңгеруі және орындай білуі қажет. Пәннің бағдарламасы мамандық бойынша өткізілетін жеке тәжірибелік және музыкалық-теориялық негізі болатын пәндерді өткізу арқылы жүзеге асырылады. Мұндағы алға қойған мақсатымыз ұлттық- дәстүрлі және кәсіби бағыттағы теориялық, тәжірибелік қажетті білім негіздерін меңгерген және оларды музыкалық оқу орнында мамандық пәні бойынша дәріс беру, орындаушылық, ғылыми бағыттағы тәжірибесінде қолдана алатын жоғары білікті мамандар даярлау, студентке аспапты толық меңгеруге және жалпы шығармашылық өсуде жоғары кәсіби шеберліктерді дамытуға мүмкіндік беретін нақтылы концерттік репертуарды, күйшілік үрдісті меңгертуге үйрету. Қазіргі әлемдік интеллектуалдық деңгейге сәйкес келетін кәсіби біліктілікті өрістетуде, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамыту үшін бағалауға қажетті белгіленген және бекітілген осындай білім қорын беретін пәндердің кешенді бағдарламаларын жасау қажет болды. Мұның барлығын стратегияға орай жаңа білім стандартының мазмұнына енген, Болон жүйесіндегі кредиттік оқу үрдісі негізінде қолға алынды. «Орындаушылық тәжірибе»- музыкалық оқу орындарында білім алушылар болашақ қызметінің негізі. Сахна өнері

күрделі үрдіс. Орындаушылық өнерге үйрету басты орын алады. Бұл үрдістің деңгей жалғастығын сақтағанда ғана нәтижелі болмақ және ұзақ мерзімді қамтитын, өз бетімен жұмыс көлемімен ерекшеленеді. «Өндірістік тәжірибе» 1-2 курс студенттерінің ансамбль, ұлттық оркестрлерде, балалар музыка мектептерінде және орта мектеп, лицей гимназияларда сабақ береді, ұжымдарды басқарады. Бірақ мұнда толық курс қамтылмайды, сондықтан да баршасына бірдей бұл деңгейлерден тәжірибе алғаны ұтымды болмақ. Бұл үрдіске барлық деңгейде топтама түрінде өткізіп, жан-жақты қамту үшін сол мекемелермен келісім шартқа отырып, есеп беруде екі жақты бағалау тиімді. Себебі, біріншіден студент музыкалық білімнің жүзеге асатын барлық қызмет орнымен танысады, құжаттармен және педагогикалық бастамасы орындаушылық, әр түрлі репертуарлар, нотаны бірден оқу, адамдармен ара қатынас, жауапкершілік т.б, ал оқу орны қызмет берушілермен әрдайым серіктестікте болады [4].

Әлеуметтік дамудың қазіргі заманғы үрдістері білім беру жүйесінің жағдайына әсер ете алмайды. ХХІ-і ғасыр қоғамның негізі ретінде де, әлеуметтік-саяси және басқа да қатынастармен қамтылған көптеген әлеуметтік мәселелермен сипатталады. Бұл жалпыға ортақ адами құндылықтарға, гуманистік идеяларға негізделген дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін жаңартуды және жас ұрпақтың инновацияларға, үздіксіз өзін-өзі дамытуға бағытталған шығармашылық ойлау дағдыларына үйретуді талап етеді.

Осыған байланысты білім беру жүйесінде кең мәдени алмасу, оқу үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын қарқынды іздестіру және енгізу жоғары білімнің нақты формалары мен мазмұнын қайта қарауды талап етеді.

Бұл қайта қараудың негізі-инновациялық технологиялар негізінде болу процесін құру стратегиясын және тактикасын айқындайтын университеттердің дұрыс құрылымдалған академиялық саясаты. Академиялық саясат мәселелері бойынша арнайы басылымдарда оның мазмұнының ашылуына қарамастан, бұл тұжырымдаманың анықтамасы жоқ. Академиялық саясат бұл білім беру қызметін жоспарлау және басқару бойынша іс-шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі және іске асыруға бағытталған оқу процесін тиімді ұйымдастыру. Студенттерді оқыту және білім беру сапасын арттыру. Қазіргі академиялық саясат студенттердің жеке білім беру траекториясының негізінде білім беру процесін ұйымдастыру тұрғысынан білім беру мақсаттарын белгілеуді, оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара әрекеттестікті дамытуды, студенттердің тәуелсіз шешім қабылдау тәжірибесін қалыптастыру үшін жағдай жасауды көздейді.

Бұл контекст негізінен білім беру нәтижелері, түсініктік пен қабілеттер тұрғысынан студенттердің білім беру процесінің басты нәтижесі болып табылатын білім беру парадигмасы болып табылады. Мұғалімдер пайдаланатын технологиялар мен оқыту әдістері бұл жағдайда осы нәтижелерге қол жеткізу құралы болып табылады.

Мұғалімнің біліктілігі мен құзіреттілігі деңгейі, әрине қазіргі кездегі шарттарда өзгеріп отырады. Оқытушы кез келген білім беру процесінің негізгі ресурсы болып табылады. Білім беру және когнитивті сипатқа ие кең таралған ақпарат көзі бүгінгі күні түсінікті де және айқын.

Оқу үрдісі тек ақпарат, оқу материалын игеру емес, сонымен қатар көп нәрсе түсіндіру, талдау, өңдеу, бағалау, шешімдерді қабылдау және бағдарламаны игеруді бағалау болып табылады. Бұл үдерістерде мұғалімнің рөлі нашар. Сөзсіз ақпараттық технологиялар контекстінде мұғалімнің функциялары өзгереді:

Әрине мұғалім ресми біліктілікке ғана емес, сонымен қатар оқытылатын пәндер саласында кәсіби және практикалық құзіреттілікке ие болу керек, ғылыми зерттеулерді белсенді түрде жүргізіп, тек мамандықтар ғана емес, сонымен қатар оқыту мен оқыту әдістерін дамытуы қажет. Тек ол қоғам, еңбек нарығымен студенттер талап ететін білім беру бағдарламасын, дамыта алады. Өйткені әрбір білім беру бағдарламасы немесе мамандығы күтілетін оқу нәтижесі мен оларға қол жеткізу әдісі арасындағы байланыстар табылғанда, оқу күнделігі және нақты пәнаралық заманауи халықаралық компоненттер

дамиды. Білім беру бағдарламасының деңгейіне, пәндердің мазмұнын оқыту әдістемесіне және жетістіктерін бағалау жүйесіне байланысты. Оқыту интерактивті түрде жүзеге асса тиімді болады. Оқу материалы білім алудың практикалық білімдеріне, тапсырмаларына және нақты жағдайларға көбірек назар аударуды талап етеді.[5].

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2014 жылға арналған бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 15 қазан № 1093 Жарлығы;
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; А.Мұхамбетова, Б. Аманов. Дәстүрлі қазақ музыкасы.
3. Сахарбаева К.С. Домбыра үйрету әдістері Алматы, 2006;
4. Өмірбаев С.М. Студенто-ориентированное обучение как важный принцип академической политики вуза// Студенто-ориентированное обучение: Современные подходы и инструменты.

Резюме: Дуальная система профессионального образования, получила мировое признание, это наиболее распространенная и признанная форма подготовки кадров, которая комбинирует теоретическое обучение в учебном заведении и производственное обучение на производственном предприятии. Анализ мирового опыта дуального обучения создает предпосылки для реализации наиболее эффективных ее сторон в систему профессионального музыкального образования Казахстана.

## **ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ**

Идрискалиева С.К. – магистрант,  
Төреғали К.Е. – магистрант,  
Қойлыбаева Б.Ж.-магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде еліміздегі тіл білімінің дамуы ерекше қарқын мен жаңа сипат алды. Бұл ең алдымен қазақ тілінің Қазақстан Республикасы мемлекет құрушы ұлтының тілі ретінде мемлекеттік мәртебе алуымен – саяси фактормен, осы мәртебесінің қоғамдық өмірдің барлық салаларында заңды түрде бекітілуімен – құқықтық фактормен, қазақ тілінің қолданыс аясынан, кеңеюімен қатар қолдану мәдениеті сапасының артуымен – әлеуметтік лингвистикалық фактормен, қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің көркеюі, тарихи санасының жаңғыруымен – тарихи фактормен, сол сияқты басқа да қазақ тілді қоғам үшін тың факторлармен байланысты болды. Осы факторлар негізінде қазақ тілінің дамуында тың әрі қарқынды даму үрдістері белең алды. Қазіргі тіл білімінде қоғамдық санадағы, қоғамдық болмыстағы осы өзгерістердің тілдегі рефлексиясына талдау жасау, тілдің даму болашағын айқындау, тілдегі кейбір үдерістердің бағытын тілдік жүйенің іргелі, қоғам сұранысына тиімді жауап беретіндей болуы үшін дұрыс арнаға бұру мақсатында дәстүрлі ғана емес бейдәстүрлі – антропоцентристік бағыттағы әлемдік тіл ғылымы салалары бойынша да күрделі зерттеулер жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» - деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Елбасы үш тілдік идеяны ұсынғанда балаларымыз бәсекеге қабілетті болумен қатар, жаңалықтарды түпнұсқасында оқи алатындай дәрежеге жеткенін мақсат еткен болатын. Осы тұрғыдан алғанда латын қарпіне көшу жастардың, өскелең ұрпақ балалардың ағылшын тілін

игеруіне әлдеқайда жеңілдетеді. Себебі, бүгінде техника, технология туралы ақпараттың 70%-ы, электрондық ақпараттың 80 пайызы ағылшын тілінде шығады. Қытай, орыс, жапон, француз, тағы басқа тілдер де осы ақпараттың тек 20 пайызы ғана жарияланады. Көптеген саланың мамандары осындай жағдайдан кейін ағылшын тілін игеріп, оны өзінің кәсіби мамандығының тілі деп біледі. Мысалы ұшқыштар, дәрігерлер, жаңа материал жасау мамандары, химиктер, ақпараттық технология мамандары өз саласындағы негізгі тіл деп ағылшын тілін айтады. Бұл үрдіс барған сайын басқа мамандықтарға да кеңінен етек жайып барады. Мына бір елең еткізерлік дерекке көз жүгіртелік. 2011 жылы әлемде ағылшын тілінде 550 мың кітап жарық көрген. Бұлар жаңа кітаптар мен аудармалар. Яғни, жаңа ойлар, жаңа идеялар. Сауатты боламын деген адамға керекті жаңа ақпарат. Сол жылы орыс тілінде 97 мың кітап басып шығарылды. Екі тілде шыққан кітаптардың салыстырма коэффициенті 1:5 (бір де бес), біздің Ресей көршімізден француздар шығарған басылымдар сәл төмен: 65000 (коэффициенті бір де сегіз). 2011 жылы қазақ тілінде 2300 кітап жарық көріпті. Яғни, ағылшын тілінде шыққан екі жүз кітапқа қазақ тілінде бір-ақ кітап келеді. Салыстыра келгенде кітаптардың ара жігін өзіміз-ақ салмақтай берейік.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық модеміне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдері мен инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді. Өйткені еліміздегі дүбірлі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен мақсаттар әкелді. Білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың жазылуы, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядағы іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістердің куәсі.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Сондықтан тіл үйретуде ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді жақтары мен жаңа ақпараттық технология құралдары (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникациялар, виртуальды орта және мультимедия, интерактивті құрылғылар) оқу үрдісіне көптеп енгізілуде.

Оқытушының инновациялық іс-әрекеті - өз қызметіне жаңа технологияларды енгізу. Білім беру жүйесінде қазір технологиялардың сан алуан түрлері бар. Осыған байланысты деңгейлік тапсырмалар беруде оқытушы ең алдымен тапсырмалардың мазмұндық жүйелілігіне аса назар аударуы қажет. Жаңа инновациялық технологияны жүзеге асыруда оқытушы белсенділігі, шығармашылық ізденісі артып, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, студенттерін жеке тұлға ретінде бағалауы орын алады.

Дәстүрлі оқытуда оқытушы дайын, толық ақпаратты берген болса, оқушы тек соны тыңдап, ақпаратты оқытушы арқылы қабылдап отыратын. Сабақта көбіне репродуктивті әдістер, лекция, баяндау, әңгімелеу, мазмұндау және т.б. қолданылды. Егер дәстүрлі оқытуда оқу тәрбие үрдісінде басты рольді оқытушы атқарса, технологияның көптеген түрлері қамтылған қазіргі жағдайда белсенді қызметті оқушы атқарады, яғни өзі ізденеді, өзі оқып, өзі үйренеді. Ал оқытушы сабақты ұйымдастырушы, кеңес, бағыт-бағдар беруші. Әрбір студенттің жеке мүмкіндіктеріне байланысты қызығушылықтарын арттырып, берілген тапсырмалар олардың қабілеттерін ашуға бағытталады. Олардың жұмысы көптеген тұлғалық қасиеттеріне қарай бағаланады (интеллектуалды дамуы, тіл мәдениеті, дербестігі, инициативасы, жауапкершілігі).

Студенттерді қажетті білім дағдыларымен қамтамасыз ету үшін оқытушы әр сабақта жүйелі жұмыс жүргізуі керек. Ол үшін тіл үйретушінің әдіскерлік шеберлігі, теориялық білімі, ұйымдастырушылық қасиетінің жоғары деңгейде болуымен қатар, құнды жасалған көрнекілік, электрондық оқулық, аудио, бейнетаспалардың болуы да қажет.

Түйіндей айтсақ, ақпараттық технологияның кез-келген түрінің бүгінгі күні қарқынды өсуі, оның тиімділігі сапалы білім берудің бірден-бір қайнар көзі екендігі және оны әсіресе тіл үйретуде пайдалану – тіл үйренушінің ең басты құралы болып отырғандығы шындық. Ендеше келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі сапалы білімнің жемісі болмақ. Сондықтан қазақ тілін оқытуда дайын өнімдердің жетістіктерін есепке ала отырып, мультимедиялық технологияларды қолданып, ақпараттық оқыту бағдарламаларды әзірлеудің теориялық, әдістемелік мәселелерін терең саралау арқылы оны жетілдіре түсу біздің басты мақсатымыз болмақ.

Әдебиеттер:

1. Soltawulii. Zaman talabi-kop tilde bolu. // Akikat. 26.11.2012.
2. Zhaminova R.Zh. Moduldik okitu tehnolodiasin koldana balalardin tildik kyzirettiligini kalipastiru. // Mugalimnin kasiby damui: dasturi men ozgerister. II kalikaralik gilimi-tazhybelir konferensia II tom. Astana-2012 (Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана-2012 ж.)
3. Nazarbaev N.A. "Kazakhstan-2030". El Prezidentinin Kazakhstan xalkina zholdau. Almati. «Bilim baspasi», 1998. (Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы. «Білім баспасы», 1998.)
4. Zhanpeisova M.M. moduldik okitu tehnologiasini okushini damitu kyrali retinde – Almati. 2002. (Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.)
5. Passov E.Y. Kommunikativni metod oduchenie inoyazichnomu govorenyiyu. 2-e izd. M: prosvechenye. 1991. — 116. (Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. — М.: Просвещение, 1991. — 116 б.)
6. Erzhanova A. Bilim berude akparattik technologyylardi koldanu. Almati. 2005. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. – Алматы. 2005.
7. Zhalpy orta bilimdi akparattandiru memlekettik bagdarlamasi – Astana. 1997. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 1997.
8. Kazak tilin okitu: zhetistikter men zghana damu bagittary. Respublikalik gilimu-adistemelik konferensia. - Almati, 2011. (Қазақ тілі оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары. Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2011.)

Резюме: В статье анализируются актуальные проблемы состояния языкового образования в условиях ситуации поликультурности и полиязычия. Авторы излагают свое видение того, какими могут быть учебно-методическими материалы, которые будут использованы в ходе преподавания английского языка как неродного с учетом требований государственного образовательного стандарта нового поколения

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ**

Жақыпова Қ.Ү.-оқытушы

Кәрімова Б.М.-оқытушы

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Орал қ., ҚР

Жаңартылған білім жүйесінің басты мақсаты – өз ана тілін, әдебиетін, тарихын қадірлейтін, сондай-ақ шет тілдерінде еркін сөйлейтін өз елінің патриоты бола білетін тұлға тәрбиелеу. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге

асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу. Жаңартылған білім беру мазмұны оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері барлық пәннің, ғылымның анасындай қызмет атқарады. Кез келген пәнді меңгеру үшін сауатты оқи, жаза білу керек. Оқығанын ұғу, айта білудің бастамасы аталған пәндерде қалыптасады. «Әдебиеттік оқу» пәнін бастауыш сыныпта оқытудағы негізгі мақсаты - әдебиетті адамзаттың ғасырлар бойы жасалған мұрасын, сөз өнерін құрметтеуге үйрету. Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүйуден Отанын сүйуге, бүкіл адамзатты сүйуге дейін жетелейді. Жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл – күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда басты рөл атқарады.

Осы мақсатты жүзеге асыруда бастауыш сыныпта қазақтың көрнекті жазушыларының шығармаларынан үзінді берілген. Соның ішінде қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтің шығармаларын оқытудың маңызы зор. М.Әуезов шығармаларын бастауышта оқытудың мақсаты – әлемдік әдебиеттегі аса ірі тұлғаны жас өскіндерге танытып, әңгімелері арқылы өмір шындығына көз жеткізіп, адами қасиеттерге үндеу, сол арқылы көлемді шығармаларды оқуға дайындау.

Әдістемеші - ғалым Қ.Бітібаева өз еңбегінде: «М.Әуезовтің әңгімелерін оқытудағы басты мақсат - ....тіл көркемдігі, тақырып пен әңгіме идеясында жатқан тың проблемалар, адами мәселелердің көтерілуін таныту », сондай – ақ ғалым: «М. Әуезовтей ұлы тұлға шығармашылығын оқыту , оның тиімді әдістерін іздестіру – барлық оқу орындарының міндеті»-дейді.

Бастауыш сынып оқулықтарында Мұхтар Әуезовтің шығармаларының берілуі төмендегідей:

Сыныбы	Шығармалары	Оқулықта берілуі
2 - сынып	«Абай жолы» романы	«Бүлдірген тере барғанда» романнан үзінді
3 - сынып	«Абай жолы» романы	«Кітап қадірі» романнан үзінді
3 - сынып	«Абай жолы» романы	«Отамалы» романнан үзінді
3 – сынып	«Күзгі құс керуені» әңгімесі	«Күзгі құс керуені» әңгімесі
4 - сынып	«Жетім» әңгімесі	«Жетім» әңгімесі
4 - сынып	«Абай жолы» романы	«Жолда» романнан үзінді
4 - сынып	«Көксерек» повесі	«Көксерек» повестен үзінді

2, 3, 4- сыныптарда «Абай жолы» романынан үзінділердің берілуі – бастауыш сынып оқушыларын көлемді шығарманы оқуға бірте – бірте дайындау, олардың оқырмандық және қатысымдық дағдыларын қалыптастыру, адамгершілік және әдеби-эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөз өнерін сезінуге, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын

арттыруға мүмкіндік береді. Бұл шығармаларды оқушылар тез қабылдап түсіне алуы үшін жаңартылған білім беру мазмұнының тиімді әдіс – тәсілдерін жаңа материалды меңгертуде қолдануға болады.

4-сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығында Мұхтар Әуезовтың 3 шығармасынан үзінді әңгімелер берілген:

1. «Жетім» әңгімесі «Жетім» әңгімесі
2. «Абай жолы» романы «Жолда» романнан үзінді
3. «Көксерек» повесі «Көксерек» повестен үзінді.

«Жетім» әңгімесі оқулықта толық нұсқада берілген. Әңгіменің басты ерекшелігі – табиғат көрінісінің суреттері адам тағдырымен ұштастырып берілуі. Сондай – ақ психологиялық иірімділері де мол. Қайғы – мұңға, зарға құрылған монологтар да баршылық. Жалпы, әңгіме тынысы өте ауыр. Әңгіме шағын болса да, көтеріп тұрған жүгі мен мәселесі салмақты. Жетімдер проблемасы, олардың тағдыры қай ел, қай заманда болсын барлық адамзатқа тән ортақ нәрсе. Осы шағын әңгімеде жазушы бүкіл адамзаттық мәселені көтереді. Ол – жетім тағдыры, қорғансыз жетімдерге «мықтылар» тарапынан жасалатын жауыздық. Таразының бір басында қорғансыз, әлсіз, сәби жетім тұрса, екінші басында қатал, мейірімсіз ауыл жандары, үшінші басында ағайыны, дала қорқаулары Қадиша мен Иса тұр. Жазушының айтар ойы Қасымның ішкі сезімталдығы, ішкі қайғы – мұңымен баяндалып отырады, жауыздық пен мейірімділік тартысын реалистік сипатта суреттейді.

Әңгімені оқулыққа енгізудегі негізгі мақсаты - М. Әуезовтің шығармашылығымен оқушыларды таныстыру, жазушының әңгімесінен ата – ананы сыйлау, қадірлеу, шыдамдылық, сабырлық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді оқушылар бойларына дарыту. Әңгімені тақырыпқа сай топқа бөліп оқыту тиімді тәсілдердің бірі.

Топқа бөлу: «Адами қасиеттер бойынша бөліну»



Шарты: әр – түрлі адами қасиеттер бейнеленген жеке – жеке оқушыға үйлестіру. Үлкенге амандасып жатырған бала суретін ұстаған әр оқушы топтың лидері болып 2 – минут ішінде әр суреттен 3 оқушыны таңдап өзіне топ құрамын жинайды. Топқа бірлесіп ат қояды.

Жаңа материалды қабылдауға кіріспе жасауда болжау стратегиясы жүзеге асырылады. Мұнда Ирандағы балабақша ауласынан түсірілген суретті көрсетіліп, суретке байланысты қойылған сұрақтар арқылы тақырыпты болжау жасайды.

Суретте не бейнеленген?

Бала қайда ұйықтап жатыр?

Суретте анасының құшағын аңсап жатқан қыздың бейнесі бейнеленген. Анасы жоқ жетім қыздың бейнесі. Оқушыларға «Жетім» сөзінің мағынасын оқушыларға түсіндіру.

Жаңа материалды меңгертуде Мұхтар Әуезов және оның шығармашылығы туралы белсенді тақта және кітаптар көрмесі арқылы мәлімет беріледі. «Жетім» әңгімесін оқушыларға тізбектей оқытып шығып.

(Жетім сөзін естігенде көз алдарыңызға не елестейді?)

Әңгімені оқушылармен бірлесе талдау топпен, жұппен негізгі бөлімдерін талдайды. Әңгімедегі табиғат бейнесін, баланың көңіл – күйін қалай суреттелгенін шапшандықпен кестеге жазады. (Жеке тапсырма)

Табиғаттағы өзгерісті Баланың көңіл - күйі

1. Қалың қара бұлт 1. Жалғыз жаяу бала
2. Ысқырып ұйытқыған жел 2. Түсі де, көңілі қартайған
3. Қап – қараңғы түн 3. Шошынып, өне бойы мұздап

Топтық тапсырмалар орындау.

1 - топ (Адал) Әңгіме бойынша құрылған мына жоспарды оның мазмұнына қарай қайта реттеп жазып шығыңыздар.

1. Ағашқа сүйеніп қатып қалған бала.

2. Қасымның әжесінен айырылуы.
3. Тау ішіндегі қорқыныш.
4. Иса мен Қадишадан көрген қорлығы.

2- топ (Ізгілік)

Қасымға мінездеме беру

3 - топ (Қанағат)

«Қасым», «жеңді», «қуаныш», «қайғы» сөздерін пайдаланып әңгімені өз ойыңмен аяқта.

Мысалы оқушылар әңгімені «Қасымға жанашыр адамдар көмектесіп, қайғысын ұмытып, қуаныш пен бақытқа кенелді» деп аяқтауы мүмкін.

Мәтіндегі тілдік оралымдарды оқушылардың ауызша- жазбаша тіліне енгізіп, сөздік қорын молайтуда мынадай тапсырмалар орындалады.

Қандай кеш? Қоңыр кеш

Қандай бұлт? Қалың кара бұлт

Табиғат балаға қалай көрінеді? Суық, қатал

Әжесі өлген соң, көңілінде қандай күн болған жоқ? Ашық күн

Қасым қалай жүгіріп отырды? Өкпесі үзілгенше

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Макаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тындап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың ойы сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор. Сергіту ойындарының бірі - «Қызықты дөңгелек» ойынында

шатастырып берілген сөйлемдегі сөздерді дұрыс орналастырып сөйлем құрау.

*Табиғат көрінді балаға суық қатал – дұрысы: Қатал табиғат балаға суық көрінді.*

*Ортасының жаз кеші қоңыр - Жаз ортасының қоңыр кеші.*

*Тірі жоқ көрінер көзіне жан. - Көзіне көрінер тір жан жоқ.*

*Қасымның көңілі де кішкентай қартайып, түсі жүдеп де барады. - Кішкентай Қасымның түсі де , көңілі де жүдеп барады.*

Сабақ соңында «Жетім» әңгімесі бойынша түйген, түсінгендерін

«ауыр тағдыр, қатыгездік, жетімдік, ата – ананың қадірі, бағалаймын» тірек сөздерін пайдалана отырып, «Менің түйгенім» тақырыбында ойтолғау жазады.

«Аралдар мекені» кері байланысында өкініш аралы, қуаныш аралы, түсінбеушілік аралы, үрей аралдарының бірін таңдап, сабақтан алған әсерлері бойынша өз пікірлерін білдіреді.

Осылайша оқушы мәтіндегі негізгі ойды өз бетінше тұжырымдап, жоспар құрып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды бойына сіңіреді.

Қазіргі білім беру жүйесінде бағалау түбегейлі өзгеріске ұшырады. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып

табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

«Бағдаршам» әдісі арқылы өзара бағалау жүзеге асады.

Мұхтар Әуезов шығармаларын бастауыш сыныпта оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытуға шығармашылыққа, ізденімпаздыққа, адамгершілікке баулимыз. Адами және рухани құндылықтарды бағалауды үйретеміз.

«Әдебиеттік оқу» үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны көркем шығармалар арқылы оқушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен байытып, ондағы айтылған ойға пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша тілдесімде жеткізе білуге дағдыландыру, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беріп, сұрақтар құрастырып, өзін -өзі бақылау мен бағалауды жүзеге асыруды мақсат етеді.

Әдебиеттер:

- 1.«Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқубағдарламасы: А , 2016жыл
2. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А. Рауан. 2003
4. «Әдебиеттік оқу» оқулығы 2,3,4-сыныптар
5. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: А., 2016

## II СЕКЦИЯ

### УНИВЕРСИТЕТ,КОЛЛЕДЖ,МЕКТЕП:БІЛІМ БЕРУКЛАСТЕРІ УНИВЕРСИТЕТ,КОЛЛЕДЖ,ШКОЛА:ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ КЛАСТЕР

#### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША ТАРИХ ПӘНІ САБАҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Сүлейменова Д.Д.-т.ғ.к., профессор

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Орал қ.,ҚР

Ұстаз деген құрметті атаққа ие болудың өзі бір бақыт. Ұстаз –өмірліктәжірибесі мол, нағыз еңбекқор, іздемпаз, ұшқыр ойлы адам. Жақсы ұстаз шәкіртінің мәңгілік мақтанышына айналады.

Қазақта «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы», - деген мақал бар, оның мәні ерекше себебі, жақсы ұстаз шәкірт бойына ұстамдылық, ізгілік, тәрбиелік, адалдық, ізденімпаздық сияқты рухани байлықты сіңіруге тырысады [1,66]. Міне осылайша нағыз мықты, салауаттыда саналы, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыратын адам, бұл-ұстаз.

Ескендір Зұлқайнар бірде: « Данқ пен абыройға кенелуіме мен бір еереше адамға қарыздармын, ол өз-ұстазым - Аристотель»,-десе [2,5 б] . Хан Абылай- Төле биді өз ұстазы деп атаған [3,77 б]. Ал Шәкірім ұлы классик- ақын Абай Құнанбаевты шексіз құрметтеп, өз ұстазым деп атап кеткен [4, 176].

«Мұғалім бәріненде қымбат,өйткені – мұғалім мектептің жүрегі» - деп тұңғыш қазақ педогогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай [5, 376]. Мұғалім – білім беруші ғана емес, ол тәлім-тәрбие беруші, бағыт-бағдар көрсетуші, бар адами қасиеттерді бойына жинаған талантты тәлімгер.

«Баланың бақыты жақсы ұстаздың қолында» деген екен ұлы халқының жазушысы, Л.Толстой [6, 78 б].

Келешекте елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпақ қандай ұстаздың қолынан білім алып, тәлім- тәрбие көруде деген сұрақ, кез - келген ата - ананы, тіпті шәкірттің өзінде талғандыратын мәселе емес пе?

Жаңа ғасырдың жаңаша шәкірттерін тәрбиелеуші мұғалімдер – сонау ұстаз деген есімнің ұлылығын дәлелдеп кеткен, ұлы ұстаздардың еңбегімен сусындаған әмбебап жандар. Бүгінгі таңдағы ұстаздар қауымының жан – жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыруда атқарып жатқан еңбектері ұшан – теңіз.

Қазіргі таңда жас ұрпақ тәрбиелеу мәселесі ерекше көкейкесті мәселе болып отыр.

Жас ұрпақ руханилығынан айырылса, онда ол жалаң рационализм мен прагматизмнің құлына айналады. Сондықтан жеке тұлғаның руханилығын дамыту – әлемдік мәселе.

Демек, бүгінгі күннің ауқымды да маңызды мәселелерінің бірі - жеке тұлғаны қандай идеологиялық негізде тәрбиелейміз және оның адамгершілік саналар мен әлеуметтік бағдарын қайда бағыттаймыз, оны ұғалай асырамыз деген міндеттерді шешу болып табылады.

Қағамдағы рухани құндылықтардың табиғаты мен мәні, шығу тегі атқаратын қызметтері туралы жан – жақты зерттеулер жасау адамгершілік пен руханилық мәселесін біріктіре қарастырумен тікелей байланысты. Сонымен қатар елімізде болып жатқан саяси – әлеуметтік, мәдени – этникалық, экономикалық өзгерістер екпіні халыққа білім беру мен тәрбиелеу ісінің мазмұнын жаңа арнаға бұруға себепкер болуда. Осындай қағамдағы елеулі өзгерістер ағарту саласына жаңа ғасырдың жаңа философиясы – адамның өмірге деген қатынасын руханилық тұрғысынан қарастыру қажеттілігін туғызды.

Оның себеп - салдарын әрине, білім беру жүйесінен іздейміз.

Елбасының «Рухани жаңғыру :болашаққа бағдар» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Біз – ұлан – ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткісіз кең – байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Сондықтан «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналуы керек», - деуі [7, 206] тарих және өзгеде қағамдық пәндерді мектепте, орта, жоғары оқу орындарында өткізуге үлкен серпіліс беріп, алға зор жауапкершіліктер жүктеді.

Қай халық үшін де ұлы мұрат – ана тілі мен төл мәдениетін сақтау және кейінгі ұрпаққа аманат ету міндеті, ең алдымен білім беру саласымен байланысты. Өйткені жас ұрпақтың бойында жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы таным қабілеті артып, айналасындағыны шынайы да нақты қабылдайтын шағында қалыптаса бастайды. Бұл үрдіс баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, азамат қатарына қосылғанға дейінгі уақыт кезеңінде тәрбиелеу ісін алдыңғы кезекке шығарып, баланың бойындағы рухани құндылықтарды дамыту мен қалыптастыру ісі педагог қауымнан арнайы бағыттағы терең ізденісті талап етеді.




Ал ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Қазақстанда білім беру жүйесінде үлкен реформалар жүзеге асып жатыр. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Елімізде айрықша маңызды екі процесс жүзеге асуда. Бірі – саяси реформалар болса, екіншісі – экономикалық жаңғыру [7, 146]. Осы жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодын сақтай білу. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығына ғана байланысты емес, адамдардың бәсекеге қабілеттілігімен айқындалады. Ал бәсекеге қабілетті болу үшін білім керек. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалары ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырда осы талаптарды орындау үшін даярлықтар жасауда. ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесіндегі ерекшелік латын әліпбиіне көшу, 2025 жылдары іс – қағаз, мерзімді баспасөз, оқулықтар латын әліпбиімен басылмақ.

Алда тұрған осындай күрделі мәселелерді жүзеге асыру, 2017 жылдан бастау алуда. 2017-2018 оқу жылында жалпы орта білім беретін мектептерде «Жаңартылған білім берудің бағдарламасы бастауыштың 1-2 сыныбына, негізгі мектепте 5-7 сыныпқа енгізілді. «Жаңартылған білім беру» бағдарламасының негізінде мектептер: 5 күндік жұмыс кестесіне көшті, сабақтың ұзақтығы 40 минут, сынып оқушыларына баға қойылмайды, үй тапсырмасы берілмейді. Жаңа сабақты мұғалім шолу, дәріс ретінде

айтып шығады, қалғандарын сынып игереді. Сабақта 50 – ден астам сабақ берудің әдіс – тәсілдерін, оқушылардың деңгейіне байланысты қолдануға болады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасында тарих сабағы 5 сыныпта өтеді, Қазақстан тарихы – 68 сағат; Дүниежүзі тарихы – 34 сағат. Аптасына 2 сағат Қазақстан тарихы, 1 сағат дүниежүзі тарихы оқытылады, топтық жұмыс балаларды бірігіп жұмыстануға үйретеді және жаңа материалдағы оқиғалар мен құбылыстарды оқушы өзі байқайды, таңдайды, баяндайды. Білім оқушыға дайын күйінде берілмейді, оқушы ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындау арқылы білімге қол жеткізеді. Сабақта оқушылар түгел кері байланыс ұстап отырады.

Кері байланыс рефлексия, оны бірнеше әдістер арқылы сабаққа қолдануға болады [8, 156].

Жаңартылған білім беру жүйесінде оқушы белсенділігі әртүрлі геометриялық фигуралар арқылы қойылады. Мысалы:  ,  т.б. Сонымен қатар оқушы өз ойын жазбаша эссе түрінде жазып беруіне болады. Эссеге бағаны смайлик түрінде қоюға болады.

Жаңартылған білім беру жүйесінде сабаққа қажетті оқулықтар, интернет, интерактивті тақта, компьютерлер сыныпта жеткілікті болу керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақ халқының мәтелдер жинағы. А., 1999.
2. Қазақстан тарихы 1 том. А., 1999.
3. Қазақстан тарихының хрестоматиясы. А., 2001.
4. Шәкәрім энциклопедиясы . А., 2008.
5. Ы. Алтынсариннің шығармашылық жинағы. А., 1998.
6. Педагогика тарихы. А., 2002 .
7. Назарбаев. Н Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017.
8. Жаңартылған білім беру бағдарламасы. А., 2017 ж.

*Резюме: В данном докладе освещены новые методы преподавание истории.*

*Докладчик на основе своего опыта доходчиво использовал новые методы преподавания для учащихся в школе. А также рекомендовала методическую литературу и доступно изложилл свою позицию на обновленной программе.*

## **ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚИТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР**

Джонисова Г.Қ.– п.ғ.к., доцент,

Халықова Б.Т. - педагогика ғылымдарының магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясаты қазіргі таңда кәсіби біліктілігі жоғары, кең білімді, шығармашылық және сыншыл ойлайтын, ақпараттық, коммуникативті, проблеманы шешу және кәсіби құзыреттіліктерін бойына сіңірген, инновациялық технологияларды саралай алатын жаңа формация мамандарын дайындауға бағытталған.

Жаңа технологияны меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып оқыту-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасында білім беруде нәтижеге бағдарлану, студенттің жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлғарарлық қарым-қатынастарға бейімдеуге баса назар аударылуда. Демек студент білімді дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық жаңалық ашу, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде меңгереді.

Ғалымдардың пайымдауы бойынша адам оқығанның 10%, естігенінің 20%, көргенінің 30%, көріп естігенінің 50%, өзі айтқанының 80%, іс-әрекет арқылы жеткенінің 90% есте сақтайды екен.

«Интерактив» сөзі бізге ағылшынның “interact” сөзінен келді. “Inter” – бұл “өзара”, “act”- әрекеттесу. Интерактивті- өзара әрекеттесуге қабілеттілік немесе әңгімелесу жағдайында болу, бір нәрсемен (мыс: компьютермен) немесе біреумен (адаммен ) диалогта болу. Яғни, интерактивті оқыту- бұл алдымен диалогты оқыту, оның барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекеті жүзеге асады. Ол өзара әрекеттегі үздіксіз диалог ретінде жүзеге асады, оның барысында қатысушылар бір бірін бақылайды, ойларын салмақтайды және оған жауап береді. Бұл әдіс өзара байланысты қамтамасыз етіп, ақпарат берумен шектелмейтін және өзгелерге белгілі бір әсер ететін, олардың мінез-кұлқының, іс-әрекетінің өзгеруін қамтамасыз ететін қарым-қатынастың қызметі ретінде интерактивтіліктің психологиялық мәнінен бастау алады. Оқытудың белсенділігі бірқатар процедуралармен қамтамасыз етіледі: оқыту үрдісіне мәселелік жағдайдың қосылуы, зерттеушілік элементтері, нақты үрдістердің әртүрлі моделдерін қолдану. Оқытудың интерактивті әдістері студенттермен жаңа өзара қарым-қатынас түрін қалыптастырумен байланысты, сабақтың өзіндегі бағалау жүйесінің өзгерісіне, оқытушы, әкімшілік, студенттер тарапынан интерактивті сабақты бағалауына да әсер етеді[1].

*Интерактивті оқыту әдістерін пайдалану барысында ескерілетін ережелер:*

Бірінші ереже. Жұмысқа студенттердің түгел қатысуы, талқыланатын мәселеге барлық студенттердің араласуы.

Екінші ереже. Студенттердің психологиялық дайындығына көңіл бөлу. Оларды белсенді жұмыстары үшін үнемі мадақтап отыру, өздерінің ашыла түсуіне жағдай жасау.

Үшінші ереже. Студенттер санының онша көп болмауы. Шағын топтардағы жұмыс тиімді болу үшін 25 студенттен аспағаны жақсы.

Төртінші ереже. Бөлмені жұмысқа ыңғайлы етіп дайындау. Студенттердің шағын топтар мен үлкен топтарда жұмыс жасау кезінде орын ауыстырып отыруына ыңғайлы болуы.

Бесінші ереже. Сабақ уақытының нақты бөлінуі. Жұмыс алгоритмі мен регламенті нақты бекітілуі қажет. Бұл жөнінде сабақтың басында келісіп алады және ереженің бұзылмауына көңіл бөлінеді. Мысалы: барлық пікір қабылданады, әркімнің сөз еркіндігін құрметтеу.

Алтыншы ереже. Топшаларды бөлу кезінде еркін таңдау негізіне және кездейсоқтық принципіне сүйену.

Педагогикада қазіргі кезде интерактивті оқыту әдістері өте көп. Атап айтатын болсақ, пікірталас, бинарлық дәрістер, миға шабуыл, көзғарасты ауыстыру, телевизиялық ток-шоу үлгісіндегі дискуссия, дөңгелек үстел, іскерлік ойын, ротациялық үштік, аквариум, шағын топтармен жұмыс, реставратор, шешімдер ағашы, ПОПС-формула, карусель, кейс-стадий т.б[2].

Кейс-стадий кейс сөзі ағылшынша жағдаят дегенді білдіреді. Білім беруде екі мағынада қолданылады: оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы және кейбір жағдаяттарды сипаттау. Кейс стадий әдісі оқытуда нақтылы жағдаяттарды қолдану және зерттеу тәсілі. Әдіс студенттердің белсенділігін арттыруға және ақпаратты талдап қорытуға, аудитория алдында өз көзғарасын дәлелдеуге бағытталған. Көлеміне қарай үлкен, орташа және мини кейстер болады. Жиі қолданылатыны мини кейстер(1-5 бет). Бұнда тек қажет деп есептелетін ақпараттар ғана сақталады. Мазмұнына қарай «иллюстративті», «жағдаяттық есеп», «мәселе», «шешім», «баға» кейстері болады. Иллюстративті кейсте кәсіби қырынан толық, практикалық мысалдары жақсы таңдалған, теориялық ережелері жеке көрсетілген, ғылымда анықталмаған, дәлелденбеген мәселелер сақталады. Мысалы иллюстративті кейсті педагогикадан «Тәрбие әдістері», «Оқыту әдістері» деген тақырыптар бойынша жинақтауға болады. Жағдаяттық есеп кейсі бір ғана дұрыс жауабы бар бір есепті шешуді ұсынады және жалпылама нұсқаулық береді. Мысалы сабақты қалай жобалауға болады. Кейбір жағдаяттық есеп кейстерінде нормативті құжаттарды басшылыққа алу қажет болады. Мәселе кейсі мәселелерді талдау мен анықтаудан тұрады. Өйткені кейсте нақты

мәселе көрсетілмейді. Шешім кейсі мәселені шешудің нақты жолдарын ұсынады. Білім алушылардың міндеті ұсынылған шешімді қабылдап, талдау. Баға кейсі жұмыстың тиімділігін және белгілі бір көрсеткіштерге лайық нәтижені бағалаудан тұрады[2].

Исикава диаграммасы - Балыксүйегі диаграммасы немесе Себеп-нәтиже диаграммасы деп те аталады. Аталған диаграмманы жапон профессоры Каору Исикава 1968 жылдары ұсынған. Исикава диаграммасы - мәлім іс, не оқиғаны түрлі себептер арқылы түсіндіру әдісі. Себеп қашанда түрлі бастаулардың негізгі категориялар тобы арқылы анықталады.

Бұл категориялар мыналарды қамтиды:

- ▶ Адам - осы іс үрдісіне қатысты кез келген адамды көрсетеді.
  - ▶ Әдіс - бұл үрдістің қандай үлгіде орындалатынын және талап етілген жұмыстың арнайы ережесін көрсетеді. Мұнда бастысы амал, жоспар, басқару, тәртіп, заң-ереже қатарлылар айтылады.
  - ▶ Машина-барлық саймандар, компьютер, құрал секілділер. Сайман жұмысты іске асырады.
  - ▶ Материал- шікі материал, бөлшек, қалам, қағаз секілділер. Ол соңғы өнім жасауға қолданылады.
  - ▶ Өлшем- өнім өндірілу үрдісінің сапасын бағалау талабы мен шамасы[3].
- «Шешімдер ағашы» әдісі студенттерге тиімді шешім таба білу, іс-әрекет жасау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Шешімдер ағашын құрастыра отырып, әр түрлі нұсқаларды қарастырып олардың күшті жақтары мен әлсіз жақтарын бағалау.

Мәселе: ...

1-Нұсқа: ...		2- Нұсқа: ...		3- Нұсқа: ...	
+	-	+	-	+	-

Мысалы шешімдер ағашы әдісін педагогикадағы «ҚР білім берудің мазмұны» деген тақырыпта тиімді қолдануға болады. Білім берудің жаңартылған мазмұны қазіргі таңда көкейтесті мәселе. Сондықтан студенттер тиімді шешімдерін ұсыну үшін алдын ала ізденіп дайындалады.

«Попс-формула» әдісі

«ПОПС - формула» әдісі студенттерге пікірталас барысында өз көзғарастарын дәлелдеуге көмектеседі. Бұл әдіс бойынша сөйлеуші мына формулаға сәйкес өз ойын жеткізуі қажет:

П – позиция (өз пайымының мәнін түсіндіруі қажет)	Менің пайымдауымша...
О – обоснование (өз пайымын дәлелдермен жеткізе білу)	... себебі...
П – пример (пайымдауын көрсететін фактілер)	... мысалы...
С – следствие (шығатын қорытынды)	... сондықтан...

«Менталды карта» әдісі. Бұл әдісті еске сақтау және ойлау әдістемелерінің авторы, “ақыл-ой картасы” ойлауын ұйымдастырушы, ағылшын психологы Тони Бьюзен ұсынған. Менталды карта- бұл еске сақтауды белсендіретін, мәтін, тізім, кестеге қатынасты баламасы бар көрнекі ойлау техникасы. Бұл әдіс кітаптың немесе мәтіннің мазмұнын еске сақтау, түсіну, тіркеуге, пікірлерін жазып отыру, өзі үшін жаңа тақырыпты талқылау, шешім қабылдауға дайындалу үшін қолданылады (мысалы ағаштар немесе байланыс диаграммасы ретінде) [4].

Сапа ілмегі. Деминг-Шухарттың жетілдіру циклы бойынша. Деминг-Шухарт циклі- іс-әрекеттің кез келген саласында осы іс-әрекетті жүйелі негізде тиімді басқаруға мүмкіндік беретін, үрдісті үздіксіз жаңартып отыратын танымал модель.

- Жоспарлау- қажетті өзгерістерді жоспарлау және мүмкіндіктерді бағалау, мәселені талдау және идентификациялау;

- Жүзеге асыру-мәселені шешу жолдары және жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру;
- Бақылау- нәтижені бағалау және қойылған міндеттерге сәйкес қорытындылау;
- Талдау- алынған нәтиже негізінде шешім қабылдау, егер шешім қойылған міндеттерді шешпесе, циклді қайталауға және жоспарға өзгерістер енгізу.

Қарастырылған интерактивті әдістер студенттердің шығармашылығын арттыруда ең қуатты ынталандыру құралы болып табылады. Сондықтан, педагогика-психология пәндерін оқыту барысында интерактивті әдістерді жиі пайдаланып отыру сабақтың сапасын көтерумен қатар студенттердің білімге деген құштарлықтарын да арттыра түсері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. - М.: Высшая школа, 1991.
2. Әлқожаева Н. Төлешова Ұ. Жоғары мектептің оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оқу құралы. Алматы:Қазақ университеті, 2009
3. А.Мынбаева Искусство преподавания концепции и инновационные методы обучения. Учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2011
4. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар.Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2011

*Резюме: В статье рассматриваются интерактивные методы обучения которые используются в преподавании педагогики. Дается описание таким интерактивным методам как кейс-стадий, ментальные карты, петля качества и.т.д.*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ**

Кинжекова Р.С. - п.ғ.к., доцент

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Мақалада ҚР-да жаңа тұрпатты мұғалімдер дайындаудың негізгі ұстанымдары белгіленген. Жоғары білікті мамандар дайындауда оқу процесіне енгізуге тиісті технологиялар сараланған. Жаңа технологиялар арқылы дамытуға тиісті педагогтың қасиеттері ретінде *-коммуникативтік құзыреттілігін, эмоциялық-ерік сферасын, эмоциялық тұрақтылығын, әр түрлі жағдаймен факторлерге бейімделу* іскерліктерін ерекшелеген. Тәжірибелік зерттеу барысында кәсіби іс-әрекет үшін маңызды қасиеттердің студенттер бойындағы деңгейін анықтап, дамытуға тиісті тұлғалық атрибуттарды жіктеген. Жеткіншектерді тұлғалық-психологиялық тұрғыдан жетілдіруге нақты ұсыныстар жасаған.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы білім беру жүйесінің басты міндеті ретінде ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру үшін қажетті алғы шарттарды жасау деп белгілеген. Педагог кадрларды даярлауда әлемдік және отандық мәдениеттің ортақ мәселелерін бағдарлауға, жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, демократиялық және жаңа әлеуметтік-мәдени ортада өмір сүрудің ережелерін үйренуге, ұлттық сана-сезімді дамытуға бағыттап үйрету қажет.

Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрпатты мұғалімдер төмендегідей ұстанымдар негізінде қалыптасады:

- білім берудің ізгілікті, тұлғалық-бағдарлық сипатының болуы;
- пәндік, психологиялық-педагогикалық, жалпы мәдени даярлықтың жоғары сапасы және іргелі-ғылыми негізделуі;

- базалық пәндер кешенін, мазмұнын жетілдіру, мақсат пен талаптың бірлігі, әлемнің бүтіндей бейнесін қалыптастыру негізінде пәнаралық байланысты, интеграцияны қамтамасыз ету;
- болашақ мұғалімдердің базалық даярлығының кәсіби және жалпымәдени аспектілерін қамтамасыз ететін пәндер жиынтығының толықтығы, әмбебаптығы;
- педагог тұлғасының даму деңгейінің бірізділігі;
- үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі білім беру үдерісінің мазмұны мен технологиясының өзгергіштігі мен икемделуі;
- мұғалімнің өзгермелі өндірістік және әлеуметтік жағдайда бейімделе білу қабілетін дамыту;
- тұлғаның рухани сұранысын қанағаттандыру, білім берудің дамытушылық сипатының болуы;
- дәстүрлі және жаңа типтегі ресми және биресми білім беру құрылымдарының бірігуі;
- білім беру құрылымы мен деңгейіне барлық әлеуметтік топтардың, әр жас өкілдерінің қамтылуы. [2.]

Бұл мақсаттарға жету оқу процесінде жаңа технологияларды қолданбайынша мүмкін емес екені белгілі. Біріншіден, оқыту технологиясы- оқу ақпараттардың пайда болып көріну, өзгеру, өңделу әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екінші жағынан, оқыту барысындағы мұғалімнің оқушыға қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды қолдана отырып, әсер ету жолдары туралы ғылым.

Оқыту технологиясы- оқу бағдарламаларында қарастырылған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы. В.П.Беспальконың түсіндіруі бойынша "педагогикалық технология –оқу үдерісін жүзеге асыруға көмектесетін мазмұндық техника". [3.12.] Г.К.Селевко бойынша педагогикалық технология педагогикалық үдерісті жобалаушы, нәтижеге жетелейтін мақсат, әдістер мен құралдардың бірлігі, жеке, заттық, әдіснамалық құралдардың бірлікте жұмыс істеуі түрінде көрінеді. [4.178.] М.А.Чошанов "оқыту технологиясы" мен "әдістемелік жүйенің " айырмашылықтары белгілермен айқындалады дей келе, педагогикалық технологиялардың белгілерін былай береді:- диагностикалау мен мақсатқа жетуге, тиімділікке кепілдік беруі, уақытты үнемдеу, жедел түрде кері байланыс жасау. [5.56.]

К.Ж.Бұзаубақова білім беру саласындағы инновациялық үдерістерді зерттеген ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында төмендегідей педагогикалық технологияларды ұсынады:

1. Психотехнология-сеземін,сезінемін,көрсетемін қарым-қатынасы.(ТРИЗ өнертапқыштық есептерді шешу теориясы).
2. Ақпараттық-кибернетикалық технология. (Компьютерлік техникамен жұмыс).
3. Диалогтық технология-мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қатынас.
4. Имитациялық технология. (Модельдер, рөлдік оқыту,шешім қабылдау әдістері).
5. Толық меңгеру технологиясы. (Кері байланыс үшін тестілеу әдісін қолдану).
6. Акмеологиялық технология-оқытуда жоғары нәтиже мен жетістікке жеткізетін технология.
7. Зерттеушілік технологиясы - жаңалық ашу арқылы оқыту.
8. Тренингтік технология-іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру.
9. Жобалау технологиясы-жобалау жұмыстарын ұйымдастыру.
10. Видеотехнология-оқытудың аудиовизуалдық құралдарын қолдану. [6.25.]

Студенттің тұлғалық дамуы мен кәсіби қалыптасуының өзара байланысы кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін бір қасиеттердің маңыздылығына сәйкестігі ЖОО-дағы оқыту үдерісінде студент тұлғасын дамыту динамикасы арқылы айқындалады.

Е.Л.Доценко, О.С.Андреева психологтың кәсіби маңызды қасиеттерінің жалпыланған нобайын модификациялау негізінде маман тұлғасын талдаудың бірнеше сферасын айқындайды: *когнитивтік, эмоционалдық-еріктік, іс-әрекеттік, тұлғааралық*

*қатынас және өзіндікқатынас сферасы.* Біз болашақ мұғалімдерді даярлауда әлеуметтік-педагогикалық технологияларды пайдалануы мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін құзырлылық қатынасқа сүйене отырып, студент тұлғасының рухани-этикалық құзырлылығын дамытуды көздейміз. [7.93.]

Түлектер мен студенттерге әр қасиеттің маман үшін маңыздылығына сәйкес, сонымен қатар ЖОО-да оқу-кәсіби даярлау барысындағы өзгеру деңгейі бойынша да әр қасиет бағаланады. Осындай зерттеу негізінде екі негізгі көрсеткіш алынды, біріншісі – студент тұлғасының кәсіби маңызды қасиетін бағалау (КМК), осы қасиеттердің даму деңгейін өзіндік бағалау. Кәсіби маман іс-әрекетін қамтамасыз ететін жоғары деңгейі іріктелген топтардан алынған нәтижеден көрінетіндей (сапалардың ешқайсысы 50% -дан төмен баға алған емес), сонымен қатар жоғары білім алу барысында мәнді өзгерістердің жүретіндігі анықталды.

Тұлға қасиетінің мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті үшін маңыздылық деңгейі (МД) және ЖОО-да оқыту үдерісінде даму деңгейі (ДД). Кейбір зерттеулерге сүйенсек, тұлға қасиетінің мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті үшін маңыздылық деңгейі және ЖОО-да оқыту үдерісінде даму деңгейі (1-20-ға дейінгі рангпен есептелді): Мінез-құлықтың өзгергіштігі-3 ранг;Өзін ұстай білу, эмоциялық тұрақтылық-5ранг; Стреске қарсы тура білу, әр түрлі жағдайға және факторлерге бейімделу іскерлігі-7ранг; Анализдік-конструктивтік ойлау, өзіндік пікірдің болуы -11ранг; Логикалық қорытынды жасай білу қабілеті-13; Өзін-өзі тану, өзін талдауға қабілеттілігі -15; Төзімділік, төзе білу-17 ранг екендігі көрінді.

Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сәттілігін қамтамасыз ететін маңызды қасиеттеріне маманның *коммуникативтік құзыреттілігін, эмоциялық-ерік сферасын, эмоциялық тұрақтылығын, әр түрлі жағдаймен факторлерге бейімделу* іскерліктерін жатқызамыз. Студент үшін азырақ мағынаға ие болатыны *жауапкершілік, байқампаздық, мінез-құлықтың өзгергіштігі.*

*Тәуекелге баруға даярлық, әзілдей білу сезімі, креативтілік, ұйымдастырушылық қабілеті* маманның кәсіби іс-әрекеті үшін маңыздылығы деңгейінің жоғары бағалануына қарамастан маман тұлғасы үшін ерекшелігін құрамайды.

ЖОО-да оқыту үдерісінде мынадай ерекшеліктер (тәуекелге баруға дайындық қалыптан тыс ойлау) қасиеттер иерархиясында соңғы орынды иеленуде. Өзінің тұлғалық өзгерісін өзіндік бағалауда бірінші позицияға мынадай қасиеттер шығады: *жауапкершілік, адамдармен қарым-қатынас жасай білу іскерлігі, өзгені сезінуге, өзгені ұғынуға талпыну, өзіндік өзгеріс, өзіндік даму, өзіндік жетілдіруге деген дайындығы мен қабілеттілігі.*

Осы қасиеттер тұлғааралық қатынас пен өзіндік қатынаста маңыздылыққа ие болғандықтан, жоғары психологиялық, педагогикалық білім беруде тұлғаның осы ерекшеліктері маңызды өзгерістерге ұшырайды.

Кейбір нәтижелер жеке рефлексияны талап етеді, яғни психологтың маңызды тұлғалық атрибуты эмпатияға деген қабілеттілік және өзге қасиеттердің қатарында маңыздылығы аздау болып табылады. (16 және 20 рангіде орналасуда).Тәжірибе барысында ЖОО-ның педагогика және психология мамандығының түлектерінің стреске қарсы тұра білу деңгейінің жеткіліксіздігі эмоциялық, өзіндік бақылау, үрейлілік деңгейінің төмендігі анықталды, өз мінез-құлқын өзіндік реттеу қабілетінің болуын көптеген авторлармен және студенттер мұғалімге қажетті қасиеттері деп айқындайды.

Студенттердің әлеуметтік-педагогикалық білімдерін және іскерліктерін, әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін қалыптастыру барысында мына әдістер жақсы нәтижеге қол жеткізетіні анықталды:

- Пікірталастық әдістер – проблемалық жағдаяттарды талдау үшін топтық пікірталас жүргізу.
- Ойын әдістері – іскерлік, ролдік, шығармашылық, дидактикалық ойындар.
- Сензитивтік тренинг.

Осы әдістер мен тәсілдерді қолданып студенттерді қарым-қатынас жасауға, өзгенің көңілкүйін, сезімін, күйзелісін ұғынуға үйретуге болады. Тындау іскерлігі – мұғалімге

қажетті маңызды қасиет. Оқушының ойын және сезімін ұғынуға және оған түсіністікпен қарауға үйрету үшін төмендегідей тәсілдерді қолданамыз:

- Рефлексивті емес тыңдау – серіктестің әңгімесіне кіріспеу, үндемей отырып тыңдау, сонымен қатар көңіл бөлу, қолдау көрсету, сездіруді үйрену .
- Рефлексивті тыңдау - өз сезімін толықтай бейнелеуге көмектесу.
- Айқындау – серіктесінен толықтыруды сұрап отыру: «Түсіндіріңізші», «Мына проблема жайында айтасыз ба? Сіз оны қалай түсінесіз».
- Қайталап айту – мұғалімнің оқушы ойын өзге сөздермен қайталап айтуы.
- Бейнелеу – мұғалімнің оқушыны қаншалықты түсінгендігін көрсете білуі.
- Түйіндеме жасау – ұзақ әңгімелесуден соң негізгі ойды жинақтауы.
- Эмпатиялық тыңдау – эмпатия өзгенің сезімін ұғына білуі, түсінгендігін көрсете білуі.

Практикалық сабақтарда «тыңдай білу іскерлігін» үйрету үшін жаттығулар өткізілді. Студенттерге ролдік ойындар түрінде жаттығулар жүргізілді.

Болашақ мұғалімдердің оқушылармен әлеуметтік-педагогикалық технологияны пайдалана білуі үшін төмендегідей ролдік ойындар жүргізуде мына мәселелерге көңіл бөлінуі тиіс:

- Алдымен, ролдік ойынның тақырыбын айқындау.
- Зерттелетін құбылысқа әсер ететін негізгі факторларды айқындау (ұжымдағы оқушылар саны педагогтың өтілі, ұжымдағы шиеленіс деңгейі, ұжымдағы хал-ахуал, лидерлер ролі т.б.).
- Жан-жақты дамыған педагог образын қалыптастыру нобайын анықтау. Ойын мүшелерінің шешімді бағалау критерийлерін іздеу, ойын барысында мүшелерге қажетті нұсқауларды қолдану.
- Ойын сценарийін құрастыру, ойынды өткізу ережесін, ойын мүшелері мен қазылар алқасына материалдар дайындау.
- Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке дайындау жүйесіндегі ойынның ролін анықтау.
- Ойынның негізгі ұғымдарын анықтау: дайындық, нұсқау, машықтану, қазылар.

Студенттерге шығармашылық тапсырмалар беру де тиімді. Мысалы: белгілі жағдаяттағы мұғалімнің оқушымен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінің алгоритмін іздеу. Жобалау технологиясы бойынша « Мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыру» жобасы жеткіншектермен, әлеуметтік педагогпен, мектеп психологымен, пән секцияларының жетекшілерімен және пән үйірмелерінің жетекшілерімен жүргізуге болады.

*Жоба:* « Мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыру». Қатысушылар: жеткіншектер, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, пән секцияларының жетекшілері, пән үйірмелерінің жетекшілері.

*Мақсаты:* мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыра отырып, оқушылардың әлеуметтенуі үшін мақсатты тәрбиелік ықпалдардың жүйелі жүзеге асырылуын және әр түрлі мекемелер мен тәрбиелік және қоғамдық ұйымдардың өзара байланысын қамтамасыз ету. Оқушылардың өмірдегі әр түрлі дағдарыстық жағдайлардан шыға алу жолдарын меңгеруін қамтамасыз ету. Мерзімі: 4 апта, аптасына 1 сағаттан.

*Жобамен жұмыс:* Мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыру үшін мынадай 4 топпен тығыз байланыста болуымыз қажет. Олар: 1. *Педагог* - мектептің педагогикалық кеңесі; психологиялық-педагогикалық консилум; психологиялық-педагогикалық семинар-тренингтер; пікірталас түрлері; дөңгелек үстел; ұйымдастырушылық іскерлік ойындар, ролдік ойындар; кеңес берулер;- пән әдістемелік бірлестіктері.

2. *Отбасы*- ата-ана комитетінің мәжілісі; ата-аналар университетінің сабақтары; отбасылық клубтар; бірлескен мекемелермен кештерді өткізу; тренингтер; кеңес берулер; ата-аналарға ақпараттық стенділер дайындау.

3. *Оқушылар* - жеке және топтық кеңес беру; коррекциялық- дамытушылық; коррекциялық-тәрбиелік сабақтар; тренингтер; педагогикалық клубтар; кәсіби бағдар беру

жұмысы; оқушылардың өндірістік бригадалары; жазғы демалысты және бос уақытты ұйымдастыру.

4. *Мектептен тыс ұйымдар мен мекемелер* - үйірмелер, секциялар, клубтар; қайырымдылық акциялары; мөлтек аудандағы мекемелері, аула клубтары.

Зерттеуге қатысқан жеткіншектердің, студенттердің, педагогтардың, психологтардың жауаптарындағы айтылған психологиялық проблемалар мазмұны бойынша жіктеліп, былайша топтастырылды: жеткіншектердің тұлғалық-психологиялық қиындықтары: *сенімсіздік; ұялшақтық; қорқақтық; жалқаулық; сенгіштік; күмәншілдік т.с.с.*; тұлғааралық қарым-қатынастағы шиеленістер: қарым-қатынас жасай алмауы; *өзгелермен тіл табыса алмауы; бастамашылдықтың болмауы; тұйықтық, өзімшілдік т.с.с.* іс-әрекет түрлеріне қатысты туындаған проблемалар: *сәтсіздікке бой алдыру; іс-әрекеттеріне көңілінің толмауы; уақытын басқара алмауы; бірлесе әрекет ете алмау; ерік-жігердің жетіспеуі т.с.с.*; әлеуметтік жағдайына байланысты туындаған проблемалар: *тұрмысының және экономикалық жағдайының нашарлығының ұнамауы; дем алуға уақыттың болмауы; күн тәртібінің болмауы т.с.с.*; материалдық жағдайлардан туындайтын проблемалар: *қаржыны үнемдей алмау; материалдық жағынан тәуелсіздіктің болмауы; материалдық жағдайға байланысты дәрменсіздікті сезіну, кредит ала алмауға және алғандардың оны өтей алмауына байланысты психологиялық тығырықтар т.с.с.*; өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге байланысты проблемалар: *өмірде өзіндік орын таба алмауы, болашағына сенбеуі, өзіндік танымның жеткіліксіздігі; өзіндік бағаның адекватты болмауы т.с.с.*; микроортада туындаған психологиялық проблемалардың әсері: *отбасы жағдайының нашарлығы; жақын адамның денсаулығындағы мәселелер; «қазіргі адамдар көзқарасының өзгеруі өзгеруі» т.с.с.*; психикалық және психологиялық денсаулыққа байланысты туындаған проблемалар: *шаршау, қалжырау; денсаулықтың нашарлауы; қорқынышқа, стреске бой алдыру т.с.с.* Проблемалардан қашқақтауы және оны өзгелермен бөліскісі келмеуі: бұл қорғаныс механизмдерінің ықпалын танытады. Осы жоғарыдағы жобаларды талқылау барысында оқушы тұлғасымен және әлеуметтік орта арасындағы негативті ықпалдарды интеграциалау үшін төмендегідей үлгіні ұсынамыз.

Университет жағдайында болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының құрылымдық мазмұндық нобайы күрделі психологиялық-педагогикалық жүйе, құрылымы психологиялық- педагогикалық және мазмұндық сипаттамалардың бірлігімен анықталады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 -2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. // Астана, 2010.
3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. -М., 1995. -с. 12.
4. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств.-Москва, 2005. -с. 178.
5. Чошанов М. А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие. М., 1996. -с. 56.
6. Бұзаубақова К.Ж. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // «Информатика негіздері» 2008 ж. № 4-б. 25.

## **ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ - ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЕРЕКШЕ ОҚЫТУ ТҮРІ**

Байтлесова Л.И.- х.ғ.к., доцент,  
Амиргалиева А.М. -техника магистрі,  
Кенесарина К.Х.- биология магистрі  
Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ., ҚР

Жоғары оқу орындарында білім беру жүйесін жаңаша жолға қою мақсатында, оқытудың әдіс-тәсілдерін бүгінгі уақыт талабына сай зерттей отырып, дамыту, жандандыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, кезек күттірмес мәселе болып табылады.

Оқытудың ұйымдастыру формалары белгілі бір тәртіпте және режимде жүзеге асырылатын, мұғаліммен студенттердің келісілген іс-әрекетінің сыртқы көрінісі. Олар әлеуметтік шартталған, дидактикалық жүйелердің дамуымен байланысты пайда болады және жетілдіріледі.

Қазіргі уақытта оқыту әдістерінің бірнеше жіктелуі бар. Білім көзін жалпы белгі ретінде алып оқыту әдістерінің классификациясы жасалған. Бұрыннан келе жатқан басты көздердің саны үшеу болды: практика, көрнекілік, сөз. Мәдениет прогресінің барысында кітап қосылды, ал соңғы жылдары қағазсыз ақпарат көзі – жаңа компьютер жүйелерімен қоса видео қосылды. Бұл жіктелуде бес жалпы әдіс бөлінеді: практикалық, көрнекілік, сөздік, кітаппен жұмыс, видеоәдіс. Бұлардың әрбіреуі әртүрлі модификацияда бола алады [1].

Оқытудың ұйымдастыру формалары әртүрлі өлшемдер бойынша жіктелінеді: бұқаралық, ұжымдық, сабақтар шеберханада, тәжірибе участогінде, лабораториядағы жұмыстар және т.б. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша формалары бар: дәріс, семинар, пәндік үйірмелер, өзіндік жұмыстар, оқытудың жекелік формасы.

Бабанскийдің жіктеуі бойынша оқыту әдістері үлкен үш топқа бөлінген: оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың және жүзеге асырудың әдістері, оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандырудың және себептендірудің әдістері, қадағалаудың және өзін-өзі қадағалаудың әдістері.

Бүгінгі күні бүкіл дүниежүзілік білім беру тәжірибесіне жүгінетін болсақ, жылдам қарқынмен оқыту үрдісінің сапалы да жемісті жолы аудиториялық сабақтардың көлемін тиімді қысқарту арқылы студенттердің өзіндік жұмыстарына уақытты көбірек беру болып табылады.

Сабақ беру оқыту мақсатын жүзеге асырудағы ақпараттандыруды, тәрбиелеуді, білімді ұғынуды және практикада қолдануды қамтамасыз ететін оқытушылардың тәртіпке келтірілген іс-әрекеті. Студенттің өзіндік жұмысы – бұл білім беру кезіндегі дидактикалық тапсырмаларды орындау үрдісінде, білуге қызығушылығын қалыптастыратын және белгілі ғылым саласы бойынша білімін толықтыратын ерекше оқыту түрі [1].

Өзіндік жұмыстың мақсаты – оқу үрдісі нәтижесінде алынған білімді толықтырып, оны практикада қолдану. Қазіргі сабақтарға қойылатын талаптарға ғылымның жаңа жетістіктерін, педагогикалық практиканың озат тәжірибесін пайдалану, сабақты оқу-тәрбие үрдісінің заңдылықтарының негізінде құру, студенттің қызығушылықтарын және сұраныстарын ескере отырып, өнімді танымдық іс-әрекетке тиісті жағдайды қамтамасыз ету, оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінің барлық кезеңдерінің логикалылығы және эмоционалдығы, әрбір сабақты тиянақты диагностикалау, болжау, жобалау және жоспарлау қажет.

Оқу үрдісі кезінде СӨЖ ұйымдастыру өзара байланысқан мына формаларды құрайды, атап айтқанда аудиториялы өзіндік жұмыс, оқытушының қадағалауымен

өткізіледі; аудиториядан тыс өзіндік жұмыс; шығармашылық, соның ішінде ғылыми-зерттеу жұмысы.

Аудиториялы өзіндік жұмыс кезінде студенттердің оқу-материалдарын меңгеруі экспресс-сұрақ-жауап арқылы бақыланады. Студенттердің өзіндік жұмыстары сабақтарын көбінесе пәнаралық байланысқа негізделген интегралды сабақтар, жарыс, ойын формасындағы сабақтар: байқау, іскерлік немесе рольдік сабақтар, аукцион, мемлекеттің және ұйымдардың іс-әрекетін имитациялауға негізделген сабақтар, экскурсия, жорық, сабақтан тыс дәстүрлі формаларды сабақ шеңберіне енгізу, көңілді тапқыштар клубы және т.б. жүргізуге болады. Сонымен қатар сабақтың мақсатына қарай баяндамалармен мәнжазбаларды талқылау, арнайы семинарларпәннің өтілген бөлімі бойыншақорытынды сабақтарда өткізу, өзекті мәселелер бойынша сұхбат өткізу болып табылады [2].

Ал аудиториядан тыс өзіндік жұмыстың түрлеріне оқу құралдарын, әдебиеттерді жүйелі түрде оқу және конспектілеу, ақрайы пәндердің бөлімдерінен мәнжазба жазу, курстық жұмысты жазу және оған материалдар жинау, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуға дайындалу, оқу бағдарламасының өзекті сұрақтарын өз бетімен тереңдетіп оқу, студенттердің ғылыми қоғамының зерттеу жұмыстарының нәтижесін, алынған экспериментальды мәліметтерді өңдеу және анализдеу, сызба диктанттарды, кроссвордтарды, көрнекі құралдарын, макеттерді және муляждарды дайындау жатады.

Сабақтың түрін таңдап алғанда тақырыптың мазмұнын, оқушылардың даярланғандық дәрежесін, материалдық базаны, мұғалімнің мүмкіншілігін, оқулықтардың, көмекші оқу құралдарын т.б, есепке алу керек.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда тәрбиелеушілік, дамытушылық, ұйымдастырушылық, психологиялық, басқарушылық, санитарлық-гигиеналық, этикалық және т.б. талаптар қойылады. Олар оқушылардың қызығушылығын, ықыласын ескере тотырып сабақты өткізуге қажетті жағдайды қамтамасыз ету, студенттердің барлық аясын дамытуға себептендіру және белсендету жұмысын жүргізу, пәрменді қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету, педагогикалық әдепті сақтау, студенттермен қарым-қатынасты, бірге іс-әрекет жасауды жоғары дәрежеде жүргізу, студенттердің дамуында жаңа сапалы өзгерістерді жүзеге асыруды стимулдау.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын уақытында өткізу кезінде туындайтын жағдайлар СӨЖ тапсыруға студенттердің уақытымен келмеуі, СӨЖ қабылдайтын аудиториялардың бос болмауы, оқу-әдістемелік әдебиеттердің, әсіресе қазақша тілде жетіспеуі, материалдық-техникалық базаның аз қамтамасыздандырылуы болып табылады..

СӨЖ сапасын жақсарту үшін берілетін ұсыныстар оқытушылардың біліктілігін және шығармашылық белсенділіктерін арттыру, қажетті оқу-әдебиеттермен қамтамасыз ету, мамандықтарына сәйкес студенттердің терең білім алу үшін СӨЖ университеттен тыс мекеме орындарында, зертханаларда, ветеринарлық клиникада өткізу. Өзіндік жұмыстың студенттерге тигізетін пайдасы іздену мен шұғылдануды, оқытушының ұстанымдары мен бағыт-бағдарын нәтижеге жеткізуді үйретеді. Өзіндік жұмыстың кез-келген түрін іске асырғанда студенттер жауапкершілікті сезініп, уақытты бағалауды үйренеді; өзбетімен меңгерген білім есте нақты қалады, қызығушылықты оятады, іскерлікке үйретеді.

Қорытындылай келе, өзіндік жұмыс бос әрекет болмас үшін студент алғашқыдан оның өз дамуына қажет қызмет екенін ұғынуы шарт. Бұл үшін студенттің өзбетімен жұмысын ұйымдастыруда әр студенттің оған дайындық дәрежесін ескере отырып, тапсырмалар тобын ақпарат-білім-ақпарат жүйесіндегі танымдық іс әрекеттерді өзіндік басқарымға келетіндей етіп құрастыру қажет. Сонда ғана студенттің өз әрекеті және оның өзіндік басқаруымен жинақтаған білімі қоғамдық ақпарат қорыны өтетіндей болып меңгеріледі.

Нәтижесінде, студент өзіндік жұмысты тек жеке басының міндеті емес, қоғам алдындағы парызы ретінде түсінуден жалпы оқуға деген ізденіс талабына болған

жауапкершілігін арттыра түседі. Осылайша болашақ маман жоғары оқу орнының қабырғасынан ертеңгі кәсіби қызметіне сай қалыптаса бастайды.

#### Әдебиеттер.

1. Мұханбетжанова, Ә., Молғалиев, Б. Дидактика / Ә. Мұханбетжанова, Б. Молғалиев. - Орал, 2005. - 104 б.
2. Выготский, Л.С. Педагогическая психология / Л.С. Выготский. - М., 1996.
3. Лернер, И.Я. Дидактические основы методов обучения / И.Я. Лернер. - М., 1981.
4. Қоянбаев, Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. - Алматы, 2000.

*Резюме: В данной статье приведены различные виды самостоятельной работы студентов как форма эффективного повышения качества знаний, а также их требования, предъявляемые к организации СРС. Рассмотрены проблемы, возникающие при проведении СРС и рекомендации для улучшения и пути повышения качества эффективности самостоятельной работы студентов.*

### МУЗЕЙЛІК ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Еркеғалиева Т.Ж. - №6 «Шолпан» бөбекжайы МКҚК директоры,  
Сахибеденова Ш.Е. - №6 «Шолпан» бөбекжайы МКҚК әдіскері  
№6 «Шолпан» бөбекжайы МКҚК, Орал қ., ҚР

Музейлік педагогика бүгінгі таңда оқу мен тәрбиелеуге қатысы бар тұлғаларға таныс ұғым. Музейлік педагогика термині 19-20 ғасырда Германия елінде пайда болған.

Музейлік педагогика музей әрекетінің білімдік, мәдени ерекшеліктерін, тарихын түрлі әдістер арқылы зерттейді. Бұл ғылым саласы педагогика мен психология, музейтану, өнер, өлкетану ғылымдарының бірлестігін қамтиды.

Балалық шақ–тұлғаның және оның адамгершілік өрісінің қалыптасуындағы жауапты кезеңі болып табылады. Патриоттық сезімнің негізі бала кезден қалыптасады. Біздің балабақшаның тәжірибелі тәрбиешілері патриоттық тәрбиеге үнемі назар аударып отырады.

Уақытында құрылған қолайлы педагогикалық орта тәрбиеленушілердің бойында отансүйгіштік пен азаматшылық негіздерін тәрбиелеуге жағдай жасайды. Балаларды патриоттыққа тәрбиелеу бағытында түрлі әдіс-тәсілдер: топсеруендер, ұйымдастырылған оқу қызметтері, саяхат сабақтар, жылжымалы көрмелер, шебер–сыныптар, дөңгелек үстелдер т.б. қолданылады[1].

Бөбекжай ұжымы ерекше дамытушылық ортаның қалыптасуына жағдай жасауда. Бала тілінің дамуы оның ақыл – ой қорына байланысты болып табылады, баланың ақыл – ой тәрбиесімен қатар адамгершілік –патриоттық, әлеуметтік тәрбиесі қатар дамуы қажет.

Біздің ойымызша, музейлік педагогика мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік, рухани тұрғыдан кешенді дамытады.

Жоспарлы түрде балалармен бірге музейге бару нақты оқу, тәрбие, дамытушылық мақсаттарға ие.

Балаларға музейлік тәрбие беруде заттарды топтастырып жинауға, коллекция жасауға үйрету мақсатында «Ойыншықтар музейі» атты ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларға ойыншықтар туралы мағлұмат беріліп, ойыншықты күтіп ұстай білуге үйретіп, балалардың ойыншықтар топтамасын жинауға қызығушылығын арттыру, ұқыптылыққа баулу, эстетикалық талғамын кеңейтіп әдемілікке тәрбиелеу бағытында жұмыстар жүргізілді. Топтамалар жинауға ата-аналар да тартылды. Атқарылған жұмыс коллекция жасаудың баланы ұқыптылыққа, шыдамдылыққа баулитынын, материалмен жұмыстану әуесқойлық пен танымдық белсенділігін дамытатынын, ғылым мен өндірістің кез-келген саласындағы

зерттеушілік жұмыс үшін қажетті қасиеттерді тәрбиелейтінін көрсетті. Балалар шын көңілмен экскурсоводтар рөлінде өздері жинаған түрлі тақырыптағы топтамаларды таныстырды[2].

Бәрінен бұрын мұрайжай тәрбиесінің үш бірлігі, бұл мұражайға баруға түбегейлі даярлық алғышарт болуы тиіс, ал ол аяқталғаннан кейін алған білімдер мен әсерлерді бекіту, аяқталушы кезең қолдан жасалған, яғни шығармашылық қабілеттерін практикалық қызметте (илеу, суретін салу, ойын, этюд) бекітеді дегенді білдіреді.

Бөбекжайда зертханалық алаң аясында шағын музейлік бұрыштар жасақталуда. Бөбекжайда шағын музейлік бұрыштарды жасақтау өзекті және тиімді болып табылады. Қарапайым музейлерде бала тек пассивті пайымдаушы болса, ал мұнда ол – экспозицияны жасаушы бірлескен автор. Бұл жерде тек ол ғана емес оның ата –анасыда қатысып отырады. Шағын музей – бұл бала мен тәрбиешінің және олардың ата –анасының бірлескен жұмыстарының нәтижесі.

Олар балаларға эксперимент жасауға, алынған білімді талдауға, шығармашылық қабілеттерді дамытуға, қарым-қатынас және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болып табылады. Ойын арқылы бала әртүрлі жағдайларды модельдеу арқылы қоршаған ортаны танып, қажет дағдыны игеріп, өз тәжірибесін жинақтайды. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала қиялы жақсы дамиды. Сондықтан бұл балаға сол кездегі тарихи уақытқа рухани тұрғыдан ене отырып, жинақталған тарихи-мәдени құндылықтарды игеруге мүмкіндік береді [3].

Біздер бірлескен жұмыс барысында байқағанымыз музейлік педагогика арқылы мектеп жасына дейінгі балалар музейлердің пайда болу тарихымен, түрлерімен, музейдегі мінез –құлық ережелерімен, жәдігер, экскурсовод, түсініктерімен танысып, іздеу-жинақтау әрекеті арқылы танымдық қызығушылықтарын арттырады.

Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде түрлердіру арқылы балаларда «музейлік орта» туралы туралы түсінік қалыптасады, музей мәдениеті туралы білімдері кеңейіп, музейлік педагогиканың түрлі формаларын кешенді ұйымдастыру арқылы жан –жақты дамыған тұлға қалыптастыруға болады.

Біртіндеп бала санасыда «уақыт» – «мәдениет» – «құндылық» - «Мен» түсініктері арасында байланыс орнайды. Тәрбиеленушілерде музей мәдениеті негізінің қалыптасқандығын мынадан дағдылар мен біліктіліктерден білуге болады:

- ✓ Қоршаған орта заттарынан мәдени-тарихи негізді көре білу;
- ✓ Музейге ерекше феномену ретіндетұрақты қызығушылық көрсету;
- ✓ Мәдени құндылықтарды түрлі формаларда эмоционалды қабылдау;
- ✓ Мәдени құндылықтармен қатынас жасау дағдысын игеру: музейде өзін ұстай алу, объектімен заттарға зейін салыпқарау дағдысын игеру.

- ✓ Елге және мемлекетке деген қатынас бала кезден қалыптасады.

Сондықтан бөбекжайдың басты мақсаты патриоттық тәрбие беру болып табылады. Психологиялық – педагогикалық зерттеулер мектеп жасына дейінгі балалар үшін тарихтың, мәдениет пен өнердің кейбір жағдайлары егер қолжетімді етіп ұсынылатын болса, қызығушылық туғызып, білім көзі де қолжетімді болып табылады.

Музей баланың жалпы адамгершілік құндылықтарға, тарихқа, әлемге деген көзқарасын дамыта отырып, шығармашылық талғамын дамытады.

Мектеп жасына дейінгі ересек бала үшін қолданбалы өнер композициялары, архитектуралар қолжетімді болып табылады. Балалар қолданбалы өнер бұйымының әдемілігін қабылдап қана қоймай, оған эстетикалық баға бере алады. Бала дүниетанымын дамыту – педагогта алдында тұрған күрделі міндет болып табылады. Дүниетанымын кендігі таным үдерісін жеңілдеті отырып, ойлау, қиял және әлемге деген шығармашылық қатынасты дамытады.

Музейлік педагогика бойынша балалармен жұмысты ұйымдастыруда балалардың жас тобын анықтау қажет. Төрт жастан бастап баламен жұмыс жасау тиімді болып табылады.

Бұл жастан бастап көре білу, бақылай алу, талдау, көрген бойынша ойлану дағдысы қалыптасады. Бөбекжайдың оқу әрекетінің оқу кестесінен музейлік педагогика бойынша балаға ойлануға, армандауға, талдауға мүмкіндік беретін уақыт бөлінуі қажет. Педагог қоршаған ортадағы заттардың жасырын мағынасын түсіндіру үшін күрделі символдық тілді қолданбауы қажет. Әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі алдында үлкен дайындық жұмыстары жүргізілуі қажет. Оған: ойын, әңгіме, шағын көрмелер ұйымдастыру, қызықты әдебиеттерді жинақтау[4].

Ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілгеннен кейін алынған ақпаратты бекіту үшін шағын шығармашылық жұмыс ұйымдастыруға болады. Бұл сурет, фото сурет, тақырып бойынша әңгіме, кітап, қолдан жасаған шығармашылық заттар т.б. болуы мүмкін.

Музейлік педагогика бойынша білім беру әрекетінің әдістемесі баланың эмоционалдың тұрғыдан дамуына, әлеуметтік бейімделуіне бағыттала отырып, балалардың бір –бірімен еркін қарым –қатынас жасауын, ойын еркін жеткізе алуды көздейді.

Әдебиеттер:

1. Рыжова Н.А., Логинова Л.В. Данюкова А.И. Мини-музей в детском саду. — М.: Линка-Пресс, 2008.
2. Рыжова Н.А. Экологически проект «Мое дерево». — М.: Карапуз-дидактика, 2006.
3. Орлова А.А. От коллекции к музею. Фотосессия и методические материалы на DVD. — М.: Обруч, 2008.
4. Еркинова Н.А. Путешествие по мини-музеям детского сада. Учебный видеофильм и методические рекомендации на DVD. — А.: Обруч, 2008.

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ ОСОЗНАННОГО РОДИТЕЛЬСТВА В МОЛОДОЙ СЕМЬЕ**

Бакитжанова Н.Е. – магистрант,

Иргалиев А.С. – к.п.н., доцент

Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова, г.Уральск, РК

Полноценное семейное воспитание, основой которого является осознанное отношение супругов к родительской роли, существенно влияет на психологическое здоровье последующих поколений. Влияние собственных родителей, самостоятельное выполнение родительской роли существенно воздействуют на качество жизни каждого человека. В настоящее время проявляются признаки кризиса семьи: нестабильность, малочисленность, феминизация, ослабление воспитательной роли отцов. Рост социального сиротства, детская беспризорность являются ярким свидетельством того, что для многих семей, воспитывающих детей, родительство не стало осознанной миссией. Для его полноценного становления и развития необходима специальная работа с молодежью по подготовке к семейной жизни и молодыми семьями по формированию осознанного родительства.

При анализе работ, посвященных феномену родительства, выяснилось, что исследованы лишь его социокультурные аспекты (Т.А.Гурко, И.С.Кон, М.Мид), общая структура (М.О.Ермихина, Р.В.Овчарова), тендерные аспекты (В.А. Рамих, Г.Г.Филиппова) и отдельные компоненты (С.С.Жигалин, Е.В.Милюкова, А.С. Спиваковская, Л.Б. Шнейдер и др.).

Исследования молодой семьи в основном посвящены становлению супружеских отношений или повышению психолого-педагогической культуры молодой семьи (С.И.Голод, С.В.Дармодехин, Г.Я.Матуле, В.П.Меньшутин и др.). Проблема психологического сопровождения рассматривалась безотносительно молодой семьи и уровня сформированности родительства (А.Я.Варга, О.А.Карабанова, Г.А.Навайтис, Р.В.Овчарова, А.С.Спиваковская, Э.Г.Эйдемиллер, В.В.Юцтискис и др.).

Родительская любовь является основой в эмоциональном развитии детей. Дети, которые не получали любви родителей, ощущают себя несчастными и одинокими на подсознательном уровне. Зачастую они менее общительны, инициативны, доброжелательны. Не имея примера безусловной любви, они считают, что любовь необходимо заслуживать. Такая позиция вероятнее всего принесет им проблемы в будущем, в их взрослой жизни, в частности, в семейных отношениях. Ребенок остро ощущает потребность в безусловной родительской любви: он нуждается в признании и одобрении его действий, принятии его родителями со всеми недостатками и несовершенствами. Родительская любовь дает ощущение психологической безопасности, защищенности и комфорта. Такой ребенок более открыто проявляет свои чувства, он раскрепощен, легче переносит неудачи и трудности, менее восприимчив к мнению и оценкам окружающим.

Опасность не получить родительской любви состоит в том, что даже взрослея, человеку сложно забыть полученные душевные раны и обиды. Он отчетливо помнит безразличие родителей, их пренебрежение или упреки. Вырастая, такие дети получают искаженную модель взаимоотношений, ведь еще в детстве им казалось, что они хуже, чем остальные. Чтобы этого избежать родители должны осознанно подходить к родительству.

Цель осознанного родительства - не создание тепличных условий и постоянное оберегание детей от реалий жизни. А именно гармоничное развитие, предоставление всей информации и т.п. В общем, результат осознанного родительства - осознанный ребёнок, человек, полноценная и разносторонняя личность. [1]

Становление родительства есть созревание его компонентов и их оформление в определённую структуру. Формирование родительства — это оформление родительства в виде определённого стиля родительского поведения и его совершенствование в процессе взаимодействия родителя с ребёнком.

Развитие родительства — единение уже осуществлённого и потенциально возможного через переход с индивидуального на надиндивидуальный уровень. Преобразование родительства — кардинальное преодоление сложившегося стиля родительского поведения в соответствии с переосмыслением ценностей, изменением социальной ситуации развития ребёнка. Реализация родительства на надиндивидуальном уровне тесно связана с категориями ответственности, доверия и готовности. Становление родительской позиции характеризуется согласованием представлений супругов относительно роли родителей, функций, распределении обязанностей и ответственности. Развитая форма родительских отношений устойчива и стабильна и характеризуется комплементарностью теоретических представлений и их практических проявлений в родительском поведении.

Молодая семья — это семья с детьми дошкольного возраста и первым опытом семейного воспитания, в которой происходит принятие родительской ответственности и реализация родительских представлений. В категории семей, нуждающихся в особой помощи, на первое место выдвигается молодая семья.

Вместе с тем нельзя не учитывать особого значения и особой функции молодой семьи в жизни общества. Это необходимо видеть и понимать при определении её инновационного потенциала, стиля жизни и деятельности.

Молодая семья - это семья впервые 3 года после заключения брака (в случае рождения детей - без ограничения продолжительности брака) при условии, что ни один из супругов не достиг 30-летнего возраста. Родительство в молодой семье характеризуется неосознанностью родительских установок, позиций и ценностей, слабой ориентацией в родительских чувствах и отношении к ребёнку, слабой готовностью принять на себя ответственность и осваивать новые формы поведения — воспитательные воздействия.

Исследование не выявило существенной разницы во взаимосвязи компонентов родительства у молодых отцов и молодых матерей. Структура родительства претерпевает

значительные изменения с приобретением родителями родительского опыта, который обусловлен не столько стажем семейной жизни, сколько количеством детей в семье.

Родительство в молодой семье включает неосознаваемый, слабоосознаваемый и осознаваемый компоненты. К осознаваемому компоненту родительства молодой семьи относятся родительские чувства, родительское отношение и стиль семейного воспитания. Слабоосознаваемый компонент — родительская ответственность, неосознаваемый компонент — родительские ценности, родительские установки и родительские позиции. Родительские установки выступают центральным звеном в формировании осознанности родительства.

Личностный смысл ценности родительства нацелен на осознанное и мотивированное желание иметь детей, оптимальные результаты воспитания, глубокое уважение к личности ребенка, веру в его возможности. А.Г. Харчев и М.С. Мацковский пишут, что люди «...обязательно связывающие будущие брачные отношения с рождением и воспитанием детей, с большей вероятностью создадут стабильную семью, ибо включение ребенка в орбиту внутрисемейного общения существенно расширяет духовный мир супружества и заинтересованность в нем» [2].

Супруги, решившие обзавестись потомством, должны многое знать о зарождении новой жизни, быть готовыми к исполнению прекрасных, но отнюдь нелегких обязанностей. Е.Д.Марьясис считает, что современное общество развивается так быстро, что родители уже не в состоянии воспитывать детей только на основе воспоминаний о собственном детстве и развитии, исходя только из своего опыта семейной жизни [3].

За многовековую историю человечества сложился идеал воспитания. Люди всегда мечтали о совершенном человеке, полноценном члене общества. У такого идеального человека много характеристик, одна из важнейших, причем вневременная, подчеркивает И.В. Бестужев-Лада, - быть «добропорядочным отцом или матерью семейства» [4].

Не все семьи бывают готовы к осознанному родительству. Чтобы подготовить родителей к осознанному родительству можно использовать тренинг.

Тренинг - метод активного обучения, направленный на развитие знаний, умений и навыков и социальных установок.

Технология тренинга использует принципы и закономерности социально-психологического тренинга, которые в психологии рассмотрены в работах Г. М. Андреевой (1975, 1980); Н. Н. Богомоловой (1977); А.А. Бодалева (1988); А. И. Донцова (1984, 1987); Ю. Н. Емельянова (1985); Л. А. Петровской (1982, 1989); С. В. Петрушина (2002); А. У. Хараша (1987) и др.

Программа и содержание тренинга являются синтетической разработкой, в которой соединены элементы психолого-акмеологического тренинга зрелого отцовствования и материнства (Н. В. Боровикова, 1998), элементы тренингов личностного роста (А. Г. Лидере, 1996; Н. И. Козлов, 2000), различные психологические упражнения, используемые в тренинговых программах (Н. В. Ключева, 2000; С. В. Кривцова, 2000; С. В. Петрушин, 2002;

А. С. Прутченков, 2000; К. Фопель, 2001; Г. А. Цукерман, 1997), а также собственные авторские упражнения. При разработке тренинга мы принимали во внимание работы, где рассматриваются теоретические и практические аспекты групповой и индивидуальной работы с семьей (Э. Берн, А. Я. Варга, Д. В. Винникотт, К. Витакер, Я. Л. Коломинская, А. А. Кроник и Е. А. Кроник, Л. А. Петровская, К. Рудестам, В. Сатир, А. С. Спиваковская, Э. Г. Эйде-миллер и др.).

Принципы системного анализа требуют выделения системообразующего признака, который должен содержаться в самой психологической реальности (В. А. Ганзен; 1984, А. А. Гостев, В. Ф. Рубахин, 1985; Б. Ф. Ломов, 1975; В. Д. Шадриков, 1982 и др.).

В данном случае таким признаком является осознание себя и своего брачного партнера родителями. Осознанность — это залог эффективного родительства и гармоничной семьи. Осознанное родительство включает:

осознанность когнитивной составляющей семейных ценностей, установок и ожиданий родителя, родительских позиций, чувств, родительского отношения, родительской ответственности, стиля воспитания;

понимание себя, своих реакций, мотивов родительского поведения, осознание родительской составляющей своей личности (Э. Берн, 1988);

понимание своего супруга, его реакций, мотивов родительского поведения;

осознание родительского единства себя и своего брачного партнера включая потребность в родительском единстве (осознание себя родителями, а не только матерью и отцом) [5].

Механизмом технологии формирования осознанного родительства является воздействие через субъективно-психологические факторы на компоненты структуры родительства.

В процессе тренинга происходит моделирование, актуализация воздействия факторов, принадлежащих уровню макровлияния общества и уровню влияния родительской семьи, тем самым создаются условия развития супругов как родителей на уровне собственной семьи.

Мишенью воздействия тренинга стала когнитивная составляющая интегральной психологической структуры родительства.

Принцип организации работы тренинговой группы: работа со своей личностью (личностный рост родителя), работа в тренинговой диаде (со своим супругом/супругой) в процессе активной эмоциональной вовлеченности при постоянном получении обратной связи. Особенностью тренинга является участие в тренинге семейных пар, имеющих ребенка/детей.

К целям тренинга можно отнести:

осознание себя родителем, своей роли;

осознание сопричастности своей семье и процессам, происходящим в ней;

осознание родительского единства со своим супругом/супругой;

согласование родительских представлений, ролей, позиций, стилей воспитания, установок и ожиданий супругов;

повышение родительской компетентности.

Литература:

1. Шнейдер, Л.Б. Основы семейной психологии: Учеб. пособие для вузов: 2-е изд./ Л.Б.
2. Харчев А.Г., Мацковский М.С. Современная семья и ее проблемы. М., 1978.-210 с.
3. Марьясис Е. Д. Гармония семейной жизни. Ставрополь: - Ставропольское книжное издательство, 1985. - 223 с.
4. Бестужев-Лада И.В. История твоих родителей: Разговор с молодым поколением. - М.: Педагогика, 1988. - 148 с.
5. Архангельский Л.М. Ценностные ориентации и нравственное развитие личности - М.: Знание, 1978, - 64 с.

## **БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Ажгалиев М.Қ., - п.ғ.к.доцент,

Хамзин О.Т. – магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Білім беру жүйесінің құрылымдық элементтерінің барлығында білім деңгейін көтеру, оқытуды өмірмен ұштастыру, жоғары сыныптарда жастарды өмірге даярлау мәселесі кең көлемде қарастырылуда.

Білім берудегі өзгерістерге жас ұрпақтың үш тілді (қазақ, орыс және шет тілін) оқып үйренудің көрсетілуін жатқызуға болады. Тілдерді оқу “Білім туралы” заңның 5-

бабында (Оқыту және тәрбиелеу тілі) “... қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етуге тиіс”- деп көрсетілген [1].

Осы жөнінде “Тілдік қарым-қатынас – мәдениет айнасы” тақырыбындағы мақаласында Ж.Құлекеев тілдерді оқытудағы кемшіліктерді айта келе, шет тілі туралы: “Қазақстандық жас ұрпақтың білуі міндетті үшінші тіл – шетел тілі. Өкініштісі, біздің мектеп бітірушілер шетел тілінде еркін сөйлей алмайды”- деп, шетел тілін игерудегі минимум деңгейдің тілдік қарым-қатынасқа сәйкес болуы туралы айтқан [2].

Тілдерді оқыту жөнінде баспа беттерінде де аз айтылып, кем пікір-таластар ұйымдастырылып жатқан жоқ. Сонымен қатар, үлгі боларлық оқу үдерісін ұйымдастыру туралы да бар. Мәселен, Г.Ермахан “Нравственное воспитание школьников посредством казахской народной педагогики на уроке иностранного языка” деген мақаласында этнопедагогикалық мәні бар оқу материалдарын мектептің оқу-тәрбие үдерісіне қолданылу жағын көпшілікке түсінікті етіп жазады. Ізденуші II-VI сыныптарға жұмбақтарды, V-VIII сыныптарға ертегілерді, VI-IX сыныптарға мақалдар мен мәтелдерді оқытуға болатынын мазмұндайды [3].

Қазіргі уақытта ағылшын тілін білім беру жүйесінде оқытудың әдістемесін, оның қағидалары мен салыстырмалы сипаттамаларын төмендегідей атап көрсетуге болады.

#### 1. Ағылшын тілін оқытудың қазіргі әдістемесі:

коммуникативтік әдістеме;  
жоба әдістемесі;  
интенсивті әдістеме;  
іс-әрекеттік әдістеме;  
қашықтықтан оқыту әдістемесі.

#### 2. Ағылшын тілін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінің әдістемелік ұстанымдары.

##### 2.1 Коммуникативтік әдістеме:

қарым-қатынас арқылы шетелдік мәдениеттің барлық аспектілерін игеру ұстанымы;

шетелдік мәдениет аспектілерін өзара байланыста оқу ұстанымы;

шетелдік мәдениет аспектілері мазмұнын модельдеу ұстанымы;

оқу үдерісін оны кванттау (оқу үдерісінің құраушыларын (мақсаты, құралы, материалдары, т.б.) бөлу) және бағдарламалау негізінде басқару ұстанымы;

шетел тілін оқытуды ұйымдастырудағы жүйелік ұстанымы;

шетел тілін ситуация негізінде өзара қарым-қатынас ретінде оқыту ұстанымы;

шетел тілін игеруді жеке даралау ұстанымы;

шетел тілін игеруде оқушылардың, студенттердің өз бетінше жұмыс жасауын және сөздік ойлау іс-әрекеттерін дамыту ұстанымы;

шетел тілін оқытудағы функциональдылық ұстанымы;

шетел тілін оқытудағы жаңалықты ұстанымы;

##### 2.2 Жоба әдістемесі:

саналылық ұстанымы;

шамаға лайықтылық ұстанымы;

белсенділік ұстанымы;

коммуникативтілік ұстанымы;

көрнекілік ұстанымы;

жүйелілік ұстанымы;

өзбетінше жұмыс жасау ұстанымы.

##### 2.3 Интенсивті әдістеме:

ұжымдық өзара әрекет ұстанымы;

жеке тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас ұстанымы;

оқу-тәрбие үдерісін рөлдік ұйымдастыру ұстанымы;

оқу материалдарын және оқу процесін ұйымдастырудағы топтастыру (концентрированность) ұстанымы;

жаттығулардың көпфункционалдылық ұстанымы;

2.4 Іс-әрекеттік әдістеме:

логикалық ойлаудың қажеттілік ұстанымы;

белсенділік ұстанымы;

тілдік құралдарды алғашқы игеру ұстанымы;

тілдік коммуникативтілік бірліктерді пайдалану ұстанымы.

2.5 Қашықтықтан оқыту әдістемесі:

коммуникативтілік ұстанымы;

саналылық ұстанымы;

үйренушінің ана тілі негізіне сүйену ұстанымы;

көрнекілік ұстанымы;

шамаға лайықтылық ұстанымы;

үйренушінің (фонның) оң эмоциональдылық ұстанымы.

Көптеген әдістемелерде (әсіресе, қашықтықтан оқыту, жоба) көрнекілік ұстанымы пайдаланылады. Жоғарыдағы барлық әдістемені бір ғана тұжырыммен беруге болады. Ол: “Қарым-қатынасқа оқытудың жақсысы – бұл қарым-қатынас”.

Педагогикалық еңбектерде дәстүрлі сабақты: жаңа оқу материалын өту сабағы; білім, дағды, қабілетті жетілдіру сабағы; жинақтау және жүйелеу сабағы; аралас сабақ; бақылау, білімге дағды, қабілетке түзету енгізу сабағы деп; сабақты дидактикалық міндеттеріне сәйкес: кіріспе сабақ; жаңа сабақты өту; білімді бекіту сабағы; жинақтау сабағы; есепті-бақылау, аралас сабақ; диспут сабақтары деп ажыратады. Педагогикалық теориясы және мектеп тәжірибесін зерделеудің негізінде сабақтың типтеріне байланысты олардағы жүзеге асырылатын кезеңді төмендегідей белгілеуге болады.

- ұйымдастыру кезеңі;
- үй тапсырмасын қайталау кезеңі;
- білімді тексеру кезеңі;
- мақсат қою кезеңі;
- материалды түсіндіру кезеңі;
- түсінікті тексеру кезеңі;
- бекіту кезеңі;
- үйге тапсырма беру кезеңі

Жоғарыдағы аталған сабақтарға қарағанда шетел тілі пәні бойынша ұйымдастырылатын сабақтардың өзгешеліктерін осы саладағы жүргізілген зерттеушілердің еңбектерінен және пәннен ұйымдастырылған сабақтардың барысынан көруге болады.

Ұ.Т.Нұрманалиева ғылыми-зерттеу еңбегінде шетел тілі сабағының негізгі құрылымдық бірлігі ретінде мыналарды атап көрсетеді:

- фонетикалық жаттығу;
- жаңа тілдік материалмен танысу;
- жаттықтыру;
- сөз тәжірибесі;
- сабақты қорыту.

Шетел тілдерін оқыту әдістемесінде сабақтардың бірқатар кездесетін типологиясы, олардың негіздерінде жатқан әр алуан критерийлерді: дидактикалық мақсат; тапсырмалар көлемі; танысу кезеңінің болуы; тілдік аспектінің басымдылығы; сөз әрекеттерінің түрлері; сөз әрекеттерінің сипаты; оқу материалдарының мазмұны; оқу құралдары; жеке іс-әрекеттер және тағы басқалар деп атап көрсетеді.

Шетел тіліне байланысты Е.И.Пассов сабақтарды коммуникативтік мақсатқа сүйенетін үш типке бөледі:

I тип – сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сабақтар;

II тип – сөйлеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған сабақтар;

III тип – сөйлеу іскерліктерін дамытуға бағытталған сабақтар.

А.А.Леонтьев сабақтарды жіктеу мәселелерін талдай отырып: сабақ жүйесінің еркін ойланған жүйелілік негізде құрылған құрамдас бөлігі ретінде құру, сабақ мақсатына сәйкес оның тиімділігін арттыру арқылы жетуге болатынын айтады. Шетел тілін оқыту үдерісі:

- белгілі бір жағдаятқа;
- көрнекілік құралдарды пайдалануға;
- дидактикалық міндеттерді орындауға;
- білім алудың тиімділігін жаңаша педагогикалық технологиялармен жетілдіріп отыруға

тікелей байланысты болатынын көрсетеді.

Сондай-ақ А.А.Леонтьев шетел тілін оқытуда аралас типтегі сабақтардың тән екендігі сипаттайды және оның пікірі А.П.Старковтың ағылшын тілін практикалық оқытуда сабақтың негізгі типі кешенді сабақ ретінде болуы жөніндегі ойын қуаттайды.

Сабақта нақтылы алынған тілдік материалдар мен жаттығулар белгілі жүйені құрайтынын анықтай келе, ол сабақ құрылымының төмендегідей кезеңдерін атап көрсетеді:

I кезең – оқушыларды оқу үдерісіне дайындау.

II кезең - жаңа тілдік материалмен таныстыру.

III кезең – алдында өткен жаңа материалды бекіту, коммуникативтік іс-әрекеттің түрлерін меңгеру.

IV кезең – екінші кезеңдегі өтілген жаңа материалды бекіту.

V кезең – қорытынды.

Жалпы алғанда шетел тілінің басқа пәндер сияқты мазмұнының ерекшеліктеріне байланысты тілдік пәндермен ұқсастығының бары аңғарылады.

Сондықтанда мектептегі шетел тілі пәні бойынша сабақтарды ұйымдастыратын болашақ мұғалімдердің даярлығы, мектептегі үдерісті қанағаттандыруға қаншалықты дайын боларын, оларды оқыту мазмұны мен оқу пәндері бойынша жұмыстың түрлерінен анықтауға ұмтылыс жасадық. Оның ішінде біздер негізінен зейінді студенттердің өзіндік жұмыстарына аудардық.

Болашақ шетел тілі пәні мұғалімінің педагогикалық қабілетін дамыту жолының бірі студенттердің өзіндік жұмысы. Студенттің өзіндік жұмысын өткізу арнайы түзілген кесте бойынша жүргізіледі. Бұл кесте оқу жоспарында көрсетілген сағат санына сәйкес оқытушы мен студенттің сабақтан тыс уақытын есепке ала отырып жасалады. СӨЖ кестесінде пәннің аты; аптасы; тобы; өтілетін күні; уақыты; аудиториясы және оқытушының аты-жөні көрсетіледі.

Кесте кафедрада өтілетін барлық пәндер бойынша әр топқа уақыты белгіленіп жалпы түрде студенттердің назарындағы кафедра тақтасына ілінеді. Сонымен қатар, әрбір дәрісханада өткізілетін СӨЖ-дің кестесі тобы, пәннің аты, күні, уақыты, пән оқытушысы көрсетілген формада ілінеді.

Студенттің өзіндік жұмыс тапсырмалары оқу жұмыс бағдарламаларында жеке-жеке бөліп көрсетілген. Тапсырманы ұйымдастыру барысында студенттің аудиториялық сабақта алатын білімі мен ептілігін ескере отырып, оның қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін жетілдіре түсу жақтары қарастырылған. Тапсырма мазмұны бірнеше немесе кең көлемді біреу ғана болуы мүмкін.

Кафедра және оқытушы тарапынан студентке қойылатын талаптар міндетті түрде анықталады. Оның мазмұны білімгерді аудиториялық сабаққа қатысуын, себепті болған жағдай да білімгердің жіберген сабақтарындағы өткізілген материалға толығымен даяр болуын (бағдарлама бойынша) міндеттейді. Білімгердің аудиториялық сабаққа даяр болып келуін, талқылауға белсене қатысуын, жазып жүруді тіркейді.

Пәннің оқу бағдарламасына сәйкес төмендегідей мазмұнда сабақтар өткізіледі. Олардың негізі пәнді оқытуға әдістемелік даярлықтың негізін құрайды. Нақтырақ

айтқанда болашақ шетел тілі мұғалімінің академиялық қабілетін қалыптастыруға бағытталады.

I. Good morning students!

Good morning teacher!

II. Жаңа тақырып “Кездесу”.

Мұғалім сұрақтар қояды:

1. Екінші жартыңызды қай жерде кездестіргіңіз келеді?
2. Екінші жартыңызды қалай кездестіргіңіз келеді?
3. Екінші жартыңызды кездестірудің қандай жақсы жолдары бар?

Келесі кезең жұппен жұмыс істеу: студенттер берілген тақырыптар бойынша дискуссия ұйымдастыруға болады. Мысалы:

- 1 бірінші дос – first friend
- 2 бірінші би – first dance
- 3 бірінші кездесу – first meeting
- 4 бірінші өкініш – first regret
- 5 бірінші жаралы жүрек – first broken heart

Бір студент берілген тапсырмалардан таңдап тақырып бойынша сұрақтар қояды.

- 1 a) What was your first friend's surname?  
b) Where did he live?
2. Who did you dance with?  
How old were you that time?
3. What did you speak about?
4. Do you still regret about it?
5. Do you see him/ her now?

III. Тапсырма. Берілген тапсырмаларды оқып мына екі жұптың қарым-қатынастарының қалай басталғанын және бірінші кездесуде не туралы сөйлескені туралы айту.

Couple one “ Then Tom and I had our first date- we spoke for 11 hours and that phone call changed the course of our relationship. Now we've decided to meet”

Couple two “ It was love at first sight for Joel Emerson and Lisa Bunyan, which was lucky because they met for the first time at their wedding day”

IV. Студенттер екі мәтінді (тексті) оқиды. Топ екі кішкентай топтарға бөлініп 1-ші топ 1-ші мәтінді, 2-ші мәтінді 2-ші топ оқиды. Сосын оқытушы әр топ студенттерінен осы екі жұптың кездескені туралы ойларын сұрайды.

1-ші жұп интернет арқылы танысқан, бір-бірінің суретін көріп ұнатқан

2-ші жұп олар, телевизордағы сайыстың шарты бойынша үйлену керек болады.

V. Келесі кезең сөйлемдерді толықтыру (екі текст бойынша алынған)

Мысалы: 1. I don't believe at love at first sight – Мен бір көргеннен ғашық болғанға сенбеймін

2. People never marry the man or a woman of their dream – Адамдар өздерінің арманындағы адамға үйленбейді

3. If the bride and groom are in love it doesn't matter what the parents think – Егер бала мен қыз бір бірін жақсы көрсе олардың ата-анасының көзқарасы ештенкені өзгерте алмайды  
Енді студенттер осы берілген сөйлемдерге байланысты ойларын айтады.

VI. Тыңдау

Екі жұптың бір жылдан соң қалай қарым-қатынаста екені туралы тыңдайсыздар?

Олардың қандай проблемалары болды? Деген сұраққа естіп болған кейін жауап беру талап етіледі.

Содан соң мәтінді қайта тыңдап берілген сөйлемдердің қайсысы 1-ші жұпқа, қайсысы 2-ші жұпқа жататынын айту керек (Tom and Kathy) (Lisa and Joel)

1. They arranged to meet at the airport (Tom and Kathy)
2. They have been married for a year now (Lisa and Joel)

Үйтапсырмасы: «XXI ғасырдың кездесулері қалай өтеді» деген тақырыпта әңгіме жазу.  
Оларды өз әке-шешелеріңіздің кездесулерімен салыстырыңыз.  
2-ші сабақ

I. Good morning students!

Good morning teacher!

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Грамматика

Present Perfect and past Simple

Студенттерге екі шақты түсіндіру, олардың айырмашылықтарын түсіндіру.

Тапсырма: Осы екі шақты қолданып сөйлемдер құрыңыздар.

IV. How we met

Read 5 accounts of how people met.

I. Karen and David

Answer the questions

1. Where did they meet? – Олар қай жерде кездесті?

2. When did the fate bring them together again? – Қашан тағы да кездесті.

II. Emma and Paul

Complete the account with appropriate time expressions – Уақытқа байланысты сөздермен сөйлемдерді толықтырыңыздар.

III. Suckwinder and Rajvir

Put the verbs in brackets in the correct order – Жакшаның ішіндегі етістіктерді дұрыс шақта қойыңыз.

IV. Elena and Basil Мағынасы сәйкес келетін сөздермен толықтырыңыз.

Студенттер тексттерді қайта оқып қайсын ұнатқанын айтады. Неге?

V. Студенттер өздерінің достарының немесе туыскандарының қалай кездескені туралы әңгімелейді. Басқа студенттер сұрақтар қояды, өз пікірлерін айтады.

VI. Сұрақтарға жауап бер.

Астрология деген не? – What is astrology?

Сенің жұлдызың қандай? – What is your sign?

Жұлдызнама оқисыздар ма? Оған сенесіздер ме? Do you read it? Do you believe in it?

Студенттер жұлдызнаманы оқып өзіне тән санды табады. Сосын мұғалім қалайтынын санап көрсетеді.

Тапсырма: Берілген сөздер жұлдызнамада қалай берілген? – How are the following ideas expressed in the article?

1. You often scare people

VII. “A boyfriend’s worst nightmare”

Ал, студенттер ер жігіттің қорқынышты түсі туралы оқын деп жатырсыздар. Ол қандай болуы мүмкін?

Студенттер текстті оқиды ол бітпеген сондықтан олар екі топқа бөлініп соңын құрастырады.

3. сабақ Қайталау

1. Тапсырма Жаңа сөздермен жұмыс жасау.

Сөздердің әріптерін аралыстырып тастау керек. Олар оны тауып аудармасын береді.

Fate – teaf т.б.

2. Жаңа сөздерді ребуста жасыру.

3. Сөздерді мимикамен көрсету.

4. Мұғалім сөздің анықтамасын береді студенттер сөзді табады.

Махаббат деген сөзге бірнеше анықтамалар беріледі студенттер оқып ішінен жақсы анықтаманы табады. Неге ол ең жақсы екенін түсіндіреді. т.б.

Болашақ шетел тілі, оның ішінде ағылшын тілі мұғалімі пәнді мектепте оқытуда төмендегідей тәсілдерді игеруі тиіс:

- аспектті (тіл үш аспектіге бөлінеді: лексика, грамматика, фонетика, олар жеке жеке зерделенуі тиіс);

- құрылымдық (машықтану жаттығуларын көптеп орындау);
- трансформациялық;
- аспектті-құрылымдық;
- құрылымдық-функционалдылық;
- тақырыптық-ситуациялық (лексикалық);
- сюжетті-ситуациялық;
- сюжеттік

Бұл тәсілдерді жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімі пәнді оқу барысында толық меңгеруі тиіс. Алдымен студент өзінің даярлығын қалыптастырады, содан кейін әдістемелік модуль бойынша пәнді оқытудың әдістемелік даярлығын меңгереді.

Осы тәсілдерді студенттер практика кезінде қолдануға тапсырма беріледі. Практика да біздің даярлау әдісіміздің бірі.

Жоғарыдағы аталған мамандық бойынша студенттер мектептегі практикаға 6 семестрде барады. Олардың пән бойынша білім және іскерлік деңгейі жеткілікті деңгейде дегенімен де, олардың пәнді оқыту бойынша әдістемелік даярлығының жеткіліксіздігі айқындаушы эксперимент барысында анықталды. Осы себепті біздер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің пәнді оқыту бойынша әдістемелік даярлығын жоғарылату үшін мамандықты даярлауда басшылыққа алатын оқу жоспарындағы әдістемелік модульге бөлінген сағаттар есебінен практикалық жұмыстарды беруді дұрыс деп таптық.

Әдебиеттер:

1.Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. – Москва. 1982, 190с.

2. Беркімбаева Ш.К. Жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісінің дамуы [1980-2000 ж]: Пед.ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2003.- 28.б.

3.Амиров А.Ф. “Педагогические условия политехнической направленности изучения основ наук в общеобразовательной школе” Автореф. канд.пед.наук. – М., 1993. - 17 с.

4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан мектебі. 2004. №2. б. 3-17.

5. Құлекеев Ж. Тілдік қарым-қатынас – мәдениет айнасы //Қазақстан мектебі. 2004, №4. б.3-7.

6. Ермаханова Г. Нравственное воспитание школьников посредством казахской народной педагогики на уроке иностранного языка //Бастауыш мектеп, 2004. №12, б.32-34.

7.Джакупов С. М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. –Алматы: Қазақуниверситеті, 2002. –117 с.

8. Сыздықов О., Ортаев Б. Технология пәні мұғалімінің сабаққа даярлығының кейбір мәселелері //Қазақстан мектебі, 2006. N10.

9. Нышанова С.Т. Оқытуды жаңа технология негізінде жүзеге асырудағы кейбір мәселелер // Изденуші, 2006. №1

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕРІ**

Жумасейтова А.Е. - педагогика ғылымдарының магистрі  
Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясатын басты мақсаты» атты – жолдауында «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудың

алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту» деп баса назар аударған еді [1].

Бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сол азаматты балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке баулу үшін қолайлы атмосфера қалыптастыру – білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады.

Соңғы кездері біз «ұсақ саусақ моторикасы» деген ұғымды жиі естиміз. Физиологтар ұсақ саусақ моторикасы деп, саусақ, қол және қолдың білезік бөліктерінің ұсақ бұлшықеттерін меңзейді. Осы бұлшықеттерді дамыту және шыңдау, адамның орталық жүйке жүйесінің, барлық психикалық үрдістердің, сөйлеуінің дамуына басты ықпал етеді.

Қазіргі педагогиканың өзекті мәселесінің бірі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Барлығымызға белгілі, адам миының қозғалыс проекциясының барлық бөлігінің үштен бірін, қол проекциясы алып жатыр. Осыдан келер қорытындымыз, танымдық функциялардың, ақпаратты қабылдаудың дамуына ұсақ саусақ моторикасының маңызы зор.

Л.В. Занков, А.Р. Лурия, М.С. Певзнер, Г.Е. Сухарева және басқа да ғалымдар, ұсақ саусақ моторикасының бұзылуы, дамуында тежелуі бар балаларға тән белгілердің бірі деген болатын. Аталған ғалымдар, дамуында тежелуі бар балалардың саусақ қозғалысы ебедейсіз, бағдарлауы нашар, дәлдік пен жылдамдығының бұзылғандығын атап өткен.

Л.В. Анткова-Фомина, М.М. Кольцова, Б.И. Пински зерттеулер нәтижесінде интеллектуалдық даму мен моторика дамуының бір-бірімен байланысты екендігін дәлелдеді.

Баланың ми қыртысы қаншалықты дамыса, тілі, ақыл-ойы да жақсы дамиды деген тұжырымдаманы қазіргі кезде ғалымдар теория жүзінде дәлелдеп отыр. Адам миының қыртысында тіл бөлігі қозғалыс бөлігімен көршілес орналасқан. Алдыңғы мидың орталық иірімі – қозғалыс проекциясының бөлігі. Одан келетін нейрондар әр түрлі қозғалыстарға жауапты. Қолдың білезік бөлігі қозғалыс проекциясының үштен бір бөлігін алып жатыр, ал ол тіл, сөйлеу бөлігіне өте жақын орналасқан. Дәл осы қолдың білезік бөлігінің көлемі мен тіл, сөйлеу бөлігіне жақын орналасуы, ғалымдарды, ұсақ саусақ моторикасын жаттықтыру баланың тілінің дамуына зор ықпал ететініне алып келген. Электрофизиологиялық зерттеулер, тіл дамуына жауапты бөлік саусақтардан тарайтын импульстердің әсерімен қалыптасады деп көрсетеді.[2].

Көріп тұрғанымыздай, қолдың қызметі мен тілдің дамуы қатар жүреді. Сондықтанда балабақшада балалармен жұмыстанғанда қол саусақтарын жиі қолданылу қажет. Баланың ұсақ саусақ моторикасын шыңдау – тілді шыңдау. Ал тілді шыңдау ол ақыл-ойды да шыңдау деген сөз.

Ұсақ саусақ моторикасын дамытуды баланың нәрестелік шағында-ақ бастаған жөн. Нәрестенің қолына саусақ жаттығуы – саусаққа арналған массаж жасаған тиімді. Сол арқылы ми қыртысымен байланысты биологиялық нүктелерге әсер етеміз.

В.А. Сухомлинский «Бала қабілеті мен дарындылығы – саусақ ұштарынан бастау алады. Саусақтардан басталатын нәзік салалар – шығармашылық ойларды нәрлендіретін қайнар көз» десе, Аристотель «Қол – құралдардың құралы», ал И. Кант «Қол адамның сыртқы миы іспеттес» деді. Жоғарыдағы айтылған ғалымдардың айтылған ғалымдардың пікірі осы ұсақ моториканы дамытудың дәлелі болмақ[3].

Мектепке дейінгі жастағы баланың ұсақ саусақ моторикасын дамытуда қолданылатын негізгі әдістердің бірі – саусақ жаттығулары. Саусақ жаттығуларын балабақшада және үйде, кез-келген бос уақытта өткізуге болады. Ол баланың тілінің, шығармашылық қабілетінің дамуына әсер етеді. Сол арқылы қол шапшандығы дамиды, өз қимылдарын басқаруы, белгілі іс-әрекетке зейіні тұрақтанады. Көптеген саусақ жаттығулары екі қолдың да қозғалысын талап етеді, ол өз кезегінде баланың «оң», «сол», «жоғары», «төмен» сияқты ұғымдарды түсінуіне көмегін тигізеді. Бір жастан екі жасқа дейін балалар «саусақ жаттығуларын» бір қолмен орындағанда, жақсы қабылдайды. Ал үш жастағы балалар екі

қолмен ойналатын саусақ жаттығуларын жақсы меңгереді, мысалға, бір қол үй болса, екінші қол үйде жүгіріп жүрген мысық болады. Төрт жастағы балалар бұл жаттығуларды, бірнеше оқиға желісің ауысуымен ойнай алады. Ал мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға әр түрлі заттарды, шарлар, кубиктер не үйлер сияқты құралдарды беріп, түрлендіріп саусақ жаттығуларын өткізуге болады[3].

Бала есін біліп, былдырлап сөйлей бастаған кездің өзінде-ақ басқа құрбы-құрдастарымен ойнай бастайды. Өйткені, ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті. Ойындар ойнау арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамытудың маңызы зор.

Қол және қолдың білезік, саусақтардың үйлесімді, жан-жақты дамуына, қолды әр түрлі қысу, созу, босаңсыту қимылдарын жасау қажет. Сондықтан келесідей тәсілдерді қолданған жөн:

□ Ойындар мен жаттығулардың жүйелілігі. Бірден нәтижені күтудің қажеті жоқ. Өйткені, дағдылардың автаматтануы көптеген қайталанулармен келеді. Соған байланысты, бір дағдыны меңгеру, бірнеше бөліктермен жүзеге асады;

□ Қарапайымнан күрделіге ауысу принципі. Бірінші оң қолға, кейін сол қолға; табысты болса – оң және сол қолға бірден орындатуға болады. Қандай да болсын жаттығулардан «аттап кетуге» болмайды. Ол, балаға физиологиялық тұрғыдан орындай алмайтын тапсырма болып, жағымсыз әсер туғызуы мүмкін;

□ Барлық ойындар мен жаттығулар баланы қалауымен орындалуы қажет, жағымды әсер етуі тиіс. Қандай жас болмасын, адамға нәтиже маңызды. Сондықтан баланың әр бір болмашы жетістіктерін бағаланған дұрыс;

□ Егер бала ойынды жалғастыруды сұраса, көңілін басқа тапсырмалар мен ойындарға аударған жөн. Барлығында өзінің шегі болу керек. Баланы ойын барысында шаршату тіптен орынсыз, ол жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы балалар мозайка және конструктор құрастыру, моншақ тізу, баулар байлау, сурет салу, ермексаздан мүсіндер құрастыру, қағазбен жұмыс жасау барысында саусақтарының ұсақ моторикасын дамытып қана қоймайды олардың бойында байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.

Мектепке дейінгі жаста балалардың моншақтармен ойнауы екі қолдың да бағдарлауын арттырады. Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі теңдіктегі, әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. Бұл баланың «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында баланың тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Баулармен ойналатын ойындар – сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

Сонымен қатар, баланың ұсақ моторикасын дамытуда қыстырғыштармен ойналатын ойындар өте нәтижелі. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

Сурет салуда мектепке дейінгі жастағы балалардың жақсы көретін ісі. Қарындаш, қылқаламмен парақта, қатты қағазда сурет салу қатып қалған қағида емес. Қарда, құмда, терлеген терезе бетіне, асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, көкөністер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты. Балаға әр түрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған екінші бөлігін салу – шығармашылық қабілетті, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауды дамытады.

Ермексаз баланы жалпы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды

бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады.

Қазіргі дамыған технологиялар арқасында, ермексаздың жетілдірілген түрі хендгам шықты. Оның ермексаздан айырмашылығы, қолға, үстелге жағылмайды, пішінді сақтамайды. Бұл баланың саусағының ұсақ моторикасын дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қол бұлшықеттерін бекітеді[4].

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытуда дәстүрлі емес әдістерді қолдану арқылы баланың ұсақ моторикасын дамытумен қатар қиялын, шығармашылығын дамытамыз. Сурет салуда күнделікті қолданатын қылқалам мен қарандаштың орнына балалардың алақандары мен саусақтарының таңбасын қолдану арқылы баланың ұсақ моторикасының дамуына үлкен әсер етеміз. Мектепке дейінгі жастағы баланың ұсақ моторикасын дамытудағы дәстүрлі емес әдістердің қатарына тамшытерапиясын, граттаж немесе воскографияны (балауызграфия), монотипияны, жіппен сурет салуды(ниткография), кескіндеу арқылы сурет салуды (шаблонография) жатқызуға болады.

Тамшытерапиясы – баланың қолын жазу жазуға дағдыландыратын әдістердің бірі.Бұл әдісте бала түтікшемен стакандағы түрлі түсті суды сорып алады да қағаз бетіне тамшылатып отырып сурет салады.



Граттаж француз тілінен ауырдарғанда "gratter" қыру, тырнау деген мағынаны білдіреді. Граттаж әдісін кейде балауызбен сурет салу депте атайды. Граттаж әдісінде алдымен қатырма қағазды дайындап аламыз да оның бетің акварель бояуымен немесе балауыз қарандаштармен бояймыз. Кейін оны әбден кептіріп алып, үстіне балауыз (парафин) жағамыз.Содан соң жалпақ қылқаламмен немесе губкамен қою бір түсті бояу жағамыз.Кейін бояуы кепкен соң өткір, ұшты нәрсемен (тісшұқығыш) тырап сурет саламыз.Сонда қою түсті фонда біртүсті немесе әртүрлі түсті сызықтардан салынған бейнелер пайда болады.

Монотипия – баланың ұсақ моторикасын дамытуда дәстүрлі емес әдістердің бірі. Бұл әдісте бала сурет салаты қағазын тең екіге бүктейді де, қағаздың жарты бөлігіне суреттің жартысын (салатын сурет симметриялы болу керек) ғана салады.Кейін қағаздың бүктеуін жазып, әлі кеппеген суреттің жартысын қағаздың қалған жартысына бастырған кезде сурет толық пайда болады. [5].



Қорыта айтқанда, мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытуда әртүрлі іс-әрекетке қызығушылығын қалыптастыру педагог-тәрбиеші үшін ең маңызды міндеті.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».- А., 2010.
2. Логопедия [Текст]: учебник для студ. дефектолог. фак. пед. Вузов/ ред. Л.С. Волкова, С.Н. Шаховская. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 2002. – 680 с.
3. Кольцова М. М. Двигательная активность и развитие мозга ребёнка.- М., 2003.
4. Пименова Е. П. «Пальчиковые игры» / Е. П. Пименова.- Ростов н/Д: Феникс, 2007.
5. Филиппова С.О. Подготовка дошкольников к обучению письму. Влияние специальных физических упражнений на эффективность формирования графических навыков [Текст]: учебное пособие/ С.О. Филиппова. – СПб.: Питер, 2000. 287 с.

*Резюме: В статье рассматриваются традиционные и нетрадиционные методики развития у детей мелкой моторики.*

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Султанғалиева А.И. - педагогика ғылымдарының магистрі  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасында: «Мектепке дейінгі білім беру – Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды роль атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі...»-деп көрсетілген[1]. Осыған байланысты балаларға саналы тәрбие мен білім беруде халқымыздың баға жетпес мұралары - этнопедагогика материалдарын балабақша өміріне кеңінен қолдану негізінде бүлдіршіндердің тілін, ақыл-ойын, дүниетанымын дамыту өзекті мәселе. «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру» тұжырымдамасында (1996) атап көрсетілгендей, халықтың ұлттық тәрбиесі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құралады[2].

Қазақ этнопедагогикасы негізінде дүниетаным қалыптастыру мәселесі бойынша Қ.Аймағанбетова, Н.П.Албытова, Р.Жаналина, Ә.М.Мұханбетжанова, Ж.Б.Мунашева, Р.Қ.Керімбаева, Ж.Қ.Күнпейіс, С.Қ.Қасенов, Құралұлы, М.М.Нағимова, Б.К.Өтешова, А.М.Текесбаева, сондайақ, еліміздегі мектепке дейінгі білім саласын дамыту және мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға ұлттық, этностық-мәдени тәрбие беру мәселелеріне Б.Баймұратова, С.Ф.Бәтібаева, Х.Беделбаева, А.К.Меңжанова, Х.Т.Шерьязданова, С.Н.Жиенбаева, А.Е.Манкеш, Ә.С.Әмірова, Г.Ж.Меңлібекова,

Ж.С.Хасанова, К.М.Метербаева, Х.Т.Наубаева, Н.С.Сайлауова, Ұ.Т.Теленова т.б. ғалымдар өз зерттеулерін арнады.

Баланың дүниетанымының өсуі қоршаған дүниені таныстырумен тікелей байланысты. Сондықтан да көптеген ғалымдар қоршаған ортамен таныстыруды баланың ақыл-ойын дамытудың негізгі нысаны ретінде алып отырған. Бұл мәселе туралы психолог-ғалым Х.Т.Шерьязданованың өте пайымды жан-жақты талдағанын ғалымның төмендегі пікірінен көруге болады: «Баланы қоршаған дүниемен таныстыру-баланың психикасын дамытудың, жеке бастың сапасын қалыптастырудың қажетті шарты. Тәрбиешінің міндеті заттар жөнінде, адамдар мен олардың еңбегі жайындағы балалардың ой-өрісін кеңейту болып табылады»- деп көрсетті[4].

Ұлттық дүниетанымның дамуы этнопедагогикамен ұштасып жатқандығы ғалымдардың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Этнопедагогиканың кез келген материалдары қоршаған ортаны танып білуге, оның пайда болуын білуге ұмтылуға, табиғат пен қоғамның арасындағы байланысты түсіне білуге, қоғамда өзінің орнын анықтап, бағыт-бағдар жасауға т.б. дүниетанымның негізін қалыптастыруға ықпал етеді[5].

Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымы дегеніміз –адам, табиғат және қоршаған орта жайлы қарапайым түсініктерінің қалыптасуы, танып, білуге деген қызығушылығының оянуы, алғашқы білім негіздерінің қалануы.

Балалардың жасқа байланысты ерекшеліктері олардың барлық іс-әрекетінен- ойын, қарым-қатынас, еңбек, оқу - көрініс тауып отырады. Біз педагогикалық теориядағы іс-әрекеттік қатынас қағидаларына сүйене отырып, мектепке дейінгі жастағы балалардың дүниетанымдық аясының дамуын ең алдымен осы іс-әрекеттер барысында жүзеге асыруды қарастырамыз.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім стандартына, тәрбие бағдарламаларына талдау жасай отырып, балаларда ұлттық дүниетаным қалыптастыруға мүмкіндік беретіндей материалдардың қаншалықты көлемде екенін анықтадық. Стандартта мектепке дейінгі ұйымдағы білім мазмұнының мынадай құрамы анықталған:

- дүние туралы (көркем, мифтік, т.б. түсініктермен байытылған дүниенің ғылыми бейнесі);
- қалыптасуы тиіс баланың әрекет түрлері (ойын, оқу, еңбек, қарым-қатынас);
- дүниені танып-білудің әдіс-тәсілдері (логикалық, ғылыми) туралы білім, біліктер.

Бағдарламада қарастырылған дүниетанымдық түсініктері. 5-6 жастағы балалар қоршаған әлем мен өзі туралы тұрмыстық түсініктерді біледі. Күнделікті тіршілік түсініктері - бұл күнделікті сөйлеу тілімен байланысты ұғымдар. Осыған орай мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың түрлі дүниетанымдық мәселелер туралы өзіндік түсініктері бар. Жағдайдан тыс тұлғалық қарым-қатынас пен сюжеттік-рөлдік ойындардың нәтижесінде ересектердің өзара қарым-қатынасы мен әлеуметтік жағдайы туралы баланың түсініктері қарқынды дамиды. Сөздік-қисынды ойлау қабілеттерінің дамуы кейбір түсініктердің нақты-бейнелі мазмұнының абстрактілі, ерікті салыстырмалы түрін жасайды[6].

*Қазақстан жазушыларының әңгімелері:* Ыбырай Алтынсарин «Аурудан - аяған күштірек», «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш», «Бір уыс мақта», Жәнібек Карбозин «Алша», Мәдіхат Төрежанов «Өмірдің қайнар көзі», «Бұзау», «Көмек», «Ақ лақ», «Бұлбұл»; Дүкенбай Досжанов «Жылқышының ұлы - Ардақ», Өтебай Тұрманжанов «Ақ бота», Лев Толстой «Құс», Эдуард Шим «Тас, Бұлақ, Сүнгі және Күн», «Күн шуағы»; Евгений Чарушин «Бөлтірік». *Өлеңдер:* Мұзафар Әлімбаев «Менің ойыншықтарым», «Мысықтың әдеттері», «Әдептілік әліппесі»; Оразақын Асқаров «Біздің ит»; Қабдыкәрім Бдырсов «Жайлауда»; Қадыр Мырзалиев «Өзім»; Әнуарбек Дүйсенбиев «Жоғалған зат»; Жаркен Бодешев «Алма»; Қосжан Мүсірепов «Қырсық мысық»; Сергей Есенин «Ақ қайың»; Сергей Баруздин «Бөрене»; Расул Гамзатов «Менің атам»; Георгий Ладонщиков «Аю тұрды ұйқыдан»; Корней Чуковский «Айболит пен торғай».

Осы шығармалардың мазмұны арқылы балалардың жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға деген талғамын қалыптастыру, елжандылық-отансүйгіштік қасиеттерін дамыту, дүниетанымын, рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету көзделеді. Өмірден («Менің анам», «Наурыз – көктем мерекесі», бақылау бойынша («Көңілді тамшылар»), сурет бойынша (Ә. Қастеевтің «Дала») әңгімелер құрастыру іскерліктеріне үйрету қарастырылады.

Мақсаты: ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа да тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасындағылармен тілдесу арқылы қарым-қатынас жасауға қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаны тәрбиелеу.

Бұл саланың міндеттерін жүзеге асыруда қосымша үйірме, студиялар ұйымдастыру тиімді. Осыған байланысты "Театр сабағы" үйірмесін жүргізу тиімді.

"Театр сабағы" арнайы жабдықталған және безендірілген бөлмеде өтеді. Театрланған іс – әрекет арқылы балалардың тілін дамыту мүмкіндігі зор."Театр сабағы" үйірмесінде «Шал мен дәу», «Жақсы мен жаман» ертегілерін балалар сахналап үйренеді. Осы сабақтардың негізгі мақсаты – балалардың эмоционалдық қысылуын жою, актерлік қабілеттерін қалыптастыру, шығарма мазмұнын еркін талдау, мәнерлік, эмоционалдық сферасын қалыптастыру. Бұның өзі балалардың көркемдік көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі[7].

Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы материалдары негізінде қалыптастырудың мазмұнын әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында қолдануда: қазақ балалар фольклоры, салт-дәстүрлер, ұлттық өнер, ұлттық ойындар және этноэкология бағытында қарастырылуы, тиімді әдіс-тәсілдерінің нақтылануы, білім беру мазмұнының жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз етеді деп ойлаймыз. Қазақ этнопедагогикасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыруға арналған әдістемелік көмекші құралдардың қолданылуы ұсынылған әдістеменің тиімділігін арттыратынына сеніміміз мол.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. «1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасының мазмұнының базалық минимумы». – Астана, 2007.
2. ҚР МЖМБС 1.001-2009. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. // Егеменді Қазақстан. – 2003, 26 желтоқсан.
4. Қожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики: дисс...док. пед. наук. - Алматы, 1998. – 431 с.
5. Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. Алматы: Балауса баспасы, 2003. – 144б.
6. «Біз мектепке барамыз» балаларды ересек жастан тәрбиелеу бағдарламасы (5 жастан бастап 6 жасқа дейін). Астана, 2010.
7. Джонисова Г.Қ. Құндылық бастаулары. Факультатив курсының бағдарламасы. - Орал, 2006. - 12б.

## **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТ ПОРТФОЛИЯСЫ**

Нугманова Ж.Т. – филология магистрі,

Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті, Орал қ.,ҚР

Портфолио - студенттің семестр бойы жасаған жұмыстары және жетістіктерінің айғағы мен дәлелі. Портфолио студенттің даму прогресі мен жетістіктерін көрсетіп, бұл процесті жан-жақты талдау мүмкіншілігін береді: студенттер өз оқуын бұрынғыдан да

сәтті түрде ұйымдастырып, мақсаттарын тереңірек түсініп, жұмыстарына өзгерістер енгізіп, оқудағы өз жетістіктерін көреді. Портфолио студент өзінің семестр бойы атқарған жазба жұмыс үлгілерін сақтап, семестр аяғында үйренгені туралы есеп берген кезде портфолионы дәлел ретінде қолдана алады.

Портфолио - студенттің оқу процесіне қалайша қатысатындығын көрсететін жұмыстарының жиынтығы ретінде оқудың тиімділігі деңгейін айғақтайды, оқу процесінің студент үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, студенттермен *кері байланыс* құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио студенттердің бірлесе жұмыс жасап, оқытушылармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені ол студенттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына студенттердің өздері мен оқытушының қатысуын талап етеді.

Портфолио студенттердің оқуын қорытынды әрекет (емтихан) бойынша бағаламай, процесс бойынша бағалау мүмкіншілігін береді. Портфолиоарды электрондық түрде де келтіруге болады (Қараңыз:М.Лебедева, О.Шилова, 21-25).

Портфолио бірнеше қызмет атқарады:

- *жинақтаушы* – студенттердің жұмыстарының жиынтығы;

- *үлгі (модель)* – студенттің жеке оқу траекториясын қалыптастырудың құралы, өйткені ол әр студентке оқудың өзіндік стратегиясын айқындап, қажетті материалдар мен жұмыс түрлерін таңдау мүмкіншіліктерін береді;

- *ой-толғаныс пен шығармашылық тудырушы* – студенттерге оқу/үйрену және кәсіби тұрғыдан қажетті әдістер мен тәсілдердің қолдануын ұғынып, оларды қолдану мен өзгерту мүмкіншіліктерін береді.

Мұнымен қатар Сузанна Саффокова портфолионың келесідей мүмкіндіктерін нұсқайды:

- оқытушы үшін – студенттің жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалау;

- студент үшін – тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жету;

- оқу орны үшін – студенттердің мүмкіншіліктерін (әлеуетін) айқындап, соған байланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу процесін ұйымдастыруды студенттердің мүмкіншіліктеріне байланысты өзгерту;

- жоғарыда көрсетілген барлығы үшін – қажет болған жағдайда жасаған жұмыстары туралы құжаттармен дәлелденген есеп беру (С.Саффокова, 11-15).

Портфолио – материалдардың қарапайым жинағы ғана емес. Бағалауда портфолионың нақты мазмұнымен бірге материалдардың қалайша таңдалып алынғандығы және оларды дәлелдеу базасы да бағаланады. Студенттер портфолиоға өздерінің түсініктері, ой-толғаныстары мен дәлелдеулерін көрсететін келесідей материалдарды жинақтайды:

- өткізілген пікірталастардың қорытындылары,

- оқыған материалдарының (кітап, лекция, зерттеулер) конспектілері,

- проблема шешудің өзіндік ұсыныстары,

- эссе мен басқа да жазу үлгілері.

Басқаша сөзбен айтқанда, портфолио үшін ең басты мәселелер – есеп беру (дәлелдер келтіру) және ой-толғаныс (рефлексия).

Портфолионы оқу процесіне қалайша енгізуге болады? Бұл үшін келесідей әрекеттерді атқарған орынды.

1. Студенттердің түсінігі мен мотивациясын тудыру.

Әрбір студентке портфолионың не үшін құрастырылатындығы түсінікті болуы керек. Студенттер портфолионың қызықты әрі қомақты нәтижелерге қол жеткізетіндігіне көз жеткізіп, оны өзін-өзі бағалау мүмкіншілігі деп қабылдағаны дұрыс.

2. Портфолионың түрін айқындау.

Портфолионың түрін оқытушы көмегімен студенттің өзі таңдауы керек. Мұнда мәселе мақсатқа байланысты: егер студент есеп беруді жоспарласа, онда портфолио оның жұмыстарының толық жинағы (немесе таңдамалы жұмыстар жинағы) болады; ал егерде ол өзінің тұлғалық әрі кәсіби дамуын мақсат тұтса, онда портфолионы ой-толғанысқа негізделген жұмыстар құрайды.

3. Тапсыру мерзімін айқындау.

Мұнда портфолионың дайын түрде тексеруге өткізілетін мерзімі белгіленеді, әдетте ол семестр аяғында межелік бақылауда оқытушы тарапынан тексеріледі.

4. Портфолио бөлімдері мен рубрикаларын айқындау.

Портфолио құрылымы студенттермен бірлесе анықталады. Өз портфолиосының құрылымын белгілеуде студентке ерік беру қажет, бұл жерде тек «Өзім туралы», «Менің таңдаулы жұмыстарым», «Менің жетістіктерім», «Менің ой-толғанысым» сияқты міндетті бөлімдердің болуын талап ету керек.

5. Бағалау критерийлерін айқындау.

Критерийлер студенттермен бірлесіп құрастырылады. Мұнда назарды жұмыстардың жинақталуына ғана емес, сонымен бірге олардың жүйеленуі мен өзінділігіне, студенттің ой-толғанысына аудару керек.

6. Бағалау әдістері.

Студенттермен бірлесе айқындалады: презентация, қорғау, т.б.

Портфолионы құрастыру үшін студенттерге оның формасына (құжаттар мен тапсырмалардың тізімі және реттілігі) және әр құжаттың мазмұнына қойылатын талаптарды келтірген жөн. Мысалы, Лоне Йоренсен мен Сэлли Хансен (Л.Йоренсен, С.Хансен, 2004) педагогикалық практика бойынша есеп беруде студенттердің келесідей тапсырмаларды орындауын ұсынады:

1. Оқу/оқытуға деген өзіндік көзқарастарын келтіру.

2. Кәсіби дағдыларды әрекеттер арқылы көрсету.

3. Сабақ жоспарларын құрастыру.

4. Мектептің оқушылары және педагогикалық ұжымымен кәсіби қарым-қатынас құрудың айғақтарын келтіру.

5. Сабақтарда тәртіпті қалайша қадағалайтындығын көрсету.

6. Оқытып жатқан пәннің мазмұнын білетіндігін көрсету.

7. Оқу бағдарламасын білетіндігін көрсету.

8. Оқушылардың жұмысын әртүрлі критерийлер бойынша бағалай білу.

9. Әртүрлі оқу құралдары мен ресурстарын таңдау, құрастыру және қолдану.

10. Өзінің кәсіби деңгейін бағалау.

Әдетте портфолионың екі түрін ажыратады: өсу портфолиосы (мұнда студенттің жеке тұлғалық және кәсіби дамуы көрсетіледі) және нәтижелер портфолиосы (жыл бойы қол жеткізген ең елеулі нәтижелер). Алайда портфолионың түрі студент пен оқытушының мақсаттарына орай таңдалатындықтан, оны әртүрлі тұрғыдан құрастыруға болады. Мәселен, М.Лебедева мен О.Шилова портфолионың келесідей түрлерін келтіреді.

*Кесте №1* Портфолионың түрлері

Мақсаты бойынша	Меншікті портфолио	Студенттер өздері үшін құрастырады
	Есеп беру портфолиосы	Студенттер оқытушы үшін құрастырады
	Портфолио-жоба	Студенттер өз әрекеттерін ұйымдастыру үшін құрастырады
	Жетістіктер портфолиосы	Студенттердің белгілі бір уақыт аралығындағы (немесе материалдың қомақты бөлігі бойынша) жұмыстары
	Ой-толғаныс портфолиосы	Студенттердің мақсаттарға жетуін бағалау (студенттердің өзін-өзі бағалауы)

Мазмұны бойынша	Проблема шешуге бағытталған портфолио	Нақты проблеманы шешудің мақсаттарын, шешу процесі мен нәтижелерін көрсететін барлық материалдар
	Тақырыптық портфолио	Белгілі бір тақырып (немесе модуль) аумағында студенттердің жұмысын көрсететін материалдар

Портфолионың құрылымы алдын-ала анықталып, оның қандай жұмыстар мен құжаттардан тұратындығы белгілеп алған орынды. Портфолионың қандай бөлімдер мен рубрикалардан (тақырыптар, бөлімшелер) тұратындығын студенттің өзі таңдауы керек, бұл жерде оқытушы оған бөлімдер мен рубрикалардың тізімдерін ұсынып, олардың ішінде қандайларының міндетті екендігін ғана атайды. Өз қалауы мен пікірі ескерілген жағдайда ғана студент портфолионың өзінің меншікті жұмыс екендігін түсініп, оны құрастыруға белсене кіріседі.

Портфолионың міндетті бөлімдері мен рубрикаларының тізімі келесідей болуы мүмкін:

1. Студент өзі туралы.
  - өзі туралы мәлімет (қысқаша өмірбаяны, фотолар),
  - пән бойынша алдына қойған мақсаттары,
  - пәнді игеруде күтетін нәтижелері мен жұмыс жоспары,
  - пән игеруде қолданатын әдіс-тәсілдері.
2. Пәннің теориялық мазмұны.
  - терминологиялық сөздік (глоссарий),
  - оқу материалдары (тірек лекциялары, конспектілер, Интернет материалдары, т.б.),
  - нормативтік құжаттар (заңдар, үкімдер, нұсқаулықтар, ережелер),
  - студенттің өзі тапқан қосымша материалдар.
3. Студенттің жұмыс үлгілері.
  - ғылыми-әдістемелік жұмыстары (баяндамалар, құралдар, мақалалар),
  - шығармашылық жұмыстар (эссе, сценарийлер, өзі қойған тәжірибелердің сипаты мен нәтижелері, өзі құрастырған есептер, сөзжұмбақтар, т.б.),
  - келесі үлгі бойынша семестр бойы өзіне ұнаған екі сабақтың жоспарын (құрылымын) келтіру: тақырып, сабақ кезеңдері, сабақта қолданған әдіс-тәсілдер, сабақтың ұтымды жерлері, сабақтың маңыздылығы,
  - бірге оқитын жолдастарының озық жұмыс үлгілері.
4. Студенттің жетістіктері.
  - жаңалықтары (келтірген жаңа ақпараты, өздігімен анықтаған заңдылықтар),
  - ең ұтымды шыққан жұмыстары,
  - марапаттаулар.
5. Студенттің ой-толғанысы.
  - пәнді оқу/игеру процесіндегі өзінің рөлі туралы ой-толғаныс,
  - өзінің ой-толғанысын көрсететін әрекеттерді сипаттау (сабақ талдау, пікірталас ұйымдастыру, интервью мәтіндерін келтіру, сауалнамаларға жауаптары),
  - өзін-өзі бағалау,
  - өз жұмысы туралы есептері,
  - оқу процесі туралы ой-толғанысы (эсселер, хаттар, пікірлер).

Портфолионың жанрлық мазмұны

Портфолионың бөлімдері мен рубрикалары айқындалғаннан кейін, жинақталатын жұмыстар мен құжаттардың жанрлық сипатын нақтылап анықтау керек. Мұнда бірінші кезекте студенттің дербестігін, шығармашылығын, рефлексиясын көрсететін жұмыс түрлері келтірілуі керек. Алайда бұл жұмыста да студенттің қалауы мен мүдделері ескерілуі тиіс: портфолиоға жинақталатын жұмыстарды студенттің өзі таңдағаны дұрыс.

Портфолиоға келесідей жұмыстарды жинақтауға болады:

- тексеру және бақылау жұмыстарының, тестердің сұрақтары мен нәтижелері,
- топтық жұмыс нәтижелері (оқу тапсырмаларын орындау реті, алгоритмі),
- жобалар,
- шығармашылық жазу жұмыстары,
- фотолар,
- графикалық ұйымдастырушылар: кестелер, схемалар, диаграммалар, гистограммалар, графиктер,
- сауалнамалар мен оларды талдау нәтижелері,
- интервьюдің сұрақтары мен жауаптары,
- үй тапсырмалары (өздік жұмыс нәтижелері),
- бақылау күнделіктері,
- оқу процесі туралы ой-толғаныстар,
- өзін-өзі бағалау жұмыстары,
- портфолионы құрастыру жұмысы туралы жазылған хаттар (оқытушыға, туыстарына, жолдастарына),
- оқу/үйрену немесе зерттеудің мақсаттарын тұжырымдау,
- портфолио тақырыбы бойынша жасаған баяндамалары,
- оқылған материалдардың (кітап, лекция, зерттеулер, т.б.) конспектілері,
- зертханалық жұмыстарды сипаттау,
- салынған суреттер,
- студенттің жетістіктерін көрсететін мақтау қағаздары, сертификаттары, өзінің жұмыстары жайлы пікірлер, мінездемелер.

Портфолионы бағалауда келесідей параметрлер қарастыруға болады:

- құрылымы мен құрастырылуы (келтірілген материалдардың реттілігі мен қандай тәртіппен құрылғаны, жүйелілігі: үйрену барысында қалыптасқан нақты дағдыларға сәйкес бөлінгендігі),
- комментарий (келтірілген материалдарға түсіндірме беру),
- мазмұны (материалдардың сапасы мен кең ауқымдылығы),
- өзін-өзі бағалау (өз әрекеттері мен дамуына баға беру, оларды сыни көзқарас тұрғысынан талдау қабілеті, өз тәжірибесін кәсіби қызметпен байланыстыру әрекеттері студентте рефлексия дағдысы қалыптасқандығын көрсетеді).

Қорыта келе, «Портфолионың» осы жоғарыда аталған нәтижелерін қазіргі кезде жоғары оқу орындарындағына енгізілген кредиттік технология жүйесінде тиімді пайдалануға болады. Портфолио әдісін енгізу бүгінгі студент ертеңгі болашақ маман жеке траекторлы кәсіби дамуының мониторингін танытуға, қызметінің нәтижесін толық көрсетуге бағалы тәжірибесін таратуға, кәсіби шеерлігінің өсуіне көмек береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы».-Алматы, 2000.-96 б.
2. Т.Новикова, А.Пртученков. Портфолио в российской школе, 2006
3. Дистерверг А. Избранные педагогические сочинения.- М.: Учпедгиз, 1959. - 259с. Казахский государственный женский педагогический университет. Вестник №3 (6), 2011.
4. Рысбаева А.К. Оқушы портфолиосы. Алматы. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб.пособие для студ.пед.вузов и системы повыш. квалиф.пед.кадров/ под ред.Е.С.Полат.М.:Издательский центр «Академия», 2005.- 272с.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МӘНЕРЛЕП ОҚУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Абужалитова А.Т. – қазақ тілі мен әдебиеті магистрі  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Дүние жүзіндегі инновациялық процестердің барлығы кез - келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез - келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми - техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» - ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді. Инновациялық процесс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әр түрлі қарым - қатынастар (өндіру, алмасу, тұтыну) кешенін өз қарамағына алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1,5].

Осы орайда, білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оны жүзеге асыру – білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса көптеген оқу орындары оқыту процесін ұйымдастыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектелуде. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

Инновациялық педагогикалық технологияларды теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы етіп, оларды оқу үрдісін жетілдіру бағытында қолдану мәселелерімен В.П.Беспалько, К.Ж.Бұзаубақова, Қ.А.Сарбасова, М.М.Жанпейісова, Ш.Таубаева, Л.А.Шкутина және т.б. ғалымдар айналысты [2-6].

«Технология» - ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту

технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама әлі де болса бір жүйеге келген жоқ.

Білім беру жүйесі басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық тәсіл білім беру жүйесінің кез-келген саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, мониторинг т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «білім беру технологиясы» - деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Бұл ұғымды тек қана оқытушы мен оқушы арасындағы арнайы ұйымдастырылған процестерге ғана қатысты қолданады. Егер осы процесті оқыту процесі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады.

«Технология» ұғымы «*tehnē*» - өнер, шеберлік, «*logos*» – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіретін, грек тілінен енген екі сөзден тұрады. Сондықтан, «технология» - терминін - өнер туралы ғылым немесе шеберлік туралы ғылым - деп аударуға болады.

АҚШ пен Батыс Европада ХХ – ғасырдың екінші жартысынан бастап оқыту процесінің технологиясын жасау бағытындағы ізденістер белсенді түрде жүргізіле бастады. Осы уақытта оқыту үрдісіне техникалық құралдардың енуіне байланысты «білім берудің технологиясы» - термині кеңінен қолданыла бастады. Кейінірек, түрлі техникалық құралдарды қолдану әдістері жөніндегі еңбектердің ықпалымен бұл терминдер «педагогикалық технология» - деп атала бастады. 60-шы жылдардың ортасында технологиялық әдіс шет елдерде кеңінен қызу талқылана бастады. Мұнда негізгі екі бағыт көзге түсті. Біріншісі, бұрынғыша технологиялық әдісті, техникалық құралдарды қолданумен байланыстырылса, екіншісінің құрамында оқу процесінің өзін ұйымдастырудағы технологиялық әдістер дами бастады да педагогикалық технология «оқытудың технологиясы» - деген термин пайда болды [7].

Әдебиет — өнер, сөз өнер пәні. Мектепте әдебиетті оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Бағдарламада берілетін арнаулы сағаттарда мұғалімдер білім негіздерін қалыптастыру жұмыстарымен айналысады. Сөз жоқ, икем – дағдысын дамыту, тәрбиелеу, қабілетті, дарынына әсер ету, оны ары қарай мәпелеу істері білім берумен қоса жүреді. Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамытудың маңызы зор. Ол жұмыстардың қандай түрі болмасын, оның негізгі мақсаты – оқушылардың түсінігін арттыру, халықтың салтын, мәдениетін, өнерін бойына сіңіре отыру рухани ұлтжандылық тәрбие беру. Сөйтіп, бұл — әдебиеттен оқушылардың алған білімдерін одан әрі тиянақты ету, дамыту, жинақтау, оларды өмір тәжірибелерінде дұрыс пайдаланып, сөз мағынасын терең ұғынып, сауатты жазуға баулитын жұмыстардың бірі.

Қазақ әдебиеті дамуының желісінде әдеби тек жанрларының жаппай дамуы ХХ ғасырда өрістеді. Көркем әдебиеттің лирикалық, эпикалық поэзия жанрларының ауызша да жазбаша да үлгілер қалыптасуының, дамуының көп ғасырлық тарихи бар қазақ сөз өнері кәсіби сахна өнеріне арналған драмалық туындылар жазу үрдісін де де игере бастаған еді. Шығарманың өзегіне сюжеттік сипаттың шағынынан бастап мол көлемділерін қамтитын эпостық туындылар (күлдіргі сөз (анекдот), әңгіме, очерк, новелла, повесть, поэма, оқиғалы өлең, роман, роман-эпопея) – бәрі де қазақ сөз өнерінің әлем әдебиеті үдерісіндегі классикалық деңгейдегі көтерілген биіктігін дәлелдеді. ХХ ғасырдағы қазақ прозасының романдары эпикалық сипатпен жазылатын көркем шындық поэтикасының көрнекті көрсеткіштері қатарын құрады. Ертедегі халық сүйген жанрдың бірі — эпикалық жырлар. «Эпос-идеялық, көркем мәні және композициялық

құрлысы жағынан музыкалық- поэтикалық фольклордың ең күрделі, ең ірі жанры. Өйткені оның негізінде халық тарихындағы қиялы-қилы кезеңдер, халық тағдырына байланысты ірі проблемалық мәселелер алынған. Эпостарда қанатты философиялық сөздер жиі ұшырасады. Батырлар жырында кездесетін афоризмдер елге үлгі боларлықтай ерлік істі, қаһармандықты бейнелесе, ғашықтық жырларындағы қанатты сөздер, жырдың ішкі мазмұнына сай әр алуан лирикалық сезімдерге құрылған. Бұған Асан, Қазтұрған, Бұхар жыраулардан бастап, Махамбет, Базар жырау, Кашаған, Нұрым, Майлықожа, Нұралы, Жамбыл, Мұрын, Тұрмағамбет секілді сөз жүйріктерінің туындыларынан мол мысал келтіруге болады.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты - оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогресстен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өндеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай: білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; білім мен білігіне сай келетін бағдарды айқындап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; аналитикалық ойлау қабілетін дамыту, ең бастысы әр сабақта алған білімін өмірде пайдаға асыру, кез-келген жағдаяттан оқушыны шығаруға тәрбиелеу, берілген сабақтағы материал арқылы оқушының білім кеңістігіне өз көзқарасымен қарауына ықпал жасау, болашақта жаңа технология әдістерімен және сандық сауаттылығы бар бәсекеге қабілетті еліміздің азаматтарын тәрбиелеу болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000.
2. Беспалько В.П. Программированное обучение. Дидактические основы. – М., 1970(11).
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004, 21-бет(5).
4. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.
5. М.М.Жанпейсова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002
6. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.
7. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002. С. 12.

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҰЖЫМШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰЛТТЫҚ ҚИМЫЛДЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Гинаятова А. А. - педагогика ғылымдарының магистрі  
Батыс Қазақстан инновациялық –технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қазақстан Республикасы егемендік алып, тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғалы ұлттық мәдениетті қайта өркендету мәселесіне аса назар аударылып отыр. Мұны үкімет пен Білім министрлігінің осы сала бойынша қабылданған қаулы-қарарлары мен құжаттары, «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік іс-шаралар дәлелдейді. Ұлттық мәдениеттің қыр-сырын келешек ұрпаққа меңгерту, міндетті түрде тәрбиенің маңызды мәселелерінің бірі болып саналатын фольклор жанрының негізгі бір түрі – ойын фольклорын, оның ішінде ұлттық ойындарды қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Халық ойындары балаларды өмірге әзірлеп, олардың бойына ұлттық қасиеттерді – тілді, дінді, салт – сананы, әдет – ғұрыпты, әдетті жастайынан дарытып, оған қоршаған дүние туралы мағұлмат беріп, дүниенің қыры мен сырын танытатын, адамның ақыл – ой, қиялын қозғап, өрістететін, денесін

жаттықтыратын, көңілін көтеріп, өмірге ынталандыратын бірден бір тәрбие құралы болып табылады, яғни халық ойындары халық педагогикасының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М. Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А. Покровский, А.И. Ивановский, Н.И. Гродеков, Е.А. Алекторов, Ә. Диваев, А. Левшин, Н. Пантусов, Ф.Лазеревский, П.П. Папин, Г.С. Запьяжский, А. Шиле, А. Харунзин, А.Горячкин, П. Ходыров, Е. Букин, О. Әлжанов т.б. болды. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік – психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Ойын серіктестікті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Халқымызда ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының түрі кең таралған.

Мамандар ойындарды төрт топқа бөледі:

1. Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар: асық, бестас, ақсүйек, сиқырлы таяқ, бақай пісті, жылмаң т.б.

2. Жануарлар бейнесін елестетіп ойнайтын ойындар: соқыр теке, түйе-түйе, ақбайпақ, көк сиыр және т.б.

3. Мүліктік бұйымдарды қолданып ойнайтын ойындар: шалма, бөрік жасырмақ, түйілген шыт, тақия телпек, белбеу тастау, орамал тастау т.б.

4. Құрал-жабдықсыз ойнайтын ойындар: айгөлек, ақсерек-көксерек, шымбике, мәлке тотай, тоқтышак, шертпек, жасырынбақ, бұғынай т.б.

Ойын–баланың даму кұралы, танымкөзі. Баланың жекетұлғаретінде қалыптасуына ықпалы зор. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойында мытатын, қызықтыра отырып, ойдан-ойға жетелейтін тынысы кең, алысты мензейтін, қиялмен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Сонымен бірге, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанароты. Ойын – балалардың қоршаған өмірді, адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған қарым-қатынасын бейнелелуі. Ата-бабамыз данойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ой сергиді, денесі шынығып, қалыптасады. Көңілі көтеріңкі бала өзі істеген әрекеттерді сенімділікпен орындайды, шаттық сезімге бөленеді. Балалар әр алуан қимыл-қозғалыстар арқылы бойындағы күш-қуаты мен іс-қимылын жетілдіретін қызықты ойын мен шұғылданғанды жақсы көреді. Себебі, ойын рекеті балалардың бойындағы сезімдер мен қабілетерекшеліктерін дамытады.

Әр-түрлі және мазмұнды ойын әрекеті баланың қоршаған өмірдің жаңалығына шұғылтануға, зерттеуге, түсінуге деген құлшынысын оятады. Ойын әрекеті баланың:

- ❖ әлемді тануда, ой-өрісінің, тілінің дамуында;
- ❖ адам тәртіптердің тәжірибесінің игеруде;
- ❖ әлеуметтік қарым-қатынасты қалыптастыруда;
- ❖ дене дамуында әрекеттер өлет қарады.

«Балалар ұжым болып күйініп-сүйінген кезде, ұжым болып қуанған, ұжым болып толаған кезде ғана, ұжымдық жайсаң өмірді басынан кешіреді. Егер бала қоғамдық жасампаз іске қатысушы болғанда ғана шаттықты сезінеді»-деп ұлық еңес педагогы Н.К.Крупская атап көрсетті.

Ол балалар ұжымының маңызды ролі мынада деп білді. Ол ұжымда барлық баланың рекеті мен мінез-құлқы үшін әр баланың жауапкершілік сезімі, сонымен қатар әр мүшесі үшін ұжымның жауапкершілігі тәрбиеленеді. Міне өзін бір бүтіннің бөлігі деп.

Әрдайымосылайшасезінудіңорасанзортәрбиелікжәнетәртіпкеүйретерлікмәніболады. Ынтымағыжарасқанбалаларұжымьортақіскеболақамжасайалатын се німі зорұжымшылдықтықалыптастырады, сонымен бірже баланысаналытәртіпке, қоғамдықбелсенділіке, жауапкершіліккетәрбиелейді.Мектепныңбүкілқұрылымы балаларменжеткіншектердеқоғамдықсезімдермен «қоғамдыктүсініктерді»дамытуғақызымететеді. Олбалалардыұжымдытүрдеенбекетіп, қоғамдықтапсырмалар, мектептебалалардыңөзін-өзібасқарабілуі, ұйымшыл, се німі зорұжымшылдыктәрбиелеуітііс.

Ұжымдық, достықпенжолдастықсаналытәртіптітәрбиелеугеықпалжасайды, ынтымақшылұжымдостықпенжолдастықтыңкөрінуінеқолайлыжағдайлармензормүмкіндік тержасайдыда,өзкезегіменолұжыммүшелерініңбір-бірінедегендостыққамқорлығыменжолдастықниет, тілектестігіжағдайындакүшалады, нығайыпдамиы. Ұжымдағыдостықортақмүдделерменталлаптар, бірлескенөңбекпендемалыстыұжымдытүрдеөткізунегізіндедостықтыңтаңдаулыформасы. Балалардыңбайланыстыратынжолдастықкөріністерінде, жақындықсезімдеріндесоциалистік гуманизм өзініңкүнделіктікөрінісінтауыштырады. Достықпенжолдастықтәртіптіболуға, жасұрпақтыңадамгершілікбелгілерініңқалыптасуынаигықпалынтигізіштырады. Бұлартәрбиепроцесінде, балалбақшаменотбасының, айналасынқоршаған орта менөміржағдайларыныңәсерімен, оқытуменөңбек процесі үстіндеқалыптасады.

Қазақбалаларыныңұлттықойынынатокталғандардыңбірі – орысғалымы А. Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) аттыөңбегінатауғаболады. Автор бұөңбегіндекөшпендіқазақхалқыныңөмірсұрусалтындағыбаланыңдүниегекелгенсәтінен баста өсудинамикасынадейінұлттықойынменқимыл – қозғалысәрекетініңалатынорныжәнебалғындардыңденсаулығы, денемүшесініңқалыптасыпдамуындағыжекехалқыойындарыныңқажеттіжақтарынашыпкөрсетеді. Қазақтыңбелгіліғалымағартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсаринхалқыойындарыныңбалалардың білім берудегітәрбиелікмәнінжоғарыбағалап, өткенұрпақтыңдәстүріменатынкұрметтеп, адамдардың ой менісәрекетінтаныптүсінудежасардыңәстетикалық, адамгершіліөйталабыныңөсуінеоныңат қаратынқызыметінжоғарыбағалса, М.Жұмабаевойындардыңхалықмәдениетініңбастауаларқай наркөзі, ойлауқабілетініңөсуқажеттілігі, тілдің, денешынықтырутәрбиесініңнегізгіэлементі деп. тұжырымдайды. XXғасырдыңбасындаөмірсүргенэтнограф М. Гуннерқазақтыңұлттықойындарынбылайшажіктейді:

1. Жалпыойындар.
2. Қарсыласуменкүресуіспатындағыойындар.
3. Ашықалаңқайдағыойындар.
4. Қысmezгiлiндегiойындар.
5. Демалысойындары.
6. Ат үстіндегiойындар.
7. Аттракциондық – көрінісойындар.

Қазақтынойындарыныңбәрiде белгiлi бiр мақсаттыкөздейдi, тәрбиенiнде тәрбиелiк маңызызор.

Әдебиеттер:

1. Дрыгина Т.А., Корчевская Г.Г., Татауырова Н.Л., Тирская И.А., Шелипова С.И. Мектепкедейiнгiересекжастағы (5-6 жас) балалардытәрбиелеуменокытуғаарналған «Бiзмектепкебарамыз» бағдарламасы. – Астана, 2009.
2. Сисенбердиева А.Ж. Денетәрбиесiтеориясыменәдiстемесi: Оқулық. Алматы: Экономика, 2011. – 542 бет.
3. Жұмабекова Ф.Н. Мектепкедейiнгiпедагогика.- Астана: «Фoлиант»

## СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖУРНАЛЫН ҚҰРАСТЫРУ

Арыстанова А.Б. – жаратылыс ғылымдарының магистрі,  
Батыс Қазақстан инновациялық - технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қазіргі кезде қоғам әрекеттерінің барлық саласында компьютер көмегімен ақпараттық ресурстар орын алады. Яғни, XXI асыр бүкіл дүние жүзі ақпараттық қоғамға көшіріле басталды деуге болады. Оған қоғамдағы барлық білім, ғылым, экономика және басқару салалары арқылы ақпараттандыру белгісіне қол жеткізуге болатындығы.

Қазіргі таңда негізінен білім жүйесінің барлық сатыларын электрондық жүйе жасаумен шұғылданып келеді. Электрондық оқыту оқушы үшін ақпарат көзі болып, сонымен қоса электрондық журналмен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады.

Қазіргі заман талабына сай сынып жетекшісінің тәрбие жұмысында техникалық құралдарды пайдалану, тәрбиеленушінің жан-жақты тұлға болып тәрбиеленуіне өзіндік септігін тигізеді, сонымен қатар мұғаліммен оқушының арасындағы қарым қатынасты нығайтады. Индустриалды қоғамнан – ақпараттық қоғамға өту кезіндегі басты мақсат: ақпараттық телекоммуникациялық және ақпараттың атқаратын рөлін арттыру мен бірге, біркелкі ақпараттың кеңістікте қалыптастыруы болып табылады. Жылдам өзгеретін ортада тез бейімделетін тұлға қалыптастыру үшін біз ұстаздар, соның ішінде сынып жетекшілері бала тәрбиесіне қатысты жаңа ресурстар іздестіруіміз қажет. Ақпараттық коммуникативтік технологияны жұмыс барысында пайдалану, қайда және қандай дәрежеде тиімді екендігін нақты түсінік арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Мысалы ретінде, заман талабына сай білім беру процессінде компьютерлік технологияны пайдалану сынып жетекшісінің құжаттарымен істеуге кететін уақытын үнемдеуге мүмкіншілігін туғызады, Есесіне үнемделген уақытты оқушымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Егерде біз экономика салаларының барлығында автоматтандырылған жұмыс орнын құратын болсақ біз тек қана жылдам қызметке қол жеткізіп қоймаймыз, сондай-ақ сапалы мамандарға да ие боламыз.

Электрондық оқытуда мұғалімнің автоматтандырылған жұмыс орны болады. Оған электронды журналдар, күнделіктер, жоспарлар, электронды оқытушылар бөлмесі, ата-аналарды SMS-хабарламалары кіреді. Әрбір оқушы мен мұғалімнің кез келген уақытта әлемдік ең жақсы білім ресурстарына «онлайн» өту мүмкіндігі болады. Сонымен қатар цифрлық білім ресурстары, яғни электронды журналдар, видеолар, виртуалды тренажерлер, зертханалар болу керек. Электрондық журнал одан бөлек ата-аналар үшін де өте тиімді деуге болады. Жұмыстан қолы босамайтын ата-аналар үшін бұл электрондық жүйе бірден-бір шешім сияқты десе де болады, алайда балаларының сабағын тексеру сияқты жұмыстарды ата-аналардың орындауы үшін интернет байланысының қажеттігін түсінгендері жөн. Тіпті қалаған уақытта сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен де сөйлесу мүмкіндігі мол, ол үшін электрондық журнал жүйесінде sms хабарлама ұйымдастырылған.

Электрондық журнал дегеніміз- мультимедиялық журнал, сондықтан электрондық журналдың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуға тиіс. Электрондық журнал оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез немесе жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық журнал тандап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық журналдың ең қажет элементі-аудиохабарлар. Мысалы: құстардың дауыстарына қарай құс екенін ажырата білу,

жүрек қағысын байқау. Электрондық журналды қолданылу барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Сондай-ақ мұғалімдерге де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық журналдың сабаққа пайдалану-оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой-өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір-бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік-жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын. Жаңа технологияларды қолдану арқылы қашықтықтан оқыту жүйелерінде сапалы және жаңаша мүмкіндікпен шешуге болады. Біз электрондық журнал түрін құрдық, сайып келгенде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқу нәтижелілігін жоғарылауына жағдай жасайтындығына үміттенуге болады, сонымен қатар білім алушының дербес дайындалуына таптырмас құралы деуге болады.

Электрондық оқыту білім алушының дербес жұмысы үшін, күндізгі оқуда және әсіресе қашықтықтан оқытуда қажетті:

- материалдардың қарқында дамуы, есту және оның жадымызға әсері және т.б. оқулық материалдарды түсіну жеңіл түседі;

- дайындаудың оның білім алушының қажеттіліктерімен, деңгейімен сәйкес бейімделуді, ойдың мүмкіндіктеріне және шымдануға рұқсат етеді;

- көптеген есептеулерден және өзгертулерден азат етеді, пәннің мәніне оймен шоғырлануға, үлгілердің үлкен санын қарап шығуға және көбірек тапсырмаларды шешуге рұқсат ете білу;

- барлық жұмыс кезеңдерінде өзін-өзі тексеруге арналған өте кең мүмкіншіліктерді пайдалануға мүмкіндік беру;

- жұмысты көрнекі және ұқыпты формаға келтіруге және файлдық немесе баспадан шығару (распечатка) түрінде оқытушыға тапсыруға мүмкіндік туғызады;

- шексіз шыдамды жетекшінің ролін атқарады, түсіндірулердің практикалық шектелмеген санын береді, қайталанатын және қайталанатын басқа да сөздерді пайдалану.

Мұндай жетістікке жету үшін студент өз білімін жетік игере білу қажет.

Электрондық журнал мұғалім үшін ыңғайлы, себебі ол :

- практикалық жұмыстары өзінің қалауына бағытталады, яғни аз көлемді, бірақ ең мазмұнын есепке алу және дәрісханалық жұмыстардың дербес жұмысы үшін рұқсат етеді;

- арақатынастардың мөлшерін үнемдеуді, үлгілерін ұстауы және мақсаттарды ықшамдауға, дәрісханада қарастырылатын және үйге берілген тапсырманы нәтижелеуге рұқсат етеді; оқушылармен жұмыс жасағанда, әсіресе үй тапсырмалардың және бақылау іс-шараларына тиісті бөлімінде дербестікке мүмкіндік береді.

Сонымен, болашақ мұғалімдердің электрондық оқулықтарды қолдану шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мүмкіндік береді. Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде.

Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес электрондық оқыту деп аталатын оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Сондықтан педагогика ғылымының алдында электрондық оқытудың жүйе құраушы факторлары мен негізі педагогикалық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылады. Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр. Ал электрондық оқулық жас буынның жаңа әдебиеті болып есептелетіні даусыз. Сондай-ақ ол компьютер технологиясының мүмкіндіктері мен кәсіби оқулықтардың дәрежесін біріктіреді. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты — оқыту үрдісін

үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін дамыту. Білім берудің кез келген саласында

«Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Дегенмен, біздіңше электрондық оқулық дегеніміз — мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылысы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электронды оқулықтың мазмұны оқушының зерделі ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы өте қажет: қисынды ойлау жүйесінің қалыптасуы, жинақтылығы, жүйелілігі, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы, т.б.

Білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру оқушының білім сапасын арттыру мен жаңа оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігін мынадай артықшылықтармен сипатталады.

Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады. Ол оқыту үрдісіндегі жаңа оқыту технологиясының үш нұсқасы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- «Тереңдетілген» технология ретінде (компьютерлік оқытуды жекелеген тақырып немесе тарау бойынша қолдау);

- Негізгі технология ретінде(белгілі бір бөлімді оқытқанда қолданылатын технологиялық қоры);

- Монотехнология ретінде(барлық оқыту, оқытуды басқару үрдісі, яғни диагностика, мониторинг компьютерді қолдануға негізделген);

Білімге бір-бірімен арақашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында (дистанционды формада) отырып қол жеткізуге болады. Бұдан концептуалды ұстанымдарды қалыптастыру мүмкіндігі төмендегі формада жүзеге асады:

-оқыту — бұл баланың компьютермен қарым-қатынасы:

- баланың компьютерлік икемделе алуы;

- оқытудың диалог түрінде болуы;

- мұғалімнің кез келген уақытта оқу үрдісіне өзгерістер енгізе алуы;

- оқушы мен компьютердің өзара байланысы барлық түрде болуы: субъект - субъект, объект- субъект;

- жеке және компьютермен байланыс кезіндегі психологиялық ахуалын демеу.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу процесінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ мектеп оқушыларының өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар және схемалар мен жұмыс жасауға дағдыланады.

Әдебиеттер:

1. С.Каратыгин, Л.Тихонова «Самоучитель Flash MX» Москва.

2. П.Лапин «Самоучитель Flash MX» Москва - Санкт-Петербург.

Action Script – Flash Group E – Documentation.

3. Современный самоучитель работы в сети Интернет.: Практик.пособ. – М.:Издательство ТРИУМФ

4. www. mail. ru

5. www. rambler.ru
6. Нэд Снелл. Internet. Пер. с англ. –М.: «Вильямс».
7. Комягин В.Б., Печников В.Н. Создание Web-страниц и Web-сайтов. Учебное пособие. –М.: Триумф.

Резюме: В данной статье рассматривается интенсивное развитие информационных технологий, электронного обучения, новые технологии обучения. Поэтому перед педагогической наукой ставится ряд задач для определения системообразующих факторов и основ электронного обучения.

## **ПРИМЕНЕНИЕ ИКТ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Нурманова А.К. – магистр экономических наук

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск, РК

В Казахстане применение информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в системе образования, в том числе в вузах, осуществляется в рамках государственной политики информатизации общества и образования.

Информатизация общества закреплена как важнейший механизм формирования конкурентоспособности национальной экономики в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка в своем развитии» [1].

Информатизация общества осуществляется в русле концепции Национальной информационной инфраструктуры, направленной на создание электронного правительства; построение открытых инфокоммуникационных систем; стандартизацию и сертификацию средств и систем информатизации; обеспечение доступа к ресурсам локальных и глобальной сетей; расширение сферы применения государственного языка в цифровом поле; обеспечение безопасности и защиту государственных ресурсов [1].

При активном использовании информационно-коммуникационных технологий достигаются общие цели образования, легче формируются компетенции в области коммуникации: умение собирать факты, их сопоставлять, организовать, выражать свои мысли на бумаге и устно, логически рассуждать, слушать и понимать устную и письменную речь, открывать что-то новое, делать выбор и принимать решения.

На данный момент в Республике Казахстан государственная политика в области информационно-коммуникационных технологий выглядит следующим образом:

1. Разработка и совершенствование нормативно-правового обеспечения;
2. Развитие инфокоммуникационной инфраструктуры организаций образования;
3. Технологическая и техническая поддержка инфраструктуры;
4. Создание системы открытого дистанционного обучения;
5. Создание отечественных цифровых образовательных ресурсов;
6. Внедрение информационной системы управления образованием (ИСУО);
7. Подготовка педагогических и управленческих кадров [2].

Актуальность использования информационных технологий в управлении учебным заведением обусловлена такими факторами как постоянно растущий объем информации о ходе протекания и результатах образовательного процесса, потребность в оперативных данных, позволяющих принимать оптимальные управленческие решения по результатам деятельности педагогов, сотрудников и студентов, необходимость многогранного анализа образовательной деятельности, прослеживания динамики изменений и своевременной корректировки хода обучения.

Преимущества и недостатки применения информационных технологий в учреждениях высшего образования.

Преимущества:

- увеличение деятельностного компонента в содержании учебного материала, более успешная реализация принципа профессиональной направленности;
- формирование у студентов готовности к самостоятельной работе, развитие их информационной компетентности;
- сочетание высокого уровня доказательности и обоснованности при изложении учебного материала с наглядностью и доступностью его представления.

При использовании информационных технологий (ИТ) как средства интенсификации процесса обучения в учреждении высшего образования необходимо учитывать несколько важных условий их эффективности:

1) это не противопоставление преподавателя и компьютера, а использование тех преимуществ ИТ, которые превосходят возможности человека и не могут быть обеспечены обычными средствами наглядности;

2) изменение деятельности студентов от пассивного слушателя к включению его в контекст будущей профессиональной деятельности, анализ и разрешение проблемных ситуаций, моделирование.

Недостатки:

- негативное влияние на физиологическое состояние и здоровье обучаемого;
- «тотальная индивидуализация». Индивидуализация свертывает и так дефицитное в учебном процессе живое диалогическое общение участников образовательного процесса и предлагает им суррогат общения в виде «диалога с компьютером»;
- использование информационных ресурсов, опубликованных в сети Интернет приводит к «экономии сил» и как следствие – заимствованию из Интернета готовых рефератов, докладов, проектов, что не способствует повышению эффективности обучения и воспитания и др.

В результате проведенного исследования мной были сформулированы следующие основные выводы: применение информационных технологий (ИТ) в учреждениях высшего образования является способом обеспечения устойчивого развития информационного общества как одного из приоритетных направлений государственной политики современной Республики Казахстан. ИТ в учреждениях высшего образования являются совокупностью способов реализации учебных планов и учебных программ, представляющую собой систему форм, методов и средств обучения, обеспечивающую достижение образовательных целей [3].

Информационные технологии возникают как средство разрешения противоречия между накапливающимися во всё возрастающих объемах знаниями, с одной стороны, и возможностями и масштабами их социального использования, с другой стороны. Отсюда и двоякая роль ИКТ: с одной стороны, это средство преобразования знаний в информационный ресурс общества, а с другой – средство реализации социальных технологий и преобразования их в социально-информационные технологии, которые уже могут непосредственно использоваться в системах государственного управления и общественного самоуправления [3].

Обозначим основные дидактические требования, предъявляемые к информационно-коммуникационным технологиям в образовании с целью повышения эффективности их применения в образовательном процессе:

- мотивированность в использовании различных дидактических материалов;
- четкое определение роли, места, назначения и времени использования электронных образовательных ресурсов и компьютерных средств обучения;
- ведущая роль преподавателя в проведении занятий;
- введение в технологию только таких компонентов, которые гарантируют качество обучения;

- соответствие методики компьютерного обучения общей стратегии проведения учебного занятия;
- учет того, что введение в комплект учебных средств электронных образовательных ресурсов, компьютерных обучающих программ требует пересмотра всех компонентов системы и изменения общей методики обучения;
- обеспечение высокой степени индивидуализации обучения;
- обеспечение устойчивой обратной связи в обучении и др.

Применение общедидактических принципов обучения и реализация обозначенных требований к использованию в образовательном процессе ИКТ будет способствовать повышению качества подготовки. В силу этого следует рассматривать их в контексте целей образования и научного осмысления практики образовательной деятельности, исходя из принципов целесообразности и эффективности использования ИКТ в учебном процессе.

ИКТ расширяют возможности образовательной среды, как разнообразными программными средствами, так и методами развития креативности обучаемых. К числу таких программных средств относятся моделирующие программы, поисковые, интеллектуальные обучающие, экспертные системы, программы для проведения деловых игр. Фактически во всех современных электронных учебниках делается акцент на развитие творческого мышления. С этой целью в них предлагаются задания эвристического, творческого характера, ставятся вопросы, на которые невозможно дать однозначный ответ и т.д. Коммуникационные технологии позволяют по-новому реализовывать методы, активизирующие творческую активность. Обучаемые могут включиться в дискуссии, которые проводятся не только в аудитории или классе, но и виртуально, например на сайтах периодических изданий, учебных центров. В выполнении совместных творческих проектов могут участвовать учащиеся различных учебных заведений.

Использование лабораторного оборудования позволяет организовать в реальном времени постановку демонстрационного эксперимента, усиливающего понимание материала и его усвоение. Применение спутниковых технологий позволяет перейти на более высокую ступеньку использования в учебном процессе информационно-коммуникационных технологий.

Применение ИКТ в системе образования актуализирует их коммуникативную составляющую. Проникновение компьютерных телекоммуникаций в сферу образования инициировало развитие новых образовательных технологий, когда техническая составляющая образовательного процесса приводит к сущностному изменению образования. Развитие компьютерных телекоммуникаций в образовании инициировало появление новых образовательных практик, что в свою очередь способствовало трансформации образовательной системы в целом. Границы образовательной сферы, локализованные институциональными, временными и пространственными рамками были значительно расширены за счет внедрения телекоммуникационных технологий в образовательный процесс.

#### Литература:

1. Нургалиева Г.К. Применение ИКТ в высшем образовании Республики Казахстан: текущее состояние, проблемы и перспективы развития // Вестник КазНУ. -2015. №3.-С. 5-15.
2. Применение ИКТ в высшем образовании стран СНГ и Балтии: текущее состояние, проблемы и перспективы развития. Аналитический обзор / – СПб.: ГУАП, 2009. – 160 с.: ил.
3. Отчет «Развитие сектора ИКТ в Республике Казахстана на 2016 год» <https://zerde.gov.kz>

## ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЖОО-ДА ОҚУҒА БЕЙІМДЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ 10-11 СЫНЫПТАРДАҒЫ МАТЕМАТИКАДАН ЭЛЕКТИВТІ КУРС

Құттығұлова Ә.Н. – магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.,ҚР

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесі оқыту мен тәрбиелеудің құрылымы, мақсаты мен мазмұны, технологияның түбегейлі өзгерісімен ерекшеленеді. Мұндағы мақсат жеке тұлғаның білім, білік дағдысын механикалық түрде дамыту емес, танымдық қабілетті дамыған және өзін-өзі көрсете алатын жеке тұлға ақыл-ойын, тұлғалық психикалық қасиеттерін дамыту.

Қазіргі замандағы ғылым мен техниканың даму жағдайында ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемінің қауырт өсуіне байланысты ЖОО мен мектеп арасындағы сабақтастық оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына, жоғары сынып оқушыларының ЖОО бейімделуіне тікелей әсер етеді.

Сондықтан заман талабына сай маман дайындау жоғары сыныптарда басталып, студенттік кезеңмен ұштасып отырады. Демек жоғары оқу орындарындағы оқытушыларға, студенттерге аса үлкен жауапкершілік жүктелуде. Білімді маман даярлау үшін толыққанды адам, жеке тұлға қалыптастыру — күрделі де келелі іс.

Оқушылардың таным үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын дамыту үшін элективті курстардың маңызы өте зор. Адамда сан алуан қызығулардың болуы мүмкін. Бірақ бұлардың ішінде ең басыңқы қызығуы болады. Мұндай қызығулар, әсіресе, оқу әрекетіне аса қажет. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын дамыту, ЖОО-да оқуға бейімдеу үшін элективті курстарды мектепте қолданған тиімді.

Оқу бағдарламаларына білім берудің жалпы стандартына сәйкес базалық курстардан бөлек элективті курстардың енгізілді. Элективті сөзінің шығу тегіне келер болсақ, латынның *electus* деген сөзінен шыққан. Яғни, «таңдамалы, таңдаулы, қалаулы» деген ұғымды білдіреді. [1] Базалық курсқа кіретін міндетті пәндерден негізгі айырмашылығы элективті курс пәндері оқушы таңдауына негізделген. Яғни, аталмыш курс – оқушылардың белгілі бір тобының талап-тілектерін қанағаттандыруға бағытталған курс.

Элективті курстар мектептің жоғары сатысында профильді оқыту жүйесінде маңызды роль атқарады. “Жалпы білім берудің профильді оқыту тұжырымдамасына” сәйкес жоғары сыныптардағы оқытудың мазмұнын дифференциациялау әр түрлі курстардың мына 3 типінің негізінде жүзеге асырылады: базалық, профильді, элективті. [2]. Бұл үш типтің әр бір курсы профильді оқыту мәселесін шешуде өз үлесін қосады.


Жоғарыда атап өткендей базалық пәндердің профильді және элективті курстардың көлеміндегі ара қатыс жобамен алғанда оқу жоспарының жалпы сағат санынан сәйкесінше 50%, 30%, 20% болуы мүмкін.

Мектепте элективті курстар білім беру мекемесінің оқушы компонентіне бөлінген сағаттардың есебінен жүзеге асырылады. Элективті курстар әдетте X-XI сынып оқушыларына өткізіледі. Сонымен бірге оқушыларға кәсіби таңдауына бағдар беру мақсатында мектептің IX сыныптарында кәсіп алдындағы дайындықты өткізуді қарастыруға болады. Бұл үшін базистік оқу жоспарында арнайы ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстарға аптасына 2 сағат (68 сағ) бөлінеді. Олардың мақсаты оқушыларға жоғары сыныптағы профильді оқытуға қатысты өз шешімін табу. Жоғарыда айтып өткендей бұл жағдайда оқу жылы барысында оқушы 8 әр түрлі курсты (бір ай мерзімде), 4 курсты (тоқсан ішінде) немесе 2 түрлі курсты тыңдауы мүмкін.

Оқушы компоненті элективті курстардан тұрады. Әр оқушы екі жыл ішінде алты элективті курс таңдап, меңгеруі керек. П.С Лернер пікірінше, элективті курстар бейіндік

саралауға арналған және бір бейінді толықтыратын факультатив курстары немесе таңдау курстары .[3]. А.А. Кузнецов пікірінше, элективті курстар практикалық міндеттерді шешумен байланысты іс-әрекеттердің тәсілдері мен біліктеріді қалыптастыруға бағытталған, әлемнің біртұтас бейнесі туралы бұрын алған білімдерін интеграциялайтын қосымша білім алуы, жеке өмірлік басымдылықтары мен қызығушылықтарына қарай еңбек нарығында сұранысқа ие болып отырған білімдік нәтижелермен қаруландыруға арналған. [4].

Элективті курстарын жалпы орта және кәсіптік оқу орындарында жүйесінде оқу-тәрбие үдерісінде білім мазмұнын жүзеге асыру құралының құрылымдық бірлігі ретінде де қарастырылған.



Элективті курстарды біртұтас дидактикалық бірлік ретінде алғанымен біз мақсаттық бағдары тұлғалық дамыту мен оқушының кәсіптік өзін-өзі анықтауға арналған мектептік білім берудегі вариативті компонент ретінде қарастырамыз. В.В.Краевскийдің оқу пәні туралы зерттеулеріне сүйеніп, оқу пәні бейіндік оқытудың бір сатысы ретінде қазіргі ғылымның интегративті, тереңдетілген бағыттарын анық көрсететінін атап өтуге болады. Элективті курстың мазмұнын қалыптастырушы сол ғылыми білімнің сәйкес саласы. [5].

Элективті курстардың функционалды типологиясын анықтаудағы авторлардың (С. Ю. Астанина, Д. С. Ермаков, А. А. Кузнецов, П. С. Лернер, Г. К. Митрофанов, В. А. Орлов, К. Н. Поливанова, Т.В. Черникова) еңбектеріне қарап жалпы бағыттарының: базалық пәнді толықтыру кейде тереңдету, бейіндік пәнді тереңдету, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға, практикалығы болатындығын байқаймыз. Т.В. Черникованың зерттеулерінен, элективті курстардың жоғары сынып оқушыларына ұнауы үшін: «фактілі материал таныс болып өмірмен байланысты болып, алынған білімнің прагматикалық бағытта болуы керек. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден ЖОО-да оқуға бейімделуге элективті курстардың орны ерекше екенін анықтауға болады. [6].

Мектепке элективті курсты енгізе отырып, оған бағдарлама мен оқу құралы қажеттігі мен қоса оны оқытудың толық әдістемелік жүйесі керек екендігін есепке қажет. Элективті курстардың жұмыстарын ұйымдастыру келесі ретке сәйкес жүргізеді:

- 1) оқу пәндері мен ендірілетін элективті курстардың жиынтығы анықталады;
- 2) оқушы өзінің қызығушылығына, жоспарлаған кәсібіне байланысты таңдаған профилі мен оған қатысты элективті курстарға сәйкес жеке жоспар құрады да мектеп әкімшілігіне өткізеді;
- 3) алдыңғы екі пунктті ескеріп мектептің келесі оқу жылына оқу жоспары жасалады;
- 4) соған сәйкес сабақ кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сыныптар, элективті топтар, қатар жүретін базалық топтар және қатар жүретін профильді топтар ескеріледі.

Мектептің бүгінгі реформасы, қоғамның информатизациялануымен қатар, білімді гуманизациялануына бағытталған, оның мектептің алдына қоятын негізгі мақсаты — ақпараттық қоғамда күнделікті өмірге оқушыны дайындау.

Оқушының бейімдік дайындалу кезеңінде маңызды роль интеграцияланған элективті деп аталатын курстар атқарады, олардың негізінде пән аралық және оқуға деген дара үйлестірімділік жатады. Тап осы мәселелерді шешу оқушының тағдырындағы ғылыми, техникалық, кәсіпшілік қызығушылығын іске асыруды орындауға жағдай жасайды.

Математикалық пәндер бағытының арасында кең интегративті мүмкіншіліктерге математикалық талдау ие болады, өйткені жүйелі түрде ойлау, дәлелді ойлау, болжамдар жасау, жоққа шығарулар өздігінен келмейді – бұл іскерлікті математикалық талдау ғылымы дамытады. Сондықтан әр салада қолдануына, қызықтылығына байланысты, сонымен қатар математикалық талдау негізінде жоғары абстрактілігіне байланысты элективті курс барлық оқушыларға сөзсіз қызықты және пайдалы болуы мүмкін.

Бір жағынан элективті курстар оқушыларға математикадан, информатикадан ертеде алған білімдерін жалпылауға, тереңдетуге, математикалық объектілердің бірегейлігін, жоғары абстрактілігін көруге мүмкіндік береді (математикалық профильге дайындау), екінші жағынан математиканы техникада, өнерде, практикалық қызметте, тұрмыста қолданудың зор мүмкіндіктерін көрсетеді, дұрыс шешімді табуда, әртүрлі есептерді соның ішінде тұрмыстағы есептерді шешудегі логиканы қолдануға үйретеді (профильдердің техникалық, гуманитарлық және басқа түрлерінің таңдауына дайындау).

Элективті курстың мазмұнының тап осы бағытты ұстануы сансыз көп логикалық есептердің шешілуін болжайды, өйткені есептер шығару – бұл тұрақты үйреніп және жақсы үлгілерге еліктеу арқылы келетін практикалық өнер. Психологияның оқытуы бойынша есептерді шығару қажеттілігі туындаған кезде ойлау пайда болады. Әрбір есеп міндетті түрде жауапты талап ететін сұрақпен аяқталады. Қойылған сұрақ ойды оятады, оқушының ойлау қабілетін дамытады. Элективті курсқа кіретін барлық есептер, олардың дәлелдеулері оқушыларға қиындықтар тудырмауы керек, өйткені құрамында қиын есептеулері жоқ, ал әрбір алдыңғы есеп келесіге дайындық және әрбір есеп қайталанбайтындай етіп, қарапайымнан күрделіге қарай, әуестілігі мен қызықтылығын сақтай отырып таңдалып алынуы керек. Сондықтан да, элективті курстарды, соның ішінде, жақсы математикалық дайындығы жоқ әртүрлі топтары үшін де қолдануға болады.

Элективті курстар жоғары сынып оқушыларын ЖОО-да оқуға бейімдейтін бірден бір құрал болып табылады.

Элективті курс пәндерінің бір ерекшелігі ондағы оқытылатын оқу материалы көлемінің шектелмеуінде. Яғни, пәнді таңдап отырған оқушылардың белгілі бір тобының мүддесіне толық жауап беру үшін материалдың молдығы аса қажет. Және ол материалдың қандай деңгейде, қандай көлемде берілуге тиіс екендігін де айқындауға тиіс. Оқушылардың белгілі бір тақырыпқа деген қызығушылығы, оны игеру дәрежесі осы мәселені шешуде маңызды рөл атқарады. Мәселен, берілген тақырып оқушыларға аса тартымды көрініп, оларға осы тақырыпқа бөлінген 3 сағат жеткіліксіз болуы мүмкін немесе, керісінше, екінші тақырыптан қажетсіздігі үшін олар мүлдем бас тартуы мүмкін. Сондықтан да міндетті оқу пәндеріндегідей алдын ала белгіленген тақырыптық жұмыс жоспары элективті пәндер үшін онша сай келе бермеуі мүмкін. Таңдау пәні болғандықтан, өз қажетіне қарай таңдау мүмкіншілігін оқушыларға да беру қажет.

Қысқа мерзімділікке келетін болсақ, бұнымен келіспеуге болады. Өйткені оқушылардың белгілі бір пәнді меңгеруіне 6-16 сағат өте қысқа мерзім. Элективті курс ерекшеліктерін ескерсек, бұл мерзім 34 сағаттан кем болмауы керек.

Ерекше назар аударарлық мазмұны мен атының болуы элективті курс пәндері үшін міндетті шартқа айналуға тиіс. Өйткені таңдау пәні болғандықтан, ол өзінің атымен-ақ оқушылардың ынтасын оята білу керек. Яғни, бұл жерде элективті курс пәні оқушыларға ұсынылып отырған тауар іспеттес, ал тауардың өтімділігі үшін оған лайықты «тауарлық сипаты» болу қажет. «Тауарлық сипатты» құрайтын компоненттер: пәннің аты мен мазмұны. [7]. Осы орайда экономика саласында жиі айтылатын «Сауданың қозғаушы

күші – жарнама» деген сөздер еріксіз ойға оралады. Элективті курс пәнін жан-жақты сипаттайтын оның аты мен мазмұны, яғни, оқу-әдістемелік кешені шын мәніндегі жарнама рөлін атқарады десек, қателеспейміз. Сол жарнаманы өз дәрежесінде ұсына білу педагогтың кәсіби біліктілігінен туындайды. Кез келген курстың белгілі бір нәтижемен аяқталуға тиіс екендігі, бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Сол сияқты элективті курс пәндері де қандай нәтиже бере алады деген сұрақ кім-кімді болса да толғандырмай қоймайтыны анық. Базалық пәндер бағдарламалары белгілі бір жүйеге негізделіп, оқу материалдарында бірізділік байқалады. Ол материалдар оқушылардың ұсынылатын әртүрлі шығармалар, мәліметтер, деректер, ұғымдар мен ережелерді қамтиды. Ал элективті курстар оқушы не біліп шығады деген мәселені емес, не үйреніп, қандай шеберлікті меңгереді деген мәселені алға тартады. Сондай-ақ оқушылардың міндетті үлгерім көрсеткіштерін талап ету элективті курстарға тән емес. Белгілі бір уақыт аралығында қабілеті мен мүмкіндіктері әртүрлі оқушылардан бірдей нәтиже күту, әрине, қиын мәселе. Бұл мәселенің дұрыс шешімін элективті курс пәндерінің оқытылуынан іздеген жөн. Бір ғана элективті курс әртүрлі оқушыларға әртүрлі нәтиже беруі мүмкін. Элективті курс материалдары негізінде қалыптасқан шеберлікті әр оқушы әртүрлі қарқынмен меңгереді. Ал нәтижені бағалау да міндет тұрғысынан емес, оқушылардың мүддесі тұрғысынан іске асады. Яғни, осылайша олардың біреуі есеп шығарса, екіншісі шағын зерттеу жобасын қорғайды, ал енді бірі реферат дайындайды. [8]. Мұның бәрі оқытушы мен оқушы екеу ара келісімі арқылы шешіледі.

Жобалау мәселелерін қазіргі таңда ЖОО-да оқуға жоғары сынып оқушыларын бейімдеу ретінде алынып отырған элективті курстың бірі – комплекс айнымалы функциялар немесе комплексті талдауға қатысты қалай жүзеге асыруға болады деген сұраққа жауап іздеп көрелік. [9]. Ең алдымен, комплекс айнымалы функциялар немесе комплексті талдаудың негізгі қызметі – міндетті түрде оқытылатын математикалық талдаудың мазмұнын одан әрі дамыту. Өйткені жоғары сынып оқушылары комплексті талдауды ЖОО-на ғана оқиды, сондықтан бұл курс оларға бастапқы мәліметтерді білуге мүмкіндік береді. Ал бұл элективті курс – осындай кемістіктің орнын толтыратын бірден-бір жол. Ал оның мазмұны өзектілігі мен жүйелілігі жағынан да, тақырыптық және әдістемелік сипаты тұрғысынан да әлдеқайда терең әрі бай болуы керек.

Әрине мұндай курсты жүргізу үшін соған лайықты оқу материалдары қажет. Бүгінгі таңда қолда бар комплексті талдаудың оқу материалдары оқушыларға ұсынуға әлі жеткіліксіз. Комплексті талдаудың педагогикалық мүмкіндіктерін барынша іске асыру үшін оқытушы тарапынан үлкен алдын ала дайындық пен жауапкершілік талап етіледі. Ол дайындық курстың оқу-әдістемелік кешені арқылы көрініс табады.

Сонымен, комплексті талдау элективті курсының оқыту көп еңбекті қажет ететіні сөзсіз. Комплексті талдаудың негізгі ұстанымдарының бірі – оқушыны өзінділік пен дербестікке баулу. Бұл қағида дәстүрлі репродуктивтік білім емес, құрастырылған (конструктивтік) білімге негізделген. Яғни, оқушының дайын ақпаратты есте сақтап, қабылдауы, оған дайын жауап беруі еш қуатталмайды. Керісінше, одан берілген ақпаратты белсенді әрекеттер арқылы жан-жақты қарастырып, зерттеуі талап етіледі. Оқушыны кез келген мәселеге байланысты өзіндік ой-пікір құрастыруға, сыни ойлау дағдысын қалыптастыруға ынталандыру көзделеді.

Әдебиеттер:

1. [www.zaitseva-irina.ru/.../f1093455595.html](http://www.zaitseva-irina.ru/.../f1093455595.html)
2. Artyuhova, IS жоғары мектептің профилін таңдау мәселесі. Педагогика. - №2 - 2004.- Бірге . 28-33
3. Лернер, П. С. Роль элективных курсов в профильном обучении / П. С. Лернер//Профильная школа. – 2004. -№ 3. - 12-17 б.
4. Кузнецов, А. А. Элективные курсы образовательной области «Информатика» /А. А. Кузнецов // Профильная школа. 2005. 2- 3 б.

5. Краевский, В. В. Содержание образования: вперед к прошлому / В. В. Краевский. – М.: Пед. Общество России, 2001. – 36 б.
6. Черникова, Т. В. Методические рекомендации по разработке и оформлению программлективных курсов / Т. В. Черникова // Профильная школа. – 2005. -№ 5. 14-16 б.
7. [Орысша-қазақша](#) түсіндірме сөздік: Биология/Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арые- Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007.- 1028 б.
8. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі.-Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006- 348 б.
9. *Александров И.А.* Теория функций комплексного переменного. – Томск: Изд-воТом. ун-та, 2002.*Привалов И.И.* Введение в теорию функций комплексного переменного. – М.: Наука, 2009.

## **КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДА ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ҮРДІСІН ЗЕРТТЕУ**

Оразова Б.Қ. – магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.,ҚР

Әлеуметтендіру терминін көбінесе адамға қоғамда толыққанды өмір сүруге қажетті белгілі бір дағдыларды алу үрдісі деп түсіндіріледі. Биологиялық мінез-құлық заңдылықтарына бағынатын басқа тірі жан иелерімен салыстырғанда, адам биоәлеуметтік құбылыс болғандықтан, тіршілік үшін күресте әлеуметтендіруді қажет етеді

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық өміріндегі елеулі еңсерулерге байланысты ауқымды өзгерістер кезеңін басынан кешіруде. Онда жүріп жатқан өзгерістер тұлғаның әлеуметтік жеке қалыптасуына қатысты жаңа көзқарастарының пайда болуын меңзейді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көзделгендей, білім беру басымдығы ретінде дербес, жауапты, бастамашыл, ойлай білетін, саналы, өзінің өмірлік мұратын құруға және өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға қабілетті адамды тәрбиелеу идеясын жүзеге асыру болып табылады [1].

Әлеуметтендіру үрдісі жаңа нәрсені ой елегінен өткізу мен практикалық іске асырудан тұрады. Білім берудің ұлттық жүйесінде жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына көшумен байланысты айтарлықтай өзгерістер жүреді [2]. Жаңартылған білім беру стандартын енгізу көп жағдайларда баланың мектептегі өмірін өзгертті. Бала мектепке келген кезде әлеуметтендірудің басты шешуші факторына оқу іс-әрекетін меңгеру, міндетті мектептік біліктер мен дағдыларды үйрену, мектепте қалыптасатын тұлғааралық қатынастар жатады. Осының арқасында баланың эмоциялық және әлеуметтік өмірі дамиды, оның өзі және өзгелер туралы, өзгелердің ол туралы не ойлайтыны туралы түсінігі қалыптасады [3].

Педагогикада әлеуметтендірудің жекелеген сипаттамаларына жүгіну П.П. Блонский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий және басқаларының еңбектерінде кездеседі. XX ғасырдың 60-70-шы жылдарында В.А. Сухомлинский, М.Н. Скаткиннің еңбектерінде мектеп оқушысы тұлғасының оқу-тәрбие үрдісінде қалыптасу мәселелері бойынша зерттеулердің байланысты тұлғаның қоғамға тәрбиелік ықпалын нақтылап, атап өтуге қадам жасалды.

Әлеуметтендіру мәселесінің мәнін және құрылымын алғаш рет Э. Дюркгейм, М. Мид, Т. Парсонс, Ж. Пиаже, Э. Эриксон, З. Фрейд сияқты шетел ғалымдары ашып көрсетті. Қазіргі зерттеушілердің ішінде Б.З. Вульфов, В.Н. Гурова, В.А. Караковский, Л.Н. Коган, И.С. Кон, В.Т. Лисовский, В.В. Москаленко, А.В. Мудрик, Б.П. Парыгин, В.А. Ядов сияқты ғалымдардың еңбектері айрықша [4].

Әлеуметтендірудің түрлі педагогикалық қырларын зерттеуден қазақстандық ғалымдар да қалыс қалмай, жастарды кәсіби әлеуметтендіру (Б.А.Әбдікәрімов, А.П. Сейтшев, Г.Т. Хайруллин және басқалары); этникалық әлеуметтендіру (К.Б. Жарықбаев,

С.К. Калиев, К.Ж. Қожахметова және басқалары), адамгершілік-құқықтық әлеуметтендіру (Л.А. Байсерке, Л.К. Керімов, А.В. Ким, А.А. Калюжный және басқалары); жас буынның әлеуметтік өзара әрекеттесу және тәрбиелеу үрдісіндегі балалар және жасөспірімдер ұйымдарының рөлі (К.К. Қунантаева, А.Н. Тесленко және басқалары), әлеуметтендіру мен қоғамға кіріктірудің жетекші институттары (Б.И. Мұқанова, Ә.М. Мұханбетжанова, Г.А. Уманов, А.С. Иргалиев және басқалары) мәселелерін зерттеуге өз үлестерін қосты [5].

Теориялық талдаудың негізінде біз келесідей қорытындыға келеміз, яғни әлеуметтендіру оқушылардың бойында қоғам талап ететін қасиеттерді ең жақсы түрде қалыптастыруға, яғни оларға осы қоғамға тез үйренуге, икемделуге және қоғамның (ұжымның) нақты субъектілерінің іс-әрекетімен тығыз байланысты өз іс-әрекетін бастауға мүмкіндік беретін, осы (нақты) жағдайда сұранысқа ие болатын тәрбиелеу формалары, әдістері мен құралдарының көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

Осылайша әлеуметтендіру - адамның әлеуметтік жинақталған тәжірибені, ең алдымен әлеуметтік рөлдер жүйесін меңгеру үрдісі. Бұл үрдіс отбасында, мектепке дейінгі мекемелерде, еңбек және басқа ұжымдарда жүзеге асырылады. Әлеуметтендіру үрдісінде мұндай жеке түзілімдердің тұлға және өзіндік сана ретінде қалыптасуы жүреді. Осы үрдіс аясында әлеуметтік нормаларды, біліктерді, стереотиптерді, әлеуметтік ұстанымдарды, қоғамда қабылданған мінез-құлық және қарым-қатынас формалары мен нұсқаларын меңгеру жүзеге асырылады.

Бұл мәселенің теориялық және практикалық маңыздылығы, оның жете зерттелмеуі зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды: *«Кіші мектеп жастағы оқушылардың нәтижелі әлеуметтендіру негіздерін зерттеу»*.

Зерттеу мақсаты - білім беру мекемелерінің жағдайында кіші мектеп жасындағы оқушыларды әлеуметтендірудің педагогикалық жөнемелеу моделін жасақтау, теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперимент түрінде тексеру.

Зерттеу нысаны - қазіргі заманғы ортада кіші мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру үрдісі.

Зерттеу пәні - кіші мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру мақсатында әлеуметтік-мәдени кеңістікті оңтайландырудың педагогикалық мүмкіндіктері.

Зерттеу болжамы: кіші мектеп жасындағы оқушыны әлеуметтендіру үрдісі келесі жағдайларда тиімді болмақ:

- кіші мектеп жасындағы оқушыларды әлеуметтендірудің ұсынылған және сыналған педагогикалық жөнемелеу моделі білім беру үрдісі субъектілерінің табысты оқу мотивациясын, дүниетанымын, әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға оң әсерін тигізетін болса;


- қазіргі мектеп жағдайында кіші мектеп жасындағы оқушыларды әлеуметтендіру үрдісін педагогикалық жөнемелеу моделін жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен әдістемелік ерекшеліктері анықталатын және болатын болса;

- кіші мектеп жасындағы оқушыларды әлеуметтендіру критерийлері мен тиімділігінің көрсеткіштері жасақталып, оңтайлы пайдаланылатын болса.

Магистрлік жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, біз теориялық зерттеудің келесі әдістерін қолдандық: философия, педагогика, социология, жас ерекшеліктері, педагогикалық және әлеуметтік психология бойынша ғылыми мәтіндерге талдау жасау, келесі эмпирикалық зерттеу әдістері: бақылау жүргізу, педагогикалық эксперимент, сауалнама, тест жүргізу, контент-талдау, сарапшылық бағалау әдісі. Нақты айтқанда «Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сауалнама», «Ата-аналарға арналған сауалнама», Г.А. Урунтаеваның «Аяқталмаған әңгіме» және ранжирлеу әдістері, Л. Кольбергтің «Адамгершілік дилеммасы» әдістемесі, О.С. Богданованың «Қауырсын» әдістемесі, «Мен кімін?» және «Автопортрет» әдістемелері, креативтілікті анықтау тесті (Е.Е. Туник). Сонымен қатар алынған деректерді сандық және сапалық өңдеу әдістері қолданылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс БҚО Теректі ауданы Подстепное ауылындағы №1 ЖОББ мектебінде 2017-2018 жылдары жүргізілді. Экспериментке 7-8 жас (1-2 сыныптар) аралығындағы 83 бала, бастауыш сыныптардың 6 мұғалімі, 46 ата-ана қатысып, олар түрлі статистикалық сұрауларға, ғылыми-әдістемелік (ғылыми-практикалық) конференцияларға, т.б. шараларға атсалысты. Жалпы, экспериментке 135 адам тартылды.

Подстепное ауылының №1 ЖОБМ-де мұғалімдер арасында біз жүргізген «Кіші мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру» сауалнамасы келесі деректерді анықтауға мүмкіндік береді.



1-сурет. Подстепное ауылының №1 ЖОБМ бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында жүргізілген қарым-қатынас жасау стильдерінің диагностикасы

Бастауыш мектептің мұғалімдерінің 69 % оқытуда авторитарлық стильді ұстанады, 25% - демократиялық және 6% - либералдық. Айта кетерлік жайт, авторитарлық педагогтар тобында келесі сипаттамалардың айқындығы (өздерінің кәсіби қасиеттерін бағалау әдісінің көмегімен) белгілі болды: мамандығына қызығушылығының жоғары болуы; шешімдерді өз бетімен дербес қабылдай алуы, өзін-өзі сынап білуі; кәсіби ригидтілігі (сабақтың дәстүрлі барысынан аспауы, сыныптағы дәстүрлі ахуалды ұстануы; жақсы реттелген сызба бойынша көпжылдық жұмысы, т.б.); рефлексияға қабілетінің төмендігі (өзінің дұрыстығына және кәсіби сауаттылығына тым сенімді болуы); кәсіби қызметінің стереотиптілігі; өзіне беретін бағасының төмен болуы; балаларды тым қарабайыр түсінуі; өз біліміне көңілінің толуы (танымық қажеттіліктерге мойынсұнбауы); оқыту мен тәрбиелеуге тым стандартты қарауы.

Эксперименттің екінші кезеңінде біз «Жақсылық жолымен» бағдарламасы жасақталып, өткізілді.

Бұл бағдарлама күнделікті оқу-тәрбие қызметіне арналып бейімделген, оның үстіне барлық материалдар қоғам мен мектептің өзекті талаптарына және қазіргі заман ағымына сай келтірілген.

«Жақсылық жолымен» бағдарламасы баланы әлеуметтік әлемге біртіндеп енгізуге жетелейді. Танымның жылдамдығы мен тереңдігі жекеше сипатта болғандықтан, жаспен тек кей жағдайларда байланысты болады. Көбі баланың жинақтаған әлеуметтік тәжірибесіне, баланың жынысына, оның эмоциялық және танымдық салаларының даму ерекшеліктеріне байланысты.

Бағдарламаның негізгі мазмұны кіші мектеп жасындағы балаларға арналған. Баланың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктері мен даму деңгейін ескерген жөн.

«Жақсылық жолымен» бағдарламасын жүзеге асыру барысында біз келесі қағидаттарды қолдандық:

- *тәрбиені тұлғаны дамытуға орталықтандыру қағидаты.*
- *табиғаттың сәйкестілігі және мәдениеттің сәйкестілігі.*
- *субъектілік қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.*
- *баланы қабылдау қағидаты.*
- *құндылыққа негізделген қатынастар қағидаты.*

«Жақсылық жолымен» бағдарламасы төрт негізгі бөлімнен тұрады:

1. «Мен - азаматпын»:

- «Мен өзім туралы не білемін»;
- *менің отбасым;*
- *менің түп-тарихым.*
- «Өзіне сенімді болу - болашақ азаматтың қалыптасуы».
- «Сезім, тілектер, көзқарастар, қылықтар - адамгершілік сабақтары».

2. «Ересектер және Мен»:

- «Ересектер және Мен»;
- «Ересектердің құқықтары мен міндеттері»;
- «Этикет және қарым-қатынас жасау мәдениеті».

3. «Адам - тарих - мәдениет»:

- «Адам - ұста»;
- «Адам - суретші»;
- «Өлкетану - сенің елің, сенің халқың».

4. «Біздің үйіміз - Жер шары»:


- «Жер дегеніміз не?»;
- «Жер және оның тұрғындары»;
- «Мен және табиғат. Мен және экология».

Кіші мектеп жасындағы оқушылар арасында «Жақсылық жолымен» бағдарламасын пайдалану тиімділігін бағалау үшін біздерге әлеуметтендірудің қалыптасу деңгейін бағалау қажет болды.

Әлеуметтендірудің қалыптасу деңгейін бағалау келесі 7 критерийдің қалыптасуын бағалауға негізделді:

- оқушыларда әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасушылығы;
- социумда тіршілік ету үшін қажетті әлеуметтік қатынастардың біліктері мен білімдерінің меңгерілуі;
- құндылыққа негізделген көзқарастардың қалыптасуы;
- адамгершілік таңдау жасау білігінің қалыптасуы;
- мінез-құлық мотивін анықтау қабілеттілігі;
- біртұтас «Мен тұжырымдаманың» қалыптасушылығы;
- іс-әрекетке деген шығармашылық тәсілдемесінің болуы.


Оқушыларда әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасу деңгейін бағалау 2 суретте келтірілген.



2-сурет. Эксперименттің басы мен соңында кіші мектеп жасындағы оқушыларда әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасу деңгейін бағалау

Айтарлықтай өзгерістер эксперименттік жұмыс таңдалған бағдарлама негізінде жүргізілген ЭТ-та байқалды. Әлемнің біртұтас көрінісінің қалыптасуының әлеуметтік-нәтижелі деңгейінің динамикасы ЭТ бойынша - 63,7%, БТ - 22,8%. Бұл жағдайда әлеуметтендірудің әлеуметтік-жеткіліксіз деңгейі бойынша ЭТ - 0, БТ - 13,6%.

3 суретте екінші критерий - социумда тіршілік ету үшін қажетті әлеуметтік қатынастардың біліктері мен білімдерінің меңгерілуі жөніндегі деректер көрсетілді. Бұл критерий сұрау, бақылау арқылы бағаланды.




3-сурет. Эксперименттің басы мен соңындағы ЭТ мен БТ кіші мектеп жасындағы оқушылардың социумда тіршілік етуіне қажетті әлеуметтік қатынастар туралы білім мен біліктердің қалыптасуы

Ұсынылған нәтижелер бойынша эксперименттік топ оқушыларының әлеуметтік қатынастар туралы білім мен біліктерінің қалыптасу деңгейіндегі айтарлықтай өзгерістер

жүргенін айта кетуге болады. Айталық, ЭТ-та әлеуметтік-нәтижелі деңгейге қол жеткізген оқушылар саны 81,82%-ға, ал БТ-да 22,8% құрады. Бұл критерий бойынша әлеуметтік-нәтижелі деңгейдің қалыптасуының динамикасы ЭТ бойынша - 60,5%, БТ - 22,8%.

Әлеуметтендірудің алтыншы критерийі - Мен-тұжырымдаманың қалыптасуы - «Мен кімін?» және «Автопортрет» әдістемелерінің көмегімен бағаланды. Алынған деректер 4 суретте ұсынылды.



4-сурет. Эксперименттің басы мен соңында ЭТ мен БТ оқушылардың Мен-тұжырымдаманың қалыптасу деңгейін бағалау

Эксперименттік топта әлеуметтік-жеткіліксіз деңгейді көрсеткен оқушылардың азайғаны (40,9 %-ға) байқалды. БТ-да әлеуметтік-жеткіліксіз деңгейді көрсеткен оқушылардың азайғаны белгілі болды. Ол 31,8 %-ды құрады.

Эксперименттің басы мен соңының нәтижелерін салыстырмалы талдау жүргізілген жұмыстың жағымды нәтижелері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Эксперименттік және бақылау топтарында алынған нәтижелер арасындағы айырма әлеуметтендіру үрдісі кешенді педагогикалық шарттар енгізілген эксперименттік топта тиімді жүретінін және жалпы тенденцияны анықтап берді.

Қорытындылай келе:

1. Мінез-құлықтың барлық ережелері мен нормаларын ұстанатын тұлғаны қалыптастыру үшін оқушылардың санасын қалыптастыру әдісі, мінез-құлық қалыптастыру әдісі, сезімдер мен қатынастарды қалыптастыру әдісі қолданылуы мүмкін.

2. Бастауыш мектеп жағдайында баланы оқыту және тәрбиелеу үрдісінің біртұтастығын сақтау кезінде мұғалім де, ата-аналар да баламен үнемі тығыз ара қатынаста болуға, онымен сенімге негізделген ара қатынастарын сақтап қалуға, балалардың бойында орын алған өзгерістерге қарай өз мінез-құлықтарын түзетіп отыруға тырысты.

3. Әлеуметтендіруге ықпал етуші кіші мектеп жасындағы оқушылары тәрбиелеу мен оқытудың пайдаланылатын формалары, әдістері мен құралдары синтезделуі тиіс. Алайда кіші мектеп жасындағы оқушыларды әлеуметтендіру үрдісін жүйелеу және оңтайландыру үшін бастауыш мектептегі балаларды оқыту заңдылықтарын анықтап, осы жастағы балаларды әлеуметтендіру қағидаттары нақтылануы тиіс.

4. Бастауыш сыныптар педагогы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі негізгі жұмысын тиімді жүргізуі үшін, ол өз шәкірттерінің жетістіктері туралы тек білім деңгейінде ғана емес, сонымен қатар жаскелең ұрпақтың әлеуметтік

дамуы мен қалыптасуы үшін қажетті қоршаған ортаны қабылдауға, оған бейімделуге қабілеттілік сияқты мәселелер деңгейінде де білікті болуы тиіс.

5. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бастауыш сыныптардың кейбір педагогтары өз оқушыларын «естімейді» (25 %), көбі тәрбиелеудің авторитарлық әдістерін қолданады (31 %), осылайша оқушылардың Мен-тұжырымдамасын басып тастайды. Бұл баланың позитивті көзқарастар қалыптастыру үшін мұғалім өзін де үнемі тұрақты дамытып, жетілдіріп отыруы тиіс деген қорытындыға келеміз.

6. Эксперименттің констатациялаушы кезеңінде әлеуметтендірудің әр критерийінің қалыптасуының деңгейі жеткіліксіз екені анықталды.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері «Жақсылық жолымен» бағдарламасы жүзеге асырылған эксперименттік топтағы кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметтендіру деңгейінің біршама артқанын көрсетті, бұл біздің алға тартқан болжамымыздың рас екенін дәлелдеп берді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // [Егемен Қазақстан](http://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru). - Астана, 17.04.2017. - [egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru](http://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген.
3. Иргалиев А.С. Социализация личности. Монография. 2-е издание. - Уральск, 2013. - 86 б.
4. Мұханбетжанова Ә.М., Иргалиев А.С., Мұханбетчина А.Г. Әлеуметтік педагогика. Оқу құрал. - Орал, 2013. - 115 б.
5. Muhanbetzhanova A.M., Bakhysheva S.M., Irgaliev A.S., Kinghekova R.S., Gabdrahmanova S.T. and Kolesova L.G. Psychological and Pedagogical Support of Teenage Inmates of Children's Village / International Journal of Environmental & Science Education. - 6 august 2016. - Vol. 11. - No11. - P. 4595-4609. // <http://www.ijese.net/makale/644>.

## **БӨБЕКЖАЙДАҒЫ МУЗЫКА ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕРІНДЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Какимов О. У. – музыкалық жетекші  
МКҚК №6 «Шолпан» бөбекжайы, Орал қ.,ҚР

Жас ұрпақтың жан-жақты дамуында музыкалық тәрбиені түсініп, бойына сіңіру арқылы рухани байып, ой-өрісінің кеңейіп, дүние танымының қалыптасуы басты қасиет.

Мектеп жасына дейінгі балалық шақ- бөбекті әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен араластыру кезеңі. Музыканың бала тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Ал музыкалық тәрбиенің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі балалардың бойында белгілі бір біліммен музыка мәдениетінің негіздерін қалау, шығармашылық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз ету, ән айту шеберлігін, дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау, есту қабілеттерін, зейінді, ырғақты қимылдың әсемдік мәнерлігін дамыту. Бүлдіршіннің мүмкіндіктеріне сәйкес түсінікті өнер туындыларымен қамтамасыз ету, музыканы тыңдауға, түрлі сазды әуендерді әсерлі сезіну, аспаптардың дыбыстарын есту арқылы ажырата білуге көмектесу. Әннің мәтіні мен сазына сәйкес үйлесімді образды қимылдар жасауға бейімдеу. Мерекелер мен ойын сауықтарға қызығушылықтарын арттырып оған белсене қатысуға деген ынтасын ояту. Сондықтанда ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында, ойын-сауық өткізу кезінде үнемі заман талабына сай ақпараттық, ойын технологияларын қолданып, бүлдіршіндердің қызығушылықтарын оятып, белсенділіктерін арттырып отыру[1].

Музыкасыз, ойынсыз, ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл-ойы мен қиялын дамыту мүмкін емес. Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер етеді. Олардың музыкаға деген көзқарасын қалыптасып, есту қабілеті жетіле түседі, шығармашылық елестету сезімі пайда болады. Балаларды мазмұны бай әртүрлі шығармалармен таныстара отырып, оларды әртүрлі жағымды әсерге бөлене білуге баулимыз, яғни музыка арқылы балалардың дыбыс үніне зейіні, байқағаштығы, тапқырлығы жетіледі.

Бөбекжайда ұйымдастырылған оқу қызметтерінде музыкалық аспаптарды қолдану балалардың есту, тыңдау, қабілеттерін, музыкалық есте сақтау қабілеттерін дамыту, эмоциялық қиялын, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыруға, тәртібін дамыту, музыкалық–эстетикалық сезімін, әсерлену қабілетін дамытуды және қазақ халқының мәдениетіне, әлемдік мәдениетке құрметпен карауға тәрбиелеуді көздейді[2].

Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, музыкалық аспаптарды үйрететін орта қалыптастыру қажет. Музыкалық аспаптарды енгізу негізінде музыка оқу қызметтері оқытудың белгілі әдістері мен тәсілдерін қолдануды қарастырады. Бұл сөздік әдістер, музыкалық, ырғақ, қозғалыс ырғағы, сонымен бірге музыкамен бірге көрнекі әдіс, тәжірибелік және ойын әдістері. Сөздік әдіс қайталаудан, мұғалімнің әңгімелеуінен, баланың әңгімелеуінен, аспапта ойнаудан тұрады. Музыкалық аспаптарды үйретуде жетекшінің әңгімелеуі өте маңызды әдіс болып табылады. Мысалы: музыка оқу қызметтерінің бірінде біз, қазақ халқының аспаптары туралы әңгімелейміз. Онда міндетті түрде домбыра, қобыз, асатаяқ және басқа да аспаптар көрсетіледі. Меңгеруге қажетті лексикалық минимум сөздер бұл –домбыра, қобыз, асатаяқ. Музыка жетекшісі домбыра немесе басқа ұлттық аспаптар туралы аңыз айтып береді, балалардың әрқайсысына домбыраның ішектерін ұстап көруге, аспаптың құрылымын байқауға, сол аспапты ойнап көруге мүмкіндік береді. Музыка оқу қызметтерінде музыкалық аспаптардың түрлері мен олардың дыбыстарының ерекшеліктері туралы, музыканттардың өмірі мен қызметтері жайында әсерлі әңгімелеуді талап етеді. Мысалы: ертегі сикырлы музыкалық аспап – домбырасы бар ақсақал қарт туралы ертегіні айтып беруге болады. Ол домбыраны ойнай бастаған сәтте оның ішектерінен әдемі күй төгілген, сол сәтте адамдардың көңіл күйлері көтеріліп, жұмыстары алға басып, жақсы тілектері орындала бастағаны туралы көркем шығарма оқып беруге болады [3].

Балалар ұлттық аспаптарымызда ойнай ортырып, әр аспаптың [өзіндік ерекшеліктерін](#), дыбыс бояуын (тембр), орындалған әуеннің белгілі бір ырғағын (ритм) сезініп, өз бетінше есте сақтап анықтай біледі.

Бөбекжайда музыка оқу қызметтерінде алақанымен шапалақтау, тықылдату, топылдату арқылы дыбыстарды салу, ұрмалы музыкалы аспапта ойнау сияқты тәсілдерді қолданудың ерекше маңызы бар. Бұл тәсілдер сөзді буындап айтуға көмектеседі. Кішкене баланың анық ырғағымен мәтінінің мазмұнын түсінбей ән салып тұрғанын өмірде жиі байқауға болады. Аспаптарды ортаға енгізу әдіс тәсілдерінде ән айтуда ырғақтық суреттер пайдалану аса маңызды. Осыған тәрбиешілер мен ата аналардың назарын аудару қажет. Бұл балаларды дамытуға, ал рухани адамгершілікке негізделген әндерді айтуда, адами қасиеттерді қалыптастыруға септігін тигізеді. Күрделі шығармаларды халық әндері және қазақ композиторларының шығармаларын еркін түсініп ойнай білу қабілеттері қалыптасады. Аспапты дұрыс ұстап оң және сол қол қойылымдарының қолдану ережелерін сақтай біледі. Қолдың музыкалық аспаптарға икемділігін қалыптастыра алады. Музыкалық аспаптарды ойнау барысында балалардың музыкалық есту түйсігін, творчестволық қиялын жетілдіреді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қарапайым музыкалық аспаптарды (даңғыра, дабыл, асатаяқ, тұяқтас, шаңқобыз, сақпан, тоқылдақ, қоңырау, үшбұрыш және т.б.) қолдану, балалардың [сол ұйымдастырылған оқу қызметіне деген ынтасын](#), сүйіспеншілігін, белсенділігін, [жауапкершілігін арттырады](#), олардың музыкалық қабілетін дамытуға, шығармашылық дербестігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Шығармашылық әрекет

кезінде музыканы сергек кабылдау, бірігіп орындау (ансамбль) сезімі және дағдысы дамиды. Балалар үшін сабақта қолданылатын музыкалық аспаптар көлемі, салмағы жағынан ыңғайлы, құрылысы қарапайым, әрі мықты болуы керек. Аспаптарды ойнаудан бұрын жетекші балаларға олардың құрылысы, шығу тарихы, дыбыстық бояуы (тембрі) туралы біраз мағлұматтар бере отырып, оны ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдаланудың тиімділігін, мақсатын және қолдану тәсілдерін әңгімелейді.

Аспапта ойнау кезінде балалардың тұрып ойнау, немесе отырып ойнау қалпын қадағалау қажет. Аспаптарды менгерудің ең алғашқы қадамы ретінде балалардың ырғақ сезімін дамытатын қарапайым жаттығулар жасаған тиімді. Әр музыкалық аспаптың сипатына сай оның ырғақтық өрнектерді келтіру ерекшеліктерін ескеру керек.

Кіші топ балаларына шылдырмақ, сакпан, тоқылдақ, дауылпаз аспаптарында шағын әуендерді ойнатуға болады. Мұғалім сабақта орындалатын жаттығудың балалардың менгеруіне жеңіл әрі түсінікті болуын қадағалайды.

Музыкалық аспаптарды оқу қызметтерінде балалардың таным белсенділігін дамытуға септігін тигізеді. Балалар онда аңдардың: қасқыр, түлкі, аю және басқа аңдармен танысады. Жетекші көрнекті дидактикалық құралдарды: жануарлар, ағаштар, шыршалар, саңырауқұлақтар, музыкалық аспаптар (металафон, үшбұрыш, маракас, барабан) т.б. бейнеленген суреттер пайдаланады [4].

Сырт көзге көріне бермейтін, мәні зор музыкалық аспаптардан қалыптасқан тәрбие үлгісі адамның ой ұшқырлығын шыңдауға, ата – бабадан кәсіп болған дәстүрді дамытуға, өнер арқылы білімге терең бойлауға мүмкіндік тудыратыны анық.

*Резюме. Музыка особое местозанимает в воспитании ребенка. Во время игры на музыкальных инструментах у детей развивается музыкальный слух, творческая фантазия и мировоззрение. В музыкальном образовании они получают нужную информацию о музыкальных нотах и музыкальных инструментах.*

Әдебиеттер:

1. Т.Сарыбаева, Г.Абдрахманова Музыка- дидактикалық ойындар-А.,2013
2. Ветлугина Н.А., Кенемон А.И. Теория и методика музыкального воспитания в детском саду.- М., 1983
3. Каплунова И.М., Новоскольцева И.А «Этот удивительный ритм». Композитор– Санкт-Петербург, 2005, серия «Ладушки»
4. Кононова Н.Г. Обучение дошкольников игре на детских музыкальных инструментах.- М., 1990

*Резюме: Музыка особое местозанимает в воспитании ребенка. Во время игры на музыкальных инструментах у детей развивается музыкальный слух, творческая фантазия и мировоззрение. В музыкальном образовании они получают нужную информацию о музыкальных нотах и музыкальных инструментах.*

## **ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТӘРБИЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ**

Бейсенова Г.А. - ф.ғ.к., доцент

Кенжебай Ж.М. - магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Мектеп әр түрлі тәлім-тәрбие мекемелерінің арасынан қоғамның аса маңызды әлеуметтік институты ретінде елжандылық тәрбие жұмысының ерекше формаларын ұйымдастыруымен ғана емес оның үлгі боларлық пәрменді де, өнегелі тәлімдер жүйесін жасауымен айналысатын құрылым. Өйткені Отан тағдыры қашанда әрбір қоғам мүшесінің саналы қалыптасқан елжандылық сезімдерінің деңгейіне байланысты. Сондықтан да, кең мағынадағы тәрбие саласында ең алдымен ізгілік қалыптастыру мәселесінің қойылуы едәуір көлемде еліміздің болашағына әсер етеді. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі

өзгерістер тәлім-тәрбие саласына әсерін тигізбей қоймайды және қоғам сол саланың жаңа тарихи кезеңдегі талаптарға сай келуін қажет етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті жолдауында осы заманғы оқу-оқыту саласын дамытуға аса көңіл бөлу қажеттілігін айта келе: “Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет” - екендігіне ерекше тоқталған болатын [1, б.б.]. Бұл мектептің ұрпақ тәрбиесі және оның дамуымен айналысатын педагогикалық қызметтің тәрбие факторлары тиімділігін, оның жолдарын табу мәселесімен айналысуын, оларды ең актуальды қажеттілікке, оның шешілуін және жедел іске асыруын объективті заңдылыққа айналдырып отыр. Бұл заңдылық қоғам мен тәрбиенің біртұтастығын да көрсетеді. Бұған дәлел адамзаттың дамуы тарихи кезеңдердегі тәрбие қоғам дамуының мүддесіне сай болғандығын және тәрбие әрқашанда нақты мақсат-міндеттерді айқындап, сол бойынша жұмыс жүргізгендігімен ерекшеленеді. Мұндай жағдайды әлемдік деңгейдегі талантты ғалым Б.С.Гершунский: “Тәрбие беру мен қоғам бір жүйе және оның нақты деңгейін біз әлі мойындамай отырмыз. Бір нәрсе ғана анық: кез-келген қоғамға қатысты глобалды мәселе тәлім-тәрбие беру жағдайына өз әсерін тигізеді”-деп ерекше атаған [2]. Сондай-ақ белгілі педагогтар А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинскийлер де тәрбиенің мақсаты қоғамның мүдде-мұқтажымен нақтыланатынын айтып кеткен. Бұл педагогикалық ой-пікірлердің дұрыстығын тарихи тәжірибелер де дәлелдейді. Айталық, ХХ ғасырдың 80-90-шы жылдарындағы қайта құру демократиялық процеске жалғасты. Ол бір жағынан қоғамдық сананың азат етілуіне, пікірлер мен бағалардың плюрализміне, батыспен ашық байланысқа түсуіне жағдай жасаса, ал екінші жағынан социалистік идеядағы фундаментальды құндылықтардың бұзылуына әкеліп соқтырды. Осының нәтижесінде “азаматтық”, “елжандылық” сияқты құндылықтардың жалған түсінігі пайда болды. Яғни, бұл ұғымдардың түсінік аясы бір сияқты болып қабылданды. Осы жағдай “азаматтық” және “елжандылық” деген ұғымдар лингвистердің, философтардың, педагогтар мен социологтардың назарын аудартады. “Азаматтық-елжандылық”, “азаматтық-адамгершілік”, “азаматтық-құқықтық” тәрбие баламаларының қарама-қайшылықтары, сол кезде де және қазіргі кезде де мұғалімдерді шатастыруда. Өйткені “азаматтықты” - елжандылық, адамгершілік, құқықтық мәдениет деген мағынамен сәйкестендіреді. Елжандылық - өзінің еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілік сезім, ал азаматтық - Отан алдындағы міндеттерін білу [3]. Яғни, азаматтық тәрбиенің басты ұстанымы: менің және жанұямның қалай өмір сүретіндігі менің іс-әрекетіме, кімге дауыс беретіндігіме және әлеуметтік-экономикалық қайта құрудың қандай салдарлары болатындығына байланысты. Әр елде азаматтық тәрбиенің мақсаты әртүрлі. Мысалы АҚШ әрбір азаматының демократиялық қоғамның тағдырына жауапкершілігін қалыптастыруға ұмтылса, Европада адам құқығын оқытуға бағытталған. Ал Ресейде қазіргі кезде азаматтық тәрбиенің мақсаты адамның азаттық, адамгершілік, рухани шамасын анықтайтын мәдениетін қалыптастыру. КСРО-ның ыдырауы одақтық мемлекеттіктен бір сәтте айырылып қалған адамдар санасында үлкен қынжылыс, күйзеліс, елсіздік сезім туғызды. Отан, әсіресе тарихи Отан туралы ойлануға мәжбүр етті. Республикада жаңа азаматтық қауымдастықты қалыптастыру мәселесі жеке адамның өзін-өзі айқындауы, азаматтық тұрғыдан саралануды ең ділгір проблемаға айналдырып отыр. Осындай санада болған өзгерістердің әсерінен білім беру саласы өздерінің әлеуметтік-тәрбиелік функцияларын жоғалтып алды. Тәрбие жалпы мағынада қолданылатын “білім беру” терминіне кірігіп кетті. Демек, тәлім-тәрбие берудің негізгі екі жағы – оқыту мен тәрбие арасындағы тепе-теңдікті қайтадан қалыптастыру қажет. Ал адамның рухани-адамгершілік құндылықтары тәрбиелік процесте қалыптасады.

Шет тілінің басқа пәндермен байланысуы балалардың қиын материалды меңгеруін жеңілдететіні жиі байқалады. Шет тілінің мектепте оқытылатын басқа пәндерден айырмашылығы ол белгілі бір ғылымның (химия, математика, физика, тарих, биология

және т.б.) негізін қаламайды. Біріншіден, шет тілін оқытудың мақсаты студенттерді объективті әлемдегі заттар мен құбылыстардың заңдылықтары және байланыстары туралы біліммен қаруландыру; екіншіден, шет тілін меңгеру басқа пәндердің мақсатына жетудің, сонымен қатар жалпы іс-әрекет мақсатының құралы; шет тіліндегі түпдеректерден жаңа мәлімет алу, шетелдіктермен қарым-қатынас жасау, мағлұмат алмасу, өзінің мәдени деңгейін көтеру т.б. болып табылады. Пәнаралық байланыс жаңа білімді толық қабылдап және оны бекітуге, дағдыны, жүйелілікті және коммуникативтік біліктілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы арқылы баланың барлық пәнге қызығушылығы артып, сөйлеу әрекеті жанданып, баланың ой-өрісі кеңейеді. Шет тілін білу қазіргі кезде заман талабы. Сондықтан да шет тілін оқып үйрену жаңаша мәнге ие болуда. Өйткені шет тілі қоғамдық қажеттілікке айналып отыр. Қоғам шет тілінсіз толыққанды қызметін және дамуын жүргізе алмайды. Шет тілін оқытуды мектеп бағдарламасына енгізу – қоғам тапсырысы. Еліміз егемендігін алып, әлемдегі дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап жатқан шақта елімізге шет тілін меңгерген жоғары білікті мамандар қажет. Мұндай пікірді Е.И.Пассов әлемдік өндірістеги жинақталған жаңалықтарды жан-жақты қарастырып үлгі алу қажеттігін, ал отандық өнеркәсіпке алдыңғы қатарлы шетелдік фирмалармен бәсекеге түсу үшін, әрбір білікті маманның сол саладағы ғылым мен техниканың дамуындағы атқарылып жатқан істері туралы түпдеректен білуі міндетті дей келе, мемлекетке тек аудармашылар ғана емес, шет тілін меңгерген жоғары білікті салалық мамандар қажет екендігімен түсіндіреді. Мамандардың шет тілін білуі қоғамымызды дамытуға септігін тигізеді. Мәселен В.П.Кузовлев, В.С.Коростелев, Е.И.Пассовтардың: “Шет тілі техникалық ғылым мен материалдық өндіріспен интеграцияланып өндірістік күшке айналады. Сондықтан да, шет тілі сауаттылығы экономикалық категория” – деген пікірлері айқындайды. Шет тілін оқып үйренудің маңыздылығының тағы да бір себебі - Қазақстан егемендік алғаннан бастап елімізге сырттан қызығушылықтың арта түскенінен де байқалып отыр. Алайда көптеген мемлекеттер Қазақстан Республикасы туралы жалпылама мағлұматтармен шектеліп келеді, ал кейбіреулері тіпті Қазақстанды ең артта қалған ел деп санайды. Осы жағдайдың өзі Қазақстанды мақсатты және бағдарлы түрде әлемге танытуды өткір қажеттілікке қойып отыр. Ал бұл қажеттілікті жүзеге асыру, яғни шет елдерге Қазақстанды таныту оңай іс емес. Бұл шараның жүзеге асуы қазақстандықтардың шет тілдерді меңгеруге деген қызығушылығына және меңгеру деңгейіне байланысты. Өйткені “шет тілін оқытудағы басты талап – бұл шет тілін және басқа елдің мәдениетін білу, оған қоса адамдағы елжандылық сезімінің тәрбиелілігін ұштау болып табылады. Өкінішке орай, шет тілін оқытуда әсіресе елжандылық тәрбие істері қазір назардан шеттеу қалуда”. Шет тілі пәнінің тәрбиелік мүмкіндігі толығымен пайдаланылмай назардан тыс қалды. Оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде басқа пәндермен қатар ағылшын тілі пәнінің де мүмкіндіктері мол. Шет тілі пәнін оқыту тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана пайдаланылмайды, сонымен қатар тұлғаның рухани әлемін байыту құралы ретінде де қолданылады. Шет тілінің дара тұлға тәрбиесіндегі рөлі туралы көптеген ғұламалар ой-пікірлерін айтқан. Айталық, Е.И.Пассов шет тілі пәнінің басты құндылығы оның тәрбиелік мүмкіндігінде екендігін көрсете келіп: “Оқу пәндерінің қайсысы болса да шет тілімен салыстыруға келмейді, осы себептен де шет тілі сабағының өзіндік ерекшелігі оның тәрбиелік потенциялында” - деген.

Эмпирикалық тәжірибедегі мұғалімдердің талдаулары, сонымен қатар мұғалімдер мен оқушылар арасындағы анкета жүргізу әдістері қазіргі мектептегі “мұғалім-оқушы” жүйесіндегі арақатынасты анықтайды. Кейбір шет тілінің мұғалімдері оқушымен ортақ тіл табыса алмайтындығына, педагогикалық қарым-қатынасқа арнайы даярлықтың жоқтығынан деп шағынады. Жастардың субмәдениетінің құндылықтарын, олардың музыка әлемі, тілі, биі, әдемілікке қызығушылықтарын түсінуге мұғалімнің өзінің жұмысбастылығы қиыншылықтар туғызады. Бұл жағдай оқушымен ортақ тіл табыса алмауға әкеліп соқтырады. Педагогикалық қарым-қатынаста бұл қиындықтарды жеңуде

мұғалім әрдайым өз білімін жетілдіріп, кәсіптік бағытқа өзін-өзі тәрбиелеуі, жастардың ортасына қызығушылық тудыруы, олардың өмірлеріне белсенді әрекет жасай алады. Біздің анықтаушы экспериментті жүргізу барысында шет тілі пәні мұғалімдерінің шет тілін оқытуда қазақ халқының тарихын, ата-баба мұраларын қастерлеуге, өз Отанының ғасырлар бойғы рухани зор салт-дәстүрлерін оқушы бойына қалыптастыруға даярлық деңгейлері көрінеді. Анықтаушы экспериментке шет тілі пәнінің 67 мұғалімдері қатысты. Тұлғаны елжандылық бағытта тәрбиелеуде шет тілі пәні мұғалімдерінің білім деңгейі анықталды (Кесте 1).

Кесте 1 - Жеке тұлғаны елжандылық бағытта тәрбиелеуде шет тілі пәні мұғалімдерінің білім деңгейі

Елжандылыққа негізделген тәрбиенің сипаты	Эксп-ке қатысушылардың % көрсеткіші
1. Отанға деген сүйіспеншілікті, жалпы ұлттық намысты қалыптастыратын рухани құндылықтар туралы жалпы түсінігі барлар	25,6
2. Отанға деген сүйіспеншілікті, жалпы ұлттық намысты қалыптастыратын рухани құндылықтар туралы түсінігі жоқтар	33,4
3. Шет тілін оқыту барысында оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуді дұрыс санайтындар	29,2
4. Шет тілін оқыту барысында оқушыларға елжандылық сезімін қалыптастыруды дұрыс деп санамайтындар	7,6
5. Шет тілін оқыту барысында оқушыларға елжандылық сезімін қалыптастыру мақсаттылығына жауап беруге қиналатындар	4,2

Кестеден көргеніміздей ағылшын тілін оқыту барысында оқушының бойына Отанға деген сүйіспеншілік, жалпы ұлттық намыс, мемлекеттің экономикалық, ғылыми, моральдық саяси көзқарасын, ұлт мәдениетіне, тіліне т.б. деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру қажеттігін және осы мәселелерді шешудің жолдарына ата-баба мұраларын оқып білуде, елтану, салт-дәстүрлерді қолдану арқылы жетуге болатындығы айқындалады. Зерттеу жұмыстарымызда байқағанымыз оқыту үдерісінде ата-баба мұраларын оқып білу арқылы бүгінгі күні ағылшын тілін оқыту барысында оқушы бойында елжандылық қасиетті қалыптастыру жүйесі жеткілікті түрде жетілдірілмеген. Анықтаушы экспериментте табиғи педагогикалық эксперименттің әдістерін қолданғандағы мақсатымыз шет тілін оқыту барысында ата-баба мұраларын оқып білуге талдау жасау, оқушы мен мұғалімнен анкета алу сұрақ-жауап, әңгіме жүргізу, пікірлесу, тест алуды көздедік. Сонымен қатар оқыту барысында оқушыларға ата-баба мұраларын игерту арқылы олардың бойына елжандылық қасиетті қалыптастыру мұғалімге байланыстылығын, ал тілдің оны бейнелеп жеткізетін құрал екендігіне көз жеткіздік. Шет тілін жалпы орта мектепте оқытуды талдау жасауда оқу-тәрбие үдерісінде ата-баба мұраларын игеру ғылымға негізделмеген, бұл мәселені жүзеге асыруда жүйелілік жоқ, оқыту-тәрбиелеу процесінде оқушыға ата-баба мұраларын игерудің пайдалану жолдары қарастырылмаған. Мұғалімдер шет тілін оқыту барысында оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде әдістемелікте, оқулықтарда ата-баба мұраларын игерудің жолдары әлі толық қамтылмағанын және жеткіліксіздігін алға тартады. Елжандылыққа тәрбиелеуде біліктіліктің жеткіліксіздігіне: көрсетілген материалдарға өңделген бағдарламаның, берілген мәселеге ғылыми-әдістемелік сипаттаманың жоқтығы, хабардың жеткілікті болмауы әсер етеді. Жоғарыда көрсетілген ойлардан шет тілін оқыту барысында

оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде мұғалімдердің даярлығын ұйымдастырудың жеткіліксіз екендігін түйіндедік.

Зерттеуіміз көрсеткендей, шет тілі мұғалімдеріне көп қиындық туғызатыны педагогикалық іс-әрекеттің мазмұндық аспектісі яғни елжандылыққа байланысты материалдардың аздығы. Шет тілі мұғалімдерімен жүргізілген сауалнаманы талдау жасағанымызда оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде бірнеше қиындықтарды анықтадық (әр көрсеткіш 100%-дан алынған): елжандылық элементтерімен қолайлы және ұтымды құрылымды таңдауда (30,2%); елжандылыққа бағытталған материалдарды оқытуда ең ұтымды формалар мен әдістерді таңдауда (61,2%); елжандылық фрагменттерімен оқу және дидактикалық материалдар мазмұнын анықтауда (15,3%). Мұғалімдер білім және тәрбие міндеттерінің шеңберін дәл анықтай алмайды (59,5%), көп жағдайда пәнаралық және сол пәннің ішіндегі байланыстар қарастырылмайды, бұл тәрбиелік үдеріспен қатар оқыту үдерісінің жүйелілігін алшақтатуға әкеліп соқтырады (67,4%). Оқушыларға топтық сабақ өткізу кейбір мұғалімдерге қиындық туғызады (20,3%). Практикалық сабақтың негізгі міндеті ауызекі тілді дамыту. Мәселенің бұл жағы да яғни елжандылық элементтерді қолдана отырып ауызекі сөйлеуді дамыту да мұғалімдерге оңай емес (осы міндетті шешуде мұғалімдердің 62% қиыншылық көреді). Анықталған қиындықтарды талдауымыз көрсеткендей ағылшын тілін оқытуда ата-бабаларымыздың мұралары, тарихымыз, салт-дәстүрлеріміз, Қазақстанның қазіргі жағдайы, рәміздеріміздің негізінде елжандылыққа бағытталған тұлғаны қалыптастыру жүйесін дайындау қажеттігі туындады.

Әдебиеттер:

1. Пассов Е.И. Программа-концепция коммуникативного иноязычного образования. М.: Просвещение, 2000. – 173 с.
2. Ахметов Т.А. Ж.Баласағұнның педагогикалық идеялары // Пед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 2003.
3. Ж. Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, - 1986. – 607 б.
4. Махмұт Қашқари. Түрік Сөздігі (“Диани лұғат-ит-түрік”) Аударған алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған Егеубай А.Қ. – Т. I, – Алматы, 1997; Т. II, - Алматы, 1997; Т. III, - Алматы, 1998;
5. Қазақстан Ұлттық Энциклопедия // Бас редакторы Нысанбаев Ә. Т. I, - Алматы, 1998. - 719 б.

## **ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН АРТТЫРУ ЕРЕКШЕЛ**

Абуова А.С.- магистр,

Ербулатова А.М.- магистр

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Уақыт университет жастарды жаңа заман талаптарына сай, әрі озық ұлттық дәстүр рухына тәрбиелеп, өмірге әзірлеу секілді жауапты міндеттерді жүктеп отыр. Егеменді елімізге сай ұрпақ тәрбиелеп шығудың бірден-бір жолы ол – өсіп келе жатқан ұрпақты эстетикалық тұрғыдан шыңдау. Осыны халықтық педагогика арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазақстанда халықтық педагогикалық ойларды бүгінгі тәрбие мен білім беру барысында жүзеге асыруға бағытталған біршама тәжірибе жинақталған. Бұлардың ішінде, әсіресе, халқымыздың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің зерттелу, жинақталу, жариялану жолы Қ.Жарықбаевтың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Халықтық педагогика этнопедагогиканың зерттеу пәні болып табылады. Этнопедагогика халықтық педагогиканы түсіндіреді және қазіргі жағдайда жанұяда, университет те оны қолданудың жолдарын ұсынады, этникалық топтардың тәжірибелерін жинап, зерттейді.

Халық педагогикасымен айналысушылар қоғам дамуының алғашқы сатыларында–ақ тәрбиеге өзіндік көзқарас болғандығын, мақсатқа сай тәрбиелеудің жолдары ойластырылғандығын мәлімдейді. Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап–ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Жастардың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе сұлулық пен сымбаттылыққа қанық болулары үшін оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканы қолдану өте маңызды. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор роль атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләзаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр студенттің сезімін нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйенетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ождансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез – құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады. Студенттердің жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайырымдылық, тазалықты сақтау т.б. Жалпы эстетикалық мәдениет – бұл қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, манера, дене қимылы, т.б. А.С. Макаренко еңбектерінде бұл проблемаға зор мән берілген. Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы эстетикалық сұлулықтың белгісі. А.П. Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой – бәрі сұлу болу керек [1].

Этнопедагогика ұғымын айналымға тұңғыш енгізген чуваш ғалымы Г.Н. Волков. Этнопедагогика – халықтың тәрбиелік тәжірибесін, оның көзқарасын зерттейтін ғылым, сонымен қатар тұрмыстық педагогикасы, ұлт, ру, тайпа педагогикасы туралы ғылым. Зерттеу объектісі халықтың тәлім-тәрбиесі жөніндегі ұғым түсініктері, дәстүрлері, тәжірибесі болып табылатын ғылым саласы ретіндегі этнопедагогика қалыптасу, даму үстінде.

Әсіресе соңғы жылдары оның зерттеу пәні, әдістері туралы, халықтық педагогикалық идеяларды бүгінгі тәрбие теориясы мен практикасында жүзеге асыру жолдарының мәселелері туралы зерттеулер едәуір көп. Бұлардың ішінде халықтық педагогиканың пайда болуы мен дамуы, қазіргі жайы жан-жақты сөз етіліп, оның теориялық - әдістемелік мәселелерін анықтауға бағытталған еңбектердің маңызы айтарлықтай [2]. Өкінішке орай, көптеген зерттеуші ғалымдар бұл мәселенің соншалықты көкейтестігіне үстіртін қарайтын секілді.

Көрнекі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов халықтық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берді. Сонымен қатар, этнопедагогика, халықтық педагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н. Волков, К.Ж. Кожаметова, Е.Л. Христова, З.Ә. Әбілова, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Табылдиев сияқты ғалым зерттеушілердің осы мәселені жан-жақты зерттеген еңбектерінен кездестіреміз.

Алайда халықтық тәрбиенің зерттелу тарихына шолу халық шығармашылығына арналған зерттеулер мен жарияланымдарда оның ерте заманнан келе жатқан тарихи құбылыс екендігі айтылғанмен, халықтық педагогикалық ескерткіштер оқу үрдісінде және аудиториядан тыс жұмыстарда қолданылғанмен, жастарды тәрбиелеуде оның ролі жайлы ойлар айтылғанмен көптеген ғылыми еңбектердің әлсіз тұсы халық педагогикасын оқып үйренудің теориялық мәселелері қамтылмайтындығын байқатады. Этнопедагогиканың мәселелерімен айналысушы ғалым А.Э. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан – ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс-жүзінде тексерілген білімінің мағлұматтарының жиынтығы. Халықтық педагогиканың ескерткіштері халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» - деп орынды атап көрсеткен.

Халықтық педагогика ұғымына көптеген зертеуші ғалымдар өздерінше анықтама береді. Біз Г.Н. Волковтың берген анықтамасын ұсынамыз: Халықтық педагогика – тәрбие мәселелері жөніндегі эмпирикалық мағлұматтардың және білімдердің жиынтығы. (1958) Халықтық педагогика - халық ауыз әдебиетіндегі, салттарындағы, ырымдарындағы, балалар ойындары мен ойыншықтарындағы сақталған педагогикалық мағлұматтарымен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы (1974).

Халықтық тәрбие тарихи даму үрдісіндегі тірі дене болып табылады. Халықтық педагогиканың әлеуметтік бағыттылығы, әсіресе көне жазба ескерткіштерде мақалдар мен мәтелдер, ертегілер мен жырлар, бата, тілек секілді тәрбие құралдарында толығырақ бейнеленген. Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап–ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Қазақтың жазу мәдениеті арқылы белгілі болған ұлттық педагогикалық ойлардың тарихы ертедегі тас жазулардан (Күлтегін, Білге қаған т.б.) басталады. Одан кейінгі қолжазба, баспа арқылы бізге жетіп, оқу-жазу үрдісімен этнопедагогиканың арқауы болған тәлімдік ойлар тарихы өзектестігімен ұлттық педагогиканың ( этнопедагогиканың) дамып ғылым болып қалыптасқанын көрсетеді.

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, Әл Фарабидің ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Яссауидың діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнидің кемелді болу жолдарын көрсетуі, Мұхаммед Хайдар Дулатидың ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген әрекеттері, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзеуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерлей бастауы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы ұлттық педагогиканың (халық педагогикасымен педагогикалық ойлардың), яғни қазақ этнопедагогикасының дамып, қалыптасу жолдарын көрсетеді.

Қазақ халқының өте әрідегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен (Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. «Халықтық педагогика, - делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жанұя тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады.

Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру». Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдеп-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл – ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда - әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой – пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Бұл жердегі еске алатын негізгі жайт: осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай бермейді, олардың озығы мен қатар тозығы да бар. Ең негізгі мәселе – бұларды бүгінгі күннің талап тілегімен байланыстыра пайдалана білу болмақ. Егеменді еліміздің пердесі ашылмай, шіркеуленіп келген ұлттық тәрбиесі жиырмамыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, еркін қолға алынды да, көптеген оқыту бағдарламалары мен оқу құралдары пайда болды. Ғалым К. Оразбекова «Иман және инабат» (1993) деген кітабында имандылық–ұлттық тәрбиенің негізі деп көрсетіп, қазақ этнопедагогикасының бір қайнар көзін ашты. М. Оразаев, М. Смаилова сияқты

педагогтар «Қазақ халқының салт-дәстүлері» деген кітап жазып, қазақ этнопедагогикасының салт-дәстүрге байланысты саласын айқындады. Профессорлар Қ. Жарықбаев пен Ә. Табылдыев «Әдеп және жантану» (1994) оқулығын жазып, қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасы ғылымының негіздерін айқындады. Ғалым С. Ғаппасов «Ізгілік әліппесі» (1995) «Халық педагогикасының негіздері» (1996) деген еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының ғылыми-медициналық және танымдық ерекшеліктерін дәлелдеді. Ә. Табылдыев «Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие» атты еңбегі арқылы қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашып берді. Профессор С. Қалиев «Қазақ этнопедагогикасының негіздері және тарихы» (1998) деген оқу құралы арқылы қазақ этнопедагогикасының қайнар-бастауы біздің заманаымыздан бұрын белгілі бола бастағандығын дәлелдеп, бұл ғылымның теориялық негіздерін айқындап берді. Зерттеушілер Ұ. Асыллов пен Ж. Нұсқабаев «Әдеп» атты оқулығында (1999) қазақтың салт-дәстүрлеріндегі тәлім-тәрбиелік мақсаттарды жеткізе дәлелдеді.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі.

Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет – ғұрыптар салт-дәстүрлерге айналып, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі толысып, дамып, жаңарып отырады [3].

Салт – дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс [4]. Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі - әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталынады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Халықтық педагогиканың құрамдас бөліктері: әдет-ғұрып, таным, наным, ұғым, салт, сана және дәстүрлер.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны халқымыз үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады. Халықтық эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбие құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері, жанры және тақырыбы жағынан өте бай. Көптеген әндер би қимылдарымен байытылды.

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлілігі таңқаларлықтай (домбыра, шертер, аса таяқ, шаңқобыз, ұран, жетіген, үскірік, қамыс сырнай, дабыл т.т.). Олар бос уақытта пайдаланылып жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті.

Халқымыздың тұрмысына енген қолданбалы қолөнер бұйымдар, олардың әшекейленіп жасалуы эстетикалық тәрбиеде өз алдына бір сала. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы өте зор болды. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын әсемдік сезімін, талғамын, қажеттілігін билейді. Эстетикалық тәрбиенің күрделі мәселелерін айқындауда біз халықтың жинақтаған педагогикалық білімімен тәрбие тәжірибесіне сүйенуіміз қажет. Студент түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан университет оқытушылары студенттердің эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек. Студенттердің эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, оқуда да эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек.

Тәрбие жүргізу ісінде үйрету, пайымдату, сендіру, әсерлендіру тәсілдері қолданылады. Ұлттық тәрбие үлгілерін көрсетіп, үйрету үшін сахналық тәсілдерді қолданудың мәні зор. Сөзді жаттау, оны сахнада мәніне жеткізіп, мәнерлеп айта білу, өмір құбылыстарын әсерлендіре көрсету, кейіпкер бейнесін айнытпай көрсету әрбір тәрбиеленушінің санасына сан қырымен әсер ететін құбылыс. Ата-бабамыз сыртқы көрнекі сұлулық пен ішкі рухани сұлулықты мойындай отырып, олардың орнын анықтауға келгенде, ішкі рухани сұлулыққа көбірек көңіл бөліп, мазмұн сұлулығына көбірек жан тартады.

Студенттерге әдепті әсемдіктен бөліп түсіндіруге болмайды. Егер оларды бөліп айтуға болатынын мойындасақ, онда әдепсіз сұлулықтың да болатынын мойындауға тура келер еді де, сұлудық өлшемдері тек сыртқы белгілер, симметрия, пропорция, түр-түстер сәйкестігі, т.б. ғана болып шығады. Орыстың атақты әдебиет сыншысы әрі эстет В.Г. Белинский сұлулықты барлық уақытта моральмен бірге қабылдап келген қоғамдық тәжірибеге сүйене отырып: «Сұлулық шындықпен моральмен бір туысқан. Егер шығарманы көркемдік құндылыққа ие десек, онда ол сөз жоқ, әдеп-инабаттылық жағынан да құнды болады», - дейді. Халқымыз дене сұлулығына, әсіресе қыз баланың көрікті болуына ерекше көңіл бөлген. Аналар «Аттың көркі – жал, қыздың көркі шаш» деп ұққан. Қыз баланың шашын жақсы өсіру үшін айранмен, ірімшіктің сары суымен немесе қынамен жудырған. Шаштарын қос бұрым немесе бестемше етіп өру бойжеткен қыздардың көркі болған. Қыз бен жігіт айтысындағы: «Атымды әкем сүйіп Несіп қойған, шашымды бестемшелеп есіп қойған» деген сөз тіркестері осы пікірді дәлелдейді.

Халық жанрларында аруларды «Шашының ұзындығы ізін басты» немесе «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты» деп сипаттаған. Халық даналығы арулардың киім киісіне де ерекше мән берген. «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі жапырақ», «Қыз өссе – елдің көркі» деп қыз баланы қынама қамзол, дүрия бешпент, кәмшат бөрік, қос етек көйлек, биік өкше етік тіктіріп кигізген. Сырға, білезік, шолпы, шашбау, жүзік сияқты әшекей заттарды тақтырған. «Қыздың көзі қызылда» деген мақал да қыз баланың әшекей заттарға үйірлігін білдіреді. Ұзатылған қыздың ауылында айтылатын «Жар-жар», «Жұбату», «Сыңсу» өлеңдерінде, келін түсіру тойларында орындалатын «Беташарда» қыздың, жас келіннің басты – басты киімдері, сән-салтанаты, сұлулық бейнесі мақтала жырланған.

Студенттерге музыка ерекше эстетикалық ықпал жасайды: ол студенттерді жігерлендіреді, олардың көңіл-күйін біріктіреді, қимылға эстетикалық сипат береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы - өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімімен санасына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Студенттердің ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез-құлықты тәрбиелеу

мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды.

Университет студенттерді әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді. Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамда дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап жанынан өте шығады.

Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әр бір адамда білім болуы керек. Білім адамды әдеміліктің объективтілік критерийлерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүние сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады. Бастауыш сынып оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді. Олар әдемі жазуға мәнерлеп оқуға және айтуға үйренеді. Ал бұл мәдениетті сөйлеуге, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға игі әсер етеді.

Сонымен халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана отырып, студенттерге эстетикалық талғамын арттыруға болады деген қорытындыға келдік. Бүгінгі таңда жоғары оқу орнында әрекетін ұйымдастыруда студенттің жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруда эстетикалық мәдениетке оқытушы ерекше назар аудару керек.

Әдебиеттер:

1. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001.
2. Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.
3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2000.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995

Резюме: Этнопедагогика исследует педагогический опыт трудящихся, выявляет возможности и эффективные пути реализации прогрессивных педагогических идей народа в современной науке и практике, анализирует педагогическое значение тех или иных явлений народной жизни и разбирает их соответствие или несоответствие современным задачам воспитания. Этнопедагогика можно было бы в общем и целом представить как историю и теорию народного (естественного, обыденного, неформального, внешкольного, традиционного) воспитания. Этнопедагогика – наука об эмпирическом опыте этнических групп в воспитании и образовании детей, о морально-этических и эстетических воззрениях на исконные ценности семьи, рода, племени, народности, нации.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Баймолдина А.А. - мұғалім

Боранбаев Д.С. - мұғалім

Ә.Молдағұлова атындағы № 38 мектеп-лицей, Орал қ., ҚР

Білім беру жүйесінде болып өзгерістер мұғалімдердің де жаңашылдықпен жұмыс жасауға, яғни Елбасының «Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырды адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» дегеніндей, білім берудің жаңа мазмұнын шығармашылықпен жұмыс жасау арқылы тұлғаның ұлттық құндылықтарын дамытуын

талап етеді. Сондықтан білім саласының дамуы көпшінен қалмай ілгерілеу - басты мақсатымыз. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділікпен жауапкершіліктерді дамыту болып табылады.

Оқушылардың оқуға деген ынтасымен қызығушылықтарынодан әрі артатынуыне ықпал жасауда Питер Клайн «Балаға өзбетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайынодан әрі жақсы оқи түседі» деген. Ендеше, оқушының функционалдық сауаттылықтарын арттыру, құзыреттілік талаптарын қалыптастыру - әрбір шығармашыл, жаңашыл мұғалімнің басты мақсаты. Ал оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - оқу мен жазу дағдыларын дамыту - қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріндегі шығармашылық тапсырмалар, тест тапсырмалары, зерттеу тапсырмалары, т.б. тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Жалпы оқу сауаттылығы оқушылардың берілген мәтінде тек оқып қана қоймай, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдыларының да жүзеге асуын, өмірлік мақсаттардың да жүзеге асуын талап етеді. Бұл арқылы оқушының өзіндік көзқарасы, тұлғалық қасиеті қалыптасады. Бұл тұрғыдан қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын түрлі әдіс-тәсілдер өткізу - оқу үрдісіндегі жаңашылдық. Жаңаша оқыту тәсілдері:

1. Зерттеушілік тәсіл. Зерттеушілік тәсіл «мұғалім - білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл туралы А. Байтұрсынов «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Балалар қиналмай, керек білімін кешікпей кезінде алып отыруы үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беріп, бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыруы керек», - деген. Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2. Саралап оқыту тәсілі - білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алу мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі оқыту жағдайларын жобалайды.

Саралап оқыту тәсілі әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану - сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

3. Оқытудағы коммуникативтік тәсіл - ақпаратты тарату мен жариялау, екі немесе одан да көп адамдар өзара сөйлесім процесіне түскенде білім, білік және дағдымен алмасу. Коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және коммуникативтік әрекетті дұрыс таңдай отырып, қарым-қатынасқа қатысушы басқа адаммен өзара әрекет ету процесінде тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеттілігі болып табылады.

Оқыту процесінде коммуникативті тәсілдерге сәйкес қарым-қатынас жасай білуін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар және шынайы коммуникация шарттарына барабар жұмыс режимі (жұптық және топтық жұмыс) пайдаланылады.

4. Оқыту әдісі ретінде ойын түрлерін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын түріндегі оқыту технологиясының басты элементтері:

- ойын алдында нақты оқу мақсаты қойылады;

- ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқыту іс-әрекеттері ойын ережелеріне бағынады, оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері арқылы білім алушылар басқа шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтиже мен өзіндік іс-әрекетін жобалай алуды, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренеді.

5. Жобалау тәсілі.

Оқу жобасы – білім алушылармен немесе білім алушылардың тобымен ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті. Проблемаларды кең тұрғыда шешу әрекетімен және келісілген әдістерімен, жалпы ортақ мақсатының болуымен сипатталады.

Жобалау әдісінің элементтерін қолдану арқылы білім алушылар алға қойған проблеманы шешудің өзіндік жолдарын іздеп табады. Жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобалар дайындау бойынша атқаратын іс-әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалау жұмыстарын ұйымдастыру сабақпен ғана шектелмейді, сабақтан тыс уақытта да бірлесіп жұмыс жасаулары қарастырылады.

6. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану құзыреттілігі базалық АКТ дағдылар негізінде құрылады және жұмысқа, қарым-қатынасқа, бос уақытқа арналған технологияларды дұрыс шығармашылықпен қолданудан тұрады. Білім алушылар өздерінің АКТ бойынша дағдыларын білім алу процесіндегі барлық оқу пәндері арқылы дамытады, яғни ақпаратты табу, құру, мәліметтермен, идеялармен алмаса отырып, кең спектрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы бірлесіп қызмет жасау барысында өзінің жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

7. Дамыта оқыту.

Дамыта оқытудың мақсаты- білім алушының күнделікті өмірге тәуелсіз, сонымен қатар ақиқатты іздей отырып, өзіндік оқуы арқылы білім алуға қол жеткізуі.

Дамыта оқыту әр білім алушының дербес танымдық әрекеттерге ұмтылуға құштарлығын, белсенді өмірлік қағидаттарын қалыптастырады. Білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Ол оқытуда қолданылатын дидактикалық ойындар, пікірталастар, сонымен қатар шығармашылық қиялы мен ойлауына, есте сақтауына, сөйлеуіне бағытталған түрлі іс-әрекеттерге білім алушыларды рту түріндегі оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Дамыта оқыту білім алушының жан-жақты тұлғалық сапасының дамуына, өзіндік ой-тұжырымын жасауына, өзіндік оқу іс-әрекетіне талдау жасауға және оны басқара білуіне бағытталған. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға әрекеттенеді.

8. Модульдік оқыту барысында білім алушылар үшін оқытылатын білім көлемі ғана емес, оны меңгеру деңгейінің дидактикалық мақсаты тұжырымдалады. Модульдік оқыту білім алушылардың базалық дайындығының деңгейіне, жеке сұраныстары мен икемділігіне қарай оқытуды қамтамасыз етеді. Оқытуды дараландыруды: оқу мазмұнын, меңгеруін, өзіндік деңгейі, әдісі мен тәсілі, бақылау, өзін-өзі бақылауы бойынша қамтамасыз етеді.

9. Проблемалық оқыту.

Проблемалық оқыту – өзіндік дүниетанымын қалыптастырудың барынша өзекті құралы. Проблемалық оқытудың тиімділігі ол білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастыру міндетін шешуден тұрады.

Проблемалық оқыту логикалық тәсілдер жүйесін немесе жекелеген шығармашылық іс-әрекеттерін, жаңа жағдаятта білімін шығармашылықпен қолдану біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол шығармашылық тәжірибесінің молаюына, зерттеушілік әдістерді меңгеруіне, практикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту оқудың қажеттілігін, уәжін қалыптастыруға, яғни әлеуметтік құзыреттілігін, адамгершілік, танымдық қажеттілігін құруға мүмкіндік береді.

«Даналыққа бізүш түрлі жолмен жетеміз, еңізгі жол – сана мен саралау, ең оңай жол – еліктеу, ең қиын жол – тәжірибеден тәлімалу». (Конфуций) дегендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін шығармашылықпен, ізденіспен бере білу өте маңызды. Мұғалімнің сабақ беру шеберлігі, яғни шығармашылықпен жауапкершілікті ұштастыруы арқылы өткізген сабағы – нәтижелі, мақсатқа қол жеткізетін сабақ болмақ.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2-деңгей.

2. 2011-2020 жылдарға арналған ҚР мемлекеттік білім беру бағдарламасы.

3. 2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Резюме: В этой статье описывается, инновационная работа учителей и изменение в системе образования, который способствует развитию национальных ценностей. Эффективные использования методики на уроках казахской литературы, повышает и дифференцирует в функциональном грамотности учащихся.

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ УСВОЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА УЧАЩИМСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Букаткина М.Н. - магистрант

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск, РК

За последние годы в системе казахстанского образования произошли кардинальные изменения, которые привели к переосмыслению методов и технологий обучения иностранным языкам. В процессе обучения английскому языку учащихся начальных классов, имеющем своей целью развитие у школьников способностей к общению, необходимо обучать детей умению не просто говорить, читать и писать, а обучение этим видам речевой деятельности должно осуществляться взаимосвязано, дифференцированно и личностно-ориентированно.

Поскольку целью обучения английского языка является формирование у учащихся способности использовать изучаемый язык как инструмент реального общения в различных ситуациях, возникает вопрос, чему следует отдавать предпочтение в учебных условиях: устным или письменным формам общения? Необходимо дифференцированно, т.е. с учетом реальных условий обучения относиться к определению приоритетов в выборе видов речевой деятельности.

Учителю английского языка необходимо учитывая возрастные и психологические особенности младших школьников при выборе наиболее эффективных и результативных методов и приёмов обучения. На сегодняшний день главнейшим, хотя до последнего времени и недостаточно оцененным, является значение игры для развития мотивационно-потребностной сферы младшего школьника. Игра – универсальная форма дидактического взаимодействия с учащимися начальных классов. Она является древнейшей формой передачи знаний, поскольку не знает возрастных границ и позволяет играющим чувствовать себя субъектами образовательного процесса. Л. С. Выготский был несомненно прав, когда на первый план выдвигал проблему мотивов и потребностей как центральную для понимания самого возникновения ролевой игры. Ученый, исследуя теорию игры, утверждает, что наличие таких обобщенных аффектов в игре не означает также, что ребенок сам понимает те мотивы, ради которых игра затевается, что он делает это сознательно. Он играет, не сознавая мотивов игровой деятельности. Это существенно отличает игру от труда и других видов деятельности [1, 61].

Д. Эльконин трактует игру как *деятельность, возникающую на определенном этапе, как одну из ведущих форм развития психических функций и способов познания ребенком мира взрослых*. Дети повторяют в играх то, к чему относятся с полным вниманием, то, что

доступно их наблюдению и пониманию «картины» окружающего мира находят отражение в сюжетах и содержаниях детских игр. В своем исследовании ученый утверждает, что «игра выступает как такая деятельность, в которой происходит формирование предпосылок к переходу умственных действий на новый, более высокий этап – умственных действий с опорой на речь. Функциональное развитие игровых действий вливается в онтогенетическое развитие, создавая зону ближайшего развития умственных действий. Может быть, эта модель соотношения функционального и онтогенетического развития, которое мы наблюдаем столь наглядно в игре, является общей моделью соотношения функционального и онтогенетического развития. Это предмет специальных исследований» [2, 218].

Психологическая теория деятельности в рамках воззрений Л.С. Выготского и А.Н. Леонтьева выделяет три основных вида человеческой деятельности: трудовую, игровую и учебную. Все эти виды тесно взаимосвязаны между собой. Анализ психолого-педагогической литературы по теории возникновения игры в целом позволяет представить спектр ее назначения для развития и самореализации учащихся. Немецкий психолог К. Гросс называет игры начальной школой поведения. Для него, какими бы внешними или внутренними факторами не мотивировались игры, смысл их именно в том, чтобы стать для обучающихся школой жизни. Игра – объективно-первичная стихийная школа, кажущийся хаос, предоставляющий ребенку возможность ознакомления с традициями поведения окружающих его людей.

Ученый Коньшева А.В. выделяет следующие функции игровой деятельности:

**1. Обучающая функция** заключается в развитии памяти, внимания, восприятия информации, развитии обще учебных умений и навыков, а также она способствует развитию навыков владения иностранным языком. Это означает, что игра – особо организованное занятие, требующее напряжения эмоциональных и умственных сил, а также умения принять решение (как поступить, что сказать, как выиграть и т.д.). Желание решить эти вопросы обостряет мыслительную деятельность учащихся, т.е. игра таит в себе богатые обучающие возможности.

**2. Воспитательная функция** заключается в воспитании таких качеств, как внимательное, гуманное отношение к партнеру по игре, также развивается чувство взаимопомощи и взаимоподдержки. Учащимся вводятся клише речевого этикета для импровизации речевого обращения друг к другу на иностранном языке, что помогает воспитанию такого качества, как вежливость.

**3. Развлекательная функция** состоит в создании благоприятной атмосферы на уроках, превращение уроков в интересное и необычное событие, увлекательное приключение, а порой, и в сказочный мир.

**4. Коммуникативная функция** заключается в создании атмосферы иноязычного общения, объединения коллектива учащихся, установлении новых эмоционально-коммуникативных отношений, основанных на взаимодействия на иностранном языке.

**5. Релаксационная функция** – снятие эмоционального напряжения, вызванного нагрузкой на нервную систему при интенсивном обучении иностранному языку.

**6. Психологическая функция** состоит в формировании навыков подготовки своего физиологического состояния для более эффективной деятельности, а также перестройки психики для усвоения больших объемов информации. Здесь же стоит отметить, что осуществляется *психологический тренинг* и *психокоррекция* различных проявлений личности в игровых моделях, которые могут быть приближены к жизненным ситуациям (в этом случае может идти речь о ролевой игре).

**7. Развивающая функция** направлена на гармоническое развитие личностных качеств для активизации резервных возможностей *личности*.

Все вышеперечисленные функции игры помогают не только в обучении иностранному языку, но так, же развивают личностные качества школьника [3, 39-41].

Практически все ученые-психологи затрагивают проблему игры в области детской психологии. В этой сфере выдвигаются множество точек зрения на ее природу и значение, хотя специальных исследований по теории игры и ее роли в воспитании учащихся младшего школьного возраста очень мало, буквально единицы. И это несмотря на то, что игровая деятельность широко используется в практических целях в учебном процессе.

I. Жаңа идеяны іздеу. Инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру

II. Жаңалықтарды ұйымдастыру

III. Жаңалықтарды енгізу

Оқу – тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс – тәсілдерді пайдалану.

IV. Жаңалықтарды бекіту.

Қазіргі таңда барлық орта мектептер жаңа инновациялық оқыту технологиясы бойынша жұмыс істейді. Жоғары оқу орындарында білім деңгейін көтеру үшін оқу үрдісінде педагогикалық технологияны кеңінен енгізіп, барлық ұйымдастырушылық, білімділік, дамытушылық сапасын көтерудің тың жолдарын, әдіс – тәсілдерін қалыптастыру қажет. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша ойлау, жаңаша қарым – қатынас, жаңаша көзқарас қалыптастыру керек. Осындай инновациялық жүйеге енгізілген әрбір сабақтың өзіндік құндылықтары бар. Қазіргі кезеңде бүкіл әлемдік қоғамда болып жатқан өзгерістер адам өмір сүріп жатқан ортадағы барлық саланы, соның ішінде, білім беру саласын да қамтып отыр. Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып жан –жақты терең білім беру, сөйтіп білікті маман даярлауға бүкіл әлемдегі өркениетті дамыған елдер басты көңіл бөліп отырғаны да сондықтан. Тәжірибелер жинақтала келе жаңадан жаңа туындайтын сияқты. Америкалық ұстаз Линданың «Оқытудың бұрынғы әдіс — тәсілдері –бүгінгі әдістеріміздің ата –анасы » дегеніндей, жаңа технологияларды меңгеру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Инновациялық технологиялар :

- жобалау технологиясы ;
- саралап даралап оқыту;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- сатылай кешенді талдау;
- деңгейлеп оқыту технологиясы

Инновациялық технология нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.
2. Студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.
3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласың.
4. Студенттердің көбін бағалауға мүмкіндік аласың.
5. Студенттерді ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.
6. Студенттердің қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.
7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Педагогикалық технологияның қажеттілік, үнемділік, жобалау, бүтіндік, меңгерушілік, түзетушілік, көру, алгоритмділік, мақсатты білім беру деген ұғымдарды өз ауқымына сыйдырады. Студенттерге жалпы бірдей қалыптасқан, дәстүрлі әдістермен әлемдік деңгейдегі озық технологияларды салыстыра, байланыстыра, өмір тәжірибесіне ұштастыра отырып білім беру, білімге дұрыс бағыттай білуге үйрету -әрбір оқытушының міндеті. Ағылшын тілі сабақтарында студенттердің білім –біліктілік, танымдық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ойын элементтерін қолданудың маңызы зор. Сабақ үрдісінде студенттерге ойынның мақсаты мен талаптары, ережесі толық түсінікті болуы өте маңызды рөл атқарады. Ойын әдісі арқылы оқыту олардың, пәнге деген қызығуын арттырамыз, өз ойын, пікірін, көзқарасын білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттығады. Жаксы құрастырылған және де үздік әдіспен ұйымдастырылған ойын практикалық, тәрбиелік және дамытушылық жағынан оқыту тәсілі болып табылады. Ойынға қойылатын талаптар қандай болмақ деген сұраққа төмендегі сызба негізінде жауап беруге болады. Оқытушы ойынның жүру барысында студенттердің түгел қатысуын қадағалаумен қатар оларды ойын үстінде дұрыс шешім қабылдай білуге жетелеуі маңызды болып табылады. Жеке тұлғаны қалыптастыру үстінде оқушы қабілетін зерттеудің тиімділігін де пайдаланған абзал. Біздің мақсатымыз –ақыл –ойын, сезімін, білімін, құзыреттілігін еркін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген тұлға тәрбиелеу. Бұл ретте білім мен тәрбиені ұштастыра отырып студенттердің бойында өзіне сын тұрғысында қарау түсінігін қалыптастыруға күш салуымыз қажет. Ол үшін әңгіме, пікірталас, және басқа әдіс – тәсілдерді, сондай –ақ ролдік, іскерлік ойындарды енгізіп отырған жөн. Енді шетел тілі сабақтарында қолдануға тиімді болып табылады деген ойын элементтеріне тоқтала кетелік. Шетел тілі сабағында қолданылатын оқу ойындарының мақсаты мен міндеттері бойынша тілдік, және сөздік деп бөлуге болады. Тілдік ойындардың ең қызықтыратыны олар өте қарапайым және қиын бейімделуді талап етпейді. Педагогикалық технологияларды талдау барасында мына факторлар ескерілуі керек :

- Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;
- Тиімділігі, жүйелігі және басқа жақтары.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңіс – тігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Әдебиеттер:

1. Мектептегі шет тілі, 2006 ж. №2
2. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. 2008 ж. №5
3. В. Т. Тихомирова. «Уроки сотрудничества». Алматы, 2000 г.
4. Г. Ю. Ксензова. «Перспективные школьные технологии» Учебно – методическое пособие. Москва, 2001 г.

## **ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ**

Жумаев Ж.Ж.– к.э.н., доцент,  
Уразова Б.А.-магистр экономических наук,  
Нургалиева Э.М.-магистр экономических наук,  
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет г.Уральск,РК

Изменения, происходящие в обществе, предполагают совершенствование концепции развития образования. На первый план выходят интересы личности, адекватные современным тенденциям общественного развития[1].

Формирование внутренней потребности к самообучению становится и требованием времени, и условием реализации личностного потенциала. Способность человека состояться на уровне, адекватном его претензиям на высокое положение в обществе, всецело зависит от его индивидуальной вовлеченности в самостоятельный процесс освоения новых знаний.

Поэтому одной из целей профессиональной подготовки специалиста в ВУЗах является необходимость дать студенту прочные фундаментальные знания, на основе которых он смог бы обучаться самостоятельно в нужном ему направлении. Решение задач современного образования невозможно без повышения роли самостоятельной работы студентов над учебным материалом, усиления ответственности преподавателей за развитие навыков самостоятельной работы, за стимулирование профессионального роста студентов, воспитание их творческой активности и инициативы.

Методологическую основу самостоятельной работы студентов составляет такой подход, при котором цели обучения ориентированы на формирование умений решать типовые и нетиповые задачи, т. е. на реальные ситуации, где студентам надо проявить знание конкретной дисциплины.

Содержание самостоятельной работы обучающихся предполагает деятельность обучающихся во всех организационных формах учебных занятий и во внеаудиторное время, когда они самостоятельно изучают материал, определенный содержанием рабочей учебной программы по дисциплине, а также работу под руководством преподавателя для получения новых знаний.

На факультете языков и менеджмента профессорско-преподавательским составом осуществляются различные формы организации самостоятельной работы, среди которых можно выделить:

- подготовка к проблемным занятиям;
  - проработка пройденных материалов по конспекту, учебникам и пособиям;
- проработка дополнительных тем;
  - подготовка к практическим и семинарским занятиям;
  - подготовка к промежуточному, рубежному и итоговому контролю;
  - подготовка к научным докладом, выполнение рефератов и расчетно-графических заданий;
    - подготовка презентаций, написание эссе и глоссария, и т.п. в соответствии с имеющимися типами и формами СРО;
  - рецензирование научных статей, рефератов, эссе, докладов;

- составление словарей и кроссвордов по терминам курса;
- решение задач повышенной сложности, анализ данных статистики;
- моделирование деятельности предприятия и др.

В ходе организации самостоятельной работы студентов преподавателями решаются следующие задачи:

- углубление и расширение профессиональных знаний;
- формирование интереса к учебно-познавательной деятельности;
- развитие самостоятельности, активности, ответственности;
- развитие познавательных способностей.

Основная задача организации СРС заключается в создании психолого-дидактических условий развития интеллектуальной инициативы и мышления на занятиях любой формы. Основным принципом организации СРС должен стать перевод всех студентов на индивидуальную работу с переходом от формального пассивного выполнения определенных заданий к познавательной активности с формированием собственного мнения при решении поставленных проблемных вопросов и задач.

Таким образом, в результате самостоятельной работы студент должен научиться осмысленно и самостоятельно работать сначала с учебным материалом, затем с научной информацией, использовать основы самоорганизации и самовоспитания с тем, чтобы развивать в дальнейшем умение непрерывно повышать свою квалификацию [2].

Самостоятельная работа студентов в рамках действующих учебных программ и планов предполагает самостоятельную работу по каждой учебной дисциплине, включенной в учебный план. Объем самостоятельной работы (в часах) определен учебным планом.

Организация СРС направлена на:

- освоение теоретического материала по изучаемой дисциплине (отдельные темы, отдельные вопросы тем, отдельные положения и т. д.);
- закрепление знаний теоретического материала, использование необходимого инструментария, практическим путем (решение задач, выполнение контрольных работ, тестов для самопроверки);
- применение полученных знаний и практических навыков для анализа ситуации и выработки правильного решения (подготовка к групповой дискуссии, подготовленная работа в рамках деловой игры, письменный анализ конкретной ситуации, разработка проектов и т. д.);
- использование полученных знаний и умений для формирования собственной позиции, теории, модели (написание выпускной (дипломной) работы, выполнение научно-исследовательской работы).

Перечисленные возможности организации самостоятельной работы, на наш взгляд, будут соответствовать:

1. Обучению как получению знаний.
2. Формированию в процессе обучения понимания студентом предмета изучения.

Студент может сопоставить различные идеи, сформировать представление о тенденции развития, взаимоотношениях идей, соотнести эти идеи со своими собственными представлениями.

3. Умению применить изученные идеи, умение при необходимости их моделировать в соответствии с собственным контекстом и находить наиболее уместные решения.

4. Обучению как развития личности – наиболее софистический образ обучения, при котором обучающийся осознает себя частью изучаемого им мира, в котором он собирается действовать. В этом случае предполагается, что обучающийся будет менять свой контекст, вырабатывать собственные теории и модели.

Организация самостоятельной работы студентов возможна при наличии серьезной и устойчивой мотивации. Самый сильный мотивирующий фактор – подготовка к дальнейшей эффективной профессиональной деятельности.

Основными стимулами, способствующими активизацию самостоятельной работы студентов являются:

1. Полезность выполняемой работы. Если студент знает, что результаты его работы будут использованы в лекционном курсе, в методическом пособии, в лабораторном практикуме, при подготовке публикации или иным образом, то отношение к выполнению задания существенно меняется в лучшую сторону и качество выполняемой работы возрастает. При этом важно психологически настроить студента, показать ему, как необходима выполняемая работа.

Другим вариантом использования фактора полезности является активное применение результатов работы в профессиональной подготовке. Так, например, если студент получил задание на дипломную (квалификационную) работу на первом или втором курсах, он может выполнять самостоятельные задания по ряду дисциплин читаемых циклов, которые затем войдут как разделы в его квалификационную работу.

2. Участие студентов в творческой деятельности. Это может быть участие в научно-исследовательской, опытно-конструкторской или методической работе, проводимой на той или иной кафедре.

3. Участие в олимпиадах по учебным дисциплинам, конкурсах научно-исследовательских или прикладных работ и т.д.

4. Участие в работе ежегодных научно-практических конференций вуза и конференциях вне вуза.

Для правильной и эффективной организации самостоятельной работы студентов на факультете созданы следующие условия:

-наличие учебно – методического комплекса по каждой дисциплине, включая описание курса в печатном и электронном виде, формы и средства контроля за уровнем освоения студентом заданий для самостоятельной работы с указанием содержания и сроков их проведения, справочник – путеводитель для студента на весь период обучения, обеспеченность учебной литературой, дидактическими и учебно – методическими материалами, наличие их в библиотеках;

-обеспеченность компьютерной и телекоммуникационной техникой;

-применение инновационных технологий (совокупность технических средств, обеспечивающих свободный доступ студента к различным источникам информации и создающих оптимальные условия для использования электронных средств обучения);

-использование различных форм организации самостоятельной работы, позволяющих наиболее эффективно стимулировать познавательную активность студентов;

-внедрение междисциплинарных самостоятельных работ и проектов;

Безусловно, качество и эффективность самостоятельной работы студентов зависит также и от тех заданий, которые даются преподавателем.

Таким образом, самостоятельная работа студентов является неотъемлемой составляющей образовательного процесса в высшем учебном заведении, способствует повышению качества обучения, развитию творческих начал студентов, способностей к непрерывному образованию [3].

Литература:

1. Алтайцев А.М., Наумов В.В. Учебно-методический комплекс как модель организации учебных материалов и средств дистанционного обучения. В кн.: Университетское образование: от эффективного преподавания к эффективному учению (Минск, 1-3 марта 2001 г.) / Белорусский государственный университет. Центр проблем развития образования. – Мн., ПроPILEI, 2002. – 288 с., С. 229—241.

2. Попов Ю.В., Подлеснов В.Н., Садовников В.И., Кучеров В.Г., Андросюк Е.Р. Практические аспекты реализации многоуровневой системы образования в техническом университете: Организация и технологии обучения. М., 1999. – 52 с., р. 3.1 Самостоятельная работа студентов С. 15—24. – (Новые информационные технологии в образовании: Аналитические обзоры по основным направлениям развития высшего образования / НИИВО; Вып. 9)

3. Тюрикова, Г. Организация самостоятельной работы – условие реализации компетентностного подхода // Высшее образование сегодня. – 2008. - № 10. – С. 93 – 97

## **ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚУДА БІРЛЕСКЕН ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ.**

Муханғалиева Ж. К.- т.ғ.к.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ., ҚР

Бүгінде дамыған елдердің барлығы табиғи байлықсыз-ақ, жетілген білім жүйесінің арқасында өздерін әлемдік сахнада экономикасы жетілген, табысты мемлекеттер ретінде танытты. Дамыған елдердің білім беру жүйесінің ұстанымдары бойынша сапалы білім беру индустриялық-инновациялық дамудың негізгі тетігі болуы тиіс. Яғни, игерген білімдерін тәжірибеде қолдана алатын маманды, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, инновациялық өзгерістерге дайын тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан, дамыған ел болуға бағыт алып отырған біздің еліміздегі жоғары мектептердің қызметтері де оқу нәтижелеріне бағытталып қайта жасақталды. Негізгі стратегиялық мақсаттары: білімге негізделген ұлттық экономиканың тұрақты және жан-жақты дамуына ықпал беретін білім, ғылым мен өндіріс интеграциясының моделін құру; әлемнің үздік ЖОО-мен білім беру жүйесінің байланысын қалыптастыру; бәсекеге қабілетті болуы үшін педагог-мамандардың мүмкіндіктерін арттыру. Осы тұрғыдан алғанда оқытушының білім жүйесіндегі рөлі өзгерді. Олар білім берушіден оқу мен оқытуды ұйымдастырушы, шәкірттің саналы білім алуына түрткі болушы, бағыт-бағдар берушіге айналды. Яғни, оқуды басқарушы және Көшбасшы. Ендігі жерде оқытушы студентті білімді игеруге үйренуі үшін, білім алуға белсенді әрекеттер жасауы үшін тиімді әдістерді, стратегияларды ұтымды қолдануы керек. Осы жолда оқытушыға үлкен міндет жүктеледі.

Бұл үдерісті жүзеге асыруда білім алушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; түрлі адамдармен диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларды құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етуге жағдай жасау мақсаттарын алдына қойған III деңгейлік бағдарламаның маңызы зор. Бағдарламаның негізгі мазмұны жеті модуль түрінде берілген. Мазмұнына тоқталсақ, бұлар білім беру мен білім алудағы тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау; білім беруде АКТ пайдалану; талантты және дарынды балаларды оқыту; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту; білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Білім беру мен білім алудағы тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау, білім беруде АКТ пайдалану модульдерін жүзеге асыруда бірлескен топтық жұмыстар өте тиімді. Бірлескен топтық жұмыстар тәжірибе көрсетіп отырғандай «Уақыт шеңбері», «Кемпіркосақ тобы», «Қар кесегі», «Жұптық әңгіме», «Тыңдап отырған үштік», «Өкіл», «Джигсо», «Құндылықтар спектрі», «Алтын балыққа арналған аквариум», «Стоп-кадр», «Ақылдың алты қалпағы», «Еркін әңгіме», «Сұрақтар шеңбері», «Айналмалы бекеттер», «Галереяға саяхат», «Жұппен, Топпен талқылау», «Жәрмеңке» және т.б. стратегияларын қолданғанда тиімділігін көрсетті.

Мұндай бірлескен топтық жұмыстардың түрлері аудиториядағы студенттер арасында сұрақ-жауапты тиімділікпен жүргізу, әңгіме арқылы оқуды жетілдіру, олардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту, оқу үшін бағалауды жүзеге асыру үшін өте тиімді болып отыр. Бұған теориялық дәлелдерді бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамаларынан іздеуге болады. Бұлар төмендегідей:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады;

2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді;

3. Қатысушылар әр адамдардың көзқарасымен танысудан пайда алады;

4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады;

5. Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады [1, 8-9 бб.].

Шынымен де бірлескен жұмыс барысында шағын топ мүшелерінің барлығы да өзара қарым-қатынасқа негізделген әрекеттерді атқарады. Мұнда біреудің жұмыстан тыс не қалыс қалуы екіталай: барлығы да қызу әрекетте болады, барлығы да жұмыстың қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосады, топтық жұмыста әрбір пікір мен көзқарас құнды.

Тәжірибеде топтық жұмыстардың оңтайлы жақтарына келер болсақ, студенттер тақырып бойынша ақпараттармен, біліммен бөліседі; ойлармен бөліседі, талқылайды; жаңа білім бойынша идеяларын, ойларын жинақтай алады, бұларға дәлелдер ұсынады; түйінді идеялар мен ойлардың таныстырылымға жүйелеп түсіреді. Нәтижесінде студенттер сабақ тақырыбын топ болып аша отырып, оны өз беттерінше жақсы меңгереді. Ал оқытушы болса, осындай топтық жұмыстардың нәтижесінде Асхат Әлімовтың пікірінше төмендегідей мақсаттарға қол жеткізеді:

- үйрену процесіне қатысушылардың әрқайсысы бір-бірімен жеке қарым-қатынас орнатады;

- үйренушілер туындаған сенімсіздік пен қобалжудан («Бұл жұмысты мен орындай алар ма екенмін?», «Жұмысты орындай алмай қалсам қайтемін?», «Ұят болып қалмас па екен?»), қорқыныштан («Басқалар менім жұмысымды сынап немесе күлкіге жығып кетпес пе екен?») арылады;

- әр үйренушіге өзінің қабілеттері мен ерекшеліктерін ашуға (көрсете білуге) жағдай жасалады;

- үйренушілер арасында еркіндік және сенім атмосферасы қалыптасады;

- үйренушілер топ жұмысында позитивтік, конструктивтік, шығармашылдық қағидаларды ұстанады [2, 136 б.]. Расында да жұмысты жұп немесе топ құрамында орындау студенттердің барлығын дерлік белсенділендіреді.

Әрине топтағы бірлескен жұмыстың нәтижелері бірден айтарлықтай жемісті болмайды. Фактілер бұл үдеріс кезең-кезеңмен өтетінін растап отыр. Айталық, қарама-қайшы ойлардың туындауы; басқа топқа жұмыстарын жетілдіру үшін ұсыныстар жасаудың қиындығы; күрделі сұрақтарға жауап бере алмау; өз ойын жеткізе алмау; басшы рөлін атқаруды қиынсыну; пікірлерді бір арнаға тоғыстыра алмау; кезекпен сөйлемей; топта бір студент ойын білдіргенде немесе сөйлегенде бірін-бірі тыңдамауы; топта идея қосатын адамның жеткіліксіз болуы; тақырыпты басқа топқа түсінікті, айқын түсіндіріп бере алмау; басқа топтағы студенттердің сындарын көтере алмау, көңіліне жақын алуы және т.б. Бұл қиындықтарды шешу үшін мынадай тәсілдерді қолдануға

болады: 1) сұхбат жүргізіп, қиындықтарды оқытындарға анықтату және әріптестердің сын-пікірлерін есте сақтау; 2) тиімді топтық қарым-қатынас үлгісін топтарға үлестіріп, таныстыру; 3) шулаған, бір-бірін тыңдамаған кезде топтық ережені ескертіп отыру; 4) топ жұмыстарын және топтық жұмыстардағы жеке студентті бағалау критерийлерімен таныстыра отырып, жұмыс істеу уәждерін арттыруға тырысу. Сондай-ақ, бастапқы кезеңдегі топтық жұмыс әлеуметтік өзара әрекеттестік дағдыларын дамыту қажет, содан кейін студенттердің арасында қарым-қатынас біршама орнаған соң, оқытушылар олардың тиімді қарым-қатынас жасау және мәселелерді шешу дағдыларын дамыта алады [1, 12 б.].

Жоғарыда қиындықты шешудің бір жолы топтық ереженің үлгісін ұсыну немесе студенттердің өздеріне құрғызу, оны жұмыс барысында әрдайым басшылыққа алуларын сұрау деп көрсетілген болатын. Мұндай тиімді ереженің үлгісі төмендегідей:

1. Кезекпен сөйлеу;
2. Белсенді тыңдау;
3. Сұрақ қою және сұрақ бар ма екенін сұрау;
4. Ұсыныс енгізу және басқаларда ұсыныс бар ма екенін сұрау;
5. Өз ойларын және пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу;
6. Идеяларға түсініктеме беру және оны бағалау;
7. Топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келу;
8. Талқылаудың қорытындысын шығару;
9. Дәйекті айғақтар келтіру;
10. Уақытты ұтымды пайдалану;

11. Топ ішінде рөлдерді анықтау: біріншісі - басшы (топтық қарым-қатынасты реттеп отырады, ойлардың, идеялардың тыңдалуын, тақырыптан ауытқымауларын қадағалайды), екіншісі - хатшы (айтылған ойларды, идеяларды қағазға түсіріп отырады), үшіншісі - спикер (топтың ойларын, идеяларын ұсынушы), төртіншісі - таймкипер (уақытты бақылап отырады), бесіншісі – ойларды, идеяларды постерге түсіруші. Негізінен ереженің мазмұнын әрдайым оқытындар арасында талқылап, өздеріне құрғызған дұрыс.

Бұндай қиындықтан шығу жолдары студенттерді біртіндеп «Топқа берілген тапсырманы орындауға өз септігімді тигізу», «Топтық жұмыстарды болашақта өз шәкірттеріне үйрету, қолдану», «Дәрістерді оқып, сабаққа жақсы атсалысу», «Топтағы студенттерді ойларын айтқан немесе сөйлеген кезде тыңдап, өз ойымды ортаға салып, сабаққа толық қатысу», «Өз тобыма және қарсылас топтарға көмектесу», «Бұдан да күрделі тақырыптарды өту және түсіну, түсіндіру», «Уақытты тиімді пайдалану», «Таныстырылымды жетілдіру», «Топтық жұмыстағы өз кемшіліктерімді түзеу және өз рөлімді дұрыс орындау», «Өз ойымды толық, нақты жеткізе білу», «Өте белсенді, бұрынғыдан да мінсіз топтық жұмыс көрсетуге атсалысу», «Өзімді жақсы көрсету, жоғары балл алу» деген ойларға жетелейді [3, с. 57]. Осылайша топтық жұмыстар жетіліп, оң нәтижелерге қол жеткіземіз.

Қорыта айтар ойым, бірлескен топтық жұмыстар оқуды және оқытуды жетілдіруге көп септігін тигізетіні тәжірибе көрсетіп отыр. Топтық жұмыстар үйренушілерде ұжымдық сезім қалыптастырып, бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, студенттердің жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады. Студенттер өмірде «Мен» қағидасынан гөрі (эгоцентристік немесе эгоистік ұстаным) «Біз» тұжырымының (ұжымдық, қоғамдық ұстаным, бірлік идеясы) анағұрлым пайдалы екенін аңғарады, бұл позицияның зәулім гуманистік идеяларға негізделгеніне көздерін жеткізеді.

Әдебиеттер:

1 ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын ЖОО бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Үлестірмелі материалдар. Бірінші апта. 1-2 күн. – Астана: «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясы, 2015. – 97 б.

2 Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы / А.Қ. Әлімов. – Алматы, 2013. – 448 бет.

3 Кохаева Е.Н. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие./Е.Н. Кохаева. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. - 66 с.

*Резюме: В статье проведен анализ эффективности применения групповых форм работы в целях активизации познавательной деятельности студентов в образовательном процессе. Также рассматриваются проблемы и пути их решения в ходе проведения групповых форм работы со студентами.*

## ТОПҚА БӨЛІП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Машанова С.А.-экономика магистрі,  
Айтмуқанова Г.М.-экономика магистрі

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қазақстан Республикасында білім берудің басты бағыттары «Білім туралы» Заңда, «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» айқын көрсетілген.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тарихи стратегиялық мақаласында құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететініне, білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау қажеттігіне басымдық берген.

«Білім туралы» Заңда - білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты қағидаттары ретінде білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, адамзаттық және ұлттық құндылықтардың, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру үрдісінің үздіксіздігі деп нақтылаған.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру, оқыту бағдарламаларын тұлғаның сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет екендігін атап көрсеткен, содай-ақ ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу басты міндеттер ретінде айқындаған.

Бүгінгі таңда жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, мамандығы бойынша кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан терең білімді ізгілікті маман даярлау өте маңызды мәселе болып отыр.

Интербелсенді оқыту ең алдымен білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен тығыз қарым- қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. «Интербелсенді» оқыту - диалог арқылы оқыту, яғни «оқытушы – студент», «студент – студент», «студент - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»). Интербелсенді оқыту барысында білім игеру процесін ұйымдастырудың артықшылықтары келесідей: 1) барлық студенттерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау; 2) әрбір студенттің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау [1].

Дәстүрлі оқытуда (мақсат, міндет, мазмұны оқу формалары, әдістері, оқу құралдары т.б.) оқытушы, студент әрекеті бір-бірінен оқшау болады да білім сапасы төмен болады.

Инновациялық оқытуда әдістемелік жүйенің оқытушы, студентпен бірлескен біртұтас бейнесін көруге болады, яғни үш объекті, студент әрекеті, оқытушы әрекеті, оқытушы мен студенттің әдістемелік жүйедегі өзара әрекеті негізгі рөл атқарады және ол субъектілік қатынасқа негізделгенде тиімді болады.

Оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруде белсенді әдістер мен кез-келген әрекет тапсырмаларды анықтау, өзара әрекет түрлерінің жүзеге асуының амал тәсілдерін белгілеу, оқытудың қолайлы, оңтайлы, белсенді әдістерін қолдану секілді мақсат қоюдан басталады. Оқытудың мақсаты білімді дайын күйінде қабылдап, іскерлік, дағды қалыптастырумен шектелмеуі тиіс, оқу студенттің ақыл-ойын, шығармашылық қабілетін өздігінен білімін жетілдірудің амал тәсілдерін игеру қабілеттерін дамытуды, келешек кәсіби бағыттағы мәселелерді шешудің қолайлы да тиімді амал-тәсілдерін, жолдарын меңгеруге мүмкіндігі мол жеке тұлғаны қалыптастыруды мақсат етуі керек.

Оқу әрекеті – ғылыми ұғымдарды игерудің жалпыланған тәсілін игеру.

Демек, теориялық білімді меңгеру студенттің ақыл-ойының тез дамып жетілуіне бағытталған әрекет деп түсінуге болады. Оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруде белсенді әдістер мен оқу құралдарын жүйелі пайдаланудың маңызы зор.

Оқытушылардың негізгі міндеттерінің бірі- студенттердің белсенділігін арттыру үшін оқу үрдісін сауатты ұйымдастыру болып табылды. Сол оқудың тиімді тәсілдерінің бірі топтық жұмыс.

Топтық жұмыс кезінде студент белсенділігі арттырылады. Әр студент топ мүшесі бола тұра өзінің топтағы орнын анықтай алады. Студенттер ынтымақтастығы арттырылады. Топтық жұмыс әр студенттің нақты іс әрекетін тудырады, бірлесе жұмыс жасайды. Бірлескен топтық оқытудың негізгі түйіні әрбір топ мүшесінің өз ойын толық жеткізіп, басқамен де келісімге, бітімге қол жеткізуге болатыны.

Ынтымақтастық оқу дегеніміз - өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Ынтымақтастық оқудың негізгі сипаттамалары:

1. Студенттер ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмалары орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталауды емес, студенттердің белсенді қатысып, ақпаратты өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.
4. Оқу студенттердің әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы жаттығу кезінде оқушылар ой пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.
5. Оқытудың ынтымақтастық ортасында студенттер әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. [2]

Топтау әдісінде студенттердің бір-біріне жолдастық, достық қарым қатынастары дамиды. Бір-біріне бар ынта-жігерлерімен көмектесуге, үйретуге бейім болады. Топтық жарыстар кезінде ұйымдастырудың жөн жобаларын біледі, оны қолдана алды. Бір сабақтың үстінде берілген материалдарды, бір біріне көмектесе отырып толық меңгереді. Топтық жұмыс сабақты ұйымдастыруда жаңашылық алып келеді. Топ мүшелері мен мұғалімнің арасында, топ мүшелері арасында сенімділік байланыстың орнығуына көмектеседі. Топ ішінде кері байланыс жүзеге асады.

Топ жұмысының тағы бір маңызды ерекшелігі тапсырманың белгілі бір деңгейде ғана орындалмауы, оның топ ішінде түрленуі, шарықтауы, жаңа нәтижелерге жетуі.

Студенттердің белсенділігі зерттелген кезде өзін сабақта төмен көрсетіп жүрген студенттің бойындағы ашылмаған жаңа қырлары көрінеді. Топ өзінің ережесін шығара отырып оны орындауға тырысады. Олардың бойларында формативті бағалау кезінде басқа топтардан қалмау керектігі туралы, білімін көрсету, мақсатқа жету туралы бәсекелестік

пайда болады. Аудиторияда топтық, ынтымақтастық атмосфера туады. Топ ішінде шешілмейтін мәселе болмайтынын студенттер түсіне бастайды. Әр студентте танымдық түрткі пайда болып, оқуға деген қызығушылық туады. Әр сабақта топ құрамы өзгеріп отыру керек. Топ барлық сабақта тек бір студенттерден ғана тұрмағаны жөн.

Топ ішіндегі туындаған эмоционалды әрекет кезінде студенттер арасында жағымды байланыс пайда болады. Студенттер арасында басқа топ мүшесімен диалог құру, сұрақтар қою, өзгені тыңдау, өзінің көзқарасын қорғау, қорытынды шығару дағдылары пайда болады.

Топтық жұмысты тиімді ұйымдастыруының шарттарының бірі-топты дұрыс іріктеу болып табылады. Топты іріктеуде екі белгіні негізге алуымыз керек: студенттер арасындағы оңтайлы қарым қатынастары мен студенттердің оқу жетістіктерінің деңгейі. Студенттер жақсы оқитын студенттердің көлеңкесінде қалуға тырысып аудиторияға кірген кезде солардың қасына отыруға асығады. Бірақ топқа бөлудің әртүрлі стратегияларын пайдаланып бөлгеннен кейін олар қарсылық көрсете алмайды.

Балл қоюға, топты бағалаған кезде студенттер белсенділігі жоғары болады. Топтар бірін бірі бағалаған кезде реніш болмайды себебі дескрипторлармен бағалау баллдың ақиқатты қойылғанын көрсетеді.

Топтық жұмыстың тиімділігі мен нәтижелігі келесі әрекеттерден артады:

1. Берілген тапсырма топтың барлық мүшелеріне қызықты болуы керек.

Тапсырма барлық студенттердің мүдделеріне сәйкес келіп, оларда бірлескен жұмысқа деген ынта тудыруы керек.

2. Топқа бөлудің қызықты тәсілдерін қолдану керек.

Студенттерді топқа бөлудің қызықты әрі танымды тәсілі олардың алдағы жұмысқа деген ықыласын арттырады. Бөліну кезінде басқалардан ерекшеленетін қасиеттері арқылы олар уақытша болса да бастарын біріктіреді, араларында бір-біріне деген жылы сезімдер орнайды.

3. Топ ішіндегі бірлескен жұмыс ережелерін айқындап, нақты уақыт белгілеу керек, оларды әр жұмыс алдында тағы да бір қайталап, еске түсіріп отырған жөн.

4. Тапсырманың топқа бөлінбей тұрып берілгені дұрыс.

5. Тапсырма берілгеннен соң оның түсініктілігін топ ішінде талқылап алу керек.

6. Топтар арасында бәсекені негізгі мақсатқа айналдырып жібермеу керек.

Топ аралық бәсеке студенттерді проблема шешу мәселесінен «қайткенде де бірінші болу керек» деген ұстанымға ауытқытып жіберуі мүмкін. Әрбір студент бәсекеге өзгелермен емес, алдымен өзімен-өзі түсуі керек.

7. Жұмыс аяғында әр топ жұмыс нәтижелерін жариялап немесе ол туралы есеп беруі керек [3].

Қорыта келе, топқа бөліп оқытқанда студенттердің талпынысы артады, Әр студент өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады. Топтық жұмыс студент белсенділігін арттыруда үлкен жетістікке жеткізеді.

Әдебиеттер.

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері/ А.Қ. Әлімов. – Алматы, 2013.
2. Сартова Р.Б. Кәсіптендіру пәндерді оқыту әдістемесі. Оқу құралы./ Р.Б. Сартова. –
3. Әлімов Асхат. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009.

Резюме: В данной статье приведены различные технологий обучения в группе. Рассмотрены эффективность и результативность обучения в группах при проведении занятий и рекомендации для повышения качества работы студентов.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІКТІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Тогашева Д.С.-экономика ғылымдарының магистрі  
Батыс Қазақстан Инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Нарықтық жағдайда табысқа, тұрақтылыққа және жоғары пайдаға жету экономикалық білімсіз мүмкін емес. Экономикалық білім тек экономика мен басқарудың түрлі саласында қызмет істейтіндерге, ғалым-экономистерге немесе экономика пәні оқытушыларына ғана керек емес, сонымен қатар экономикалық білім күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде қоғамның әрбір мүшесіне қажеттілігін бүгінгі өмір талабы көрсетіп отыр.

Сондықтан білім беру саласы жаңа мазмұнға ие бола отырып, қазіргі заман талабына сай жан-жақты дамыған іскер, жаңашыл азаматтар дайындауы тиіс. Өскелең ұрпақтың өмірге етене араласуы мен іс-әрекетінің тиімділігі, білім деңгейі мен тәрбиесі педагогтар еңбегіне тікелей байланысты. Бұл бағытта экономика пәнін оқытудың рөлі ерекше. Себебі, бүгінгі түлек жаңаша өмір сүріп қана қоймай, қоғамның әлеуметтік-құқықтық, экономикалық нормаларын меңгере отырып, қоғаммен тығыз байланыста болуы керек.

Экономикалық білімнің тиімділігі оның үздіксіздігінде.

Елімізде нарықтық экономика қалыптасты, сол себепті студенттерге осы үрдістің қалай дамитындығы жөніндегі түсініктерді қалыптастыру қажет. Қоғамдағы экономикалық сауатсыздық - экономикалық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі деуге болады. Қарапайым экономикалық білім жиынтығы студенттерге тек ақпараттық мәні жағынан ғана құнды емес, сонымен қоғамдағы адамның рөлі мен оның құқығын түсіне білуге негіз болады. Экономикалық білім жас жеткіншектің адами қасиеттерін қалыптастыруға көп мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, экономикалық білім студенттердің демократия, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, адам құқы, бәсекелестік, нарық сияқты жалпы адамдық құндылықтарды белсенді қабылдауына септігін тигізеді.[1]

Экономикалық білім берудің басты мақсаты:

- студенттердің экономикалық мәдениет дағдыларын дарыту;
- іскерлікке тәрбиелеу экономикалық жағдайларды өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға және әрекет етуге үйрету;
- еңбекті сүйеге тарту, қоғамның экономикалық белсенді мүшесі және өз Отанының патриоты болуға көмектесу;
- кәсіпкерлік қызмет дағдысын тәрбиелеу, кәсіпкерліктегі жалпы адамзаттық құндылыққа бағдар беруді жүргізу, болашақ кәсіпкерлердің жалпы мәдениеті мен шығармашылық ынталығын дамыту;
- студенттерге дұрыс кәсіптік бағдар беру;
- студенттерді Қазақстанда және халықаралық аймақта жүргізілетін экономикалық заңдылықтардың негізі ұстанымдарымен, еңбек, отбасы, салық, жер, т.б. кодекстерімен таныстыру.
- студенттерді ұқыптылыққа үйретуге үлкен мүмкіндіктер тудырады, экономикалық «Экономика» білім саласының өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың бірі – Қазақстандағы нарықтық экономикасы кезінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланысты. Елімізде болып жатқан үрдістерді саналы түрде ұғынса, онда өз орнын табу мен өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру қажеттілігі пайда болады. Экономикалық білім негіздерін анықтауда жалпы адамзаттық құндылықтар, білім беруді демократияландыру және ізгілендіру бастаушы ой болып табылады.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтардың экономикалық сауаттылығын арттыруда, экономикалық білім беруде жаңа қадам жасау қажет. Өйткені экономика мен мәдениетіміздің дамуы, халықтың әл-ауқатының өсуі осы мәселелермен тығыз байланысты. Біз студенттерді оқыту кезінде материалдық байлықты жасаушы ретінде емес, оны пайдаланушы ретінде ғана

білім беріп келеміз. Соның нәтижесінде олар осы мерзімге дейін қыруар шығын шығарып, жинақталған материалды кесу, тесу, жөндеу - үйренуші ғана болды. Мысалы, сандық жасағанда немесе кейлек тігіп шыққанда қанша материал, еңбек, техника, күш, электр қуаты, шыққан шығын, түскен пайда жұмыстарымен Студенттерді жұмылдыру керек. Студенттерді тек тұтынушы ретінде білім беруді доғармасақ, онда олардың дене еңбегіне төзуі, еңбек өнімділігін арттыруды ойластыру, үнем мен ұқыптылық үшін күресуі қиынға түседі. Студент егер экономикалық білім алып, кәсіпкерлік дағды қалыптастырса ғана – қоғамның анағұрлым білікті пайдалы мүшесіне айналады. Ол жаңа кәсіпкерлік саласын ашса, ал онысы өз кезегінде басқа адамдарға жаңа жұмыс орнын тауып береді. Студенттерді кәсіпкерлікке баули ісі: бағдар беру, экономикалық білім және тәрбие беру мәселелері кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Осылай ғана кешенді түрде жүргізілетін жұмыстар мынадай міндеттерді шешеді деп ойлаймын:

- студентті білімді, шығармашыл, өз ісін сүйетін тұлға етіп шығарады;
- студентті экономикалық білім және кәсіпкерлік дағды қалыптасады;
- өзі және өзінің отбасы үшін еңбек етіп, өмір сүретін, сол арқылы қоғамға пайда келтіретін азамат болып тәрбиеленеді (қоғамдағы әрбір адам бай болса, мемлекетте бай болатыны өзінен-өзі белгілі);
- қоршаған ортаға, материалдық құндылықтарға, еңбек заттарына саналы көзқарас
- уақытты тиімді пайдалану және оны үнемдей білу дағдыларын оқушы бойына сіңіреді;

Бұл міндеттер тек теориялық сабақтар арқылы іске асырылады. Онда қолданылатын әр түрлі экономикалық тәсілдердің, тапсырмалардың қолданылуы білім сапасын көтерілуіне қол жеткізеді. Осыған орай сабақтарда интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді болып келеді.

Солардың бірі – Шаталовтың тірексызбалары арқылы оқыту әдістемесі. Мақсат – білім сапасын көтеріп, іскерлігін, дағдысын, біліктілігін қалыптастыру негізінде білімденгейін реттеу.

«Қазақша – орысша нарықтық терминдер сөздігі» Сөздік тек экономистерге, мамандарға ғана емес, бизнес әлемінде өзін танытқысы келетін іскерадамдарға да қолайлы. Ол студенттердің ой - өрісін кеңейтеді, сөздік қорын байытады, жаңадан шығып жатқан заңдардың қаулы – қаралардың мән – мағанасын терең түсінуге және мәні бар істі іскерлікпен жүргізуге көмектеседі. [2]

Экономикалық хабарламалар. Студенттердің бойындағы экономикалық ойлау қабілеті н қалыптастыру, қоршаған орта өзгерістеріне бейімделе білу, қоғамдағы экономикалық құбылыстар мен процестердің, экономика саласы бойынша мақалалардың мәнін түсіндіру..

Өзіндік және тесттік жұмыстарының, іскерлік ойындар, пысықтау сұрақтары мен қызықты есептердің, сөздік жұмыстары мен терминологиялық диктанттардың, деңгейлік тапсырмалар мен мақал-мәтелдерді алатын орны ерекше.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің зейін - зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қелбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруға көмектеседі.

**Оқытуда көрнекілік әдістер.** Бақылау оқыту әдісі ретінде сезімдік танымының белсенді формасы болып табылады. Бұл әдісті қолдану жан-жақты дайындықты қажет етеді; бақылаудың сызба — нұсқасын өңдеу; Студенттерді бақылау нәтижелерін өңдей білуге және оны тікелей білу тәсілдеріне ұйрету. Бұл әдістің олардың өзіндік жұмыс істей білу дағдыларына көмектеседі, танымдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік мәні зор. Демонстрация. Студенттердің сезіміне көрнекілікті құбылыстарды, процестерді, объектілерді елестетіп, олардың сапасына әсер етеді. Берілген әдіс пен игерілетін құбылыстың динамикасын ашып көрсетуде, заттарды сыртқы пішінімен таныстырғанда

кеңінен қолданылады және бір түрлі заттардың ішкі құрылысы немесе орналасқан әсерін қарастырады.

Берілген әдіс Студенттердің заттар, құбылыстар мен процестердің, керекті өлшемдерін жасап, өзара байланысын, танымдық белсенділігін іске асырып заттардың құбылысы мен мәнін, сапасын анықтайды.

Нақты жағдайда заттарды, құбылыстарды түсіндіруде демонстрациялау дидактикалық тұрғыдан құнды болып табылады. Егер де бұндай демонстрация өткізуге мүмкіндік болмаса, онда табиғи заттарды көлемді моделдеу арқылы танып білу негізгі роль атқарады. Олар заттардың құрылысын көру арқылы, двигательдің ішкі күйі, геометриялық фигуралардың өлшемдері, жергілікті жердің рельефі т.б. игеруге көмектеседі. Көптеген жаңа модельдер заттардың технологиялық және техникалық ерекшелігін анықтап түсінуді қамтамасыз етеді.

Демонстрация әдіс сапасын көтеруге, объектіні дұрыс таңдап алып, демонстрацияланатын заттың, құбылыстың мәнді жақтарына Студенттердің көңілін аударуға, сонымен қатар түрлі әдістерді педагогтың біліктілігіне қарай пайдалана білу үшін қолданылады.

Бейне әдістері. Демонстрация әдісі иллюстрация әдісімен тығыз байланысты; заттарды көрсетіп және қабылдау, плакаттардың көмегімен символдар түрінде, олардың процестегі құбылыстарын, карта, портреттер, фотографиялар, суреттер, схемалар, репродукциялар, жалпы модельдер және т.б. кеңінен қолданады. Көрнекілік іс-тәжірибеде кеңейіп, небір жаңа құралдарды өмірге келтіріп жатыр. Түрлі бояулы пластикалық қапталған тарихтан карталар, альбомдар, атластар т.б.

Жалпы модельдер арқылы құбылыстар мен процестердің динамикалық және статистикалық ақ түсті және түрлі-түсті мәнін ашып көрсетеді. Олар анықтамаларды түсіндіру процесін жеңілдетеді. Географиялық карта, диаграмма, графиктер, таблицалар білімді тез сапалы игеруге көмектеседі. Иллюстрация әдісін қолдана отырып, оның көрсетілу әдісіне көп мән беру керек. Көрнекті құралдың дидактикалық ерекшелігін, оның танымдық процестегі ролі мен орнын ойластырып алу керек. Мұғалімнің алдына қойған мәселесі - иллюстрациялық материалдың оптималды көлемін анықтап алу. Иллюстрация алдын-ала дайындалады. Берілетін фотография, диаграммалар, таблицалар мақсатты түрде қолданылады. Қазіргі мектептерде иллюстрацияны пайдалану үшін экранды техникалық құралдар кеңінен қолданылуда. [3]

Бейне әдіс білімді игертіп қана қоймай, оны бақылауда, бекітуде, қайталауда, қорытындылауда, жүйелеуде және барлық дидактикалық қызметті кеңінен атқарады.

Берілген әдіс ақпаратты көрнекілікте қабылдауға негізделген, индуктивті түрде, жеке дедуктивтік жолдармен білімді игеру, Студенттердің түрлі деңгейдегі танымдылық және өздік жұмыс жүргізу белсенділігі, таным процесін басқарудың түрлі тәсілін қолдануды қарастырады.

Мына әдістен гөрі кешенді дидактикалық технологиясы берілген. Оқыту процесінде әдісті пайдалану, студенттерге толық оқытылатын құбылыстардың көрнекілік ролін көрсету, сұраныстарын қанағаттандыру, Студенттердің қызығушылығы мен қажетін, мұғалімдердің еңбегін жеңілдету, босаған уақыт білімді бақылайтын және коррекциялайтын, дәптер тексеруді т.б. қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кері байланыс жұмысын; толық және жүйелі түрде бақылауды ұйымдастыру, үлгерімді объективті есепке алуды ұйымдастырады.

Бейне әдіс дидактикалық және тәрбие міндеттерін шешеді. Бұл әдіс: -жаңа білім беруде, күрделі бағыттталатын өте баяу процестерді (өсімдікті өсіру, сұйық заттың диффузиясы, заттың кристалдануы, тау жыныстарының қыртысын), яғни құбылыстардың мәліметін ашып көрсете алмаудағы жылдам процестерді бақылау,

-күрделі машина мен механизмдердің ықпалын динамикалық принципте түсіндіру; -түрлі іс- әрекет түрлерін алгоритімде орындалуын оқыту;

-шет тіл сабақтарында арнайы орта құру;  
-тарих, этика, қоғамтану, әдебиет сабақтарында өмір мен білім байланысын бекіту, сабақтарда бейне құжатты қолдану; -тест өткізуді ұйымдастыру;

-алдын - ала жұмыстар, жаттығулар, модельдеу, қажетті өлшемді жасау;- жаттықтыру және -топтағы әр студенттің үлгерімін, білім берудің дифференциялық жағын ұйымдастыруды компьютерлік есепке алу;

-оқыту процесін рационализациялау, педагогикалық басқару сапасын көтеру жолдарында Берілген әдістің сапасы видео мен техникалық құралдарды қолданумен тікелей байланысты.Видео оқыту әдісін ұйымдастыруға қатаң талаптар қояды, олар нақтылығымен, қарастырылып таңдалуымен, мақсаттығымен ерекшеленеді.Мұғалім оқытылатын мәселе төңірегінде студенттерді кірістіре алудағы біліктілігін, олардың іс-әрекетін бағыттап отырып, жалпы қорытындылар жасап, өзіндік жұмыс процесінде жеке дара көмек көрсету керек.

Әдебиеттер:

1.Хвесеня Н.П.,Сакович М.В. Методика преподавания экономических дисциплин: оқу-әдістемелік кешен.-Минск:БГУ,2006.-116 б.

2.Методика преподавания экономических дисциплин: оқу құралы/Н.Хужаев, П.З.Хашимов және басқа.-Ташкент, 2005.-140 б.

3.Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности: жоостуденттері үшін оқу құралы.-2-ші басылым, қайта өңделіп шығарылған.-М.:Академия, 2005.-395 б.

Резюме:Использование средств наглядности в курсе экономических дисциплин способствует претворению в практику обучения таких принципов дидактики как научность, доступность и прочность усвоения знаний.Средства наглядности воздействуют на психику обучаемых.Знания приобретают личностный характер, основанный на использовании органов чувств и, прежде всего зрения.Средства наглядности выполняют определенные функции в учебном процессе и, прежде всего, познавательную.Наглядность может выступать как источник учебной проблемы, способ представления результата, средство систематизации знания.

## **ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ**

Какимова Д.М.-педагогика ғылымдарының магистрі.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Орал қ., ҚР

Оқыту тиімділігінің артуы оқушы табысын бағалау сапасына тікелей байланысты. Бақылаудың дәстүрлі құралдары талап етілетін білім, білік, дағдыларының деңгейін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан барлық уақытта бағалау жүйесін дайындау өзекті мәселе болып келеді.

Бүгінде қолданылып келген бес балдық бағалау жүйесі бағалауға қойылатын талаптарды толық қанағаттандырмай отыр. Оған дәлел, қоғам бүгінгі оқушының оқудағы жетістігінің динамикасының объективтілігіне күдікпен қарауда. Екінші жағынан, бағалаудың нәтижесі оқушының мұғаліммен, ата-анасымен қарым-қатынасының төмендеуіне, өзіне деген сенімсіздігінің пайда болуына әкелуде. Бұл өз кезегінде оқушылардың жүйке жүйесіне ықпал етіп, мазасызданудың пайда болуына итермелеп отыр. Сондықтан бүгінгі таңда осындай келеңсіз жағдайлардың болдырмау үшін оқушы жетістігін бағалаудың жаңаша жолдары қарастырылуда. Әрі бүгінгі оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеретін білім беруде білімді бақылаудың дәстүрлі құралдары жеткіліксіз болып отыр.

«Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не

істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет [1].

Білімді тексеру мен бағалау оқушының білім алуына көмектесіп, оның және мұғалімнің білім сапасы жөнінде сандық мәлімет береді. Мұғалім оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды. Мұғалім өз жұмысындағы кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін анықтайды. Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы білім алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларын дамытуға, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері, талаптары, оқыту нәтижелерін бағалау ұстаздардан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Сонымен, дәстүрлі бағалауда бақылаудың барлық мүмкіншілігі мұғалімнің қолында болады: ол оқушы біліміндегі барлық кемшіліктер мен қателіктерді анықтап көрсетеді. Өздік жұмыстар мен бақылау жұмыстарын орындағанда көп жағдайда мұғалім мен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынас жоғалады.

Бүгінде еліміздің білім саласына «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының бағалау тәжірибесі білім саласына енгізілуде. Тәжірибені жүйелі жүргізуге деңгейлік біліктілікті арттыру курстарының маңызы ерекше. Ұсынылып отырған бағалаудың жаңа тәсілдерде оқушылардың өзара бағалауы ынталандырылып, өзін-өзі бағалауға деген құқығын біледі, үдеріс пен оқыту нәтижесіне деген жауапкершілігі артып, өзін-өзі бақылауы күшейеді. Мұғалімнің қызметі төреші, бақылаушыдан көмекші, кеңесшіге ауысады. Бағалау үдерісінде мұғалімнің оқушымен өзара әрекеті үзілмейді, керісінше жаңа білімді игеру ынтымақтастығы жалғаса түседі. Аталған бағалаудың дәстүрлі және жаңа жүйелерінің салыстырмалы талдауы ұсынылып отыр [2].

Дәстүрлі және жаңа бағалау жүйесін салыстырмалы талдауды төмендегідей қарастыруға болады.

Бағалаудың дәстүрлі жүйесі:

1. Бағалау субъект-объектілік өзара әрекеттесу үдерісі ретінде
2. Соңғы нәтиже бағаланады
3. Бағалау үзік-үзік орындалады
4. Бағалау нәтижесі – сандық белгі
5. Бағалау жеке пән мен тақырыпқа тоғысқан
6. Шектеулі икемділік пен білім көрінісі ғана бағаланады
7. Мұғалім төреші мен бақылаушы рөлінде шығады
8. Қорытынды және бақылау жұмыстарын орындағанда мұғалім мен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынас жоғалады.
9. Мұғалім бағалайды
10. Баға әділдігіне ерекше көңіл бөлінеді
11. Баға ішкі факторларға құрылған
12. Басты назар оқушы білмейтіні мен істей алмағандығына аударылады
13. Бағалау топ немесе сынып ішінде салыстырмалы түрде өтеді
14. Бағалау жеке амалдармен шектелген (бақылау жұмысы, тест т.б.)
15. Бағалау кезінде алдын-ала жауабы дайындалған тапсырмалар басымдық көрсетеді
16. Білімнің белгіленген жетістігі ғана бағаланады
17. Жекелеп бағалау басым

18. бағаның мәні – қатені көрсету
19. Оқушыларды бағалау жасанды, стрессті жағдайда өтеді
20. Бақылау мен бағалау тек мұғалімнің қолында
21. Мұғалім оқушы біліміндегі барлық кемшіліктер мен қателіктерді анықтап көрсетеді

Жаңа бағалау жүйесінің көрінісі:

1. Бағалау субъект-субъектілік ынтымақтастық үдеріс ретінде.
  2. Нәтижеге бағытталған процесс бағаланады
  3. Бағалау үздіксіз жүзеге асады
  4. Оқытудың нәтижесі - оқыту табыстылығының сандық-сапалық көпөлшемді мінездемесі
  5. Бағалау – бірізді және пәнаралық
  6. Қолданбалы (өмірлік) білімдері мен іскерліктерінің енділігі мен тереңдігі бағаланады
  7. Мұғалім жақтаушы әрі кеңесші ролінде сөйлейді.
  8. Мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы үзілмейді, бағалау кезінде одан әрі ынталандырылады
  9. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен бірін-бірі бағалаулары барынша ынталандырылады
  10. Бағалау мен өзін-өзі бағалау үйлесімділігіне ерекше көңіл аударылады
  11. Оқушының нені білетіні мен не істей алатынына ерекше көңіл аударылады.
  12. Өзге балалардың жетістігімен салыстырмай оқушыны өзінің жеке, бірегей ерекшеліктері бағаланады
  13. Бағалау әртүрлі құралдарды (оқу портфолиосы) қолдануды қажет етеді
  14. Бағалау кезінде ықтимал нұсқалы жауаптары бар «ашық» тапсырмаларды қолдану қарастырылады
  15. Оқу нәтижесінің табыстылығына жұмсалған күш есепке алынады
  16. Жеке бағалаумен қатар топтық, командалық бағалаулар жүргізіледі
  17. Бағалаудың негізі-қателікті ескерту мен қателіктің алдын алу
  18. Бағалау оқушылардың стресс пен күш салуларын болдырмайтын қарапайым жағдайларда жүргізіледі
  19. Оқушылар өз бетінше жіберген олқылықтарын анықтап, мұғаліммен бірге оны жоюға тырысады
  21. Бағалау кезіндегі сапалық ақпараттардың (эмоционалды факторлар, бастамалар, пәнге деген көзқарасы) маңыздылығы
  22. Тұрақты өзара ықпал: үздіксіз оқыту-үздіксіз бағалау
  23. Оқу бағдарламасы мен стандарт шегінен шығу мадақталады
  24. Өзін-өзі бағалаудың әділдігі-білім көрсеткіші
  25. Жұмыс түрі ретіндегі тек таза емес, шимай дәптерлердің өзі құнды
- Бағалаудың жаңа жүйесінде жиынтық бағалаумен қатар қалыптастырушы немесе формативті бағалау қолданылады. Жиынтық бағалаудың немесе Оқыту үшін бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды.

Формативті бағалау немесе оқу үшін бағалау күнделікті әр сабақта жүргізіліп тұрады. Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек. Аталған бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді [3].

Қалыптастырушы бағалау қолдану арқылы мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс жүзеге асады. Осының нәтижесінде білім алушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек.

Қалыптастырушы бағалаудың бір түрі – өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.

Өзара бағалау білім алушыларға бір-біріне кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, тек бағалайды.

Өзін-өзі бағалауда білім алушы Тапсырманы орындауда нені жасау қажет? Тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме? Тапсырманы толығымен жеке өзі орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме? Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды? деген сұрақтарға жауап іздейді.

Тәжірибеде жиі қолданыстағы өзін-өзі бағалау техникаларына сипаттама беруді жөн санадық.

Сұрақ қою әдісі. Қабілеттері шамалы оқушыларды «Не» сұрау есімдігін пайдаланып сұрақ қоюға, ал қабілеттері барынша дамыған оқушыларды «Егер де ..., не болады?» деген үлгіде сұрақ қоюға ынталандыру.

«Басбармақ» әдісі. Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз. Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.

«Бұны білемін, ол қолымнан келеді. Бұны аздап білемін, әлі үйренуім қажет. Бұны мүлде білмеймін, білуім керек» стратегиясы.

«Бағдаршам» әдісінде түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстерін көрнекі құрал ретінде пайдаланылады. Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті). Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады. Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды. Басында балалардың барлығы жасыл түстіні көрсетуі мүмкін. Содан кейін өз қателерін тауып, дұрысын дәлелдей алмағандар сары немесе қызыл түсті көтеріп жатады.

Өзін-өзі бағалау өзін-өзі реттеуге жетелейді. Дегенмен бағалаудың өзіндік қиындықтары да бар. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда білім алушыларға бағаның шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсінгенін көрсететінін айтып өткен жөн.

Өзін-өзі бағалау білім алушының танымдық әрекетінің бағыттылығына қол жеткізеді, себебі танымдық әрекет кезінде ол өзіне қоятын талаптарды да реттеп отырады, оқу әрекеті барысындағы өзін-өзі бағалаудың құрылымы өзіндік әрекеттің мақсатын айқындау, оқыту нәтижелерімен оған қол жеткізу жолдарын анықтау, өзіндік іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған нәтижелерді оқыту нәтижелерімен салыстыру, орындалатын іс-әрекет барысын бағалау жіберілген қателерді анықтау, оның себептерін ашу өзін-өзі бағалау негізінде жұмысты түзету, әрекет жоспарын нақтылау, жетілдіру, қорытындылау деп аталатын бірнеше буыннан тұрады [4].

Әр баланың біліміндегі кемшіліктерінен гөрі, олардың жетістіктерін атап көрсету, нұсқауды мәлімдеу арқылы балаға нені оқу керектігімен қалай оқу керектігін көрсетуі, нұсқаудың үздіксіз және жүйелі жасалуы, баланың әлеуметтік, әсершіл, танымдық даму

процестеріне бағытталып, жан-жақты болып ескерілуі маңызды. Осы әрекеттер арқылы оқушылардың тиімді білім алуына және табысқа жетуіне қолайлы жағдай туғызады. Аталған әрекеттердің барлығы қалыптастырушы бағалау барысында жүзеге асады.

Сонымен, қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалаудың дәстүрлі бағалаудан келесі артықшылықтарын атап көрсетуге болады:

- білім алушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;
- білімге деген ынтасын арттырады;
- білім алушының өзіне деген сенімділігі артып, жауапкершілікті сезінеді.

Оқушының өзін өзі бағалауы дамып, оны тек сабақ барысында ғана емес, кез келген өмірдегі болып жатқан қайшылықтарға өзіндік бағалау жүргізе алатын тұлға қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
2. Современные средства оценивания результатов обучения: Учебное пособие /Сост. Е.В.Телеева - Шадринск: Изд-во Шадрин. пединст-та, 2009.
3. Оценивание учебных достижений учащихся. Әдістемелік нұсқаулық./ Құраст. Р.Х.Шакиров, А.А.Буркитова, О.И.Дудкина.–Б.:«Білім»,2012.– 80б.
4. Фишман И.С., Голуб Г.Б. Формирующая оценка образовательных результатов учащихся: Методическое пособие. - Самара: «Учебная литература» баспасы, 2007. - 244б.

## **БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Умарова Б.Ж.- жаратылыс ғылымдарының магистрі,  
Нариманова А.Ж.-жаратылыс ғылымдарының магистрі  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан–жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр. Адамның үнемі ізденіске, жаңалыққа ұмтылуы ол физиологиялық құбылыс. Ақпараттық–коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс-оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі–педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Ұстаздарға қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті

технологиялардың бірі—ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан кейін АКТ) пайдалану. АКТ-ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

«АКТ құралдары» дегеніміз—микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан-жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық - аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- Интерактивті тақта;
- Мультимедия;
- Интернет кеңістігі;
- Электронды оқулық.

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет: Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру; Баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту; Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу; Оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау). Оң мотивацияларды қалыптастыру—мұғалімнің кәсіби міндеті. Мотив оқушының танымдық қызығушылықтары, жаңа білім, іскерлік, дағдыны меңгерудегі қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Жағымды жағдай туғызу үшін оқушыны коммуникативтілікке бағыттап, сабақта оқушы іс-әрекетін ынталандыратын ерекше сабақ формаларын таңдау керек. Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль - сабақ, саяхат - сабақ және т. б. жатқызуға болады.

Жаңа АКТ-ны сабақта пайдаланудың тиімділігі: оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді; ақыл-ойын дамытады; шығармашылық белсендігін арттырады; ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығын жетілдіреді; жан-жақты ізденушілігін арттырады. АКТ-ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ-ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш -карталарына салып берудің тиімділігін білеміз.

Видео-сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео-сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т.б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта қолдану- бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Әдебиеттер:

1. Нурпеисова Т.Б., Кайдаш И.Н. Информационно-коммуникационные технологии. Алматы: Бастау, 2017
2. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. Москва 2000.
3. Печенкин В.В. Информационные технологии в структуре информационного общества. Саратов, Изд-во СГУ. 2001.
4. Баймұманов Б., Қараев Ж. Дидактические особенности использования информационных технологий обучения//Высшая школа Казахстана–2000

Резюме.В данной статье рассматриваются преимущества применения инновационно-коммуникативных информационных технологии, являющиеся основным фактором повышения качества образования и обучения иностранным языкам. Процесс информатизации общества предстает, таким образом, как совокупность взаимосвязанных технико-технологических, экономических, социальных, политических и духовно-культурных факторов. Эти факторы обеспечивают получение, обмен и применение информации в современном обществе в целях дальнейшего его развития.

## **ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ**

Дауесова А.Ж.-тарих ғылымдарының магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Орал қ.,ҚР

“Құқық негіздері” пәнін оқытудың басты мақсаты — құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғам құру, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді баянды ету, адам құқықтары мен бостандықтарына шынайы кепілдік берудің маңыздылығын ұғындыру, осы мақсатқа жетудегі құқықтық сана-сезімді, құқықтық мәдениетті және құқықтық әдептілікті қалыптастырудың қажеттілігін түсіндіру, оқушыларды елімізде қалыптасып

жатқан құқық жүйесінің қағидаларымен, қабылданған заңдармен, халықаралық және мемлекеттік негізгі құжаттармен таныстыру.

Ол төмендегідей негізгі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- құқықтың әлемдегі елдердің өркениетті заңдылықтарының жетістігі екендігін түсіндіру;

- құқықтық білімдерін басқа пәндерден алған білімдерімен байланыстырып, ғылыми ойлау дәрежесін дамыту;

- құқықтық тәртіпті сақтаудың мәнін ашып көрсету, әрбір қылмыстың міндетті түрде жазаланатындығын түсіндіру;

- шыдамдылығын арттыруға, өзін-өзі сынауға, ар-ұжданын құрметтеуге, өзгенің құқын сыйлауға, заң сыйлағыштық қасиетін дамытуға ықпал ету;

- алған құқықтық білімін өмірде пайдалануға үйрету;

- заңдық ұғымдарды дұрыс пайдалануға, оны түсіндіруге үйрету;

- дүниежүзілік және ұлттық мәдениет жетістіктерін, халықтардың салт-дәстүрлерін, адамгершілік және жалпы адамзаттық құндылықтарын менгертіп, жан-жақты дамуына бағыт беру;

- адамдарды өз іс-әрекетіне, өмір құбылыстарына құқықтық баға бере білуге үйрету;

- өз бетімен шешім қабылдап, өз ойын дәлелдей білуге баулу.

Жалпы білім беретін мектепте оқылатын қоғамдық пәндердің базалық білім мазмұнының негізгі қайнар көздері — заң, философия, саясаттану, тарих, психология, экономика, демография, логика, әдеп, құқық, т.б. ғылым негіздері [1, 58 б.].

Құқықтық білім берудің айрықша көзі — Қазақстан Республикасының Заңы, Президент Жарлықтары, Үкімет қаулылары, Халықаралық ұйымдардың құжаттары және тағы да басқа нормативтік заң актілері.

Қазақстан Республикасы Конституциясы демократиялық, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет құруды жариялады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысын, заңдарын білу әрбір азаматтарының міндеті. Құқықтық мәдениеттің қалыптасу заңдылықтарының сақталуына негіз болды. Ал бұл өз кезегінде қоғамды дамыта түседі.

Қазіргі таңда құқықтық тәрбиелеу деп басты мақсаттарының бірі құқықтану курсының пәні мен негіздерін және оны оқыту әдістемесін айқындап алу болып табылады.

Оқыту барысында заң, философия, саясаттану, тарих, экономика сияқты басқа да ғылымдар мен ұғымдарға тән жұмыс тәсілдерін қолданады.

Бұл күнде Қазақстан Республикасы егеменді, тәуелсіз мемлекетке айналып, өз тағдырын өз қолына алып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 1995 жылдың маусым айында елімізде жаппай құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылдады. Қаулыда құқық пәнін оқуды мектептерде бастауыш сыныптардан бастап неғұрлым кең көлемде енгізу қажеттігі атап көрсетілді. Себебі Қазақстан Республикасы өзін құқықты мемлекет деп жариялады [2, 14 б.].

Ал құқықты мемлекетте заңды, еркіндікті және өз міндеттерін жақсы білетін адам бірінші орында тұру керек. Оқушыларға мемлекет кепілдік еткен құқық пен еркіндіктің мөлшері мен оны пайдалану жағдайларын айқын түсіндіріп, үйрету қажет.

Ондай құбылыстарға қарсы тұрған механизмдер мен әлеуметтік құрылымдардың, полицияның, кәсіподақтың құқықтары мен міндеттерін оқытқан кезде "Қоғамтану" пәні бойынша өткен үндес тақырыптарды игеру кезінде базалық білім ретінде қолданып отыру керек.

Әдебиет пәні бойынша байланыстырылған кезде, негізінен, проза мен поэзия адам құқықтарының бұзылуы мен қорғалуын ашық баяндайды. Оқушылар өз құқықтарын қорғаған кезде ойын толық жеткізу, тіл шеберлігін шыңдау, нақты мысалдарды пайдалана отырып ой сабақтау, тұжырым жасауда әдебиет пен тіл сабағы бірлескен күш-жігер арқылы нақты және көрнекті етуге мүмкіндік тудырады.

Информатика мен шет тілі пәндері оқушылардың құқықтық білімдерінің ауқымын молайтып, еліміздегі қабылданып жатқан заңдарды ғана біліп қоймай, халықаралық деңгейде, интернет арқылы басқа мемлекеттер тілінде құқықтық заңдылықтарды салыстыра отырып, білімдерін шыңдай түсуге жол ашатын негізгі көз болар еді. Бұл аталған пәндермен мұғалім құқықтық білімді қызықты етіп байланыстыра білсе үлкен нәтижеге қол жеткізеді[3, 126 б.].

Интерактивті оқыту әдістері. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегиясы. Сын тұрғысынан ойлау — сынау емес, шындалған ойлау.

Оқушы ұтымды әдістерді пайдалану арқылы өзінің білімге деген ынтасын ұштайды. Таным көкжиегі кеңейеді. Бірте-бірте ұстаз дәрісін тыңдаушыдан белсенді ойлаушы, ізденімпаз шәкірт шығады. Шәкірт жүрегіне жол табу үшін сабақ қызықты әрі ұтымды өтуі керек.

Оқушы ойын дамытудың түрлі тәсілдерін тынымсыз іздеп, сабақта шығармашылықпен айналысу керек. Себебі оқушы тек белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі, жеке тұлға. Ол сын тұрғысынан ойланып, өз ойын дәлелдей білуі қажет.

Оқушыларға еркін ойлауға, өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік беріледі. Көптеген стратегияларды қолдануға болады. «Ой шабуылы», «INSERT», «Вен диаграммасы», «Кубизм стратегиясы», т.б.

"Ой шабуылы" — оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруды басты назарда ұстайды.

Тақырыпты бастамас бұрын оқушылардың осы тақырыпқа қызығушылығын ояту керек. Оқушыларға түрлі проблемалық сұрақтар қойып, қызу талқыға салуға болады. Бұл мағынаны ажырату фазасы — нағыз білімнің шыңдалар шағы.

Бұдан кейін топтастыру әдісін пайдаланып, оны саралау қажет, ол оқу ынтымақтастығын арттырады.

Жеке, жұптық және топтық жұмыс жүргізуге де болады. Еркін жүру стратегиясында оқушылардың бәрі, ең алдымен, ортаға шығып, екі шеңбер құрады. Берілген проблемалық сұраққа жауап беруде шеңбердегілер топтарға бөлініп, өзара пікірлесіп, ортақ шешімге келеді, спикерлер сөз алып, әр топтың шешімдерін талқылайды.

Кубизм стратегиясында оқушыларға тақырып бойынша бірнеше бағытпен жұмыс істеуге тапсырма беріледі. Кубикті ортаға тастап, әр топтың тапсырмасын анықтап алу қажет.

1 топ — зерттендер

2 топ — қолданыңдар

3 топ — суреттендер

4 топ — ойларыңмен байланыстырыңдар

Әр идеяны берілген тапсырма бойынша шағын топ талқылап, пікірлеседі, көшбасшы өз қорытындысын айтады.

Вен диаграммасын құруда белгілі бір тақырыпқа байланысты жинақталған ақпараттарды салыстыра отырып, олардың ерекшеліктері мен өзара ұқсастықтарының аражігін ажырата отырып сызба түрінде ұсынуға болады. Жеке талдау барысында оқушылар тақырыптағы өзекті мәселені табуға, тақырыптың мәнін ашуға, алған білімін жүйелеуге үйренеді. Сабақтың өн бойында оқушылар талдауды, салыстыруды, жинақтауды, пікір бөлісуді жүзеге асырады. Ақпарат алмасу ізденпаздыққа баулиды, оқушының білімді меңгеру сатысынан шығармашылық сатысына дейін көтерілуіне әсер етеді.

Пікірсайыс (дебат). Пікірсайыс — өзінің арнайы құрылымы мен ережесі бар ресми пікірсайыс. Ресми пікірсайыстың қолданыс аясы мен уақыты шектеулі. Ресми пікірсайыс бір проблемадан басталады да, қысқа жай сөйлемдерден тұратын екі жақты дауға ұласады. Әр топ өз көзқарастарының дұрыс-бұрысына қарамай өз бағытын "дұрыс" деп сендіруге тырысады, осылайша өз көзқарастарын дұрыс жүйемен құрып дәлелдеу арқылы

қарсыласының дәлелін жоққа шығарады. Ресми пікірсайыстың ең негізгі ерекшелігі — екі қарсылас топты бір-бірімен белгілі бір ереже мен тәртіпке сәйкес дауластыруы. Екі жақ ресми пікірсайыста әр түрлі ойларды, көзқарастарды айтып қана қоймайды, (себебі ол жеткіліксіз), әрбір жақ өз бағытын қарсыласының бағытымен салыстыра отырып, өз көзқарасын дәлелдеудің жолын тауып, төрешінің оның пікірін колдауына қолайлы жағдай тудырады. Пікірсайыс өмірге, қоршаған ортаға сын кезбен қарауға үйретеді[4, 97,99 б.].

Құқықтық тәрбие беру үдерісіне тоқталатын болсақ, оның мынадай түрлеріне тоқталу керек:

1. Баланың адамға, мемлекетке, Отанға, еңбекке, сұлулыққа, табиғатқа, құқыққа, заңға, ғылымға, т.б. қарым-қатынасына;

2. Баланың адамгершілік, танымдық, эстетикалық, т.б. іс-әрекетіне;

3. Баланың жеке тұлғалық сипатына (белсендігіне, ізденушілігіне, көзқарасына, пікіріне, ерік-жігеріне, басқа да ерекшелігіне);

4. Кешенді тәрбиеге (жеке тұлғалық сипаты ұжымдық тәрбиеге бағытталуы керек) негізделе отырып жүргізілуі тиіс.

Дамыта оқыту әр түрлі тәсілдерді, мадақтауларды, бағалауды жетілдіруді талап етеді. Сабақтың дидактикалық тетігі оқушылардың бақылауы, салыстыруы, жүйелеуі, заңдылықтарды табуы болып табылады. Нақты айтқанда, оқу материалымен жұмыс істеу баланы баурап алатындай ерекше сипатта болуы тиіс. Танымдық іс-әрекет оқытушының емес, оқушының ұйымдастыруында көбірек болуы керек.

Оқыту әдістері тек білімді меңгеруге ғана емес, жеке тұлғаны дамытуға бағытталғаны дұрыс.

Дәстүрлі сабақтармен қатар, "Құқық негіздері" пәнін оқытып, үйретуде мынадай дәстүрден тыс сабақтардағы әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс деп есептелінеді.

Сот сабағын "Құқық негіздері" пәнінде қолдану үшін жасөспірімдердің қылмысына байланысты ситуациялық жағдайды мысал ретінде келтіруге болады. Мысалы, "Қылмыстық құқық" тарауындағы жазаның түрлерін оқып-үйрену үшін мектеп оқушысы біреудің затын ұрлап алған жағдайды баяндай келе, осы жағдайдағы жәбірленуші, күдікті, айыптаушы, сот рөлін оқушылар өздері ойнаса (Қылмыстық кодекстің баптарына сүйеніп), белгілі түрін анықтауға өздері қатысады. Осылайша сот және рөлдік ойын түрінде өткізілген сабақ арқылы жасөспірімдер қолданылатын жазаның түрлерімен танысады.

Рөлдік ойын — бұл оқушылар өздері қоятын шағын қойылым, негізінде ойдан құрастырылады. Оның мақсаты — оқушыларға таныс жағдайлар немесе оқиғаларды жандандыру. Рөлдік ойындар жағдайды жақсы түсінуге және оған тап болған адамдарға жанашырлықпен қарауға шақырады. Мысалы, оқушының тоналғандығы туралы рөлдік ойында жәбірленушінің рөлін ойнай отырып, қылмыс құрбаны болған адамның жан-дүниесін түсінеді.

Мұғалім сабақ барысында мыналарға көңіл бөлуі қажет: рөлдік ойын кезінде іс-әрекетті тоқтатып, қатысушылар мен бақылаушылардан не болып жатқанын сұрайтын қандай да бір қысылтаяң сәт те пайда болуы мүмкін. Мысалы, біреуге қол көтеру (төбелесу) туралы рөлдік ойында оқушылардан олардың мәселені шешу үшін қандай бейбіт жолды ұсына алатындығын сұрап, бұдан кейін қатысушылардан осы ықтимал көріністерді ойнап беруін өтінуге болады.

Рөлдік ойын аяқталғаннан кейін оқушылардың ойынның жай ғана жаттығу емес, танымдық тәжірибе екендігі туралы ойлауы өте маңызды. Рөлдік ойынды жоспарлаған кезде сабақтың мақсаты мен танымдық құндылығын түсіндіру үшін міндетті түрде уақыт қалдырыңыз. Мысалы, егер рөлдік ойын куәгерлер қатысатын "сот залы" болса, сабақтың танымдық құндылығын арттыру үшін оқушылардың үкім шығаруларын сұрап, одан соң үкімді қалай шығарғандарын талқылап, өз бетінше алған білімдерін қорытындылауға жағдай жасауы керек.

Бәрімізде білеміз заман бір орында тұрмайды. Ол алға қарай жылжып, әр түрлі салада технологиялық прогрестер бойымен дамиды. Соған қарап білімде жаңартылып, неше түрлі жаңалықтармен толтырылады. Құқық негіздеріне келсек, бұл салада жаңа заман талабына сәйкес, күннен күнге өзгерістер еніп отырады.

Сондықтан да құқық негіздері пәнін беретін мұғалімге оқушыларға жаңа заман талабына сай, терең білім беру керек. Осы мақсатты талқылап көрейік. Ең алдымен: құқық дегеніміз не? деген сұраққа жауап берейік.

Құқық дегеніміз қоғамда танылған және ресми түрде қорғауға алынған теңдік пен әділеттіктің, еркіндіктегі ерік-ықтиярдың өзара қатынастарында болып жататын күрес тартыстардың реттелуі мен келісім табу нормаларының жиынтығы. Әр адам өмірге келгеннен кейін еркін өмір сүруге, оқуға, жұмыс істеуге, жанұя құруға т.б мақсаттарға жетуге құқығы бар.

Өз мемлекетіміздің мәртебесін көтеру, әрбір адамның абыройы міндеті.

Халықтың болашағы - жастардың келешегіне қамқорлық жасау, мектеп қабырғасынан бастап, өз жөнін таба білуге жол көрсету. Осы бағыт жалпы білім беретін мектептің, екінші басқышында қаланып, үшінші басқышында аяқталды.

Әдебиеттер:

1.Белова В.Б., Северухин В.А. Правовое образование и воспитание будущих учителей.//Советская педагогика, 1986, №7, С.80 – 85.

2.Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана. 26 желтоқсан, 2003.

3.Барихновская Е.Г. и др. Система правового образования в школе. Концепция. М.: 1995.

4.Баймырзаева Р. Жалпыға бірдей құқықтық оқудың өзекті мәселелері. // Қазақстан заңдары. – 1998.- №8,

*Резюме: В статье рассматривается правовое образование и воспитание учеников в школе. В том числе новая система правового образования в школе и методика преподавания основа права и экономики.*

## САЛУ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ ӘДІСТЕМЕСІ

Есетов Е.Н.-магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет, Орал қ.,ҚР

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. Білім беруге заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласы – баса назар аударарлық мәселе.

XXI ғасырда еліміздің болашағын алға қарай жетелеуші ұрпаққа білім беруді қамтамасыз ететін жалпы және орта білім беру саласына түбегейлі өзгеріс, яғни 12 жылдық жалпы және орта білім беру жүйесін енгізу – баса назар аударылған мәселе. Осы мектептің негізінде білім беру мерзімін 12 жылға ұзартса, онда қазіргі кезде оқылып жатқан геометрия пәніндегі стандарт өзгереді. Сол кезде бізгі қазіргі геометрия пәнінде берілген салу есептері күрделендірілетін болады. Сондықтан салу есептерін неғұрлым негізгі жалпы білім беретін мектептерде мағұлмат көп беріліп, есептер молынан шығарылса, онда бізде білім беру үрдісінде 12 жылдыққа алға жылжу қиынға соқпасы анық.

Мектеп геометриясының негізгі материалдарының бірі – геометриялық салулар. Бастауыш сыныптан бастап, кеңістіктің әр түрлі қасиетін сипаттайтын геометриялық абстрак тілі тарауларына дейін фигураларды салу жиі кездеседі. “Салу есептері” тақырыбы бойынша оқулықтарда әдетте қарапайым салу есептерін және олардың шешулерін берумен шектеледі. Мақсат 7-11-сыныптар аралығындағы салу есептерін неғұрлым терең меңгерту, геометриялық салуларды көрсету.

«Есеп» ұғымын анықтауда бірнеше көзқарастар болған. Мысалы: А.Н. Леонтьева есепті – «Субъектіден қандай да бір іс әрекетті талап ететін ситуация» деп анықтайды.

Ал Г.С.Костюк есеп деп «Субъектіден белгісізді, оның белгілі берілгендермент байланысты пайдалану негізінде табуға бағытталған қандай да бір іс әрекетті талап ететін ситуацияны» айтады.

«Есеп» дегеніміз не? деген сұраққа В.Н.Брадис былай дейді: Есеп деп өтілген курстан қандай да бір анықтаманы, текстіні немесе теоремалардың дәлелдеуін, аксиомалар ережелерінің тұжырымдалуын жай ғана қайталап келтіру оған жауап беруге жеткіліксіз болатын кез-келген математикалық сұрақты айтамыз.

Математикалық есеп дегеніміз - математикадағы заңдылықтар ережелер мен әдіс тәсілдер негізінде оқушылардан ой мен практикалық іс-әрекетті талап ететін және математикалық білімдерді меңгеруге оларды практикада қолдана білуге дағдыландыруға, ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ситуация.

Есептің шешуі деп – қажетті логикалық ой тұжырымдауды математикалық түрлендірулерді, есептеулерді және салуларды толықтай жүргізу қортындысында оның сұрағына жауап беруді айтады.

Есептің шешімі болмауы мүмкін, бірақ оның жауабы болады. Әрбір есептің шешімі


- 1) дұрыс
- 2) дәлелденген
- 3) толық болуы қажет

Есептің шешімінде ешбір қателіктер болмас, онда ол дұрыс болып саналады. Есептерді шешімдерінде кездесетін қателіктер әр түрлі болады. Олар шешу процесінде берілетін түсініктемелерде, логикалық ой қорытуда, есептеулерде, түрлендірулерде және тағы басқа болуы мүмкін.

Есептің төмендегі схема бойынша қарастыруға болады.

Есептің сұрақ бөлігінде оның шартының белгілі бір элементтері, не берілгені немесе берілгендердің арасындағы функционалдық байланыс жөніндегі мағұлматтар енуі мүмкін. Кейде есептің мазмұны сұраулы сөйлем ретінде тұжырымдалуы да мүмкін.

Шешу әдістемесі.



Егер фигура әрбір нүктесінің қасиетін көрсету арқылы берілсе, онда оны көрсетілген қасиетті қанағаттандыратын НГО деп, ал берілген қасиетті НГО-н характеристикалық қасиеті деп аталады. Жоғарғыда мысалда АВ кесіндісі р түзуіне

параллель  $\omega$  шеңберінің хордаларының орталарының геометриялық орны болып табылады.

Конструктивті есептерді шешеудің схемасын таңдау әдістемелік сұрақ болып табылады. Геометриялық салу есептерін шешу төмендегі схема бойынша жүргізілгенде ғана дұрыс деп саналады:

1. Берілгендерді таңдауда барлық мүмкіндіктерді қамтитын жағдайлардың ақырлы саны белгіленеді;
2. Әрбір жағдай үшін есептің шешуі болу – болмауы және шешімі болса, олардың саны анықталады;
3. Әрбір жағдай үшін есептің шешімі болса, көрсетілген геометриялық құралдардың көмегімен оларды салу тәсілдері беріледі немесе оның берілген құралдармен салынбайтындығы көрсетіледі.


Күрделі есептерде оны шешудің мүмкін болатын жағдайларын, барлық шешімдерін, шығару тәсілін және т.б анықтау үшін қалай талдау жасау керектігі жөнінде сұрақ туады. Сондықтан күрделі есептер мына схема бойынша есептеледі:

1. *Талдау*
2. *Салу*
3. *Дәлелдеу*
4. *Зерттеу*

Әрине, бұл схема міндетті және өзгеріссіз емес, оның кейбір сатыларын қатаң түрде ажыратып, көрсетілген қалыпта ғана орындау мүмкін бола бермейді. Алайда конструктивті есептерді шешуде бұл схеманың көмегі мол. Енді схеманың әр этаптарына жеке тоқталып өтейік:

1. Талдау. Бұл – салу есебін шешудің ең негізгі және «әзірлеуші» бөлімі, себебі есепті шешудің кілті осында. Талдаудың мақсаты – есептің ізделінді элементтері және берілгендері арасындағы байланысты тағайындау арқылы оның шешу тәсілдерін іздестіру. Оған берілген мен ізделінді фигураларды есеп шартында көрсетінгендей қалыпта орналастыратын көмекші сызба арқылы қол жеткіземіз. Бұл сызбаны «қолдан» сызуға болады. Әдетте, талдау жасау «есеп шешілді делік» деген сөздермен басталады. Көмекші сызбаны, негізінен, берілгендерден емес, ізделінді фигуралардан бастап салған дұрыс. Мысалы, бір төбесінен жүргізілген медиана, биссектриса және биіктігі бойынша үшбұрыш салу керек болса, алдымен кез келген үшбұрыш сызып, содан соң оның есеп шартында көрсетілген сызықтарын жүргізген ыңғайлы. Егер көмекші сызбадан ізделінді фигураны салудың тәсілдері анық көрінбесе, онда ізделіндінің бөлігін немесе оны туғызу кезіндегі қолданылатын қандай да бір фигураны табамыз.

2. Салу. Бұл бөлімде ізделінді фигура шығатындай негізгі салулар (немесе бұрын шешілген, шығарылған есептер) тізімі беріледі. Салудың әрбір қадамы көрсетінген құралдың көмегімен графикалық көркемделім отырылады. Мысалы, көршілес екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрышы бойынша параллелограмм салу есебінің



салу жоспары төмендегіші болады (1 – сурет):

1. кез – келген  $p$  түзуі
2.  $AD \in p$
3.  $\angle DAL = \alpha$  бұрышы ( $\alpha$  - беріген)
4.  $AB \in AL$  кесіндісі (берілге қабырға)
5.  $B$  нүктесі арқылы  $t \parallel p$  түзуі

6.  $BC=AD, BC \in t$  кесіндісі  
 7.  $C, D$  нүктелерін қосамыз

$ABCD$  - ізделінді параллелограмм.

3. Дәлелдеу. Дәлелдеудің мақсаты – салынған фигура шынымен де есеп шартын қанағаттандыратынын көрсету. Салудың әр қадамының орындалатындығын дәлелдеу, көбіне, сөйлем түрінде беріледі. Дәлелдеуде мынаны ескеру керек: талдаудан шығатын салдар дәлелдеудің салдары болып табылады және, керісінше, талдаудың шарты дәлелдеудің салдары болады.

4. Зерттеу. Салу, әдетте, қандайда бір жалғыз шешімін туғызумен шектеледі және ондағы барлық қадамдар орындалады деп есептеледі. Ал есептің толық шешімін табу үшін мына сұрақтарға жауап беру керек:


1. берілген фигуралардың кез – келген орналасуында салу жоспары орындала ма?
2. егер тандалған салу әдісін басқа жағдайлар үшін қолдануға болмаса, ізделінді фигура қалай тұрғызылады?
3. берілген фигуралардың әртүрлі орналасуында есептің мүмкін болатын шешулеріннің саны қанша?

Осы сұрақтардың әрқайсысына жауап беру есепті зерттеу болып саналады. Демек зерттеудің мақсаты - есептің шешілу шартын анықтап, оның шешімдерінің санын табу.

Зерттеу, негізінен, «салу бойынша», «салу барысында» сөздерімен басталады. Бұлай қабылдаудың негізгі мақсаты – салудағы әр қадамға тоқталып, ондағы іс - әрекеттердің әрдайым орындалу – орындалмауын тексеру, егер орындалса, неше әдіспен екендігін анықтау.

Есепті осылайша талқылаудың нәтижесінде берілген тәсілмен ізделінді фигураны салу мүмкіндігі белгілі болады. Бұл жерде «егер салудың қандай да бір тәсілін өзгертсе, есептің жаңа шешулері пайда болмай ма?» деген сұрақ туады. Кейде есептің әрбәр шешуі оның бұрын анықталмаған шешуімен сәйкес келетінін дәлелдеуге болады. Онда зерттеуді ары қарай жүргізіп қажет емес. Ал егер сәйкес келмейтіндігі дәлелденсе, онда басқа әдіспен анықталатын шешулер болуы мүмкін болғандықтан, талдауға қайта оралып, берілген немесе ізделінді фигуралардың орналасуының басқа жағдайлары қарастырылады. Ал есеп айтарлықтай жеңіл болғанда, кейбір сатылар, мысалы талдау немесе зерттеу қарастырылмайды.

$DN$  түзуі  $\omega$  ( $A, AP$ ) шеңберімен екі нүктеде қиылысады, себебі ол шеңбердің ішіндегі  $D$  нүктесі арқылы өтеді. Сонда көрсетілген салу жоспары бойынша шешілген есептің міндетті түрде шешімі болады.



Есеп:  $h_c, h_g$  биіктіктері және  $m_a$  медианасы бойынша үшбұрыш салыңыз.

Шешуі: Талдау: Айталық,  $ABC$  – ізделінді үшбұрыш (3 - сурет),  $AD = m_a, CH = h_c, BL = h_g, AC$  табанына  $DF$  перпендикулярын жүргізсек,  $DF = \frac{h_g}{2}$  ( $D$  – медиананың табаны болғандықтан). Олай болса,  $AFD$  тікбұрышты үшбұрышын  $AD = m_a$  гипотенузасы,  $DF =$

$\frac{h_c}{2}$  катеті бойынша сала аламыз. Дәл осылайша  $DK = \frac{h_c}{2}$  катеті мен  $AD$  гипотенузасы арқылы  $ADK$  тікбұрышты үшбұрышы тұрғызуға болады. Олай болса, ізделінді үшбұрыштың  $BAC$  бұрышы анықталады.

Салу: 1)  $AFD$  тікбұрышты үшбұрышы ( $AD = m_a, DF = \frac{h_g}{2}, \angle DFA = 90^\circ$ )

2)  $ADK$  тікбұрышты үшбұрышы ( $AD = m_a, DK = \frac{h_c}{2}, \angle DFA = 90^\circ$ )

3)  $[FD)$  сәулесіне  $FE = h_g$  кесіндісі

4)  $E$  нүктесі арқылы  $l \parallel AF$  түзуі

5)  $l \cap [AK) = B$  нүктесі

6)  $BD$  түзуі

7)  $BD \cap [AF) = C$  нүктесі

$\triangle ABC$  - ізделінді.

Дәлелдеу: Салу бойынша  $DF = \frac{h_g}{2}$ , онда  $EF = h_g$ . Бұдан  $DE = DF = \frac{h_g}{2}$ . Онда  $\angle BED = \angle DFC = 90^\circ$  екенін ескерсек,  $\triangle DEB = \triangle DFC$ . Олай болса,  $BD = DC$ , яғни  $AD$  - медиана және салу бойынша  $AD = m_a$ .  $B$  нүктесінен  $AC$  табанына  $BL$  перпендикулярын түсірсек,  $BL = EF = h_g$ . Айталық  $CH \perp AB$ , онда  $CHB$  үшбұрышында  $DK$  кесіндісі ( $K \in AB$ ) орта сызық болады. Ал салу бойынша  $DK = \frac{h_c}{2}$ . Бұдан  $CH = DK = h_c$ .

Зерттеу: Салу жоспарының 1) және 2) қадамдарындағы  $ADF, ADK$  үшбұрыштарын салу

$$m_a > \frac{1}{2}h_g, m_a > \frac{1}{2}h_c$$

теңсіздіктері орындалғанда ғана мүмкін болады. Ал, 3) – 7) салу қадамдары әрқашан орындалады. Олай болса, бір уақытта  $h_g < 2m_a$  және  $h_c < 2m_a$  теңсіздіктері орындалғанда есептің жалғыз шешуі бар. Басқа тәсілмен шешкенде өзге шешім шығуы мүмкін емес,

себебі  $m'_a = m_a, h'_c = h_c, h'_b = h_b$  теңдіктерімен

$$\triangle ABC = \triangle A'B'C'.$$

Нәтижеге бағдарланған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне көшу мамандарды даярлауды ұйымдастырудың мазмұны мен технологияларын, мақсаттар проблемаларын өзектендіреді. Болашақ мұғалімдер математиканың жалпы заңдылықтары, әдіс-тәсілдерімен қатар есеп шығарудың жолдарын білуі керек, ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару қажет.

Геометрия пәнінде осы тақырыпқа берілген сағат санының аз берілуі және тапсырма түрлерінің аз берілуіне байланысты оқушылар өз беттерімен салу есептерін орындауда қиыншылықтарға кездеседі.

Баяндаманы бір данышпанның «Рухтың ең жоғарғы көрінісі – ақыл-ой, ақыл-ойдың жоғарғы көрінісі – геометрия» деген сөзімен қорытындылаймын.

Әдебиеттер:

1. Атанасян Л.С: Аналитическая геометрия. М. «Просвещение», т.1, 1967, т.2, 1970.
2. Атанасян Л.С. Геометрия. М. «Просвещение», ч.1, 1973.
3. Шыныбеков Ә.Н. Геометрия. Алматы «Атамұра» 2007.
4. Баймуханов. Математика есептерін шығаруға үйрету, «Мектеп», 1983
5. Базылев В.Т. Геометрия. А. «Мектеп», ч1, 1979.
6. Бегеева А.И., Планиметрияның дәлелдеу есептері: оқу-әдістемелік құрал. – Орал, 2009.

7. Василевский А.Б. Методы решения геометрических задач. М.Н., «Вышэйшая школа», 1969.
8. Громов А.И., Савчин В.М. Пособие-репетитор по математике Р. «Феникс», 2001
9. Гусев В.А. Практикум по решению математических задач. Геометрия 1985.
10. Дидактические материалы по геометрии для 7 кл. Алматы «Мектеп», 1974
11. Юсупов Ж., С.Зәуірбеков. Геометрия. Алматы «Мектеп» 2004
12. Жұбаев Қ. Геометрия пәнін оқыту әдістемесі
13. Погорелов А.В. Аналитическая геометрия. М «Наука», 1968.
14. Қаниев С., Математикадан таңдамалы есептер. Алматы «Рауан», 1993,
15. Математика-физика журналы, №4, 23-бет, 2006.
16. Абылайханов Т.Т., Математика есептері. Алматы, «Рауан». 1995
17. Энциклопедия: Математика. М. «Большая Российская энциклопедия», 2003.

## **ОБ АКТУАЛЬНЫХ СПОСОБАХ ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ -БИЛИНГВОВ РУССКОЙ ЛЕКСИКЕ И ФРАЗЕОЛОГИИ**

Ибрагимова З.Ш.-учитель русского языка и литературы  
СШ Шайкорык, с.Шайкорык, Жамбылский район. РК

Сегодня в нашей стране активно идет формирование национального кода модели казахстанского образования в рамках доктрины «Рухани жаңғыру», создается парадигма модернизации науки и образования в рамках глобализации. Современные педагоги и методисты высказывают свои мнения с целью актуализации новых педагогических идей. В своей статье мы хотим поделиться своими актуальными соображениями в рамках современного подхода.

Основа речевой коммуникации – совершенствование лексического запаса человека и функциональная грамотность.

Освоить уже в детском возрасте такой же объем лексики на неродном языке, как и на родном, - сложная практическая задача, решение которой облегчается при погружении ребенка в языковую среду. Эти сложные вопросы решаются методистами уже в дошкольных учреждениях. Но, как показывает опыт, в вуз часто приходят студенты со слабым владением русским языком. Потому уже в младшей школе необходимо уделять очень много внимания вопросам обучения лексике и фразеологии русского языка.

Тем не менее, отбор слов не должен носить хаотичный характер: в словарь необходимо включать те единицы, которые актуальны для полноценной жизни и благополучного эмоционального психофизического развития ребенка. Усвоение большого числа слов растянуто по времени, происходит постепенно, начинается с наиболее употребительных, постепенно усложняющихся по форме (прибавляются приставки, суффиксы) слов. Наиболее рациональный путь – введение слов не по одному, а ассоциативными блоками, потом организуется тщательная работа по запоминанию, узнаванию, отождествлению, закреплению, вызыванию из памяти, употреблению лексических единиц. Группируются слова как по смыслу, так и по тематико-ситуативному принципу, по употреблению в речи. Авторами книги «Многоязычие в детском возрасте» [1,219] предлагается следующим образом связать с рядами слов лексическую единицу мяч:

- 1) *кукла, машина, мишка, пирамидка* – как игрушка;
- 2) *шар, шарик, круг, колобок, солнце* – по форме;
- 3) *играть, бросать, кидать, ловить, поймать, катить, надувать, ударять по...* – по действию, которое можно совершать с мячом;
- 4) *лететь, прыгать, стучаться, ударяться, отскакивать, катиться, лопнуть* – по действию, которое совершает сам мяч;
- 5) *круглый, синий, разноцветный, кожаный, резиновый, футбольный, маленький* – по

признакам мяча;

б) *волейбол, футбол, баскетбол, поло, латта, регби, гандбол* – по названию игр, где нужен мяч.

Кроме того, мяч, как и многие другие вещи можно *помыть, запачкать, кутить, подарить, нарисовать, положить, спрятать, взять* и т.д.

Итак, при работе над словарем актуальны такие принципы:

1) следует усваивать все самые употребительные случаи использования конкретного слова;

2) следует работать над словами с учетом их реальной связи друг с другом.

Вот, к примеру, как эти принципы позволяют отобрать прилагательные для активного. «В речи нерусского ребенка, слабо владеющего русским языком, набор используемых прилагательных, как правило, небольшой; они обозначают, в основном, качества и свойства предметов»[2,29].

1) качества: *добрый – злой, веселый – грустный;*

2) форма: *большой – маленький, высокий – низкий, длинный – короткий, толстый – тонкий;*

3) названия цветов: *белый, красный, темный – светлый;*

4) состояние: *холодный – теплый – горячий – жаркий, сухой – мокрый, новый – молодой – старый, чистый – грязный;*

5) вкусовые качества: *сладкий – соленый – кислый – горький;*

6) материал: *деревянный, металлический – пластмассовый;*

7) другие свойства и качества: *пушистый – колючий, ровный – неровный, тяжелый – легкий, твердый – мягкий.*

Как видим, прилагательные, в основном, вводятся попарно, в сопоставлении. На занятиях они могут быть наглядно продемонстрированы: *длинный – короткий* (путем измерения), *сладкий – соленый* (пробуя на вкус), *тяжелый – легкий* (поднимая предметы) и т.д.

Вводимые прилагательные соединяются с большим количеством определяемых слов, «проигрываются» в значимых для детей ситуациях. Например, все дети любят говорить по телефону. Эту ситуацию можно использовать при работе над словарем, попросив: а) назвать цифры номера; б) сымитировать короткие (*дзинь*) и длинные (*дзиининнь*) гудки; в) проделать необходимые действия (брать – класть трубку, здороваться – прощаться, представляться – спрашивать, кто звонит, передавать информацию, просьбу, приглашение и т.д.).

«Естественно, что наиболее оптимальным в обучении лексики признается не механическое заучивание слов, а связь лексики с личным опытом, воспоминаниями, эмоциями обучаемых, что позволяет сделать возможным чтение детской литературы»[2,45].

В тексте слова варьируются, меняют грамматическую форму, приобретают новые значения, в том числе - переносные. В целом, на протяжении всего периода обучения словарь детей достаточно подвижен, характеризуется переходами, контактами между активным и пассивным запасом, значение слов то расширяется, то сужается, то переносится на новые или нетипичные ситуации; многие слова входят в обиход в иной, чем словарная, форме: так, первичным в усвоении может оказаться слово с уменьшительно-ласкательным суффиксом (*домище, столик*).

В основе методики работы над русской лексикой лежат общеметодические принципы работы с детьми:

- активное общение;
- игра;
- занимательность;
- наглядность;
- цикличность, повторяемость;

- систематичность;
- гибкость, доступность, вариативность [2,87] ;
- а также специальные методические принципы:
- отбора языкового материала на основе его частотности, доступности, тематической содержательности, представленные в повседневном общении;
- опоры на родной язык и культуру; взаимообогащения языков и культур;
- индивидуального учета уровня языкового и речевого развития обучающегося;
- использования игровых методик обучения общению на неродном языке: манипулятивные, конструкторские, настольно-печатные, ролевые, театрализованные, фольклорные и др. игры [2,97] .

Формирование фразеологического словаря на неродном языке идет параллельно с формированием лексического запаса, но менее интенсивно, в основном - за счет тех устойчивых единиц, которые совпадают в родном и изучаемом языках по словарному составу, грамматической структуре, стилистической окраске. Не будучи включенными в активный словарь, они могут использоваться в оценочных репликах преподавателя: *как снег на голову, светлая голова, золотое сердце, мастер на все руки, махнуть рукой* и ряд других.

Известно, что фразеологизмы нередко используются при характеристике человека: *делает из мухи слона; не любит, когда глядят против шерсти; встал не с той ноги* и т.д.

Вместе с тем, есть фразеологизмы, в которых отражены ситуации, по-разному осмысленные различными народами: так, в случае, когда русские употребляют выражение *заваривать кашу, расхлебывать кашу*, к примеру, поляки используют сочетание *варить пиво, выпить пиво*; если о везучем человеке носитель русского языка скажет *родился в сорочке*, англичане употребят *родился с серебряной ложкой во рту*, вьетнамцы – *родился в шелку и бархате*, поляки – *родился в чепчике* (совпадает, однако, в языках выражение *родиться под счастливой звездой*).

Аналогом русского фразеологизма *у него не все дома* в немецком языке будет *у него не хватает чашек в шкафу*; о высоком человеке русский скажет: *коломенская верста*, американец: *жердь для фасоли*, индеец: *кокосовая пальма*; бесполезность деятельности отражена в русской фразеологической традиции пословицей: *В Тулу со своим самоваром не ездят*, в венгерской – *Возить воду в Дунай* и т.д.

Разное ассоциативное мышление и построение национально-ориентированных ассоциативных рядов отразились и в русском языке на различных сферах деятельности человека, в том числе на уходящих в историческое прошлое ремеслах: *бить баклуши* значило разбивать на куски полено, т.е. делать бесполезную работу, бездельничать; *тянуть канитель* говорили об изготовлении золотой и серебряной нитей, о работе, выполнявшейся долго, не имеющей точных сроков окончания.

Все эти примеры подтверждают мысль как о необходимости сопоставлять фразеологизмы в разных языках для прочного их усвоения, так и об обязательной семантизации устойчивых единиц русского языка.

Неносителю языка трудно употреблять фразеологизм без осознания его значения. Толкование, страноведческий комментарий, анализ компонентного состава должен сопровождать закрепление данных единиц: например, фразеологической единице *семи пядей во лбу* может быть предпослан комментарий о том, что *пядь – самое большое расстояние между большим и указательным пальцами*; фразеологическая единица *косая сажень в плечах* использует ушедшее из активного словаря слово *сажень – расстояние от большого пальца правой ноги до кончиков пальцев поднятой вверх левой руки (примерно 2,5 метра)* – таковы были представления наших предков о человеке богатырского сложения. Анализ подтверждает, что употребление фразеологизмов возможно в случае четкого представления об их значении, стилистической принадлежности, ситуативной отнесенности.

Ни педагог, ни учащиеся не должны «засушивать» свою речь, акцентировать внимание лишь на правильной грамматике. Средством придания речи выразительности являются цитаты, крылатые выражения, афоризмы (от греч. *крылатое изречение*). Они, бесспорно, пригодятся в повседневной речи изучающего русский язык: *Миру мир!* (лозунг); *Без книг нет знаний* (А. Лобачевский); *В спорах рождается истина* и др. Так же как и фразеологизмы, они могут быть национально обусловлены, поскольку отражают обряды, традиции народов России, их наблюдения за жизнью: помимо крылатых выражений (*в Европу прорубить окно*) в словарь учащегося входят приметы *сухой март и мокрый май делают хлеб добрым, есть еще порох в пороховница*» (Н.В. Гоголь), каламбуры *молодая была уже немолода* [И. Ильф и Е. Петров]. Не все фразеологизмы и крылатые выражения требуется давать на начальных этапах обучения русскому языку, это задача продвинутых этапов, когда учащиеся накапливают достаточный лексический материал. Однако есть некоторые исключения, к примеру, фразеологизмы, имеющие воспитательно-педагогическое значение: *Повторение – мать учения, Делу время – потехе час, Без труда не вытащишь рыбку из пруда* – следует вводить в активный обиход как достаточно употребительные оценочные выражения в речи носителей русского языка.

Литература:

1. Выготский Л.С. Мышление и речь // Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. — М., 1996. - 392с.
2. Бабровская Г.В. Обогащение словаря обучающихся. М., 2002, 294с.  
*Резюме: Бұл мақала орыс тілі лексикасы мен фразеологиясын екітілді білімгерлерге оқытудың актуалды әдістеріне арналған.*

## **ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫП ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Калиева Ж.А. - оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш – жігерін, саналы әркеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сәйкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуға да тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, студенттердің өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын студент етіп даярлау қажет болып отыр.

Студенттің өзіндік жұмысы – болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Қазіргі таңда сай өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.

Студенттің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі[1].

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарының бір жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында әрбір курста оқытушылардың басшылығымен студенттер жаттығуларды өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады.

Студенттердің өзіндік жұмысы болашақ маманның шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор.

Оқытушының сабаққа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай студенттің әрекетіне мән беруі тиіс.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру-өте күрделі мәселе. Сондықтан студенттердің өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек.

Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалу керек:

-Студенттерге өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру.

-Студенттердің өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1. Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;
2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы;
3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;
4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады.

Студенттің өзіндік жұмысы- кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс- студенттің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы-оқыту жұмысының әдісі және оқушылардың жеке деңгейі болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында студент білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек студенттердің танымдық қызметін ұйымдастырады және бақылайды. Сондықтан студенттің өзіндік жұмысы- оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анықтайды.

Сонымен қатар, студенттердің өзіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс-студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Студенттің өзіндік жұмысы ұйымдастыру жоғарғы оқу орындарындағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп, жүзеге асады.

Студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, студенттің өзіндік жұмысының формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты.

Өзіндік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және студенттердің дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы- осы жұмыстың белгілері болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын негізі мен міндеттерін атап өткен жөн болар.

1. Студенттердің дербестік қабілетін мейлінше арттыру.
2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.
3. Студенттерге оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
4. Таным ақыл-ой қабілетін дамыту.

Сонымен, өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаны сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді [2].

Ұлтты ұлт етіп дүниежүзілік деңгейге көтеретін оның саналы да дарынды ұрпағы. Еліміздің ертеңінің тізгінін ұстар азамат, «жеті жұрттың тілін ұғып, жеті түрлі білім жинаған» жетілген тұлға, Отанын ғаламдық дамудың көшінен қалдырмай өрге шығарар қажырлы қайраткер тәрбиелеу саласындағы өте қиын міндет мектепке жүктеледі. Бәсекеге қабілетті ел болу, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру мемлекеттік масштабтағы мәселе, алайда осындай үлкен мәселенің шешілуі мектептен бастау алып жоғары оқу орындарында жүзеге аспақ. Елімізге білімді, білікті, өз ісін сүйетін, еңбек сүйгіш мамандар қажет. Себебі, кадрлар сапасы көтерілмей еш сала жетістікке жетпейді. Мамандарымыздың құзыретті, білімді болуы тікелей оның сол мамандықты қалай игергендігі, қандай деңгейде меңгергендігі, мамандығына деген қатынасы, кәсіби мәдениеті, жеке бас тәрбиесі мен кәсібіне деген сүйіспеншілігіне байланысты.

Бұл мәселелерді шешуде өзіндік жұмыстардың маңызы орасан зор.

Әдебиеттер:

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004
2. Исмаилова Р. Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп - №5,6-2012, Б.36-37.

## **ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМУ**

Бегайдарова К.Д.-аға оқытушы,  
Ихсанова С.А.-магистр

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Оқыту формасы адамзат қоғамының дамуымен бірге қалыптасты. Педагогикада оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:

1) пассивті – білім алушы оқытудың «объектісі» рөлін атқарады (тыңдау және көру);

2) активті (белсенді) – білім алушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, зертханалық-практикалық жұмыс);

3) интерактивті – inter (өзара), акт (әрекеттесу). Оқыту процесі оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады.

Неміс педагогі А.Дистерверг өзінің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінде «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді», - деген. Яғни, білім алушының өзін

жан-жақты ізденуге жетелейтін оқытудың жаңа технологияларының бірі-интерактивті оқыту әдісі. «Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді. Білім берудегі интерактивтік технология - бірін-бірі толықтыратын және барлық білім алушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту технологиясы.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану – өмірлік ситуацияларды модельдеудің рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны (яғни, жақсы оқытындарға ғана назар аудару сияқты) ерекшелеуді шектейді. Бұл модельге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.

**Интерактивтік оқыту технологиясы** – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне білім алушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

**Интерактивтік оқыту технологиясы:** Жұптасып жұмыс істеу, ауыспалы үштік, айналмақ, шағын топтармен жұмыс, аквариум, аяқталмаған сөйлем, миландыру (миға шабуыл), броундық қозғалыс, есептеу ағашы, өз атынан сот, азаматтық тыңдау, оелдік (іскерлік) ойын, сығымдау әдісі, өз позицияңды ұстан, пікірталастар.

Әр оқытушы өз бетінше топпен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады. Білім алушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін жұптасып жұмыс істеу әдісі сабақтарда жиі қолданылады. Студенттерге «Айналмақ» деп аталатын жұмыс түрі қатты ұнайды. Бұл әдісте екі сақина жасалады: ішкі және сыртқы сақиналар. Ішкі сақина – бұл қозғалмай отырған оқушылар. Сыртқы сақина – бұлар әрбір 30 секунд сайын ауысып тұрады. Осылайша, олар бірнеше минутта бірнеше тақырыпты айтып шығады және әрқайсысы өз сөзінің дұрыстығына әңгімелесушінің көзін жеткізуге тырысады.

Аквариум технологиясының мәнісі сонда, бірнеше оқушы шеңбер ішінде жағдаятты жасырады, ал қалғандары оларды бақылап тұрып, әрекеттеріне талдау жасайды.

Броундық қозғалыста студенттер бүкіл аудитория ішінде қозғала жүріп берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды.

Есептеу ағашы – студенттер сандары бірдей 3 немесе 4 топқа бөлінеді. Әр топ өз сұрақтарын талдап, ағаштың өздеріне тиісті тармағына (ватман парақ) жауап жазады, содан соң топтар орындарын ауыстырып, көршісінің ағашына өз идеяларын жазады. Оқытушы мен студенттің интерактивтік шығармашылығы шектелмейді. Оны қойылған мақсатқа дұрыс бағыттап білудің маңызы зор. Бүгінгі шығып жатқан әдістемелік инновациялар оқытудың интерактивтік әдісімен байланыстырылған.

**Интерактивтік оқыту** – бұл, ең алдымен білім алушы мен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интерактивтік оқытудың мәнісі топтағы барлық студент таным процесімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным процесінде, оқу материалын игеруде, студенттердің біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр студент өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл процесс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық процеспен өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді. Оқыту барысында кем дегенде мазмұндық (нені оқыту), процессуалдық (қалай оқыту), мотивациялық (студенттер әрекетін қалай белсенді етуге болады) және ұйымдастыру (студент пен оқытушы әрекетінің құрылымын қалай жасау керек) жағын бөліп қарауға болады және олардың әрқайсысына бірқатар концепция сәйкес келеді:

**Мазмұндық жағына** – мазмұнды қарым-қатынас, оқу материалын күрделендіру, оқу пәндерін кірістіру, дидактикалық бірліктерді ірілендіру және т.б;

**Процессуалдық жағына** – бағдарламалау концепциясы, проблемалық, интерактивтік оқыту және т.б;

**Мотивациялық жағына** – оқу барысын мотивациялық қамтамасыз ету концепциясы, танымдық қызығушылық қалыптастыру және т.б;

**Ұйымдастыру жағына**– гуманитарлық педагогика идеялары, педагогикалық еңбектестік концепциясы, орталықтандырылған оқыту және т.б. сәйкес келеді. Осы концепциялардың бәрі өз кезегінде технологиямен қамтамасыз етіледі. Мысалы, проблемалық оқыту концепциясы: проблемалы-сұхбаттасып оқыту, проблемалы-тапсырмалық, проблемалы-алгоритмдік, проблемалы-модульдік, проблемалы-компьютерлік оқыту.

Оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр студенттің жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара әрекеттесу барысында жүзеге асады. Осы концепцияны жақтаушылардың ойынша, осындай ситуацияның жиі қолданылатыны және ыңғайлы түрі оқу ойындары болып табылады. М.И.Кларин, Ю.С.Тюников және басқалар ойындардың білім беру мүмкіндіктерін зерттеген: ойындар педагогикада оқытудың (білім, білік, дағды) қолданылуын, жаттығу мен өңделуін, әркімнің мүмкіндігін ескеруді, білім деңгейі әртүрлі оқушыларды ойынға тең дәрежеде қатыстыру нәтижелерін көрсететін мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойындарда барынша эмоциялық-тұлғалық әсер ету, коммуникативті біліктілік пен дағды қалыптастыру, қарым-қатынас құндылығы сияқты мүмкіндіктер бар. Сондықтан оқу ойындарын қолдану студенттердің жеке және тұлғалық сапаларын қалыптастыруға қолайлы. Интерактивті оқыту технологиясын қолданатын оқыту процесінің құрылымында мына кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

1. **Бағыттау.** Ойынға қатысушылар мен эксперттерді дайындау кезеңі. Оқытушы жұмыс тәртібін ұсынады, студенттермен бірге сабақтың басты мақсаты мен тапсырмаларын жасайды, оқу проблемасын құрастырады.

2. **Ойын-сабақты өткізуге дайындық.** Бұл жағдаят, нұсқаулар, қойылымдар мен басқа да материалдарды оқыту кезеңі. Оқытушы сценарий жасайды, ойын тапсырмаларына, ережесіне, ойын бөлімдеріне, ұпай санау тәртібіне (ойын таблосы құрылады) тоқталады. Студенттер қосымша ақпарат жинайды, оқытушымен ақылдасады, ойын барысы және мазмұны туралы өзара талқылайды.

3. **Ойынды өткізу.** Бұл кезеңде ойын процесінің өзі жүзеге асады. Ойын басталғаннан кейін ешкімнің оған араласуға және бағытын өзгертуге қақысы жоқ. Тек жүргізуші ғана қатысушының әрекетін бағыттап отырады, егер ол бастапқы мақсаттан ауытқып бара жатса, мұғалім ойынды бастағаннан кейін аса қажет болмаса оған қатыспауы керек. Бұл жерде оқытушының міндеті: ойын әрекеттерін, нәтижелерін, ұпай санауды бақылау және түсініспеушілік болған жағдайда түсіндіру, студенттердің сұрағына жауап беріп немесе өтініші бойынша оның жұмысына көмектесу.

4. **Ойынды талқылау.** Ойын нәтижесін талдау, талқылау және бағалау кезеңі. Оқытушы талқылау жүргізеді, қатысушылар өз пікірлерін айтады, өз позицияларын және шешімдерін қорғайды, қорытынды жасайды, таңғалыстарын айтады, ойын барысында туындаған қиындықтары, идеясы туралы әңгімелейді. Интерактивті оқыту технологиясын пайдалану әр білім алушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады: оқытушы- студент, оқытушы- топ, студенттер- топ, студенттер-студенттер, топ-топ, топ-студент), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді. Бүкіл оқыту барысында оның әртүрлі жақтарын қамтамасыз ететіндей бір мезетте бірнеше технология қолдану керек. Интерактивті оқытудың басты мақсаты – студенттерді өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Интерактивті әдісті белсенді қолданатын оқытушылар дәл осы өзара қатынас үрдісінде білім беру нәтижелі болады деп сенеді. Бұл мынандай себептерге байланысты:

- Білім алушылар ақпарат алып қана қоймай, шешімді табу жолы мен шешімнің дұрыстығын немесе бұл ойдың ұсынылған нұсқаларының ішіндегі ең жақсысы екендігін қисынды түсіндіре білулері және өз ойларын дәлелдеулері керек;

- Қисынсыз құрылған шешімдер дау туғызатынын білетіндіктен студенттер өздерінің идеяларын терең талқылайды;

- Студенттер мәселесін шешу барысында өздерінің және басқалардың тәжірибелерін қолданады. Мұндай жалпы білім қоры жеке студенттің біліміне қарағанда молырақ келеді.

Жұптасып немесе шағын топпен жұмыс істеу қарым-қатынасының артықшылығы:

- студенттер топ алдында айта алмағандарын немесе тек оқытушыға айтатын ойларымен шағын топтарда өздерінің құрдастарымен бөлісе алады;

- студенттер өздерінің жеке пікірлерінен өзге жақсы пікірлердің де бар екендігін біледі.

Тек ақпарат беріліп, оны талқыға салмай, бірден жаттығуға көшетін топтарда оқытушының сөзі студенттердің есінде нашар сақталады. Сонымен қатар, мұндай жағдайларда студенттер көбіне құнды ресурстарды, яғни студенттердің идеяларын пайдалануға мүмкіндік берілмейді. Зерттеулерге сүйенсек, біз істеген нәрсеміздің 80%-ын, оқығанымыздың 20%-ын, ал естігеніміздің 10%-ын есте сақтайды екенбіз.

Қорытындылай келе тәжірибе арқылы шеберлікті шындай отырып, біз ақпаратты өңдеп қайтадан әрекетке айналдырамыз. Осы үрдіс барысында біз ісімізге қисынмен терең үнілеміз. Біз студенттерге дайын жауаптарды бергенде, олардың белсенділіктерінің деңгейі аса жоғары болмайды. Ал бізге өз идеямызды іске асыруға және қорғауға тура келетін болса, ойлау белсенділік деңгейі бірден өседі.

Әдебиеттер:

1. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. - Алматы, 1998.
2. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы, Білім. 2011.
3. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. - М.: Народное образование, 2008.
4. Попков В.А., Коржуев А.В. Дидактика высшей школы. - М., 2009
5. Педагогика профессионального образования. Под редакцией В.А. Сластенина. - М., 2016.

*Резюме: В данной статье рассмотрена эффективность интерактивных методов обучения в развитии познавательной деятельности обучающихся.*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бисенова Г.Т.-аға оқытушы,

Тажбаева Д.Т.-ветеринарлық ғылымдарының магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Оқыту үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды заман талабына сай енгізу білім беру міндетті. Студенттердің өзіндік жұмыстарының ішкі мазмұны – мұғалімнің қатысуынсыз немесе көмегінсіз дайындалуына студенттің мүмкінлігі болуы керек. Студенттің теориялық білімі мен зертханадан алған тәжірибесін өздік жұмыста ұштастыра алуы керек.

Студенттерді кредиттік оқу жүйесіндегі модульдік технология арқылы оқыту дидактикасын жасаудың маңызы өте зор. Дидактиканы жетік меңгерген жеке тұлғаның ой-санасы қоғамдық талаптар деңгейінде іс-қимыл көрсетіп, қиындықтар мен бөгеттерден өтуде біліктілік пен табандылықтың үлгісін болып саналады.

Кез келген елдің экономикалық және саяси тәуелсіздігі халықтың жалпы білімі мен кәсіптік деңгейіне байланысты. Студенттердің өзіндік жұмысы жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси көзқарасын дамытып, дүниетанымының аясын кеңейтетін маңызды факторлардың бірі және жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін айқындауда, сондай-ақ қоғамда саяси келісім мен ішкі тұрақтылықты орнықтырып, саяси құрылымды дамытуда маңызы зор.

Әлеуметтік тәжірибені, ақпараттарды игеруде, ұрпақтар арасындағы рухани құндылықтардың бір-біріне берілуін сақтауда, тұлғаның әлеуметтік мәртебесін көтеруде – білімнің орны ерекше.

Қазіргі білім – азаматтық қоғамдағы әлеуметтік талаптарға бағытталған жан-жақты құбылыс және оқыту, тәрбиелеу түріндегі педагогикалық әрекеттің тұтас жүйесі.

Бүгінгі күні бүкіл дүние жүзілік білім беру тәжірибесіне жүгінетін болсақ, жылдам қарқынмен оқыту үрдісінің сапалы да жемісті жолы - аудиториялық сабақтардың көлемін тиімді қысқарту арқылы, студенттердің өздік жұмыстарына уақытты көбірек беріп, олардың шығармашылық қабілетінің өсуіне әсері жоқ оқу пәндерін барынша азайту. Және де оқу жылының барысындағы студенттердің уақытының дұрыс бөлінуіне ерекше көңіл бөлу керек. Себебі семестрдегі жүйесіз берілген өзіндік жұмыстар сессия кезіндегі «үлгермеушілікке» және білім сапасының төмендеуіне әкеліп соғады. Осыған байланысты, өздік жұмыстарын орындау үшін әр студентті оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етіп, семестрдің басында дұрыс тапсырма беру керек. Соған байланысты әр тапсырманың ұйымдастыру-әдістемелік материалдары болуы тиіс.

Студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы келесі элементтерден тұрады:

- студенттердің өздік жұмыстарын жоспары;
- студенттердің өздік жұмыстарының мақсаты;
- студенттердің тапсырманы орындауы.

Әр оқу пәнінің жұмыс бағдарламасында студенттердің өздік жұмыстарының жоспарланған тапсырмалары, мерзімі, бақылау уақыты және презентация жасау, курстық, семестрлік, есепті-графикалық және басқа да жұмыстар міндетті түрде кіргізіліп көрсетілуі керек. Студенттердің өздік жұмыстарының түрлерін таңдау үшін оқу пәнінің мақсатын, оқушының дайындық сатысын, студенттердің өздік жұмыстарына бөлінген сағаттардың санын ескерген жөн.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарын тексерудің қарапайым және қолайлы түрі – презентация жасау болып саналады немесе белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Мысалы, студенттердің орындаған «баяндамасын», жасаған «семестрлік, курстық жұмыстарын» әдеттегідей қабылдай салмай, әр-түрлі ғылыми пікірталас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді.

Кейбір инженерлік қызметтің негізгі мазмұны жобалық-конструкторлық және жобалық-технологиялық құралымнан тұратыны мәлім. Студенттердің өзін бағалай және қадағалай білуі, өзіне баға беруді қалыптастыратын белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл. Әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар - студенттердің өз күштеріне сенімділігін және жауапкершілігін арттыратын, өзіндік баға беру қабілетін қалыптастыратын оқыту түрі болуы керек.

Өзіндік жұмыстың мазмұны - әрбір студенттің өсуі мен жетілуі, оқыту барысында табысты болуы үшін, оқытушы олардың әрқайсының қабілетіне байланысты бейімделген болуы керек. Қайталап айтатын болсақ, оқыту талабына сай, студенттердің өздік жұмыстарына көбірек уақыт беру арқылы оқушының өздігінен ойлау қабілетін кеңейтіп, ізденісін арттыратын әдістеме керек.

Білім беру барысында мұғалім студенттің пәнге деген қызығушылығын тудырып, одан қанағат алатындай жағдай жасауы керек. Өйткені оқу материалын саналы түрде меңгеру, оның қажеттілігін түсініп, мәнін ұғынуға байланысты. Студенттің кәсіби білікті, білімді маман болуын санасына құйып отыру. Жоғары оқу орындарында СӨЖ және

СОӨЖ-ді ұйымдастыру тәжірибесі мен осы мәселенің әдебиет бетінде берілуін талдай келе кредиттік жүйе жағдайында пәндітереңдетіп оқытудағы студенттің өзіндік жұмысы мен студенттің оқытушы қатысындағы өзіндік жұмысының жалпы үлгісі құрылды. Үлгі дегеніміз – қандай да бір процестің құрылымы мен әрекетін бейнелеуші сұлба. Үлгілеу – ғылыми зерттеулерде жиі қолданылатын әдістердің бірі.

Үлгілеуді құбылыстарды, процестерді немесе нысандар жүйесін үлгісін құрып зерттеуде кең қолданады. Үлгі зерттеу нысанын бейнелеп немесе қайта жаңғыртуда ойша елестетуге болатын жүйе ретінде қолданылып, зерттеу нысаны жайлы жаңа ақпарат береді. Үлгілеудің негізгі қағидалары келесідей: көрнекілігі, шыншылдығы, анықталғыштығы. Үлгіні құрудың негізгі кезеңдері:

- үлгіні құру;
- теориялық қатынастарды, аналитикалық көріністер мен байланыстарды тұжырымдау;
- үлгі параметрлерін бағалау;
- сандық болжамдар алу;
- үлгінің өзін нақтылау.

Осы аталған шарттар толық сақталғанда ғана үлгілеу зерттеудегі эмперикалық пен теориялықты біріктіруге жағдай жасайды.

Үлгілеу ғылыми зерттеу әдістерінің бірі болғандықтан, жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мәселесінің ерекшеліктерін ескере отырып, кредиттік оқыту технологиясы жағдайындағы СӨЖ және СОӨЖ ұйымдастыру үлгісі құрылды.

Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында пәнді тереңдетіп оқыту барысындағы студенттің оқытушы қатысындағы өзіндік жұмысы мен студенттің өзіндік жұмысы студент дербестігінің қалыптасуына, дара тұлғаның өзіндік дамуының жалпы процесіне әсерін тигізеді.

Дара тұлғаның үздіксіз психологиялық қайта құрылуы жүріп, нәтижесінде өзін-өзі билеу, өз ойын ашық айта алу, өзін-өзі реттеу сияқты қасиеттер мәртебесі өседі. Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында студенттің оқытушы қатысында өтетін өзіндік жұмысы мен өзіндік жұмысының нәтижелері оқытушының тікелей бақылауы арқылы шығарылады. Оқытушы студенттердің қалауы бойынша жоғарыда келтірілген соңғы нәтижені бақылау әдістерінің кез келгенін қолдана алады.

Қорытындылай келгенде, еліміздің болашақ мамандары қоғам талабына сай, жан-жақты болуы үшін міндеттерді әрбір оқытушы ескеруі қажет қажет. Студенттің болашақ мамандығын игеруге бағыт беруі керек. Студенттің әрбір пәннің мамандыққа қатысы барлығын түсіндіруі керек.

Әдебиеттер:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы/ Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
2. Возрастная и педагогическая психология: раскрыть, понять, поддержать: Пособие для воспитателей и родителей. – М.: Москва психолого-социальный инст. Флинта, 1998.
3. Дружинин В.Н. Психология общих способностей / В.Н. Дружинин. – СПб: Издательство «Питер», 2000.
4. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. – Алматы, Жалын, 1982

*Резюме: В статье описаны социальный опыт, освоении информации, духовных ценностей между поколениями друг другу передачу на хранении, повышении социального статуса личности – специфика заведения образования*

## ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН БЕЛСЕНДІРУ

Жумағалиев И.К.-магистр

Тапишев М.С.-магистр

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Қоршаған ортаның өзекті мәселелері бүгінгі таңда әлемге елең етер қауіп туғызып, оны жуырда шешу әдістерін іздестіруде. Осы іздестіру әдістеріне қоршаған ортаның аумағындағы білім, сауатты шешім, демеу болары сөзсіз. Ғаламдық мәселелерді тиімді шешу оқушыларға, студенттерге, кәсіпкерлерге және әртүрлі саладағы мамандарға, жалпы тұрғындарға экологиялық білім мен тәрбиені үздіксіз жүргізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Экологиялық білім аумағындағы зерттеулерді тереңдетудің теориялық міндеті экологиялық білім мен тәрбиені үздіксіз жүргізу жүйесін қалыптастыру, дамыту және жүзеге асырылуының маңызы болып табылады. Ал практикалық жағдайын мектептен кейінгі жоғарғы оқу орнында экологиялық білімнің кешенді бағдарламасы жүзеге асырады.

Үздіксіз экологиялық білім бағдарламасы 1999 жылы Қазақстан Республикасының білім және ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, табиғат ресурстарын қорғау және экология министрліктер шешімімен бекітілген болатын [1].

Үздіксіз экологиялық білім жүйесін құру мақсаты қоршаған ортаға жауапты қатынасты қамтасыз ету, табиғатқа деген оң эмоциялы-бағалы сезіммен, көзқараспен қарау, ғылыми және практикалық білімді біріктіру негізінде ерекше экологиялық дүниетаным қалыптастыру болып келеді.

Экологиялық мәселелерді түсіндіруде жалпытанылған бұл - пәнаралық байланыс тәсілі, яғни экологиялық оқыту.

Экологиялық оқыту – бұл мектеп қабырғасынан бастап экологиялық білімді жүргізу, экологиялық мәселелерді шешудегі қазіргі заманғы ғаламдық талап. Аталмыш талап әртүрлі пәндердің өзара пәнаралық мазмұнын, әдістерін, экологиялық ой мен мәселелердің өзгеруін, өзара байланысын нығайтуды ұйғарады. Экологиялық оқыту жалпы компьютерлік оқыту, ауыл шаруашылығын химияландыру, өндірісті жарықтандыру сияқты маңызды үрдіс. Ол әлемдегі барлық мемлекеттер мәдениеті және экономикалық жаһандануда табиғат пен қоғам заңдылықтары секілді өзіндік көлемі мен болашағы зор. Экологиялық оқыту қызметі бойынша өзіндік психопедагогикалық және көпәспектiлi сипаттамасы болады.

Қазақстан Республикасының тұрақты даму үлгісіне көшуі экологиялық білім мен тәрбиеде өте басымдыққа ие. Күні бүгін де оны ұйымдастыру бойынша нақты тәжірибелер жинақталып, жетілдіру жігерленуде. Экологиялық білім мен тәрбие негізінде педагогикалық және әдістемелік жұмыстар белсенділігі артып келеді. Дегенмен ол жеткіліксіз. Себебі тұрғындардың білім деңгейінен экожүйенің бүлінуі басым, қарқынды екені ақиқат. Өздерін сауаттымын деп санайтын көптеген тұрғындар экологияны жеңіл пән немесе өте маңызды емес деген ойда болса керек. Бірақ «Экология нені оқытады?» деген сұраққа нақты немесе дұрыс жауап беретіндері аз. Олар: «Экология табиғатты оқытады», «Экология адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты оқытады», «Экология қоршаған ортаны оқытады», «Өсімдіктер мен жануарларды оқытады», «Тазалық пен тәртіпті қадағалайды», - деген жауаптар қайырады.

Экология пәнінің алғашқы сабақтарының бірінде, білім деңгейін анықтау үшін биылғы мектеп түлектерінен, яғни бірінші курс студенттері ЭКЛ-11, ВС-11, ТМО-11 топтарына жоғарыдағыдай сауалдар қойылды. Айта кетсек: «Табиғат деп нені айтамыз?»,- оған жауап: «Ол қоршаған орта» және де: «Қоршаған орта деп нені түсінеміз?»,- деген сұраққа: «Бұл табиғат» деп жауап берді. Соңында жауапсыз «тұйық айналым» пайда

болды. Табиғат туралы ерекше айта келе, «табиғат – бұл тек жер ғана емес, ол уақытпен кеңістікте қозғалымалы материя. Ол ғарыш денелері мен материяның басқа тұлғалары бар үлкен микро және макро әлем. Табиғат әлем ғимараты, шексіз кеңістік. Табиғатта шек жоқ». Егер табиғат шексіз болса, біз неге оның ластануы, азуы, бүлінуі туралы дабыл соғамыз. «Табиғатқа қауіп төнуде!?» деп неге айтамыз? Кейбіреуі жауап беруге тырысқан, бірақ нақты жауап болмады. Сонымен қатар «Атмосфера мен гидросфераның табиғат және жалпы өмірдегі маңыздылығы қандай?» - деген сұраққа, кезекте: «Ауа өте қажетті, себебі ауаны барлық тірі ағза пайдаланады», «Су барлық ағзаның тіршілігі үшін қажет» деген жауаптар қабылданды. Дегенмен жауаптар білімнің қай этаптарымен де сәйкес келмейді.

Жоғарыда жүргізілген сауалнама экологиялық білім уақыт талабына сай емес екендігін көрсетеді. Себебі әртүрлі болуы мүмкін. Экология ғылымы сыртқы ортамен ағзалар арасындағы қарым-қатынасын анықтайтын, жан-жақты дайындықты және көптеген басқа да ғылымдармен өзара байланысын талап ететін күрделі пән (сурет 1).



Сурет 1. Қоршаған орта мәселелерінің пәнаралық сипаты

Студенттердің білім алуының негізгі формасы бар және ол аудиторлық сабақ болып қала бермек. 15-20 жыл бұрынғымен салыстырғанда қазіргі деңгейде сабақ өткізу күрделі де қиын мәселе. Не өзгерді? Жаңа заманның студенті – бәрін білгіш: мен бұны көрдім, естідім, оқыдым т.с.с. Қазіргі студент сабақтан тыс ғылыми ақпараттардан көптеген білім легін алып отырады. Бірақ бұл ақпаратты ол әр кез өндеп, ой елегінен өткізе бермейді және білім жүйесінің бірізділігін қалыптастыра алмайды. Нәтижесінде кейбір студенттердің тарапынан оқу процесіне деген қызығушылығы төмендеуде.

Білім алуда студенттердің ішкі күштарлығын қалыптастыру, еркін түрде еңбек етуге жетелеу профессорлық-оқытушылық құрамның алдында тұрған мақсат.

Сабақ үрдісінде студенттерді пәнге деген зейінін тұрақтандыруы, біртіндеп қалыптасуы үшін оқыту әдістерін қолдану, оқу материалының нақтылығы, мазмұндылығы, тартымдылығы, эмоциялық сезімге қанықтылығы болуы қажет. Әйгілі психолог Б.М. Тепловтың анықтамасы бойынша: «Сезім немесе эмоция дегеніміз адам өзінің танымы мен іс-әрекетіне деген көңіл-күй қатынасын білдіруі»[2].

Оқыту үрдісіне студенттердің эмоциялық әрекеті мәселесі – педагогикадағы маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Алайда ол әлі де кеңінен ашылған жоқ, себебі қазіргі уақытқа дейін студенттердің танымдық әрекетін, интеллектін дамытуға көп көңіл бөлінуде. Эмоция студенттердің дүниетанымын қалыптастыруда ғана емес, сонымен қатар, танымдық белсенділігін арттыруға, білім алуға деген қызығушылықты, өз білімін жетілдіруге деген қажеттілікті туғызада да оның рөлі жоғары.

Эмоциялық көзқарасты оқыту процесін оңтайландыру жолы ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның тәрбиелік дамуындағы көрсеткіші ретінде де қарастыруға болады. Бұл жерде К.Д. Ушинскийдің: - «біздің ішкі сезіміміз секілді ештеңе – сөзіміз де, ойымыз да, тіпті іс-әрекетіміз де біздің өз-өзіміз бен әлемге қатынасымызды анық та дәл жеткізе алмайды» деген сөзін еске аламыз [3].

Эмоция тұлғаның адами қасиетіне тікелей әсер етеді, сондықтан эмоционалды әрекеттің жетілдірілмеген әдістері мен жолдары оқытуды бірсарындылыққа әкеліп, оқып

жатқан пәнге қызығушылығын төмендетіп, нәтижесінде сабаққа деген іштей құштарлығы бәсеңдеп, алшақтайды.

Адамның қоршаған ортамен әрекеттестік үрдісінде эмоцияның қызметі екі жақты жіктеледі: бір жағынан көрініс немесе заттың қандай деңгейде тұлғаның қызығушылығы мен қажеттілігіне қатынасын көрсетсе, екінші жағынан адамды әрекетке жетелейді. Эмоцияны - ойлау үрдісін арттыраты және қызығушылықты шақыру, танымдық белсенділігін қалыптастыру құралы ретінде де қарастыруға болады.

Студенттердің эмоционалды әрекеті жолдарының бірі – мәселелік оқыту. Мәселелік сұрақтарды шешуде студенттер белсенді әрекетке көшеді, шешу жолдарын іздейді, бұл үрдіс әртүрлі эмоционалды көңіл-күйге әкеледі. Егер жаңа тақырып студенттердің ой болжамдарынан да асып түсетін болса, онда кездейсоқ мәселеге таңқалу, қызығу мен білімге ұмтылу, өздігінен бұл сұрақты шешуге деген талпынысы күшейе түседі [4].

Көптеген экологиялық бағыттағы пәндерде «Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелері» бойынша тақырыптар қарастырылған. Мұнда ядролық полигондар, Арал аймағы, Балхаш өзені мен Каспий теңізі, кіші өзендер мәселесі, қалалардың ауа бассейнінің ластануы, тыңайған жерлердің деграациясы т.с.с мәліметтер келтіріледі. Мұндай мәселелерге жас ұрпақтың бойы үйренген, сондықтан бұл жағдайда студенттерге эмоционалды әрекет ету әдісіне көшу қажет.

Мысалы, Аралдың экологиялық жағдайын автобиографиялық әңгімелеу әдісінен бастаймыз: Д.Г. Менешовтың оқу құралында «1961 жылы 8 сыныптан кейін Орал ауылшаруашылық механизация техникумына оқуға түстім. Сол жылдары күзде біздің қала студенттерін оңтүстікке мақта теруге жіберетін. Ол кезде біз әлі бала едік, кетуге асығатынбыз. Жолай теңізді көретінімізді естігенде қуанышымыз одан сайын артты. Жол бойына «Теңізді қашан көреміз?» деген ой мазалады. Сөйтіп көптен күткен кез де келді. Жолсерік «Арал теңізіне жақындадық» дегенде бәріміз терезеге қарай үніле бастадық.



14. Сурет 2. Арал – теңізге жол

«Бірінші жолға Москва – Алма-Ата пойызы келіп тоқтайды» деп хабарлады радиодан. Бәріміз асыға вагондардан түсудеміз, теңіздің сұлу келбеті көз тартарлық (сурет 2). Жергілікті тұғындар балықтарды тиынға сатып тұр.


Бірнеше жылдардан соң 70-ші, одан кейін 80-ші жылдары Алматыға барар жолда мүлдем басқа бейнені көрдім.



Сурет 3. Суармалы



Сурет 4. Бос қалған



Сурет 5. Теңіз орнында

егінге суды шектеусіз ескерткіштер  
колдану

түйелер жайытуда

Теңіз суын шектеусіз қолдану нәтижесінде суы тартыла бастады (сурет 3). Теңіздің құмды түбінде тат басқан транспорттық көліктердің, қайықтардың қалдықтары шөгіп қалған (сурет 4). Бұрынғыдай теңіз бетінде қалқып ұшып жүретін шағалаларды емес қорек іздеп жайылып жүрген түйелерді көресің (сурет 5). Теңіздің тартылуымен бұрынғы жағаның табиғаты және аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы күннен күнге нашарлай берді [5]. Осындай әсерлі әңгімеден кейін студенттердің білімге деген құштарлығы оянып мәселелік сұрақтарды шешуге экологиялық білім төңірегінде білімін жетілдіруге жігері артып, эмоциялық көңіл-күйі қалыптасады. Студент өзінің пәнге деген қызығушылығын, сенімі мен сыйластығын сезінгенде тұлғааралық қарым-қатынасының маңызы да артады.

Сабақта оқыту-тәрбиелік үрдістің жетістігінің негізгі шарты - оқытушының сол үрдіске өзінің шығармашылық қатынасы болып табылады. Шығармашыл оқытушы дегеніміз – бұл оқыту жұмысының барлық кезеңдерінде үнемі ізденіс үстіндегі, білім берудің жаңа формаларын қолданатын, оқыту мен тәрбиелеудегі әдістерді жетілдіру жолдарын анықтайтын, өзінің кәсіби шеберлігін арттырып отыратын тұлға.

Сонымен, материалдың мазмұны мен оны түсіндіру әдістері, сабақтың психологиялық атмосферасы, оқытушы және оның студенттермен қарым-қатынасы тыңдаушылардың эмоциялық көңіл-күйіне анық әсер етеді. Көңіл-күй, өз кезегінде, студенттердің дүниетанымы мен танымдық қажеттілігінің қалыптасуына әсер етеді. Ал соңғысы өз білімін жетілдіру мен оқытудағы қажеттілік үшін маңызды.

#### Әдебиеттер:

1. Касымов, Н. Программа экологического образования / Н. Касымов, Н.М. Иргебаева, А.С. Бейсенова, А.Б. Бигалиев, И.Н. Нугманов, Б.В. Муханова, А.Г. Сармурзина, К.Х. Бекмаганбетова, К.А. Сарманова, М.М. Тулемтаев, Ж. Чилдебаев // Республиканский издательский кабинет Казахской академии образования им. И.Алтынсарина. – Алматы, 1999 г. – 66 с.
2. Теплов, Б.М. Психология / Б.М. Теплов // Гос.учебно-пед. издательство министерства просвещения РСФСР. – М., 1954. – 151 с.
3. Ушинский, К.Д. Родное слово / К.Д. Ушинский // Книга для учащихся. Собр.соч.,Т.6. – 256 с.
4. Петров, К.М. Общая экология / К.М. Петров // Взаимодействие общества и природы: Учебное пособие для вузов.-2 изд. – СПб: Химия,1998. – 139 с.
5. Менешев, Д.Г. Судьба Арала / Д.Г. Менешев // Социально-экономические проблемы региона. – Уралск, 1990. – 40 с.

*Резюме: Для решения проблемы охраны окружающей среды благодатную почву может предоставить образование в области ОС. В ходе учебного процесса надо вызвать у студентов активное отношение к изучаемым явлениям и событиям. Новый материал должен возбуждать эмоции и желания, т.е. быть эмоционально действенным. Данная статья посвящена этой теме.*

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мукамбеткалиева А.Н. - техника ғылымдарының магистрі,  
Кенжеғалиева М.Б. - ветеринарлық ғылымдарының магистрі  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі — оқыту үрдісін технологияландыра отырып, білімнің кепілдік нәтижелеріне қол жеткізу. Ол үшін оқыту үрдісін өзгерте отырып, мұғалім шығармашылықпен жұмыстануы керек. Өйткені бұрын білім алушы білімді қабылдаушы, жинақтаушы, өзіне сіңіруші рөлдерін ғана атқарса, ал қазіргі жаңа талап бойынша өздігімен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаны осы рөлдерді атқаруға лайықтау үшін оның жаңа бейнесін заман талабына сай дайындауымыз қажет.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі білім алушыны оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру. Инновациялық технологияны пайдалану — өмір талабы.

Қазіргі оқытушылардың негізгі міндеті - білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді.

Білім алушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді.

Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді[1]. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Қазақстан ғалымдардың ішінде, Б.А. Тұрғынбаева жеке тұлғаның шығармашылығын білім берудің тұлғалық-бағыттылық контекстінде қарастырып, «шығармашылық әлеует» ұғымының мәнін ашып, оны құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан сипаттайды, сонымен бірге ғылыми зерттеу жұмысының студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытудағы мүмкіндіктерін анықтайды. Сонымен қатар, шығармашылыққа берілген көптеген тұжырымдарды жинақтай келе, педагогикалық шығармашылыққа «білім алу үдерісін мағыналы да мәнді, жарқын ету, таңдана, тамсана отырып тануға жағдай жасау, осы әрекет барысында болашақ мамандардың өз сұрақтарының пайда болып оларға жауап іздеулеріндегі шығармашылық белсенділігін тудыруға көмектесу» - деген анықтама береді [3].

Т.В.Самодурова ғылыми зерттеу іс-әрекеті үдерісінде болашақ мұғалімдердің шығармашылығын дамытудың педагогикалық шарттарын, дамыту кезеңдерін, алғышарттарын, факторларын, өлшемдерін, заңдылықтарын, ұстанымдарын анықтаған [4].

Н.С.Шумилова ғылыми зерттеу іс-әрекетін мұғалімінің шығармашылық әлеуетін дамыту құралы ретінде зерттей отырып, моделін құрастырған, студенттерді мотивтендіру мен ынталандыру арқылы ғылыми зерттеу жұмысының мәртебесін көтеру; бірлескен шығармашылық жұмыс арқылы оқытудың жобалау формасын енгізу мен тарату мақсатында жоғары оқу орны оқытушылары, студенттері, жоғары сынып оқушылары арасында креативті-зерттеу аймағын құру; танымдық іс-әрекетті белсендіру мақсатында өз бетімен танымдық қабілеті мен креативтілігін дамытуға бағытталған оқытудың белсенді

әдістері мен тәсілдерін қолдану жолдарын ашып көрсетеді [5].

Сонымен жоғарыдағы ғалымдар зерттеулеріне жасалған талдау нәтижесі ғылыми зерттеу іс-әрекеті білімді, іскерлікті өзбетімен жаңа жағдаятқа тасымалдау, таныс жағдаятта міндетті көре білу, объектінің жаңа функциясы мен құрылымын анықтау, мәселені шешуде альтернативті бағытты ұстану ретінде сипатталады деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жалпы, шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі, адамның іс-әрекет атрибуты (ерекше белгісі) болып табылады. Шығармашылық мәселесін қарастырған философиялық, психологиялық және педагогикалық зерттеулерді талдау оның кәсіби іс-әрекет аймағына байланысты көпжақты және арнайы белгілерді игеруге қабілеттіліктің қажеттілігін көрсетеді.

А.Т. Шумилин шығармашылық теориясы мәселесін кешенді түрде зерттей отырып, әртүрлі аспектідегі ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Шығармашылық іс-әрекет философиялық аспектіде шындықтың өзгеруі мен адамзат мүмкіндігі шегіндегі тәрбие мен басқарудың алдыңғы формалары, материалдық және рухани құндылықтарды өндіру үдерісінде жеке тұлғаның өзіндік дамуы мен шындықтың өзгеруін қамтитын іс-әрекет ретінде қарастырады. Шығармашылық іс-әрекеттің әлеуметтену аспектісі адамзатты қалыптастырумен шарттасатын адамды қоршаған ортаны тәжірибелік түрде түрлендіретін үдеріс, еңбек іс-әрекеті ретінде шығармашылықты ұғынумен байланысты. Шығармашылық мәдени аспектіде дәстүр мен жаңашылдықтың бірлігі ретінде қарастырылады. Шығармашылық іс-әрекет мәдениеттің басты компоненті және оның мәні. Сондықтан, мәдениет пен шығармашылық өзара тығыз байланысты, ол мәдениеттің (рухани және материалдық) одан ары қарай дамуы, мәдениеттің дамуындағы сабақтастықтың негізінде жүзеге асырылады. Шығармашылықтың субъектісі өркениеттің тарихи тәжірибесімен, адамзаттың рухани тәжірибесімен өзара әрекеттесе отырып, өз міндеттерін жүзеге асырады [6].

В.Г.Рындак «шығармашылыққа адамның дамуы шексіз жүзеге асатын объект пен субъектінің өзара әрекеті, субъектінің қоршаған ортаны өзгертуі, объективті заңдылықтар талаптарына сәйкес жаңа әлеуметтік мәні бар іс-әрекет яғни, шығармашылық жаңаны құрудағы конструктивті іс-әрекет» деген анықтама бере отырып, әрбір адамдағы құндылық бағдарға сәйкес түрткілер, тұлғаның бағыттылығы, оның қабілеттері, адамның даму шарттары деп қарастырады [7].

К.К.Платонов пайда болған міндеттерді белгілі тәсілдермен шешу үшін қажетті стандарттан жоғары формада көрінетін ойлау деп ұғындыра отырып, шығармашылық ойлау үдерісі үстемдігінде қиял ретінде байқалады - деп есептейді [8].

Кейбір ғалымдар В.Е.Алексеев, Н.Д.Никандров, т.б. шығармашылықты «объективті» және «субъективті» деп екіге бөліп қарастырады. Олар объективті шығармашылықты объективті жаңалық пен қоғамда мәні бар материалдық және рухани құндылыққа ие адамзат пен адамның қажеттілігіне сәйкес саналылық және бейсаналылықты құраушы (көбіне ақыл-ой компоненті) адамның іс-әрекеті деп түсіндіреді. Демек, объективті шығармашылық барлық объективті шығармашылық іс-әрекет түрлерін қамтиды, олар: көркемдік шығармашылық, музыкалық, ғылыми, техникалық, педагогикалық шығармашылық және т.б. Ал субъективті шығармашылыққа адамның өзі жасаған жаңалығы жатады [9].

«Педагогикалық шығармашылық» ұғымы педагог пен болашақ мамандардың өзара әрекетінің жаңа тәсілдерін құру іс-әрекетін білдіреді. Демек, педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін, оқыту мен тәрбиенің жаңа формаларын құруда іс-әрекеттің түрлерін ұйымдастыру, оқу және оқудан тыс іс-әрекет мазмұнындағы педагогикалық жасампаздық педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі болып табылады. Сондықтан, педагогикалық шығармашылық сипаттамасын түсіндіруде зерттеушілер педагогикалық ашылу, педагогикалық жасампаздық, жетілдіру, оңтайландыру, жаңарту, тиімділендіру секілді ұғымдарды қолданады. Оңтайландыру, жетілдіру және жаңарту пәні ретінде оқу

іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері, оқу ақпаратын ұйымдастыру тәсілдері, тәрбиенің жекелеген формалары, әдістері мен құралдары, т.б. қарастырылады.

Н.В.Кузьмина педагогикалық шығармашылықты педагог еңбегінің шығармашылық аспектілерінің маңыздылығына назар аударған. Ғалымның пікірінше, болашақ мамандарды өмірге және одан кейінгі әрекетке дайындау, өздігінен білім алу, өзін-өзі ұйымдастыру мен бақылау тәсілдерін үйрету басты назарда болатын педагогикалық шығармашылық өнімді болып келеді. Педагогикалық іс-әрекеттің жетістігі мен тиімділігі түсініктерін педагог еңбегі өнімділігінің әртүрлі аспектілері анықтайды. Педагог еңбегінің тиімділігі іс-әрекет нәтижесінің кәсібиліктің функционалдық қызметтеріне ішкі тәуелділігінен (кәсіби маман, педагогикалық көзқарас, ішкі шартталған жауапкершілік тұжырымдамалары, т.б.) анықталады. Ғалымдар педагогтың шеберлігін қарастыра отырып, олардың басты компоненттерін бөліп көрсетеді: мамандықтағы инновациялық және зерттеу бағдары; дербес стиль; кәсіби құзіреттілік; креативтілік; әдіскерлік [10].

В.Г.Максимов педагогтың кәсіби іс-әрекетін бөліп, оның тұлғасын қалыптастырудың рөлдік теориясын ұсынған: мұғалім, ағартушы, ақпараттандырушы, әңгімелеуші, зерттеуші, аналитик, диагност, эксперт, кеңес беруші, тәлімгер, басқарушы, ұйымдастырушы, безендіруші, стратег, насихаттаушы, тексеруші, баға беруші, психолог, тәрбиеші, отбасымен жұмыс жасаушы, артист, импровизатор. Ғалымның пікірінше, зерттеуші, аналитик, диагност, эксперт, түзетуші, бақылаушы рөлін атқаруға келесідей білім, іскерлік, дағды қажет: жаңа дидактикалық және тәрбие технологиялары; өзінің іс-әрекетінің барысын құрастыру, іс-әрекеттің әрбір кезеңінде нақты мақсат пен міндеттер қоя білу, нәтижені анализдеу мен болжау іскерлігі; бақылау, педагогикалық құбылыстарды бағалау іскерлігі; жалпы, жас ерекшелігі, мен қолданбалы психология, педагогика негіздері туралы білім; жағымды жақтар мен кемшіліктерді анықтай білу, нәтижені қойылған мақсат-міндеттермен салыстыру іскерлігі; арнайы білім мен жаңа зерттеулер мен үздік педагогикалық тәжірибелер туралы ақпаратты меңгеру; әр түрлі зерттеулерді, олардың арасындағы байланысты анализдеу іскерлігі; өз іс-әрекетін түзету, жетілдіру, кемшіліктерін жою іскерлігі; балалардың дене және психикалық даму туралы білім; оқушылардың психологиялық даму, ата-ананың психологиялық мәдениеті, педагогикалық процестің перспективасын анықтау деңгейлерін диагностикалау іскерлігі [11].

Бұл тұжырымдар бізге «педагогикалық шығармашылық» ұғымын әртүрлі аспектіде қарастыруға мүмкіндік берді. Көптеген педагог-зерттеушілер педагогикалық шығармашылықты педагогикалық іс-әрекетте пайда болатын бірқатар міндеттер мен жағдаяттарды шешуде жүзеге асырылатын креативті акт ретінде жағдаяттық-үдерістің алдын алу тұрғысынан түсіндіреді. Сонымен бірге педагогикалық шығармашылықты өнермен салыстыра отырып, педагогқа әртістік, бірегейлік, тапқырлық, жағдаяттық шеберлік сынды жеке тұлға сапаларын дамыту қажеттігін ескертеді. Жаңашыл-педагогтар жаңа тәжірибе, жаңа дәстүр жасай отырып, оқыту мен тәрбиенің дәстүрлі ұстанымдары мазмұнын жетілдіріп, олардың құрылымына жаңа элементтер енгізе отырып, оқытудың әдістері мен формаларын түрлендіреді. Демек педагогикалық тәжірибені құру үдерісі педагогикалық жүйе компоненттерін, соның ішінде ғылыми зерттеу іс-әрекетін жетілдіруге бағытталады [12].

Қорыта келгенде, болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыруда ғылымында қалыптасқан идеялар есепке алынуы тиіс, олар: білім берудің барлық кезеңдерінің жеке тұлғаның жан-жақты дамуын, әрбір болашақ мамандардың қоғамдық белсенділігіне, жоғары адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталуы; білім берушілік және дамытушы міндеттердің бірлігінде шешім қабылдауға бағдарланған кешенділікті жүзеге асыру; мамандықты таңдау және игеруді, еңбекке дайындықты, әртүрлі дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін, біртіндеп күрделендіретін мазмұны мен сипаты бойынша танымдық және тәжірибелік іс-әрекетке болашақ мамандарды ұмтылдыру; ұжымдық өзара әрекеттесу мен қарым-

катынастың әртүрлі формаларының бар оқу іс-әрекетінің жеке формаларының үйлесімділігі; оқытуды жетілдіру, яғни болашақ мамандардың шамадан тыс жүктемесін азайтып, педагогтың уақыт пен күш-жігерін тиімді пайдалану барысында жоғары нәтижеге әкелетін оқытудың формаларымен, әдістері мен құралдарын тандауға жағдай жасау.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурызындағы №205 Жарлығы

2. Энгелмейер П.К. Теория творчества. М.: ЛКИ, 2007, - С.208

3. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін қалыптастыру: п.ғ.д. дисс. - Алматы, 2006. - 320 б.

4. Самодурова Т.В. Педагогические условия развития творчества будущих учителей в процессе научно-исследовательской деятельности: Дисс...канд.пед.наук. - Комсомольск-на-Амуре, 2000. -194 с.

5. Шумилова Н. С. Научно-исследовательская деятельность как средство развития творческого потенциала будущих учителей технологии и предпринимательства: Дисс...канд.пед.наук. - Армавир, 2006. – ғылыми 213 с.

6. Шумилин А.Т. Проблемы теории творчества: Монография. М.: Высшая школа. 1989, - С.143.

7. Рындак В.Г. Творчество. – Оренбург: Изд.центр «ОГАУ», 2001, - 180с.

8. Платонов К.К. Краткий словарь психологических понятий: учеб. пособие. М.: Высш.шк., 1984. – С.174

9. Никандров Н.Д. Исследование педагогического творчества. //Советская педагогика. 1992. №47, - С.73-78

10. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М.:Высшая Школа, 1990.с. 102.

11. Максимов В.Г., Максимова О.Г., Савчук Н.Ю. Системно-ролевая теория формирования личности педагога. М., 2007. 536 с.

12. Шалғынбаева Қ.Қ., Исмуратова Ш. Қазіргі қоғамдағы ұстаздық қызметтегі кәсіптіктіктер. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршы, №5 (96), 2013. – Б.161-165

Резюме: В данной статье раскрывается роль научно-исследовательской деятельности в процессе формирования у будущих специалистов педагогических творчеств. В период становления информационного общества происходит вхождение научной деятельности в качестве функциональной обязанности специалистов во многих профессиях. Занятия наукой содействуют формированию основных компонентов готовности будущих специалистов к профессиональной мобильности. Вся деятельность по организации научной работы будущих специалистов должно носить системный характер и решаться на основе системного подхода. Следовательно, научно-исследовательская деятельность будущих специалистов должна быть тесно связана, полностью ориентирована на будущую профессию, развитие интереса к ней, потребности в проявлении своих возможностей и устремлений в условиях, приближенных у будущей педагогической деятельности. Конечным результатом научной-исследовательской деятельности в образовательном учреждении является формирования личностных качеств, его мотивации, рефлексии и самооценки, а также педагогических творчеств.

## УЧЕТ ЗАПАСОВ. ОСОБЕННОСТИ УЧЕТА ДАВАЛЬЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ

Калекешева Х.Х.-ст. преподаватель,  
Рахметкалиева Г.К.- ст. преподаватель

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск, РК

На начальном этапе деятельности любой строительной организации после всех организационных вопросов заготавливаются запасы сырья и материалов необходимые для изготовления продукции. Характерной чертой строительства является использование значительного количества строительных материалов конструкций и деталей как по их номенклатуре так и в физическом выражении. Особенности учета давальческих материалов в строительстве.

Деятельность строительной организации предполагает использование как основных, так и оборотных средств. На начальном этапе деятельности любой строительной организации после всех организационных вопросов заготавливаются запасы сырья и материалов, необходимые для изготовления продукции. Характерной чертой строительства является использование значительного количества строительных материалов, конструкций и деталей, как по их номенклатуре, так и в физическом выражении. Удельный вес стоимости материалов в общей стоимости строительства составляет более 50%. Стоимость материальных ресурсов, в соответствии с действующим порядком ценообразования строительной продукции, включается в сметную (договорную) стоимость строительства.

Для правильной организации учета запасов большое значение имеют их классификация, оценка и выбор единицы учета. В зависимости от роли, которую играют разнообразные производственные запасы в процессе строительного производства, их подразделяют на следующие группы: основные строительные материалы; покупные полуфабрикаты; конструкции, изделия и детали; вспомогательные материалы: топливо, тара, запасные части.

Основные строительные материалы - это предметы труда, которые вещественно входят в производимую продукцию, образуя ее материальную основу (цемент, кирпич, металл, глина, лес и т.п.).

Основные материалы классифицируются следующим образом:

- покупные полуфабрикаты - комплектующие изделия, конструкции и детали,
- конструкции, изделия и детали,
- вспомогательные материалы,
- топливо,
- тара и тарные материалы,
- запасные части.

Указанную классификацию производственных запасов используют для построения синтетического и аналитического учета. Хотелось бы отметить, что в строительной отрасли также имеет большое значение классификация запасов по их техническому признаку, суть которого состоит в том, что разрабатывается систематизированный перечень потребляемых в строительстве материальных ценностей с указанием наименования, сорта, марки и др.

Для строительного производства характерна взаимосвязь между бухгалтерским учетом запасов и технико-экономическим учетом, который ведется сметно-производственными отделами. Строительные механизмы и машины используются на разных объектах последовательно; кроме того, динамичность строительных машин требует рационального сочетания маневренного технического обслуживания и ремонта со стационарной технической базой. Особенности строительной отрасли требуют закрепления места хранения и материально ответственных лиц отдельным

распорядительным документом. Как правило, по строительным участкам, отдельным объектам строительства (стройкам) материально ответственным лицом является руководитель участка или объекта строительства. Кроме того, в строительстве может быть бригадная материальная ответственность.

Особенности и специфика строительной отрасли оказывают непосредственное влияние на систему организации учета запасов при проведении строительных работ и обуславливают значительные различия по сравнению с другими видами деятельности.

В современных условиях хозяйствования расходы и доходы строительной организации тесно взаимосвязаны. Без тщательного анализа показателя себестоимости материалов строительная организация не сможет контролировать уровень затрат на выполнение и сдачу работ, сопоставлять его с выручкой и тем самым влиять на рост своего дохода. Помимо специфики производства, определяемой видом деятельности, на ведение учета запасов оказывают влияние принятая организацией структура управления, правовая форма и другие факторы.

При производстве строительного-монтажных работ потребляется большое количество материалов открытого хранения (песок, щебень, известь, кирпич и др.). Эти материалы хранятся на открытых площадках и числятся в подотчете материально-ответственных лиц (прорабов, мастеров, кладовщиков). При отпуске этих материалов в производство строительного-монтажных работ подсчет или взвешивание не производится и первичный документ не выписывается. Фактический расход материалов на выполнение строительного-монтажных работ по объектам отражается в учетных регистрах и в ведомости по учету движения материалов на основании материальных отчетов и годовых оборотных ведомостей. При этом расход материалов открытого хранения, количество, объем или вес которых нельзя установить точно в момент их использования в производстве, определяется путем проведения инвентаризации остатков неизрасходованных материалов на конец отчетного месяца, проводимой комиссией с участием работника бухгалтерии. Результаты инвентаризации оформляются Актом об остатках и на списание израсходованных материалов открытого хранения т.е. используется метод специфической идентификации оценки материалов.

Сводным учетным регистром, в котором обобщаются данные об остатках и движении запасов по складам и по материально-ответственным лицам является ведомость учета движения материалов. Ведомость учета движения материалов предназначена для увязки данных синтетического учета с показателями аналитического учета материалов. Ведомость состоит из двух разделов: «Сводные данные по приходу материалов и расчет отклонений» - предназначен для отражения сводных данных по фактической себестоимости и учетной стоимости поступивших материалов за месяц. Там же отражается стоимость остатка материалов по фактической себестоимости и учетным ценам на начало месяца. К ней прибавляется стоимость материалов, поступивших за месяц. Затем определяется сумма и процент отклонений фактической себестоимости от стоимости по учетным ценам. Сумма отклонений представляет собой разницу между этими показателями, а процент отклонений - отношение суммы отклонений к учетной стоимости материалов. Выявленные отклонения подлежат распределению между остатком материалов на конец месяца и общей стоимостью списанных за текущий месяц материалов.

Второй раздел — «движение по счету - «Сырье и материалы» - предназначен для учета наличия и движения материалов (поступление, расход) по учетным ценам по местам хранения (складам, участкам) в разрезе синтетических счетов. Заполняется на основании сальдовых и накопительных ведомостей, материальных отчетов, в которых движение и остаток материалов приводится в планово- расчетных и учетных ценах. Здесь же приводится фактическая себестоимость, а также распределение суммы отклонений, подлежащей списанию на соответствующие, счета, куда списывались материалы. Полная

фактическая себестоимость материалов определяется как сумма стоимости материалов по учетным ценам и отклонений.

В строительных организациях должен осуществляться контроль над отпуском материалов в производство. С этой целью ведется предварительный, текущий и последующий контроль. Отчет по форме М-19 служит основанием для списания материалов по себестоимости строительно-монтажных работ и сопоставления фактического расхода материалов с расходом, определенным по производственным нормам.

Учет запасов на предприятиях организуется в соответствии со МСФО №2, целью которого является определение порядка учета запасов, включающего: классификацию и оценку запасов, учет затрат, связанных с производством и образующих производственную себестоимость запасов. Строгого разграничения обязанностей по обеспечению строительства материалами и оборудованием между заказчиком и подрядчиком, действующим законодательством не предусмотрено.

Заказчик и подрядчик вправе распределить между собой обязанности по обеспечению строительства материалами, конструкциями, деталями и оборудованием по своему усмотрению, оговорив эти обязанности в договоре строительного подряда.

Запасы принимаются к бухгалтерскому учету по фактической себестоимости, которая складывается из фактических затрат на их приобретение (цену покупки, пошлины на ввоз, комиссионные вознаграждения, уплаченные снабженческим организациям, ТЗР и прочие расходы, прямо связанные с приобретением запасов). Торговые скидки, возвраты переплат и прочие подобные поправки вычитываются при определении затрат на приобретение за исключением суммы НДС и иных возмещаемых налогов, кроме случаев, предусмотренных законодательством РК.

Затраты на переработку запасов (выполнение работ, услуг) включают стоимость используемых в процессе производства природных ресурсов, сырья, материалов, топлива, энергии, трудовых ресурсов, амортизацию основных средств, а также другие затраты, прямо связанные с единицами производства продукции (работ, услуг), обусловленные технологией и организацией производства и признаются как производственная себестоимость продукции (работ, услуг).

Фактическая себестоимость запасов, в которой они приняты к бухгалтерскому учету, не подлежит изменению, кроме случаев, установленных законодательством РК.

Согласно МСФО №2 определение фактической себестоимости материальных ресурсов, списываемых в производство, производится одним из следующих методов оценки запасов: по себестоимости единицы запасов; по средней себестоимости; по себестоимости первых по времени приобретений (ФИФО);

Строительным организациям при списании материальных ресурсов в производство можно использовать метод оценки запасов по планово-расчетным ценам франко-приобъектный склад и отдельным учетом отклонений фактической себестоимости материалов от их стоимости по планово-расчетным ценам.

Таким образом, на синтетических счетах учет материальных ценностей ведется либо по фактической себестоимости, либо по учетным ценам. При учете материалов по фактической себестоимости в дебет счетов подраздела 1300 «Запасы» относят все расходы по их приобретению. По кредиту указанных счетов - расход на изготовление продукции, выполненных работ и оказание услуг. Их отпуск оформляется на основании первичных документов и отчетов материально-ответственных лиц

Использование давальческих материалов заказчика - способ обеспечения материальными ресурсами, который является не менее распространенным в строительстве. При его использовании в соответствии с ГК РК подрядчик обязан экономно и расчетливо использовать предоставленные заказчиком материалы, и после окончания работ представить ему отчет о расходовании полученных материалов. Оставшиеся после выполнения работ материалы подрядчик обязан вернуть заказчику

либо с его согласия уменьшить цену работ с учетом стоимости остатка неиспользованных материалов. При этом сметная (договорная) стоимость строительства объекта для подрядчика формируется из стоимости строительно-монтажных работ без стоимости материалов, что должно быть соответствующим образом учтено в проектно - сметной документации. Действующие правила ведения бухгалтерского учета квалифицируют хозяйственную операцию по использованию подрядчиком материалов заказчика как строительство с применением давальческого сырья и материалов.

За заказчиком сохраняется право собственности на передаваемые в переработку материалы. В учете заказчика операции по приобретению материалов и продаже их подрядчику отражаются следующим образом: Содержание операций Дебет Кредит Приняты к учету стройматериалы 1310 с/сч «Строй материалы» 3310 Отражен НДС по принятым к учету строительным материалам 1420 3310 Оплачен счет поставщика за строительные материалы, включая НДС 3310 1030 Отражена стоимость материалов, переданных подрядчику для использования при производстве строительных работ, согласно документам на передачу (акт, накладная) 1310 с/сч «Материалы, переданные в переработку» 1310 с/сч «Строй материалы» Приняты выполненные подрядчиком работы согласно справке формы № КС-3 по сметной (договорной) стоимости работ, включая НДС (без стоимости давальческих материалов) 2410с/сч «Строительство объектов основных средств» 3310 Списаны использованные при строительстве материалы согласно представленным подрядчиком актам на списание в сопоставлении с расходом, определенным по производственным нормам 2410 -с/сч «Строительство объектов основных средств» 1310 с/сч «Материалы, переданные в переработку» В учете подрядчика операции отражаются таким образом: Содержание операций Дебет Кредит Давальческое сырье и материалы, принятые от застройщика (заказчика) по ценам, предусмотренным в договоре Забалансовый счет 003 «Материалы, принятые в переработку» - Сданы заказчику выполненные объемы работ согласно справке формы № КС-3 по сметной (договорной) стоимости работ без учета стоимости давальческих материалов 1210 6280 Списаны давальческие материалы при их использовании на производстве работ Забалансовый счет 003 «Материалы, принятые в переработку»

Литература:

- 1.Радостовец В.К. Бухгалтерский учет в отраслях.- Алматы: «Центраудит - Казахстан», 2002.- 496 с.
- 2.Назарова В.Л. Как вести бухгалтерский учет в строительстве. В 2-х частях.- Алматы: изд-во «Бухгалтер», 1999.-40 с.
- 3.Основы учета в строительстве Республики Казахстан: практ. пособие / Сост. В.И. Скала, Н.В. Скала, Б.В. Скала; Под ред. В.И. Скала. - Алматы: Lem, 2006. - 640 с.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

Сисекешова А.С.-тарих ғылымдарының магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Мектепте оқытылатын әрбір пәннің өзіндік мазмұны, құрылымы, негізгі түсініктері, фактілері, мәселелері бар.Курс пәні, міндеттері және мазмұны қоғам алдында тұрған мақсаттармен айқындалады. Қазіргі таңда біздің мемлекетімізде құқықтық-саяси реформа жүріп жатыр. Бұл қоғам алдында жаңа міндет-мақсаттар жүктейді. Біздің алға қойған негізгі мақсатымыздың бірі құқықтық мемлекет құру. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мелекет құру туралы жариялап отыр. Мұның бәрі белгілі бір дүниетанымның, қоғамдағы ортақ сана-сезімнің қалыптасуын талап етеді. Ал бұл жолда құқықтану пәнінің маңызы зор.

Сонымен қатар ҚР мемлекеттік құрылысын, заңдарын білу әрбір оқыған азамат үшін керек. Өйткені бұл нормалар азаматтардың құқықтары мен міндеттерін ашып көрсетеді. Құқықтану мәдениетінің қалыптасуы, сондай-ақ заңдылықтардың сақталуы да септігін тигізеді. Ал бұл өз кезегінде қоғамды дамыта түседі.

Оқушыларда құқықтық сана қалыптастырудың басты негізі элементарлы құқық нормаларын білу болып табылады. Бірақ құқықтық нормалар өз мазмұны жағынан әр түрлі және олардың бәрін білу оқушы үшін қажет емес, бұл заң ғылымының міндеті. Оқушыны жалпы құқықтық тәрбиелеудегі педагогтың міндеті тәрбие процесі барысында мазмұны эффективті тәрбие беруге қол жеткізетін құқықтық нормаларды ғана тандай білу.

Құқықтану курсының мазмұнын айқындауда әр түрлі көзқарастар бар. Соның ішінде жалпы көзқарас басым. Мұнда құқықтану курсы оқытуды тек құқық негіздерін ғана емес мемлекет негіздерін де оқыту көзделеді. Өйткені мемлекет және құқық бір-біріне тәуелсіз өмір сүрмейді. Сондай-ақ мұнда мемлекеттің негізгі функцияларын айқындау және мемлекеттік биліктің негізгі қайнар көзі – халық екендігін бастапқы негізге ұстау көзделеді. Ал мемлекеттік органдар тек құқықты насихаттаушы ғана емес, оны қорғаушы да екендігіне баса назар аударуды талап етеді [1, 97 б.].

Міне, сондықтан да құқықты мемлекеттен бөліп қарастыру курстың дүниетанымдық, тәрбиелік-профилактикалық рөлін төмендеткен болар еді.

Құқықтық білім беру саласындағы екінші бір көзқарас бойынша курс мазмұнының негізіне бүкіл заң ғылымдарының жүйесі емес, тек жеке тұлға санасында кейбір дефектілер, әсіресе құқық бұзушылыққа алып баратын дефектілер алынады. Мұнда құқықтық білім беру тек құқық бұзушылықтың алдын-алумен ғана шектеледі де, негізінен қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауапкершілік, жаза түсініктерін берумен ғана құқықтық дағды қалыптастыру танылады.

Бірақ мұндай білім тек құқықтық жауапкершілік түсінігін туғызып, құқық бұзушылықтың алдын-алуға мүмкіндік береді де, сонымен қатар жалпы құқықтық білім жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан мұндай көзқарас дұрыс емес деп айтуға болады.

Курс мазмұнын айқындауда ең алдымен оқушыға қажетті фактілер мен түсініктердің жүйесін құру қажет. Сондай-ақ қоғам қажеттілігі, әсіресе патриоттық рухта елін сүюді тәрбиелеуге бағытталған, құқықтық санасы қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыру мақсаты негізге алынуға тиіс. Ал мұндай мақсатты орындау үшін құқықтың тек жеке саласын бөліп алып оқыту арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан бұл жағдайда мемлекет және құқық туралы білімдер жүйесі қажет.

Сөйтіп, құқықтық білім берудің және тәрбиелеудің әр түрлі функцияларын курс мазмұнын жүйелі түрде құруды талап етеді.

Құқық нормалары реттейтін құқықтық қатынастарды анализдеу арқылы белгілі бір жас шеңберіндегі оқушыға қандай құқық нормаларын міндетті түрде білу керек, ал екіншілерін білу қажет емес екендігін айқындауға болады. Мысалы кейбір құқық нормалары заңмен конфликтке келіп, құқық бұзушылық жасап, құқық қорғау органдарымен қатынасқа түскен қатынастарды реттейді. Бұл процессуалдық құқық нормалары, онда мемлекеттік органдардың әрекеті реттеледі. Оны білу құқық бұзушылар үшін және қылмыскерлермен күресу үшін тиімді. Сондықтан бұл қылмыстық процестердің құқық нормаларын оқушылардың білуі міндетті емес [2, 17 б.].

Сонымен қатар әлі де болса жеке тұлға ретінде қалыптасқан қоғам, шаруашылық өмірге қатысы аз оқушы үшін шаруашылық, жер құқығы, әкімшілік құқық нормаларын терең білу қажет емес.

Сондай-ақ халықаралық құқық нормалары да оқушылардың күнделікті өмірінде қажеттілікті туғызбайды. Бірақ мұндай қысқартулармен қоса мектеп оқушысына білуге қажетті мол құқықтық білім қоры бар. Сондықтан бұл қажетті білім жүйесін мектеп сағатына шағындап беру керек.

Сонымен, құқықтану курсының пәні тек құқық категорияларына ғана емес, оның құрамында мемлекет категориялары да құрылады және ол оқушыға қажетті құқықтық білімдер жүйесін құрайды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеті және құқық негіздері» курсы мазмұнында мынадай өзекті мәселелер қарастырады.

- мемлекет;
- конституциялық құқық;
- еңбек құқығы, азаматтық, отбасы, әкімшілік, қылмыстық, қаржы, экологиялық және халықаралық құқық негіздері.

Құқықтану курсы пәні мен құқықтық тәрбие беру жүйесі жалпы оқыту жүйесін құрайды және өз алдына ортақ міндеттер қояды. Ортақ міндет әрине ҚР азаматын тәрбиелеу. Бірақ құқықтық тәрбие беру пәнінің өзіндік арнайы пәні бар, бұл жас тұлғаның бойында құқықтық сана қалыптастыру. Бұл міндетті, яғни, құқықтық сана қалыптастыру міндетін орындау үшін оның формалары мен әдіс-тәсілдерін білу керек.

Құқықтану курсының бір ерекшелігі білім беру мен тәрбиелеу бір мезгілде жүреді. Бірақ мұнда құқықтық тәрбиелеудің ролі басым деп айтуға болады, өйткені тәрбие білім беруге ықпал етеді. Ал кей жағдайларда баланың құқықтық білімі мол болғанына қарамастан, оның тәрбиеге ешқандай әсері болмауы мүмкін.

Өйткені адамдардың құқықтық мәдениеті, оның құқықтық тәрбиелілігі, оның құқықтық білімімен өлшенбейді.

Құқықтық мәдениеттің маңызды белгілері – жинақталған құқықтық білімді дұрыс пайдалана білу, заңды, құқықты тұрақты түрде сыйлау, заңдарды сақтауды дағдыда айналдыру, кез келген заң бұзушылыққа қарсы көзқарас қалыптастыру т.б.

Оқушыларға құқықтық білім берудің маңызды міндеті – заңдық категориялардың ықпалы арқылы оқушылардың бойында құқықтық сана, құқықтық көзқарас және тәртіптілік қалыптастыру. Құқықтық тәрбиелеу механизмі оның мәнін дұрыс түсінуге байланысты. Оны сипаттаған кезде мына аспектілер көзге түседі.

Біріншіден, құқықтық тәрбие нақты құқықтық фактілер мен құбылыстарды білуге негізделеді. Заңдарды білу – құқықтық тәрбиенің басты шарты. Бірақ заңды құр біліп қана қою тиімсіз, оны қолдана білу керек. Ал бұл үшін педагогикалық позиция тұрғысынан заңды оқыту дұрыс жолға қойылуы тиіс. Міне, сондықтан да құқықтық тәрбие құқықтық насихаттан мүлдем өзгеше қарастырады.

Екіншіден, заң қоғамды қалыпты түрде жүзеге асуы үшін және азаматтардың заңдарды ерікті түрде сыйлауын қамтамасыз ету үшін, оқушыларды тек заңдарды ғана сыйлау бағытында тәрбиелеу жеткіліксіз, сондықтан қатар олардың құқық қорғау органдарына да сыйлауын қалыптастыру қажет.

Үшіншіден, қоғамға қарсы іс-әрекетке қарсы, яғни құқық бұзушылыққа қарсы оқушылардың бойында көзқарас қалыптастыра отырып, бұл адамға қарсы көзқарасқа айналдырылмауын ескеру қажет.

Төртіншіден, құқықтық тәрбие тек құқықтық сана қалыптастыруға негізделмеуі тиіс.

Дәстүрлі түсінікте құқықтық сана қоғамда қалыптасқан адамдардың құқыққа деген қатынасын, көзқарасын білдіретін теориялық, идеялық көзқарастардың жиынтығы [3, 178 б.].

Сонымен қатар құқықтық сана жеке тұлғаның қоғамдағы мінез-құлқына, оның белгілі бір жағдайларға байланысты шешім табуына әсер етеді.

Ал адамдардың мінез-құлқы онда қалыптасқан білімге, дағдыға, әдетке, сезімге, көзқарасқа байланысты. Дұрыс қалыптасқан құқықтық сана адамдардың мінез-құлғын реттеп отыру үшін құқықтық білімдерді терең түсініп, оларды ой елегінен өткізіп, өзіндік баға беру мүмкіндігіне ие болу керек, ал бұл өз кезегінде тұрақты көзқарас және соның негізінде қалыпты дағды қалыптастыратын, адамдардың құқықтық мінез-құлғын реттейді.

Нақты құқықтық білімдер жиынтығының заңдарға деген сыйлы көзқараспен ұштасуы, оқушылардың заңдарды сақтау қажеттілігін түсіне білуі, құқықтың тұрақты дағды мен әдеттің қалыптасуы жеке тұлғаның өмірлік позициясын қалыптастырады.

Міне сондықтан да мектептегі құқықтық білім беру және тәрбиелеу өз алдына мынадай негізгі міндеттер қояды:

- 1) оқушылардың дүниетанымын дамыту, құқықтық санасын, адамгершілік сана-сезімін қалыптастыру, адам бойында жоғары моральдық саяси қасиеттер қалыптастыру;
- 2) оқушыларға еңбек тәрбиесін беру;
- 3) қоғамда қалыптасқан құқықтық тәртіп сақтау қажеттігін және оған жауапкершілік туралы оқушылардың бойында терең түсінік қалыптастыру;
- 4) ҚР заңдарын және мораль нормаларын ерікті саналы түрде сақтауға үйрету;
- 5) құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу және онымен күресу;
- 6) жеке тұлғаның белсенді азаматтық өмірлік позициясын қалыптастыру;
- 7) оқушылардың әлеуметтік белсенділігін дамыту, олардың құқық қорғау және табиғат қорғау қызметін дамыту;
- 8) құқықтық таным және дағды қалыптастыру.

Құқықтық тәрбие міндеттерінің қатарына оқушылардың және ата-аналардың құқықтық нигилизммен күресу де жатады.

Құқықтық білім беру мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері және мазмұны оны ұйымдастыру формалары мен әдістемесінің спецификасын айқындайды.

Құқықтық білім беру және тәрбиелеудің маңызды әдістемелік шарттарының бірі сабақтағы және сабақтан тыс жүргізілетін шаралардың өзара тығыз байланыстылығы болып табылады.

Екінші бір жалпы әдістемелік тұжырым заңдық құрылымының жоғары дәрежеде абстракциялы болуынан туындайды. Заң нормаларын сол қалпында түсіну оқушы үшін қиын. Бұл нормалар оқушыларға түсініктірек болу үшін оларды күнделікті өмірдегі оқиғалармен жақындастыру керек. Бірақ сонымен қатар тәрбиелеу процесінде заңның нормалары да келтірілуі тиіс, яғни оларды мүлдем қолданбауға болмайды. Өйткені оқушылар заң формуласын түсінуге үйрену керек.

Құқықтық материя тек абстрактылы ғана емес, сонымен қатар қызық емес. Сондықтан оқыту, тәрбиелеу процесін әрдайым көркем әдебиеттен, газет, журналдарын телевидение, радиодан алынған эмоционалдық мысалдармен толықтырып отыру керек. Бірақ шектен шығуға болмайды, өйткені ортақ мұндай материалды қолдану кері әсерін береді [4, 16 б.].

Сонымен қатар әдістемелік тұрғыдағы маңызды мәселелердің бірі сабақтағы оқыту процесін міндетті түрде оқушылардың құқық қорғау және табиғат қорғау қызметімен ұштастыру керек. Оқыту процесіндегі құқықтық білім беру және тәрбиелеудің бұл жалпы әдістемелік проблемаларды әрине оқушылардың жеке ерекшелігін, білім деңгейін, даму бағытын ескере отырып, жинақталған өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып қолдану қажет.

Осылайша құқықтық білім беру мен тәрбиелеуде, оның мазмұнының теориялық негіздерін айқындап алу керек. Олар мынадай:

1. Алдымен оқыту тәрбиелеу процесінде қолданылатын құқықтық фактілер мен құбылыстар оқушыны оқыту және тәрбиелеуге әсер ететін ғылыми және практикалық маңыздылығымен ерекшеленуі тиіс.

2. Оқушыларды құқықтық тәрбиелеуде олардың болашақ қоғам құрушылар екендігі мақсат етіліп, оларды болашақ саналы азамат ретінде санап, олардың құқықтық білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру керек. Міне сондықтан да қолданылатын құқық фактілер бүгінгі күні-ақ оларды болашақ өмірге психологиялық тұрғыдан және практикалық тұрғыдан дайындалу қажет.

3. Сонымен қатар оқыту процесінде оқушылардың реалды өмірлік процестерге қатысу мүмкіндіктерін, олардың жасына қарай әлеуметтік статусының да өзгеріп

отыратындығын ескеру қажет. Физикалық және әлеуметтік жетілуіне орай, олардың құқықтық статусы да өзгеріп отырады [4, 69 б.].

Маңызды ескеруді қажет ететін жағдайлардың бірі, және жеке тұлғаның жасы өсуінен бір мезгілде олардың адамгершілік-құқықтық жауапкершілігі де артып отырады. Соның негізінде оқушының өз әрекетіне деген жауапкершілігі де артады. Сонымен құқықтық білім беру және тәрбиелеудің мазмұнын айқындауда оқушының жасын және құқықтық статусын ескеру орынды. Ал көпшілік жағдайда бұл екі мәселе бір-біріне сәйкес келмейді.

Әдебиеттер:

1. Газизова Н.С. Құқық негіздері қалай оқытылуда? //Қазақ тарихы, №4, 2002, Б.69 – 71.
2. Инновациалық оқытудың педагогикалық шарттары. Қ.А.Иассауи атындағы ХҚТУ Шымкент ғылыми - әдістемелік конференцияның материалдар жинағы. 2004.
3. Мендығалиева Г.К. Новое в системе правового образования в школе. //Менеджмент в образовании, №1, 1998, С.21 – 23.
4. Марковичева Е.В.Актуальные проблемы воспитания и гражданского образования. //Стандарты и мониторинг в образовании, №2, 2000, С.11 – 14.
5. Махкамов У. Жоғарғы сынып оқушыларында адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық жайлары.// Қазақстан жоғары мектебі, 1998, №4,Б.168 – 171.

Резюме: В статье рассматриваются актуальные проблемы в системе правового образования РК. В том числе важность этой статьи состоит в преподавании основы и права в школах. Формировать в учениках правовое сознание, воспитание.

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КӘСІПКЕРЛІККЕ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ**

Молдағалиева М.С.– магистрант,

Кудышева Б.Г. –п.ғ.к., доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Орал қ., ҚР

Қазақстан дамуының қазіргі заманғы кезеңі елдің жаһандық кеңістікте жоғары қабілеттілігін қамтамасыз етуге арналғанмен қоғамдағы терең құрылымдық. Нарықтық ортаның жоғары өрлеген кезіндегі экономикалық үдерістердің жаһандану жағдайында қызметтің табысты нысандарын таңдау және отандық кәсіпкерлікті дамыту ерекше өзекті болмақ. Үздіксіз білім берудің механизмі адамның рухани әлемін байыту, жаңа экономикалық және қоғамдық-саяси деңгейін көтеру, ғылыми-техникалық ақпараттарды қабылдау, зерделік және мәдени дәрежесін мейлінше арттыруға келіп саяды. Білім алушылардың ерекшелігі – оларды меңгерген білімдері арқылы, одан да кеңірек кәсіпкерлікке бейімдеуге алуан түрлі ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қалыптастыруға негізделген жаңаша даярланған жаңа тұлға ретінде бағдарлануына бағытталуында. Білім алушылар оқу орындарында болашақ кәсіпкерлікке бейімдеу жолдарын даярлау мәселесінің күрделілігі, білімгердің жеке тұлғасының бағыт-бағдары мен оны жетілдіру жолдары өте маңызды әлеуметтік – педагогикалық міндеттердің бірі болуға тиіс[1].

Білім алушыларды кәсіпкерлікке бейімдеу жолдарының ұғымы ерекше іздемпаздықтықпен жаңа мүмкіндіктерді іздестіретін, барлық қажеттілікті пайдалана отырып, олардың қажеттілігінен шығатын жаңа тауар өндіріп, жаңа жұмыстар орындап және жасаған іс-әрекеті арқылы ең жоғары көрсеткішке жету[2].

Бизнестің ұйымдастыру-құқытың формаларының ішінде АҚШ- та жеке кәсіпорын кең таралдыАмерика ғалымы Р.С.Ронстадтың пікірі бойынша «Кәсіпкерлік – байлықты көбейту жолындағы процесс» деген болатын. Кәсіпкерліктің тиімді жолдарын шетел ғалымдары Р.Кантильон, А.Тюнен, Д.Риардо, П.Друкер, К.Пителис және т.б зерттеген[3].

Ресей ғалымдарының ішінен кәсіпкерліктің тиімді даму жолдарын зерттеген А.Смит кәсіпкер ролі туралы былай жазады: «Ол өз қызығу-

шылығын ойлайды, өзінің жеке табысын іздейді, бірақ бұл жағдайда ол еріксіз, өзінің ойына мүлдем кірмеген мақсаттарға бағытталады. Өзінің қызығушылығының артына түсіп, қоғамға саналы қызмет етуге ұмтылмаса да қоғам қызығушылығына қызмет етеді». Сонымен қатар кәсіпкерліктің тиімді даму жолдарын зерттеген В.Э.Эмрахов, Ф.И. Шахматов, А.В. Бусыгин, А. Крутик, А.Крупанин, К.В.Павлов, И.В.Шевченко т.б жүргізген [4].

Отандық зерттеуші ғалымдарының А.Кошанов, О.С Сәбден, А.Н. Тоқсанова, А.Н. Тұрғынбаева ғалымдарымыз зерттеу жұмыстарында кәсіпкерліктің даму жолдарымен, оның тиімділігі туралы көзқарастарын білдірген болатын [5]. Дегенмен, әлі күнге дейін бейімдеу бағыттары қарастырылмаған. Кәсіпкерліктің бейімдеу жолдары төмен болғандықтан осы мәселені зерттеу қажеттігінен туындап отыр. Осыған орай білім алушыларды кәсіпкерлікке бейімдеу жолдары атты жұмысымының тақырыбымызды анықтап зерттей бастадым.

Қазір елімізде кез-келген жаңа іс бұл кәсіпкерлік болып табылады. Өйткені кәсіпкерлік ең алдымен қоғамның қажеттілігін қамту керек және экономиканың өсіп, өркендеуіне пайдалана білуіміз қажет. Кәсіпкерлік – бұл көп уақытты, білімді, қаржыны, жан – жақты талапты, айтарлықтай күшті қажет етеді. Қазақстан кәсіпкерлерінің бейімдеу жолдарының тиімділігін бағалау және даму жолдарын ұйымдастырушылық жағынан құрастыру және ұсыну мақсатқа жету барысында мынадай мәселелерді шешу қажеттілігі туындайды. Білім алушылардың университет қабырғасынан алған білімдерін, болашақта мамандығына сай кәсіпкерлікке бейімдеу мақсатында әртүрлі тренингтер, дөңгелек үстел, баяндамалар, дебат түрінде өткізіп белгілі бір істі істей білу мақсатында белсенділігі мен іскерлігін дамыту. Білім алушылардың белсенділігі, іскерлігі, бейімделігі, қабілеттілігі арқылы өз мақсаттарына жетуге болатыны туралы айту.


Қазіргі заманымызға байланысты білім алушылар білім беру, сонымен қатар олардың кәсіпкерлікке бейімдеу бағдарын айқындау қажетті болып отыр. Білім алушыларды болашақта білікті жан-жақты маман ретінде жаңалық жасауға және өзгерістер енгізуге ынталандырып, мамандардың идеясын жүзеге асыруға қажетті білім мен қабілеттігін игеруге бейімдеу. Өйткені, білім алушылар университет қабырғасын бітірісімен өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алмаған жағдайда, өз кәсібімен айналасуға көп көмегін тигізетін сөзсіз. Сол себептен де білім алушыларға кәсіпкерлікке бейімдеу бағытында мәлімет беріп, таңдаған мамандықтары бойынша кәсіптік оқыту, құрылыс, ақпарат т.б мамандықтар бойынша кәсіпкерліктің өз жан-дүниесіне жақындау бағытымен айналасуға кеңестер беру. Мысалы «Ақпараттану» мамандығы бойынша бітірген білім алушымыз өз мамандығы бойынша мемлекеттік мекемеге жұмысқа орналаса алмаған жағдайда, алған білімі бойынша өзінің жөндеу орталығын ашу немесе жарнама орталықтары және т.б түрлері. Білім алушылар алған мамандығы бойынша кәсіпкерлікке тікелей (кәсіпорындар, мекемелер) болашақ кәсіби қызметпен таныстырып, қызықты іспен еркін және тәуелсіз айналысуға қоршаған ортаға өзінің әлеуметтік мәртебесін, беделін арттыруға ұмтылдырту.

#### **Кәсіпкерлікке бейімдеу жолдары**

- жоспар және оны дайындау тәсілдері, бизнестің табысты қызмет етуі, пайда, алға қойылған мақсатқа қол жеткізу жолдары жөнінде түсінігі болуы керек;
- өнім өндіру және өткізу бойынша негізгі мәліметтерді, жоспарлау түрлері мен әдістерін, өнімнің өзіндік құнының құрылымын, бизнес-жоспарлаудың негізгі бөлімдерін білуі қажет;
- дамытудың негізгі қарқынын болжамдау және жоспарлау кезінде кәсіпкерлік қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін есептей білуі;
- өнім сапасы және бизнес-жоспарлау саласында кәсіпкерлік қызметінің тиімділігін кәсіпкерлік бағалау сұрақтарында құзырлы болуы тиіс [6].
- кәсіпкерлікті игеру нәтижесінде бизнес-жоспар дайындау және оны іске асыру бойынша творчестволық ойлай білуі;

- білім алушыларға кәсіпкерлік жұмыс жасау, бизнес-жоспар дайындау және оны іске асыру бойынша дербес ойлау және шешімдер бойынша коммуникативті дағдылар қалыптастырады.

- бизнес-жоспар дайындап отырған кәсіпкерлік қызметінің көрсеткіштерін талдау, бизнес-жоспарға қажетті ресурстардың барлық түрлерінің шығындарының есебін, инновация енгізу; Бизнес-жоспар дайындаудың кәсіпкерлікке тиімділігін негіздей білуі қажет[7]. Экономикалық жағынан кәсіпкерліктің негізгі нысандарын түсіндіре отырып, педагогикалық тұрғыдан білім алушыларды кәсіпкерлікке бейімдеу жолдарының түрлері қарастырылады. (1-кесте)



Қазіргі таңда білім алушыларды кәсіпкерлікке бейімдеу педагогиканың көкейкесті мәселесінің бірі. Білім алушыларды кәсіпкерлікке бейімдеу жолдары: **Танымдық біліктілік**, ең алдымен, жеке бастың интеллектуалдық мүмкіндігі, мамандық еңбегінің негізі болып саналады. Танымдық біліктілікті қалыптасыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес т.б. психикалық қасиеттерінің бірлікте дамуы қажет. **Құра білу (конструктивтік)** біліктілігі—оқу—тәрбие жұмысын моделдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктеп алумен сипатталады. Еңбек нарығының салаларының материалдық базасына сәйкес жұмысты ретті ұйымдастыра білу, бұл біліктілікті меңгеру үшін интеллектуалдық қабілет қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алдымен ойлау, салыстыру, болжам жасау, технологиялық логикалық ойлау қабілеттерімен тікелей байланысты. **Қарым-қатынас (коммуникативтік)** біліктілігі—бұл маманның жұмыс процесінің барысында адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. **Ұйымдастырушылық біліктілік**—бұл маман еңбегінің бөлінбейтін, үнемі жүріп отыратын маңызды саласы. Ұйымдастырушылық біліктіліктің өзіндік белгілері бар, олар: жұмысты анықтау, мақсатын белгілеу, жұмысты талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты бақылау, орындалуын ұйымдастыру, орындалған жұмысты қорытындылау, бағалау, есеп беру, нақтылап объектіге зейін қоя білу, кездесетін кедергіні тез арада болдырмауға педагогикалық ахуал туғыза білу, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға ықпал жасау іс - әрекеттерінен құралады. **Хабарлау біліктілігі**—жеке бір мамандардың біліктілігі болып саналады. Көбіне қатынас құралы ретінде қарастырылады. Себебі қарым-қатынас хабарлама материалынсыз болуы мүмкін емес. Информациялық біліктілік оқу-тәрбие процесінің оңтайлылығын арттыруда шешуші орын алады. Оқу-білім материалын терең, жан-жақты білу, оқу әдістерін меңгеру, барлық хабарлама құралдарын пайдалану дағдысының болуын талап етеді. **Зерттеушілік біліктілік**—әрбір құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды, ғылыми болжам жасауды, жобалау және эксперимент жүргізуді жоспарлауды, сонымен қатар маман озат тәжірибені де өзінің тәжірибесіне жинақтауды, оларға теориялық-практикалық негізде талдау жасауды және еңбек өміріне ендіруді қамтиды[8].

Қорыта келе бүгінгі таңда білім алушылардың алған білімдері бойынша кәсіпкерлікке бейімдеу жолдарының басты мақсат болып саналады. Кәсіби білім алушылар алған білімдері арқылы халқымызға пайдасын тигізіп, елімізге кәсіпорындар,

мекемелер немесе отандық өнімдері және т.б қызметтер арқылы қуантатынын сөзсіз сенуге болады. Әйтседе, жүргізілген зерттеу көп салалы мәселе болғандықтан, оның барлық бағыттарын бір зерттеудің аясында жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету мүмкін емес, әліде зерттейтін жақтары көптеп кездеседі. Біздің мақсат – еліміздің болашағы болып табылатын жастарға бағыт-бағдар беріп, игілікке толы болашаққа бейімдеп жол сілтеу. Бүгінгі заманның легі кәсіпкерлікті бастау бағыт-бағдар беріп бейімдеу, мықты маман атану, жаңалықтарды ашумен өлшенеді. Қолынан кәсіп келетін, көкейінде жүрген арманын орындауға құлшынған жастарға қажетті ақпарат мен қолдау көрсету міндетіміз. Болашақта тек білімді ел ғана қандай да болмасын бәсекелестікке төтеп бере алып, өзін-өзі сақтап қалатыны сөзсіз. Ел болашағы – білімді ұрпақта.

Әдебиеттер:

1. Қ.Р. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналаған мемлекеттік бағдарламасы
2. С.А. Мусаева «Білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру» Тараз 2002ж
3. Крутик А.Б Малое предпринимательство и бизнес-коммуникации.-СПб: Бизнес-пресс,1998.-340с
4. Бусынгин А.В. Предпринимательство.-М: ИНФРА, 1997-670с.
5. Кошанов А.К. Мухамеджанов Б.Г., Бектемисова С.Т, Фомирование частного предпринимательства в условиях перехода у рынку.-Алматы, 1995.-с297, Сәбден О., Тұрғынбаева А, Бодаубаева Г, Сабденова Ж, Кангалакова Д, Шағын бизнес негіздері (оқу құралы)-Астана: Фолиант, 2015. -152б.
6. Кәсіптік бағдар жұмыстарының ғылыми әдістемелік негізі П.Р. Атутов, С.Я. Батышев, М.Н. Махмудов, Г.А. Уманов еңбектерінде кәсіптік бағдардың саясаттық базасы, кәсіптік білім мен жалпы білім беруді біріктіру мәселелерін қарастырады.
7. Организация предпринимательской деятельности: учебное пособие/под общей ред. проф. Багиева Г.Л.-СПб: Изд-во СПбГУЭФ, 2001.-231с.
8. Н.Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы 6 қаңтар, 2016ж.

*Резюме: В статье были рассмотрены вопросы, которые направлены на совершенствование методов адаптации студентов к предпринимательству.*

## **ҚАЗАҚ НЕОЛОГИЯСЫ МЕН НЕОГРАФИЯСЫ: ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАҒЫТТАРЫ**

Алдашева К.С.- PhD доктор

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ., ҚР

Ұзақ уақыт бойы неологизмдер дәстүрлі ғылыми парадигманың шеңберінде зерделеніп келді. Лингвистикалық ғылымның қазіргі даму сатысы неологизмдердің пайда болу тетіктерін зерттеудің өзгеше тәсілдерінің сипатымен ерекшеленеді. Осымен байланысты неологизация үдерісін зерттеуде адамның рухани-практикалық қызметін, құндылықтар жүйесін, жеке адамның санасына айтарлықтай ықпал ететін, жаңа сөздердің пайда болуына түрткі болатын қоғамдық-саяси мәдениеттің сипатын ескермеу мүмкін емес.

Әдеби тілдің лексикасының даму динамикасында болмай қолмайтын, сыртқы факторлардың әсерінен туындап отыратын лексикалық жаңалықтар және кейінгі кезеңдерде сөздік құрамға жаңа сөздердің екпінді түрде енуі, олардың қоғам мүшелерінің коммуникативтік актісіндегі рөлі мен әсері лингвистика саласының объектісі ретінде және жаңа бір ғылым саласының – неология тармағының қалыптаса бастағандығын дәйектейді.

Қазақ тіл танымында неология және неография салалары жеке ғылыми тармақ ретінде өткен ғасырдың 90-жылдарына қарай қалыптаса бастады деуге толық негіз бар.

Бұған дәлел – көрсетілген кезеңде, яғни 1985 жылы жаңа қолданыстардың алғашқы анықтамалық-түсіндірме сөздігінің түзілуі және 1992 жылы алғашқы теориялық еңбектің жариялануы.

Белгілі бір ғылыми тармақ деп тану және оны дәлелдеуде ең алдымен осы ғылыми саланың негізгі нысаны, бағыттары, мақсаты, зерттеу үшін алынатын әдіс-тәсілдері, бір сөзбен айтқанда негізгі категорияларын белгілеп алу қажет болады.

Тілдегі жаңалықтарға байланысты зерттеулерді мұқият талдап шығу нәтижесінде анық байқалған жайт – лексикалық құрамда пайда болатын жаңа атаулар үшін қолданылатын терминдердің сан түрлі екендігі. Орыс тіл білімінде көптеген зерттеулер бар, соған қарамастан тілдің лексикалық құрамындағы жаңа атаулардың толық қамтитын нақты терминдік анықтама – атау әртүрлі. Әрине, бір қарағанда «жаңа сөз / неологизм» деген ұғымның мағынасы барынша айқын сияқты болып көрінеді. Айталық «жаңа сөз», «оказионалды сөз», «потенциалды сөз» дегендердің мағынасын анық түсінеміз. Дегенмен зерттеулерде «новые явления»; «лексический неологизм»; «семантический неологизмы» (Брагина А.А.), «новые значение», «новые слова» (Котелова Н.З., Сорокин Ю.С.) деген параллельдер қолданылады. 1735 жылдан бері жаңа сөздер мәселесімен айналысып келе жатқан француз тіл білімінде «неологизм, инновация, ксенизм, гапакс, эфемеризм, аэлогизм, неолексизм» типтес саралап қолданушылық қалыптасқан.

Қазақ тіл білімінде академик Р. Сыздық *тілдегі жаңалықтар / тілдік жаңалықтар / лингвистикалық жаңа бірліктер / тілдегі жаңа лексикалық бірліктер / жаңа сөздер* дегендерді синонимдес мағынада қолданған [1]. Ғалымның пікірінше, бұл атаулардың барлығы да – белгілі кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған бұрынғы сөздер, тілде жиі және еркін қолданыла бастаға бөгде тілдік сөздер.

Қалай болғанда да көрсетілген атаулардың ішкі біртұтас мазмұнын «жаңа сөз» немесе «неологизм» деген ықшам ұғым толық қамтиды. Сондықтан кейінгі зерттеулерде жаңа сөз және неологизм терминдері қатар және жоғары жиілікпен қолданылуда. Нақты айтқанда, жеке ғылым саласы ретінде қалыптаса бастаған қазақ неологиясы мен неографиясының негізгі зерттеу нысаны – жаңа сөздер / неологизмдер – тілдің синхронды даму жағдайында сыртқы және ішкі лингвистикалық факторлардың ықпалымен, байырғы төл сөздердің семантикалық өзгерістері, сөз тудырушы қосымшалардың көмегімен жаңа мағынаның берілуі, сөздердің тіркесімділік қабілетінің артуы, жекелеген сөздің стильдік реңктерге ие болуы, кейде тіпті «ойдан құрастырылуы» арқылы жасалған жаңа сөздер.

Қазақ неологиясы және неографиясы салалары үшін әдіс-тәсілдерді анықтауда ең алдымен қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің басқа ғылыми парадигмаларға қатысын анықтаудың қажеттілігі туындайды.

Қазақ тіл білімінің барлық салаларын нақты бір парадигма түрінде қарастырғанда, салыстырмалы-тарихи жағынан, жүйелі-құрылымдық жағынан болсын, яки қазіргі таңда қарқынды зерттеліп келе жетқан антропоэлектік тармақ жағынан болсын, тілдік бірліктердің талдануы осы зерттеу бағыттарында бөлек, оқшау түрде емес, керісінше өзара байланыста жүргізіледі. Мысалы, тілдік бірліктердің жүйелі құрылымы сөз болған жағдайда тарихи фактілер мен қазіргі белгілер, диахронды-синхронды даму сипаттары қатар талданып, салыстырылып отырады. Осы тұрғыдан келгенде, жаңа сөздер туралы ғылыми тармақты да қазақ тіл ғылымының көптеген салаларымен тығыз байланыста қарастыру қажет болады.

Ең алдымен тілді диахронды зерттеудің нәтижелері анықтап көрсеткендей, тілге енген әрбір жаңа сөз тарихи құбылыс болып табылады, ол қоғам дамуындағы белгілі бір мерзімге, сол мерзім аралығында болатын сыртқы өзгерістерге байланысты. Жаңа сөз қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болады, ол узус қатарына қосылуы да, тілге қажетсіз болуы да немесе келесі мерзімде архаизм қатарына өтуі де мүмкін. Л.В. Щерба былай деп жазған болатын: «Қоғам мүшелерінің басынан талай дәуірлер өтіп жатыр, ол кезеңдерде жаңа сөздер аққан жұлдыздай пайда болады және сол жұлдыздай жоғалып та

кетеді [2, 75]. Тіл дамуының тарихи кезеңдерінде пайда болған *бастауыш, баяндауыш, демеулік* (А.Байтұрсынұлының терминдері) аталымдарының тілде орнығуы және *қышқылтуым, сүтуым, үндеуіш, төбе азасы* (Х.Досмұхамедұлының терминдері) сияқты атаулардың қазіргі кезде архаизмге айналуы жаңа сөздердің тарихи құбылыс екенін дәлелдей түседі.

Тілдегі жаңа сөздер әлеуметтік лингвистиканың проблемаларымен де тығыз байланыста болады, осы саланың негізгі бағыттары арқылы анықтала түседі. Қазақ ғалымы Э. Сүлейменова тілдің қайта жаңғыруы (возрождение языка), тілдің өміршендігі (витальность языка), тілдік жоспарлау (языковое планирование), корпусстық жоспарлау (корпусное планирование) деген терминдер арқылы Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятты талдай келе, қазақ тіліне қатысты болып жатқан қазіргі өзгерістерге «тілдік Ренессанс» деген анықтама береді [3, 56-59]. Корпусстық жоспарлаудың бір арнасы ретінде ғалым жетілдіру (модернизация) мәселесін көтереді, сөйтіп, зерттеушінің пікірі бойынша «кейбір ұғымдарды беруде тілдің сөздік қоры жеткіліксіз болған жағдайда жаңа сөздер жасалады, кірме сөздер қабылданады. Модернизация арқылы тілдің сөздік қоры молаяды, сонымен қатар жаңа стильдер мен дискурстың жаңа нысандары пайда болады» [3, 60]. Нақты айтқанда, Қазақстандағы тіл саясаты мен тіл стратегиясы, тілдік жоспарлау іс-шараларының тиімділігі, мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің өміршендігін сақтап қалу және оның қолданылу аясын кеңейту, тілдік жағдаяттағы инновациялық үдерістерді әрдайым бақылап отыру сияқты қазақ әлеуметтік лингвистикасының қазіргі көкейкесті мәселелері жаңа сөздердің табиғатын тануға, жаңа сөздер туралы ғылымды орнықтыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік лингвистика және ұлттық идеология тұрғысынан қазіргі кезде «қазақыландыру» (казахизация) термині қолданылып келеді. Оның бастапқы мәнісі – көптілді қоғамда қазақ тілін гомогенді тілге айналдыру болатын [4, 79]. Бұл термин қамтитын екінші ұғым да бар, бұл – Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруға байланысты пайда болған жаңа термин; қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдыру, білім беру, заң және сот ісі салаларына белсенді енгізу мүдделерінде тілдің төл әлеуетін сарқа пайдалану деген ұғымды білдіреді.

Лексика қатарына енетін және енген жаңа сөздердің сипаты стилистика, қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдері бойынша зерттеулерде ұдайы қарастырылып отыратындығы неология ғылымының осы салалармен де қарым-қатысының бар екендігін көрсетеді. Бұл қарым-қатысты тікелей және барынша тығыз деп те есептеуге болады. Өйткені қазақ тілі дамуының қай кезеңінде де болмасын, әсіресе қазіргі кезде лексикалық құрамның жаңа сөздермен, жаңа аталымдармен толығында қазақ әдеби тілі функционалдық жазба стильдерінің үлесі барынша салмақты болып отыр. Ғылыми және оқу-ағарту әдебиеті ғылым мен техниканың барлық салалары бойынша «қазақыландыру» үрдісі негізінде қазақ тілінің өз ресурстары арқылы жасалған терминдер мен терминдік орамдарды енгізуде. Ресми іс қағаздары стилі қарқынды өріс алып, заңнамалық және нормативтік құжаттардың өз терминдерін қалыптастыруда. Әсіресе байырғы төл сөздердің ресми-іскери терминдер қатарында көрінуі айрықша қызығушылық туғызады. Мысалы, *пәтуа (консенсус), гибара (транскрипция), мұрағат (архив), тұрпат (тип), әміртийым (вето), әріпсан (индекс), қарашын (телохранитель), қанат белгі (галочка), ымдаспа (жестікуляция), зият (интеллект), зияткер (интеллектуал)*. Қазақ мерзімді баспасөзінің, масс-медияның тілі жаңа сөздерді жасауда және пайда болуда тәуекелшілдік пен батылдық танытып отыр, мерзімді басылымдардың тілі жаңа тілдік бірліктің, пайда болған вариант сыңарлардың узусқа енуін немесе әдеби тіл айналымына қажетсіздігін анықтап, дәлелдеп, мойындатып беретін доминант сала ретінде танылуда. Ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиет тілінде жаңа сөздер (бірқолданыстағы, авторлық-индивидуалдық тілдік бірліктер) пайда болуда. Мысалы: *өткек, кептелек, телім. Мен университетке баратын жолда жерасты өткегінен арлы-берлі төрт рет өтемін (ҚӘ, 2014, 26*

қыркүйек); *Телімдік полиция бекетін іздеп, әудем жер ұзағанымда, нөпір халықтың ішінен формалы полицейді көзім шалып қалды* (ҚӘ, 2016, 17-23 сәуір); *Көшеде қалың қар, жолда бірімен-бірі иық тірестірген кеттелекте тұрған машиналар* (Айқын, 2014, 5 ақпан). Функционалдық стильдердің ерекшеліктері сөз болған еңбектерде жаңа сөздердің де назардан тыс қалмауы неология мен стилистика тармақтарының байланысын көрсетеді.

Жаңа сөздерді пайда болуында және нормалануында мерзімді баспасөздің доминант рөлі аса жоғары екендігі турасында алғашқы пікір академик Р.Сыздық тарапынан айтылған еді [5]. Қазақ әдеби тілінің диахронды-синхронды жай-күйі қарастырылған кейінгі зерттеулерде (С. Исаев, А. Алдашева, О. Бүркітов, Б. Момынова, Ф. Жақсыбаева, Ә. Әміров және т.б.) қазақ тіліндегі мерзімді басылымдардың жаңа сөзді ұсынуда, вариант қатарларды екшеуде, олардың бірінің нормалануында, жаңа аталымдардың қалыптануында басым қызмет атқаратындығы тағы да бірнеше мәрте дәлелденген. Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын қазақыландыру үдерістері басталғалы бері кейінгі кезеңдерде мерзімді баспасөз бұл мәселеде барынша еркіндік танытып отыр.

Бұған төмендегі бір ғана мәнмәтінде қолданылған жаңа сөздер дәлел бола алады. Мәнмәтін беделді мерзімді басылымнан алынған.

*«Ғалым бұл жерде ауызша публицистиканы, яғни шешенсөзді мүлдем ескермеген. Біздіңше, шешенсөздің түрлері де радио мен телевидениені, әйтпесе баспасөзді қажетсінбей-ақ алқаманмен (аудиториямен) бетпе-бет тұрып тақоғамдық пікір қозғау арқылы халықтың санасын оята алады... Фольклорлық жаратындылар қатарын, ауызша әдебиет туындыларының сапын топ алдында тыңдаушыға бетпе-бет айтылып, халықтық мұраға айналып кеткен шешенсөз айтындары (высказывание) да толықтырып отырады. Публицистика, яғни замансөз туралы айтылған мына пікірді естен шығармауымыз керек. ... Әдебиет те, шешенсөз бен көсемсөзде белгілі бір тіл арқылы дүниеге келеді. Бірақ атқараты (функциясы) мен жүзеге асу жолдары және мазмұны мен пішіні бөлек... Публицистің, яғни сөзгердің қоғам тудырған өзекті мәселелерге қатысты ойлары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпы жұртқа жарияланады... Сол зәурат істерге қатысты газет-журналдарда жарық көрген ойлардың жиынтық атауын «публицистика» деп атау санаға орныққан. ... Ел басқарушылардың ауызша баяны – саясатсөз, профессордың студент, жастар ортасында айтқан ұлағаты – білімірсөз, жиындарда белгілі бір идеяны қолдау үшін айтылған қошеметсөз, сот залдарында айтылған биліксөз, жамағат алдында дін ақидаларын тарқата түсіндірген уағызсөз дәлелдейді. Замансөздің теориясы мен тәжірибесі бір ғасырға жуық тоқтаусыз зерттеліп, зерделеніп келеді екен, олай болса, қазақ замансөзтану ғылымы орнықты деп айтатын уақыт келді. Ауызша публицистиканың, яғни шешенсөздің айтындарының бірі – айтыс... «Сөз әлеуметке дегенін істету үшін айтылса – шешенсөз, жазбаша айтылса – көсемсөз» (А.Байтұрсынұлы) деген қағидаға біржақты қарау салдарынан... көсемсөздің төлсыңары – шешенсөзді назардан тыс қалдырдық. Ауызшы публицистиканың айтындарын қайта тірілтеміз» (Қазақ әдебиеті, 2016, 22 қаңтар).*

Мәнмәтінде замансөз, шешенсөз, саясатсөз, білімірсөз, қошеметсөз, биліксөз, уағызсөз, алқаман, жаратынды, айтын, атқарат, сөзгер, зәурат, дін ақидалары, замансөзтану, төлсыңар тәрізді 20-ға тарта жаңа сөз қолданылған. Дереккөздің нақтылығы мен мерзімдік кеңістіктің өлшемдерімен қарағанда, олардың пайда болған мерзімі анық байқалып тұр деуге болады. Осы тұрғыдан қарағанда, көрсетілгендер – жаңа қолданыстар. Бұл ретте мерзімді баспасөз жаңа қолданыстың мағыналық мазмұнын бірнеше әдіс-тәсілдермен көрсетеді: бұрынғы нормалық баламасы арқылы түсіндіреді (сөзгер, яғни публицист; ауызша публицистика, яғни шешенсөз); өзге тілдегі баламасы арқылы анықтап береді (*алқаман – аудитория; айтын – высказывание; атқарат – функция*); белсенді сөз тудырушы формалардың үлгісімен жасалғандықтан бірқатар жаңалықтардың мағыналық мазмұны айқын (*білімірсөз, саясатсөз, биліксөз*); макромәтін бойында берілген сөздер әлденеше мәрте қолданысқа түсіп, өздерінің белгілі бір ұғым-түсініктерді мазмұндап тұрғанын «мойындата» түседі; сөйтіп, осы арқылы

ұсынылғандардың әдеби тілге ену мүмкіндіктерін дәлелдей түседі. Сонымен қатар *зәурат, жаратынды, ақида* сөздерінің мағыналық және қолданыстық көмескілігі де байқалады. Осы алғаш қолданылған жаңа тілдік бірліктер үдерістер сатыларынан өтеді, олардың бірқатары әдеби нормаға айналуы мүмкін.

1989 жылдан бастап дербес сала ретінде танылған қазақ тілінің сөзжасамы саласы бойынша теориялық тұжырымдар жаңа сөздердің жасалу жолдары туралы толық мәлімет бере алады. Сөзжасам жүйесі жаңа сөздерге тікелей қатысты. белгілі зерттеуші, профессор Н. Оралбаеваның пікірі бойынша «тілдің сөзжасам жүйесі – қазақтілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын жаңа сөздер жасау арқылы толықтырып отыратын негізгі тілдік құбылыс». Ғалымның көрсетуінше, 1992-2002 жылдардың арасында сөз тудырушы тәсілдердің барынша жандануы нәтижесінде *саябақ, мүшелтой, жолнұсқа, жолқиы* стиптес көптеген сөздер жасалған [6, 7].

Тілдік бірліктердің мағыналық жағы зерттелетін семасиология (семантика) саласының зерттеу нысанасы, зерттеу әдістері негізінде жаңа сөздің, оның ішінде тілдің өз ресурсы арқылы жасалғандардың (сөз мағынасының кеңеюі, синонимдердің мүмкіндіктері, жергілікті тіл ерекшеліктері мен кәсіби лексика қатарынан жаңа, терминдік мағына иелену) табиғатын анықтауда семасиология шеңберінде талданатын жүйелілік сипат, сөз мағыналарының өзара байланысы мен осы мағыналардың бір-біріне тәуелді болуы немесе сөз мағыналарының дифференциясы нақты көмек бере алады, тілдің өз әлеуеті арқылы жасалған жаңа сөзге семантикалық талдау жасау, термин үшін алынған қазақтың төл сөзінің ішкі формасын таныту жаңа сөздің тілге ену қабілетін, әдеби норма ретінде танылу мүмкіндігін (немесе керісінше) дәлелдеп береді. Бұл ретте семасиология ғылымында америкалық структурализм ұсынған дистрибутивті талдау (сөз мағынасын нақтылаудың жолы – оның тіркесімділік қабілетін көрсету) және Прага структурализмі қолданған компонентті талдау (сөз мағынасы компоненттердің жиынтығынан, яғни семантикалық «көбейткіштерден» немесе «семалардан» тұрады) деген бағыттардың, сондай-ақ В.В. Виноградов мектебі ілімінің (парадигмада тіркелетін сөздің мағынасын және сөз тіркесі, мәтін арқылы синтагмада жүзеге асырылатын сөздің лексикалық-семантикалық варианты ажырату) теориялық негіздері – осылардың қай-қайсысы да жаңа сөздердің табиғатын тануда тиімді болып табылады. Мысалы, *бағам* сөзі 1976 жылғы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне (әрі қарай – ҚТТС) енгізілмеген; *бағамда* лексемасы «жерг. шамалау, пайымдау» мағынасында көрсетілген [7, II, 8].

Тілдегі жаңа сөздердің қолданысқа түсуі сөз мәдениеті және әдеби норма салаларының аспектілеріне байланысты. Сөз мәдениеті арқылы ауызша және жазбаша әдеби тілдің нормаларын (сөз қолданысы, сөздің дыбысталу дұрыстығы, грамматикалық заңдылықтардың сақталуы), сондай-ақ айтылатын (жазылатын) сөйлеудің (речь) мақсаттары мен мазмұнына қарай қарым-қатынастың әртүрлі жағдаятында тілдің көріктеуіш құралдарын орнымен қолдануды білдіретіні белгілі. Норма межелері бойынша тілдік бірліктің бірі үлгі ретінде алынады, сөйтіп, «дұрыс-дұрыс емес» «орынды-орынсыз» деген бағалаулар пайда болады. Теориялық және практикалық пән болып табылатын сөз мәдениетінің нысанасы – лексикадағы, грамматикадағы, стилистикадағы барлық жаңа белгілерді қадағалай отырып, тілдің қолданылу практикасына жедел ықпал жасау, ұсыныстар, реттеу іс-шаралары арқылы тілді пайдаланушылардың сауаттылығын көтеру, тілдің табиғилығын сақтау. Сөз мәдениеті және әдеби норма аспектілері арқылы әсіресе жаңа сөздерге айрықша көңіл бөлінеді, бір ұғым-түсінікті, зат-бұйым атауларын, ғылыми-техникалық терминдерді беру үшін пайда болған бірнеше варианттың, осы мақсатта таңдалған жергілікті тіл ерекшеліктері мен кәсіби лексиканың орынды-орынсыздығы, дұрыстығы мен бұрыстығы анықталады. Қазақ тілтанымының сөз мәдениеті тармағында бұндай жайттар 1968 жылдан 1980 жылдарға дейін практикалық тұрғыдан қарастырылған (конференциялар өткізілген).

Тілдік жаңа бірліктердің сипаттары терминология және аударматану салаларының аспектілеріне де тікелей қатысты. Қазақ терминологиясындағы соңғы кезендердегі

қарқынды үдерістерді ескерсек, ғылым мен техниканың барлық саласындағы қазақша терминдердің жаңа сипаты бар екендігін көреміз, сөз мағынасының өзгеруі, сөзжасамдық амал-тәсілдер, синонимия, көпмағыналылық арқылы жасалған жаңа терминдердің белгілі бір ұғымның ішкі семантикалық өлшеміне сай келуі немесе басқаша болуы – осыларды анықтау неология саласының да нысанасы болып табылады. Жалпы, қазақ тіліндегі қазіргі кездегі жаңа сөздер туралы айтқанда, бұл түсінікті жаңа терминдерден бөлек қарауға болмайды.

Кейінгі кезеңдерде іргетасы қаланған қазақ лингвистикалық аударматану ғылымы тармағының қарастыратын мәселелері, әсіресе бір тілден екінші тілге аударма жасаудың практикалық жағы тілдегі жаңа бірліктердің сипаттарымен астасып жатады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты заңнамалық құжаттарды орыс тілінен қазақ тіліне аудару ісі көптеген жаңа терминдердің, жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына қарқынды әсер етті. Мәселен, аударматанушы ғалым А. Алдашева 31 томдық екітілді терминологиялық сөздіктер кешенінің арасынан «Әскери іс» саласы бойынша (12 том) материалдарды қарастыра отырып, жаңа сөз сипатындағы терминдердің ішінде аударма тәсілдері арқылы жасалған терминдер жөнінде мынадай пікір айтады: «бұнда лексикалық, семантикалық, сөзжасамдық және синтаксистік калька амалын сүйеніш еткен жайттар жиі ұшырасады (*ауытқушылық – аномалия, атаулы тізім – именной список, атыз кезегі*)» [8, 66]. Ал нормативті-жарлықшы құжаттардың аудармасы турасындағы зерттеулердің авторы Б. Аширова «ресми құжаттарда көрініс тапқан кейбір терминдерді бекітілген, нормаланған деп есептеуге тура келеді, өйткені жаңа аталым; термин қолданылған мәтін Үкімет, Мемлекет басшысы тарапынан бекітіліп, заң күшіне енеді; нормативті-жарлықшы құжаттардың аудармасында Мемтерминком тарапынан бекітілген терминдер жүйелі түрде жұмсалады, олардың қолданысы бекітілген атаусөздердің әдеби тілде орнығуына жол ашады» [9, 18-19].

Лексикография – сөздіктер жасаудың теориясы мен практикасы туралы саланың бір міндеті – сөз мәдениетінің, әдеби тілдің нормаларының сақталуы мен дұрыс қадағалануына ықпал ету. Сондықтан да сөздіктердің қай типінде болмасын, тілдің қолданыстағы сипаты мен заңдылықтары көрініс табады. Сөздіктер тілдің динамикасы мен өміршеңдігіне үлес қосады, осы себепті дамыған тілде сөздіктердің неше алуан түрлері жасалуы тиіс. Қазақ тіліндегі нормативті, екітілді және түсіндірме сөздіктерде бірқатар жаңа сөздер тіркелген, сонымен қатар белгілі бір кезеңдегі жаңа тілдік бірліктердің тіркеуші сөздігін жасау және оны сериялы түрде жалғастыру, неография саласын қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, тіл ғылымының әр саласы өзбетінше оқшау дамымайды, олардың зерттеу нысандары мен әдістері әр басқа болғанымен, тілдік бірліктердің табиғатын тануда ортақтық болады. Бұл ретте неологизмдердің ерекшеліктері антропоцентрлік парадигманың негізгі бағыттары болып саналатын этнолингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика салаларының аясында да қарастырылады. Өйткені халықтың ұлттық болмысын танытатын негізгі өзек – оның тілі. Ұлт – мәдениет – тіл тұтастығында қарағанда жаңа сөздер ұлттың санасының жемісі болып табылады. Жалпы алғанда, адам әлемді өз ана тілі арқылы таниды да, сол негізде ұлттық мінезді бойына қабылдай бастайды [10]. «Тіл – халықтың рухы» болса, тілдің ең негізгі бірлігі – сөз. Ұлттық тілдің сөздік қорындағы белгілі бір үлесті жаңа сөздер құрайтыны белгілі. Жаңа сөздер тілдің ішкі заңдылықтарынан бөлек, сол тілді тұтынушы халықтың ойлауына, қабылдауына, таным-түсінігіне сай жасалса ғана жаңа сөздің тілде бекітілуіне жағдай жасалады. Бұған В. фон Гумбольдтың «тіл рухтың заңдылығы бойынша дамиды болса, оған қоса тіл адам санасының заңдылықтары бойынша да дамиды» деген тұжырымы дәйек болады [11, 370]. Бұл – неологияның психоллингвистикамен байланысының айқын көрінісі.

Сонымен қатар тілдегі жаңа сөз ең алдымен – ұлттық-мәдени құбылыс. Біріншіден, «тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы, әсіресе мәдениеттің тілге ықпалы,

мәдениеттің тілдегі көрінісі ғылым үшін жаңалық емес. Әр халықтың дүниетанымы мен мәдениетінде ерекшелік бар; бұл ерекшелік тілге сіңіріледі дегеннің бастапқы негізі Э. Сепир мен Б. Уорфтың «лингвистикалық ықтималдылық теориясында қаланған болатын» [8, 122]. Демек, мәдениеттегі өзгерістер тілге әсерін тигізеді, ал тілдегі өзгерістер, ең алдымен оның лексикалық қабатынан сезіледі. Бұл ретте тілдің ішкі заңдылықтарына сүйенілген жаңа сөз тууы мүмкін, екіншіден, жаңа сөздердің бір тобы бұрыннан тілде бар, бірақ мағынасы күнгірттеніп, қолданыс аясы шектеле түскен сөздердің жаңа мағынаға ие болуынан жасалады. Бұған дәлел қазақ тіліндегі *жәдігер*, *кәдесый*, *тұсаукесер* сияқты неологизмдер. Бұл – тілмен мәдениеттің тоғысындағы лингвомәдениеттану, этнолингвистика салалары мен неология байланысының қарапайым дәлелі. Сонымен қатар ұлттық-мәдени танымға ие, ұлттық менталитетті айқындайтын сөздердің семантикасының кеңеюі, жаңғыруы арқылы тілге қайта оралуы, әсіресе ғылым мен техника атауларын беруге сәйкес келуі тілдің сөз байлағының айрықша қабілетті екендігін, сол халықтың ұлттық мәдениетінің жоғары екендігін көрсетеді.

Неология және неография салалары орта білім беру жүйесінің әдіснамалары мен әдістемелерін жетілдіру бағыттарына да қатысты. Бұл жайттың саяси маңыздылығына айрықша назар аудартамыз. Елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасында аталғандай, «мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу» маңызды [12]. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бастысы – білім алушыны қоғамдық-әлеуметтік өмірдің талаптарына толық сәйкес келе алатын белсенді тілдік тұлға ретінде қалыптастыру. Білім беру жүйесінің әдіснамалары мен әдістемесі осы бағытқа шоғырландырылуға тиіс. Осыған байланысты қазақ тілінің лексикасындағы жаңалықтарды қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланыстыра отырып білім беру маңызды болып саналады.

Қазақ неологиясы мен неографиясы қазақ тіл білімінің іргелі ғылыми бағыттарына тікелей байланысты. Сондықтан жаңа сөздердің теориясы мен практикасы бойынша ғылымның зерттеу әдіс-тәсілдері семасиология, лексикография, сөзжасам, әлеуметтік лингвистика сияқты маңызды салалардың зерттеу әдістерінен бастау алады. Өйткені тілдегі жаңа сөздер тілдің барлық деңгейлерін (жүйелік-құрылымдық парадигмасын – фонетика, грамматика, стилистика салаларын) қамтиды.

Қорыта келгенде, адамзат тіліне динамикалық, үздіксіз даму тән. Бірақ тілдің қабаттарындағы өзгерістер ұзақ жылдар бойында байқалады, ал сөздік қордың толығына үдерісі уақыт шамасы бойынша тездік тән. Жаңа сөздердің табиғаты тіл ғылымының тек жүйелі құрылымдық парадигмасында ғана емес, салыстырмалы-тарихи және антропоцентрлік парадигмасының шеңберіндегі салалармен тығыз байланыста анықтала отырып, неология және неография ғылымдары қалыптасады.

#### Әдебиеттер:

- 1.Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.
- 2.Будагов Р.А.Академик Л.В. Щерба// Человек и его язык. – 2-изд. – М, 1976. – С. 343-352.
- 3.Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 344 с.
- 4.Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика. – Алматы: Қазақ университеті, 2011 – 117 с.
- 5.Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілі – 60 жылда (дамуындағы тенденциялар) // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – Алматы, 1977, №3. – Б. 1-8.
- 6.Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы: Оқулық. – Алматы, 2002. – 213 б.
- 7.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: Он томдық/ ред. А.Ы. Ысқақов. –Алматы: Ғылым, 1976. – Т.2. – 695 б.
- 8.Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.

9.Аширова Б. Нормативті-жарлықшы құжаттардың аудармасы: құрылымдық және лексикалық ерекшеліктері: филол.ғыл.канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 30 б.

1 Hasanov G.K., Mynbayeva A.P., Duisenbayeva G.Z., Mukhamejanova G.T., Aldasheva K.S., Kongyratbay K.T. Fundamentals of cognitive metaphor// Asian Social Science., 2015. – V.11(18). – P. 82-85.

10.Гумбольдт В. Язык и философия культуры. –М.:Прогресс, 1985. – 450 с.

11.«Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» // Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. – <http://adilet.zan.kz>

## БУХГАЛТЕРСКИЙ УЧЕТ В ТОО В КАЗАХСТАНЕ

Калекешева Х.Х.- ст. преподаватель,  
Рахметкалиева Г.К. – ст. преподаватель

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск, РК

ТОО (*товарищество с ограниченной ответственностью*) – одна из самых востребованных организационно–правовых форм юридических лиц в Республике Казахстан.

Для ведения бухгалтерского учета товариществу с ограниченной ответственностью, прежде всего, необходимо руководствоваться Законом РК от 28 февраля 2007 года № 234-III «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности», который не делает исключений по освобождению от ведения бухгалтерского учета ни для каких хозяйствующих субъектов Республики Казахстан, за исключением отдельных категорий индивидуальных предпринимателей.

Реформа системы бухгалтерского учета в Казахстане имела целью разработку новой системы бухгалтерского учета, которая отвечала бы требованиям экономических преобразований, расширению связей и интеграции Республики Казахстан в мировое сообщество.

Переход на международные стандарты бухгалтерского учета дал возможность собственникам бизнеса объективно оценить результаты финансово-хозяйственной деятельности, а управленцам — составлять достоверную финансовую отчетность.

Кроме этого, в Казахстане утвержден Приказом Минфина РК от 31.01.2013 № 50 Национальный стандарт. В НСФО описываются общие положения и принципы по учету запасов, ОС, нематериальных активов, доходов, расходов в упрощенном варианте.

Закон устанавливает требования к применению различных стандартов бухгалтерского учета в зависимости от величины организации, которые согласно закону «О Предпринимательстве» в Республике Казахстан подразделяются на три формы ведения предпринимательской деятельности:

малая, средняя и крупная.

Таблица 1

Формы ведения предпринимательской деятельности

Форма ведения бизнеса	Критерии	Применяемые стандарты бухгалтерского учета
Малая	До 50 сотрудников, а активы за год не превышают 60000-кратный МРП	НСФО
Средняя	Свыше 50, но не более 250 человек, среднегодовая стоимость активов за год менее 325 000-кратного МРП	Средняя
Крупная	Более 250 человек или имеет общую стоимость активов свыше 325 000-	МСФО

	кратного МРП	
--	--------------	--

В Законе «О предпринимательстве» также существует запрет на отнесение ТОО, занимающихся определенными видами деятельности, к субъектам малого бизнеса. Так, например, если ТОО численностью 10 человек предоставляет аудиторские услуги, и суммарный объем активов кратен 50000 МРП, оно не будет относиться к субъектам малого предпринимательства.

Отсюда, прежде всего, ТОО нужно определиться, какие Стандарты бухгалтерского учета оно будут применять при формировании Учетной политики.

ТОО чтобы выбрать, какой стандарт применить в учете, должны сравнить основные учетные аспекты МСФО и НСФО.

Между МСФО и НСФО существует множество различий.

НСФО – один национальный продукт, а МСФО – 45 документов, разработанных международным советом МСФО.

Таблица 2  
Отличий МСФО и НСФО.

Область применения	МСФО	НСФО
Состав финансовой отчетности	— отчет о финансовом положении, — отчет о совокупном доходе, — отчет о движении денег, — отчет об изменениях в капитале, — примечания к финансовой отчетности	бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках
Переоценка основных средств	ТОО должно выбрать между моделью учета по первоначальной стоимости или моделью учета по переоцененной стоимости, которую применяет ко всему классу основных средств	Основные средства не переоцениваются
Методы начисления амортизации	— линейный, — уменьшаемого остатка, — списания стоимости актива пропорционально объему продукции	
Себестоимость запасов	В себестоимость производимой предприятием продукции, приобретенного сырья и материалов включаются все затраты на их приобретение и переработку, в том числе транспортные расходы, затраты на погрузку и разгрузку и другие затраты, непосредственно	Прямолинейный способ

	относимые на приобретение готовой продукции, материалов и услуг	
Отражение выявленных ошибок	ТОО ретроспективно корректирует существенные ошибки прошлых лет	Затраты на переработку сырья и другие затраты, понесенные для того, чтобы обеспечить текущее нахождение и состояние запасов ТОО, признаются расходами текущего периода
Учет займов	Проценты по полученному займу, за счет которого происходит финансирование строительства основного средства, капитализируются посредством их включения в первоначальную стоимость этого актива	При обнаружении ошибок в отчетном периоде за прошлые годы их корректировка включается при определении прибыли или убытка за отчетный период
Учет финансовой аренды	Арендатор на дату начала арендных отношений признает арендованный актив в финансовой отчетности и обязательство по наименьшей из двух величин: дисконтированной стоимости арендных платежей или справедливой стоимости арендованного имущества	Расходы на оплату процентов вне зависимости от направленности займов, относятся на расходы текущего периода
Резерв по сомнительным долгам	В финансовой отчетности дебиторская задолженность отражается за минусом резерва по сомнительным долгам	Арендаторы признают объекты финансового лизинга в составе основных средств и обязательств в балансе по стоимости имущества, определенной сторонами в договоре лизинга
Договоры займа с процентной ставкой ниже рыночной	Справедливая стоимость выданного займа, по которой он отражается в учете ТОО, будет равна сумме совокупных денежных потоков и вознаграждения, дисконтированных по рыночной ставке. Величина, полученная взаймы сверх этой	Сумма займа отражается в учете ТОО в сумме фактически полученных денежных средств

	стоимости, будет являться доходом общества	
--	---	--

НСФО – это наиболее упрощенный стандарт, который, в отличие от МСФО, не имеет цели представлять сформированную по итогам года финансовую отчетность широкому кругу лиц, не требует больших затрат на подготовку и обработку учетной информации.

Поэтому Национальный стандарт очень удобен для применения субъектами малого бизнеса, для которых использование МСФО зачастую не только непозволительная и неоправданная роскошь, но и трудоемкий процесс.

Первичные документы бухгалтерского учета

Согласно пункту 1 статьи 7 Закона «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» бухгалтерская документация включает в себя:

- первичные документы,
- регистры бухгалтерского учета,
- финансовую отчетность,
- учетную политику.

В соответствии пунктом 2 статьи 6 Закона «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» учетная политика представляет собой конкретные принципы, основы, положения, правила и практику, принятые к применению ИП или организацией для ведения бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства РК о бухгалтерском учете и финансовой отчетности, международными стандартами или национальными стандартами финансовой отчетности, или МСФО для МСБ, плана счетов бухгалтерского учета, исходя из их потребностей и особенностей деятельности.

Также в целях бухгалтерского учета нужно использовать Правила ведения бухгалтерского учета, утвержденные Постановлением Правительства РК от 14 октября 2011 года № 1172.

Оформление первичной учетной документации осуществляется в соответствии с Приказом Министра финансов РК от 20 декабря 2012 года № 562 «Об утверждении форм первичных учетных документов»

Литература:

4. О бухгалтерском учете и финансовой отчетности: Закон РК от 28.02.2007 г. № 234-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 9.04.2017г. // <http://online.zakon.kz/>
5. Об утверждении Национального стандарта финансовой отчетности: Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 31 января 2013 года № 50// <http://online.zakon.kz/>
6. Об утверждении Типового плана счетов бухгалтерского учета: Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 23 мая 2007 года № 185// <http://online.zakon.kz/>
7. Сборник методических рекомендаций по применению международных стандартов финансовой отчетности. Казахстан, Алматы, 2012.- 240с.
8. Об утверждении Правил ведения бухгалтерского учета (**с изменениями от 25.05.2017 г.**) Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 31 марта 2015 года № 24.// <http://online.zakon.kz/>
9. Об утверждении форм первичных учетных документов (**с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.05.2016 г.**) Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 20 декабря 2012 года № 562 .// <http://online.zakon.kz/>

## ОРАЛ ӨңІРІНДЕ САМБО КҮРЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ-КАМЕШ ИСМАГУЛОВ

Мендигалиев Б.С.-педагогика ғылымдарының магистрі  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.,ҚР

Самбо термині (орыстын *самозащита без оружия* – қарусыз қорғану деген сөзінің қысқартылған түрі) — Самбоның тарихы Кенестер Одағы тұсында 1938 жылы 16 қарашадан басталады делінеді. Сол жылы дене шынықтыру саласының бүкіл одақтық комитеті самбоны бір ауыздан спорттың бір түрі деп тіркеді. Ойынның ортақ ережелерін қалыптастырған маман - Василий Сергеевич Ощепков. Ол Токио қаласындағы дзюдо орталығынан білім алған. Жиырмамыншы жылдың орта шенінде В. Ощепков Қиыр Шығыста, кейіннен Новосібір қаласында қорғану түрлеріне баулитын арнайы секция ашқан. Мәскеудегі дене шынықтыру институтында сабақ беріп жүрген В. Ощепков жинақтаған тәжірибесінің арқасында Н.М. Галковский, Р.А. Школьников, А.А. Харлампиев, Б.А. Сагателян деген атақты спортшыларды дайындады. Самбо күресі екіге бөлінетінін айқындай кеткен жөн. Бірі – «спорттық», екіншісі – «жауынгерлік». [1, 26 б.].

КСРО спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Орал өңірінде самбо күресінің негізін салушы Исмағұлов Қамеш Исмағұлович 1940 жылы 10 наурызда Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Ақжайық ауданына қарасты Бітік ауылында дүниеге келді.

Ерте заманнан қазақ халқының қанына біткен батырлық және балуандық өнері Қамеш Исмағұловтың отбасында айналып өтпеді. Қамеш Исмағұловтың үлкен ағасы Төлеш Исмағұлов балуандық өнерді тамаша меңгерген қара күш иесі болды. Қамеш Исмағұловтың ауылында ешқандай күрес үйірмесі мен кәсіби бапкерлер болмаса да 15 жасынан бастап күреске ден қойып, Төлеш ағасының қасында еріп жүріп, әр түрлі мерекелерде ауыл балаларымен күресіп, күрестің қыр-сырын меңгере бастайды. 1958 жылдан бастап кәсіби балуан, бапкер Кайырболат Насыровтың қол астында еркін күреспен жүйелі түрде жаттыға бастайды. Қамеш Исмағұлов араға бір жыл салып алғашқы тырнақ алды жетістігіне қол жеткізді. 1959 жылы еркін күрестен облыс чемпионатында 57кг салмақ дәрежесінде топ жарып, облыс чемпионы атанды.

Қ.И. Исмағұлов 1960-63 жылдары Ресейдің Свердловск облысында отан алдындағы әскери борышын өтеді. Әскер қатарында жүріп күрестіде ұмыт қалдырмады. Приволжский военный округінде самбо күресінен өткен чемпионатта екінші орынды еншіледі.

Қ.И. Исмағұлов 1963-68 жылдары аралығында Алматы қаласындағы Қазақстанның мемлекеттік дене шынықтыру институтына білім алды. Қамеш Исмағұлов студенттік шақта еркін күрестен Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушылары Байдосов Қабден Рахманқұлұлы мен Пётр Филиппович Матушактың қол астында жаттығады. Қабден Рахманқұлұлы мен Пётр Филиппович Қамеш Исмағұловтың күрес мәнері, әдіс-тәсілдері мен техникасы самбо күресіне әбден оңтайлы екенің байқап, самбо күресінен Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы *Петр Терещенкомен таныстырады. Самбомен Петр Терещенконың жетекшілігімен жаттығып, азана уақыт аралығында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 1964 жылы самбо күресінен 56кг салмақ дәрежесінде Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. Сол жылы Эстонияда өткен КСРО кубогында күміс жүлдегер атанды. 1965 жыл Грузияның Гори қаласында студенттер арасында КСРО чемпионы атанды. 1966 жылы екінші мәрте Қазақстан республикасының чемпионы атанды.* [2, 130-1366 б.]

1968 жылы Қазақстанның мемлекеттік дене шынықтыру институтын аяқтап, алғашқы еңбек жолын Алматы қаласындағы Қазақстанның мемлекеттік ауыл шаруашылық институтында бастады. Бірнеше айдан кейін Қамеш Исмағұлов 1968 жылы

туған жерге оралып, Оралдың мемлекеттік педагогика институтына (қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) жұмысқа қабылданып, бүгінгі күнге дейін университет доценті әрі жаттықтырушы болып қызмет атқарады.

Қ.И. Исмагулов 1968 жылдан бастап Тарих Төлегеновпен бірге Орал өңірінде самбо күресінің негізін қалады. Жарты ғасырға жуық уақыт аралығында Қамеш Исмагулов 30дан астам спорт шеберлерін дайындап шығарды. Қамеш Исмагулов самбо күресімен қатар қазақтың ұлттық күресі қазақша күрес пен жапон елінің ұлттық күресі дзюдо күресіненде көптеген шәкірттер дайындады. Олардың ішінде самбо күресінен студенттер арасында КСРО чемпионы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жардемөв Жубанышқали Садырұлы, күрестің 3 түрінен (дзюдо, самбо, қазақша күрес) спорт шебері, КСРО чемпионы, бүгінгі күні БҚО дзюдо федерациясының президенті Исақов Қасым Шақабайұлы, самбо және қазақ күресінен спорт шебері, БҚО-ның бірнеше дүркін абсолюттік жеңімпазы, халықаралық сайыстардың жүлдегері, Сырым күрес мектебінің негізін салушы Оралбек Қожагелдин, спорт шеберлері Нұрлан Тоғжанов, Болат Бегімбетов, Муслим Ундаганов, жауынгерлік самбодан Азия чемпионы, әлем чемпионатының қола жүлдегері халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бауыржан Гумаров, дзюдодан спорт шебері Нұрлан Есенгазиев және көптеген басқа да спортшыларды жаттықтырды.

Орал өңірінде самбо күресінің негізін салған Қамеш Исмагулов пен Тарих Төлегеновтың шәкірттерінде білікті бапкерге айналып, олардың шәкірттері толағай жетістіктерге қол жеткізіп, әлемдік додаларда топ жарды. Жұбанышқали Жардемөв пен Батыр Қуанышовтан тәлім алған, Сырым ауданы, Абай ауылында дүниеге келген даңқты балуан Асқар Шайхиев самбодан 1989 жылы АҚШ-тың Вест-Ориндж қаласында өткен әлем чемпионатында 48кг салмақ дәрежесінде жеңіске жетіп, облысымыздағы тұңғыш әлем чемпионы атанды. Араға 12 жыл салып 2001 жылы самбодан Красноярск қаласында өткен әлем чемпионатында Муслим Ундагановтың шәкірті Тайпақтық Қоныс Жетпісов 52кг салмақдәрежесінде әлем чемпионы атанды. Тайпақтың тағы бір талантты балуаны Ерболат Байбатыров 52,57кг салмақ дәрежесінде 2008-2011 жылдар аралығында (Санкт-Петербург 2008, Салоники 2009, Ташкент 2010, Вильнюс 2011) 4 жыл қатарынан әлем чемпионы атанды. Сөйтіп Ерболат Байбатыров қазақ балуандарының ішінде 4 рет әлем чемпионы атанған тұңғыш балуан атанды. [1, 28-29бб.].

Ел намысын қорғаушы спортшы болған қиын ба, әлде команда жаттықтырып дайындайтын педагог болған қиын ба?- деп қойылған сұраққа: "Менің ойымша басқа біреуді оқыту, әсіресе тәрбиелеу айтарлықтай қиын,- деп сенімді жауап берді. Спортшы негізінен өзі үшін жауап береді. Оған үнемі көмектесетін тәлімгері бар. Ал жаттықтырушы барлығы үшін соның ішінде алдымен спортшының тәрбиесі үшін жауап береді. Егер аяқ астынан тәлім алушы жеңіліске ұшыраса барлығы үшін жауап беретін де жаттықтырушы. Оқушыларымның өз жетістіктерімен қуанып жүргенін жасырмаймын"- деп жауап берді.

Доцент, оқытушының қызметі жеке пәнді оқытумен шектелмейді, оның жоспары алуан түрлі. Жұмыс бастылығына қарамастан Қ.Исмагулов «Дене тәрбиесі бойынша Қазақстанның педагогикалық ЖОО-на арналған оқу бағдарламасын», оқытушыларға арналған төрт әдістемелік нұсқаулық дайындап, ондаған ғылыми мақалаларды облыс мұғалімдерінің жинақтарына басып шығарды. Облыстық біліктілік арттыру институтында сабақ берді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы мынадай қорытынды мен ұсыныс жасауға мүмкіндік береді:

1. Қ.И.Исмагуловтың спорттық «самбоға» деген қызығушылығы оқытудың теориясы мен әдістемесінің мәселелерін қарастыратын кәсіби құзыреттілігімен жұмыстануға, спорттық –техникалық дайындықтың жоғары деңгейіне жетуге, спорттық-педагогикалық шеберлікке, мақсатқа ұмтылушылыққа алып келді.

2. Мұның барлығы жекпе-жектің қабілеті мен дағдысын күнделікті кәсіби әрекетінде кеңінен пайдаланатын маман: мұғалім, спорт жаттықтырушыларын, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, жоғары білікті спортшы: спорт шеберлерін, түрлі жарыстар мен біріншіліктердің чемпиондарын дайындауда өз көрінісін тапты.

3. Қ.И.Исмагуловтың жинақтаған педагогикалық тәжірибесі, спорттық кәсібилігі дене шынықтыру және спорт мамандығын таңдаушы жастарға, сонымен қатар Республиканың оқу орындарындағы білім алушыларға насихаттау пәніне айналды.

Әдебиеттер:

1. Алимханов Е. Спорттық күрестің теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2014. 26-29 бб.
2. Аспекты физкультурно-спортивного краеведения Даупаев М.О, Пересветов Н.Н. Уральск, 2015. 130-136 бб.
3. Асубаев А.Р. Спортивная борьба.-Алматы: Шартарап, 1997
4. Әлімханов Е. Самбо күресін үйретудің негіздері.- Алматы: ҚазМСТА, 1999

Резюме: Данная статья посвящена истории возникновения самбо, как вида спорта. Наряду с этим дан всесторонний анализ научным трудам ученых, внесших весомый вклад в развитие самбо. В работе дано научное определение термину самбо. Описывается спортивный путь в жизни Камеша Исмагулова, как одного из основателей самбо Западно-Казахстанского региона.

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ СӨЗДІКТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ**

Ажғалиев М.Қ. – п.ғ.к., доцент

Қалбаева Ж.-магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Терминология салаларына тән қажеттіліктердің бірі – ғылым салаларын ішкі жүйеге сай ретке келтіру, яғни жекелеген терминологиялық өрістегі қолданылатын терминдер терминолог-мамандар тарапынан жүйеленіп бірізге салып отыруды қажет етеді. Тіл біліміндегі терминдерді жүйелеп берудің кең тараған тәсілі – сөздік екендігін жоғарыда айтып өттік. Сөздіктер құрамында терминологиялық жүйедегі терминдер жан-жақты қамтылады. Лингвистикалық терминдер әдетте терминологиялық аударма сөздіктер мен түсіндірме терминологиялық анықтағыш сөздіктер арқылы беріліп жүр. Белгілі бір лингвистикалық терминнің табиғатын түсіну үшін, оның түсіндірме сөздіктердегі анықтамасы маңызы рөл атқарады.

Қандай да бір терминологияны сөздіктер мен зерттеу еңбектерінде топтастыру өте ауқымды, әрі көп уақыт алатын күрделі процесс екендігі белгілі. Осындай процесті игеру үшін, терминолог-лексикографтар тарапынан қажырлы еңбек мен әртүрлі деңгейдегі жүйелі жұмыстар керек. Қазақ терминологиясы қазіргі кезде жүйелену процесі үстінде.

Қазақ, ағылшын лингвистикалық терминдер сөздіктеріндегі терминдердің парадигматикасын салғастыру нәтижесінде қазақ тіл білімі сөздіктерінде көптеген терминдердің жетіспеушілігі байқалды. Ғ.Қалиевтың тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде 1500-ге жуық лингвистикалық терминдерге анықтамалар берілген. Сондай-ақ, С.Кеңесбаев, Т.Жанұзақовтардың орысша-қазақша тіл білімі терминдерінің сөздігінде 1500-ге жуық, ҚР МемТерминком. бекіткен: Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік әдебиет және лингвистика терминдері сөздігінде шамамен 3000-дай термин қамтылған және Э.Сүлейменованың тіл білімі сөздігінде 1300-ге жуық лингвистикалық термин енгізілген [1].

Ағылшын тілі лингвистикалық терминдеріне келетін болсақ, Мк.Т. Артурдың ағылшын тілінің Оксфордтық компанионында 3000-нан астам тіл білімі терминдері қамтылған болса, О.С.Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігінде ағылшын, орыс тілдерінің 7000-ға жуық терминдері және А.Н.Баранов, Д.О.Добровольский,

М.Н.Михайлов, П.Б.Паршин, О.И.Романовалардың ағылшынша-орысша лингвистика және семиотика терминдері сөздігінде шамамен 8000 терминдер мен терминдік тіркестер берілген [2]. Екі тілдің лингвистикалық терминдер сөздіктерін салыстыру нәтижесінде ағылшын тілі терминдерінің саны қазақ тілі терминдерінің санынан әлдеқайда басым екендігін байқауға болады. Қазақ тілінің лексикографиясында негізінен тіл білімі салаларындағы ғылыми тілге ең қажетті деп саналатын терминдер қамтылғандығы байқалады. Осы ретте қазақ тілінің морфологиялық, фонетикалық, синтаксистік жүйелеріне қатысты емес, көбінесе басқа туыс емес тілдердің табиғатына қатысты терминдердің жетіспеушілігі көп кездеседі, мысалы:

*actum* –актум кейбір үндіеуропа, тибет тілдерінде кездесетін іс-әрекетті орындаушыны (агентті) білдіретін септіктің түрленуі;

*bahuvrīhi*- бахубрихи меншіктік, иелікті білдіретін күрделі сөз, мысалы: еңгезердей -кең кеуделі, иықты, бойы ұзын денелі т.с.с.;

*liason* –льезон (*ligature, linking*) француз тілінде сөйлеу кезінде кездесетін ұяң дауыссыздардың кезектесіп келуінің келесі сөзге тигізетін әсері;

*preverb*–преверб ағылшын тілінде лексика-грамматикалық және грамматикалық мағынаны білдіретін, етістікке тіркелетін префикс түрі т.б (қосымша А).

Қазақ тілі сөздіктерінде қамтылмай қалған терминдерді негізінен тіл білімі салаларына қатыстылығы тұрғысынан қарастыруға болады:

1. Көбінесе фонологияға қатысты қамтылмаған терминдер көптеп кездесті, мысалы: *acataphasia*-акатафазия сөйлеу әрекетінің бұзылуы, бұл тілдің грамматикалық ережелерін сақтамаудан сөйлем мағынасындағы сәйкес келмеушілік нәтижесінде пайда болады;

*acute*-акут ең жоғарғы екпін терминінің: *acute intonation, new acute, old acute, acute syllable*- акутты интонация, жаңа, ескі акут, акутты буын т.б. терминдік тіркестері де қоса енгізілмегендігі түсінікті жайт.

Сөйлеу кезінде дыбыстардың әртүрлі өзгерістеріне байланысты терминдер қазақ тіл білімі сөздіктерінде қамтылмай қалған, мысалы: *coherence*-когеренция сөйлеу дыбыстарының өзара комбинаторлық байланысы; *cadence*-каденция сөйлемнің бір бөлігінің (анадозистің) дыбысталуы; *chrone* -хроне, *chroneme*-хронема дыбыстың ұзару единицаларын білдіретін терминдер; *diphthony*-диплофония сөйлеу мүшелерінің қысымнан, дұрыс орналаспауынан пайда болған дыбыс аппаратындағы патологиялық күрмеліс; *eme* -эма фонема, морфема, семема, семантема т.б. сияқты терминдер құрамында кездесетін құрылымдық белгі, түр немесе тілдік бірлік; *ecthipsis*-эктлипсис, *elision* –элизия 1) сөйлеу кезінде сөздің аяғында келген дауыссыз дыбыстың өзінен кейінгі келесі сөздің алдыңғы дауысты дыбысының әсерінен естілмей қалуы немесе көмескіленіп естілуі, 2) дауыссыздардың бірігуі; *faucal* -фаукал мұрын жолды терминіне антонимдес келетін, ауызжолды сөйлеу әрекетін білдіретін термин; *hora*- мора 1) ең кіші буын, 2) сөйлеу ағымындағы ең кіші сегмент, ең кіші просодикалық бірлік және фонологиялық буын т.б.

2. Грамматикаға, морфологиялық белгілердің түрлері мен атаулары, сөздің, сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктерін сипаттайтын терминдер қамтылмай қалған, мәселен: *aradosis*-ародозис күрделі сөйлемнің соңғы, қорытынды бөлігінің (басыңқы сөйлем) атауы; *coactive* –коактив субъектінің іс-әрекетке қатысын күшейтетін мағынаны білдіретін шырай түрлерінің жалты атауы; *diptote* -диптот екі септікті зат есімдернен құралған қос сөз; *illeism* –иллеизм есімдіктің үшінші жақта қолданылу формаларының түрленіп қатар келуі, мысалы: Менің ағам кешке жалғыз жүрмейді. Батырға да жан керек. *Tmesis*-тмезис күрделі немесе туынды сөздердің құрылымын жіктеу арқылы анықтау, мысалы: *howsoever-how long soever*.

3. Семантикаға қатысты қамтылмаған терминдер: *concatenation* конкатенация сөздің семантикалық мағынасының көбеюі, яғни, жаңа мағыналардың қосылуынан, үстемеленуінен түзілетін «семантикалық тізбек», *upradacija*; *distaxy*-дистаксия сөз бен

оның білдіретін мағынасының арасындағы байланыстың жоқ болуы немесе сәйкеспенушілігі; *tagmeta* –тагмема, тагмемика сөйлем тәртібінің морфо-синтактикалық бірлігі, сөйлем мүшелерін грамматикалық талдау т.б.

4. Стилистикаға қатысты кейбір терминдер мен олардың қосымша атаулары сөздіктерде қамтылмағандығы байқалды. Мысалы:

*hypallage*- гипаллага эпитеттің рөлін атқаратын анықтауыштың мағынасы жағынан өзіне тән емес зат есіммен бірігіп келуін білдіретін сөйлеу құралы; *hyperbaton* - гипербатон синтаксисте сөз тәртібінің бұзылуын, алмасып келуін білдіретін сөйлеу құралы; *kenning*-кеннинг атауды поэтикалық оралыммен беруді білдіретін троп; *meiosis* -мейозис бір нәрсенің, заттың көлемін, деңгейін ең кіші дәрежеде атауды білдіретін сөйлеу құралы ( литота); *syllipsis* –силлепсис синтаксистік тіркесте грамматикалық тұрғыдан әртүрлі екі немесе одан көп біркелкі мүшелердің бірігуі, мысалы:Егер оның көрген қиыншылықтарын және оның қыңыр мінезін ескерсеңіз. *Synchysis*-синхизис сөйлемде сөз тәртібінің өзгеруі нәтижесінде кездесетін мағынаның екіжақтылығы т.б.

5. Психоллингвистикаға қатысты терминдер: *aculalia* -акулалия, *alalia* -алалия терминдері сөйлеу кезіндегі әртүрлі кедергілерге байланысты сөздің немесе сөйлемдегі түрлі тәртіптердің бұзылуы, сөз бен оның мағынасының арасындағы бірікпеушілік; *ditology* –дитология дыбыс аппаратының бүлінуінен немесе сөйлеу мүшелеріндегі қысымнан пайда болған буындардың кенеттен бөлініп шығуы; *escolalia* –эколалия кейбір адамдарда, балаларда кездесетін тіл мүжістігінен пайда болған сөйлеудегі деформация т.б.

6. Диалектологиядағы, аймақтық тіл біліміндегі түрлері атауы: *hyperdialectism*-гипердиалектизм, яғни, бір диалектіні келесі бір диалектіде тарату мақсатында әдейі жасалған, жасанды диалект терминімен бірге гипердиалектизм терминінің түрлері: *hyperdialectal*-гипердиалекталды, *hyperdialectal form*-гипердиалектілік форма терминдері жоғарыда аталған қазақ тіл білімі сөздіктерінде кездеспейді.

7. Типологиялық тіл білімінде тіл атауларымен бірге кейбір терминдер де жетіспейді, атап айтсақ: *peripheral language*- перифериялық тіл тілдердің өз тобынан ерте бөлінуінен және басқа тілдердің әсерінен басқа топ тілдері арасында ұқсастығы бар тіл т.б.

8. Тіл біліміндегі кейбір бағыттар мен зерттеу әдістерінің атаулары да енгізілмеген, мысалы: *achrony*, *achronistic approach*-ахрония, ахрониялық бағыт тілдік құбылыстардың уақытқа тәуелді екендігін ескере отырып, адам тілінің ерекшеліктерін әр уақытта да зерттеуді мақсат ететін бағыт; *panchronie*- панхрония, *panchronistic approach*-панхрониялық бағыт лингвистикалық құбылыстарды жалтыға ортақ, универсалдар ретінде уақытқа тәуелсіз құбылыс ретінде қарастыру; *behaviorist linguistics*, *language as a behaviour* тілді адам мінез-құлқының бір формасы ретінде қарастыратын лингвистикалық бағыт; *behavioreme* –бихевиорема- қоғамда сол қоғамның мінез-құлық нормасы мен ережелеріне сай қабылданған мәліметті енгізетін белгілі бір жүйеге тән құрылымдық ұйымдасқан мінез-құлық бірлігі; *mentalistic theory* -ментализм американдық сипаттамалы лингвистика өкілдері ұсынған, сөйлеу актісін сөйлеушінің жеке интеллектуалдық ерекшелігі нәтижесінен туындаған күрделі кешенді құбылыс ретінде қарастыратын бағыт т.б.

Ағылшын тіл білімі сөздіктерінде синонимдік қатарлар түзетін терминдер жиі кездеседі, мысалы: *alternant-variant* – қазақ тілінде *вариант* нұсқасы ғана қолданыста. *sant- jargonism* терминдерінің тек *жаргон* термині ғана халықаралық атау ретінде ұсынылып жүр, ағылшын тілінде *формант* термині екі түрде: *formant-formanta* қолданылады. Осындай терминдердің қазақ тіл білімі лексикографиялық еңбектерінде тек негізгі деп саналатын бір нұсқасын ұсыну принципін құптауға болады. Жоғарыда аталған терминдерді алдағы уақытта жасалатын қазақ тілінің лингвистикалық терминдер сөздіктеріне ұсына отырып, әлі де болса қазақ тіл білімі сөздіктерін кеңейтуді жөн санаймыз. Осындай терминдер мен терминдік тіркестер сияқты көптеген терминдерді

енгізу арқылы қазақ тілі лингвистикалық терминдер сөздіктерін толықтыру қажеттігі кезек күттірмейтін мәселе. Оның үстіне ғылым дамыған сайын терминологиялық қорды толықтырып отыру қажет. Тек жалпы лексикада ғана емес ғылымның әртүрлі салаларындағы терминологиялық қордың өзгеруінің өзіндік ерекшелігі бар. Терминологиядағы өзгеріс негізінен уақытқа тәуелді. Ол өзгеріс, өріс, қозғалыс құбылыстарға орай түрленіп, бірде жанданып, бірде солғындап, бірде қорланып отырады. «Тіл – қоғамдық құбылыс. Ол қоғамдық ғылымдар тобына жатады, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Тіл – қоғамның пайда болуымен бірге пайда болып, оның дамуымен бірге дамып, жетіліп отыратын тарихи құбылыс» [3]. Қазақ тілінің лингвистикалық терминдерінің қалыптасуы да қоғаммен бірге дамып, жетіліп отырды. Терминдер көздерінің әртүрлі болуына байланысты түрліше деңгейде болып келеді.

Біз жоғарыда көрсетілген терминжасам тәсілдерін лингвистика терминдерін аударуда қолдануға болатынын ескере отырып, термин ретінде грек, латын терминдері мен терминдік белгілерін терминжасамда өнімді әрі қолайлы тәсіл деп ойлаймыз. Лингвистика терминдері негізгі терминжасам принциптері бойынша: қысқалық, дәлдік, өз терминологиялық ұясында үндесіп, ымыраласа алатын, термин мағынасын толық қамти алатындай толыққанды термин болып жасалуы шарт. Егер жоғарыда аталған қағидаларды өтей алмаған жағдайда, халықаралық терминдері қолданған дұрыс. Сан ғасырлық тарихы бар, тіліміздің теориясында әбден орныққан халықаралық терминдерді шеттетудің қажеті жоқ. Орынсыз аударылған, уәжденбеген терминдер көзге қораш, естілуі жағымсыз болса, терминологияда берекесіздік, бейберекеттік пен көпнұсқалық тудырады.

Әдебиеттер:

1 Айтбайұлы Ө.А. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. –Алматы, 1988.- 208 б.

2 Левицкий Ю.А., Боронникова Н.В. История лингвистических учений. - М.: Высшая школа, 2005. - 302 с.

3 Ақаев С.Т. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. ф.ғ.док. дисс. қолжазбасы. - Алматы, 2002. – 291 б.

4 Қоңырова А. Қазақ тіліндегі филологиялық терминдердің дамуы мен қалыптасу тарихы: .ғ.к. дисс. қолжазбасы. –Алматы, 2004. - 137 б.

5 Байтұрсыннов А. Тіл құрал.- Орынбор, 1924. - 46 б.

6 Джусупов М. Фонемография А. Байтұрсынова и фонология сингармонизма.- Ташкент, 1995. – 176 б.

## РОМАНТИЗМНІҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘНІ

Жалмуханова М.-магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Әлемдік әдеби үдерісте романтизмді теориялық тұрғыда тану оның бағыт ретінде бастау алған кезеңінен бастап, қазіргі күндерге дейін жалғасын табуда. Романтикалық өнер – көркемдік мәдениет тарихындағы ерекше, маңызы айрықша құбылыс. Оның әлемдік мәдениет тарихындағы орны мен маңызын, көркемдік-эстетикалық мәнін анықтап алмай, жалпы көркемдік дамудың заңдылықтарын қандай деңгейде болса да зерделеу мүмкін емес.

«Романтикалық» деген сөзді француз әдебиеттанушысы Ф. Бальдансперже тұңғыш рет 1650 жылғы қолжазбалардан кездестірген. Бұл – табылған қолжазбаның ең көнесі. ХҮІІ ғасырда осы сөз «ойдан шығарылған», «фантастикалық» деген мағынаны білдірген. Ол орта ғасырларда қолданылған «романс» (лирикалық және қаһармандық испан әні) және «роман» (серілер туралы эпикалық поэма) сөздерімен төркіндес. Алғашында латын тілі емес, роман тілдерінің бірінде жазылған шығармалар осылай аталып, авантюралық және қаһармандық сюжеттер мен шығармаларды сипаттау үшін қолданылған. Уақыт өте

келе романтизм термині «ойдан шығарып баяндау» деген жалпылама мәнге ие болды. ХҮІІІ ғасырда «романтикалық» ұғымы барлық құпия, ерекше дүниемен немесе ортағасырлық ескілікпен байланысты жұмсалған. И. Кант «Асқақ және сұлу сезімдер туралы пайымдаулар» еңбегінде асқақтық пен сұлулық ұлғайтылып бейнеленсе, романтикалық ұғымда көрінетінін жазады.

ХҮІІІ ғасырдың аяғында неміс романтиктері романтизм ұғымының теориялық негізін жасады. Ол алғашында «ұлғайтылған», «шаттанған», «фантастикалық» мағынасында, кейіннен *руханият* туралы түсінікке негізделген «лирикалық» деген мағынада қолданылды. Ұзақ уақыт бойы мазмұндық сипатын байытып келген бұл сөз осылай терминологиялық мағынасын орнықтырады.

«Романтизм» терминінің романтиктердің өздері мен қазіргі әдебиеттану ғылымында қолданылуының кейбір ерекшеліктері бар. Қазірде романтизмді тарихи-әдеби құбылыс ретінде ХІХ ғасырдың басында Еуропа әдебиетінде туған әдеби бағыт ретінде қабылдайды. Еуропалық романтизм негізін салушылардың бірі А. Шлегель айналымға кіргізген осы терминнің пайда болған тұсында оның хронологиялық ауқымы әлдеқайда кең болды. Романтизмнің алғашқы теоретиктерінің бірі Ф. Шлегельдің романтикалық рухты жаңа дәуір суреткерлері «Шекспирден, Сервантестен, итальяндық поэзиядан және романтизм терминінің бастау алатын тұсы серілер дәуірінен, махаббат пен ертегілер ғасырынан іздеуі» романтизм ұғымын кеңінен қарастырғанына куә болады [1].

Романтизм пайда болған кезден-ақ бұл терминге түрлі мағыналар жүктелді. Зерттеушілер бұл құпия құбылысқа жан-жақты назар аударып, оның табиғаты туралы алуан түрлі анықтамалар берді және әлі күнге дейін беріп келеді. Нәтижесінде өнертану тарихында романтизм турасында түрлі тұжырымдамалар туып, «романтизм» терминінің бірнеше мағынасы қосарлана жүретін болды. Бұл жағдай, әрине, жаңа зерттеулер жүргізуге біршама қиындықтар келтіреді.

Қазіргі кезеңге дейін бұл терминнің әдеби дәуірлерді тарихи тұрғыдан терең зерттеудің нәтижесінде ғылыми айналымнан кейбір мағыналары жоғалды. Мысалы: романтизмді ортағасырлық өнер түрі және классицизмге қарсы қойылған жаңа дәуірдегі өнер деп қарастыру. Өзіндік ерекшеліктерін ескермей, философиялық ойларды өнерге қарабайыр көшіре салудың салдарынан романтизмді әдебиеттегі идеализм деп қарау түсінігі де келмеске кетті.

Романтизм тарихына жіті көз жіберсек, бір-біріне жақын келетін белгілерімен қатар өзара мүлде ұқсамайтын әртектіліктің, жеке ерекшеліктердің болатынын байқаймыз. Романтизм принциптері әрбір жеке елде нақты ұлттық тарихи жағдайларға, менталитетке байланысты айрықша бояу алып, өзіндік ерекшелікке, кейде тіпті кереғар мағынаға ие болатынын бағамдауға болады. Романтика сан түрлі сипатта көрінеді. Романтизм эстетикасына баға берген зерттеуші В. Сахаров: «Романтизм – слово великое и знаменитое, однако понятие это ясно не всем. Неясность эта особенно характерна для России, где романтизм был настолько влиятелен и многолик, проник в столь отдаленные друг от друга сферы жизни и культуры, что споры о нем вспыхивали и вспыхивают постоянно, и притом каждый раз с новой силой и ожесточенностью» – дейді [2].

Романтизм классицистік «табиғатқа еліктеуге» суреткердің шығармашылық белсенділігін, реалды әлемді өзгерту қабілетін қарсы қойды. Өйткені өнер, көркем шығармашылық – дүниенің ең жоғарғы құндылығы, киелі мәйегі, терең мағынасы. Өнер туындылары мәңгілік, оның көркем пішіні мазмұнның сыртқы қабығы, жамылғысы ғана емес, оның ішкі тереңінен нәр алады және онымен тығыз байланысты. Романтиктер суреткердің шығармашылық еркіндігін, фантазиясын жанын сала қорғады, эстетикадағы нормативтілікке, өнердегі рационалистік танымға қарсы шықты.

Романтизмде биік рухани бастау, философиялық тереңдік, эмоционалдық қанықтық, күрделі сюжет, табиғатқа деген ерекше қатынас және ең алдымен, адамның, жеке тұлғаның шексіз мүмкіндіктеріне деген берік сенім табиғи үйлеседі. Романтиктер көркемдік форманы жаңартты. Тарихи роман, фантастикалық повесть, лиро-эпикалық

поэма, баллада жанрларының дамуы – романтиктердің табысы. Романтизм дәуірінде лирика жанры қарқынды дамыды. Поэтикалық сөздің мүмкіндіктері ассоциативтілік, көп мағыналылық, метафоралық сипат есебінен кеңейді. Романтиктер әдеби тектер мен жанрлардың араласуын, өзара кірігуін, өнерлердің өзара байланысын, өнер, философия, діннің синтезін насихаттады. Олар әдебиеттің әуезділігі мен бейнелілігіне көп көңіл бөлді, асқақтық пен күйкілікті, трагедиялық және комикалық дүниелерді, жай нәрсе мен таңғажайыпты батыл араластыра білді.

Әлемдік әдебиеттің даму үрдісі туғызған романтизм бағыты әр ел әдебиетінің өз ерекшелігінен нәр ала көктеді. Қазіргі әдебиет тарихында романтиктер шығармашылығын жан-жақты зерттеудің нәтижесінде ғалымдар бұл бағыттың әр ел әдебиетінде әрқилы дамуы ерекшеліктері туралы, романтизмнің тууына түрткі болған жағдайлардың сан алуандығына қарай ұлттық сипатының болатыны хақында ортақ қорытындыға келіп отыр.

Романтизмнің көркемдік-эстетикалық мәнін, табиғатын айқындауда түрлі көзқарастар орын алды. Кейбір зерттеушілер романтизмді субъективизм мен дарашылдық деп таныса, енді бірі романтизмді тек идеал аңсау идеясымен ғана байланыстырды [3].

Әлемдік әдебиеттану ғылымында зерттеушілердің романтизмді бағыт ретінде ғана қарастырмай, нақты тарихи дәуірге бағынбайтын, оның ауқымынан тыс тұратын тұрақты қасиетіне, типологиялық белгілеріне назар аудара бастағанын байқаймыз. Барлық дәуірге ортақ романтизмге эстетикалық бірлік, ортақтастық тән. Яғни, романтизмнің немесе реализмнің негізінде белгілі бір көркемдік ойлау типі жатады.

Романтикалық шығармашылық түрі белгілі бір деңгейде суреткер тұлғасына, оның психикалық ойлау жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты. Көркемдік ойлаудың романтикалық типі сонымен қатар көп жағдайда дәуірмен және дәстүрмен, тарихи-әлеуметтік жағдайлармен анықталады. Ол «өтпелі дәуірлерде, болашақтан жаңа беймәлім өзгерістер күткен кезеңдерде, әсіресе көркемдік жобалар мен болжамдар нықтаса алға шыққанда қайта жаңғырады» [4]. Бұл тұрғыдан романтизмді әдеби бағыт, ағым ретінде ғана қарастырмай, нақты тарихи кезеңнің қазығына байламай, кеңірек ауқымда аламыз.

Көркемдік ойлаудың романтикалық типіне тән негізгі ұстанымдар (қоғамдық тәртіппен келіспей, сын көзімен қарау, ішкі наразылық, романтикалық кейіпкер, қиялдың шарытауы, қақтығыс сипаты, көтеріңкі баяндау, т.б.) өнер табиғатына сәйкес болғандықтан нақтылы тарихи дәуірдің шеңберінен тыс уақытта да болады. Поэзияда өмірді өнерге айналдырудың екі түрі – қиялға, арманға негізделген идеалды және шындықтан тамыр тартқан реалды түрлері бар екенін айта келіп, В. Белинский романтизмді «белгілі бір елдің немесе тарихи дәуірдің жетістігі, меншігі емес, адам рухы мен табиғатының мәңгілік бейнесі» ретінде қарау қажеттілігін басты назарда ұстайды. Осы тұрғыдан келгенде, «романтизм орта ғасырлардың қойнауында мүлдем жоғалып кеткен жоқ, ол тек басқа түрге енді. Сезімнен еркіндікті ажыратып алуды қолдамайтын романтизм сезімнің өз кезегінде адамды еркіндіктен айырмауын талап етті. Еркіндік дегеніміз – парасат» [5].

Әдебиеттің қалыптасу, даму тарихында түрлі көркемдік әдістер мен әдеби ағым-бағыттардың болуы, қатар өмір сүруі – заңды құбылыс. Әдеби үдеріс аясында түрліше әдеби ағым-бағыттардың қанаттаса, жарыса дами отырып, бірде нықтас жүріп, бірде өз үстемдігін көрсетуі – әдебиеттің қоғамдық, рухани өмірдегі басымдығын, ұлттық әдебиетіміздің көркемдік ізденіс, өсу, толысу және толыққанды даму үстінде екенін танытады.

Тұжырымдай айтқанда, біздің түсінігімізде романтизм – өзінің мазмұны мен формасы жағынан полиморфты, философиялық тұрғыдан түпсіз, тарихилық жағынан көпөлшемді ұғым: ол мәдени сана түрі (типi), жазушының эстетикалық ойлау жүйесінің бір түрі, жазушының көркем шығармада көрінетін философиялық, әлеуметтік, көркемдік дүниетаным жүйесі, сонымен қатар ол мәтіндік реалийлерді жасаудың тәсілі ретінде көркемдік әдіс, әрі көптеген суреткерлер шоғырын тұтастыратын әдеби бағыт. Бұл құрамдас бөліктердің әрқайсысы ғылыми қалыптасқан және сыннан өткен әдебиеттану

мәселесі ретінде дұрыс, алайда қаншалықты маңызды, мәнді болғанымен, оның бірде біреуі дербес, жекелей алғанда романтизмге жан-жақты, толыққанды сипаттама бере алмайды. Тек олардың ажырамас бірлігі ғана романтикалық дүние қабылдаудың мәні туралы біршама жақындау, толықтау түсінік бере алады.

Романтизм бағыт ретінде қалыптасқан кезеңнен бастап, біртіндеп типологиялық сипаттағы, түрлі тарихи дәуірлердің, континенттердің, қоғамдық формациялардың, әр түрлі ұлттардың әдебиеттерінде эстетикалық, көркемдік мән-маңызы тұрғысынан бірыңғай құбылыстарды бейнелейтін жалпы ұғымға айналды. Романтизмнің «стихиялы» түрде «барлық дәуірлерде» кеңінен таралуында өзіндік заңдылық та бар. Осы орайда романтизмнің мәнін, «белгілерінің жүйесін» кең типологиялық тұрғыдағы құбылыс ретінде қарастырғанда ғана ашып көрсетуге болады.

Әдебиеттер:

- 1.История эстетики. Памятники мировой эстетической мысли: в 5 т. – М.: Искусство, 1964.
- 2.Сахаров В.И. Романтизм в России: эпоха, школы,стили: очерки. – М.: ИМЛИ РАН, 2004.
- 3.Гурьевич А. Романтизм в русской литературе. – М.: Просвещение., 1980.
- 4.Романтизм. Открытия и традиции. – Калининград: КГУ, 1988.
- 5.Белинский В.Г. Собрание сочинений: в 9 т. – М.: Художественная литература, 1981.

## **КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ РӨЛІ**

Фатихова А.К.- магистрант

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ., ҚР

Қазіргі еңбек нарығы мамандардың құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігіне жеткілікті дәрежеде қатаң талап қойып отыр. Осы орайда, өзара байланысы мен өзара тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы көптілділік болып табылады. Қазір көптілді білім беру – білім беру мекемелеріндегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік. Көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Көптілділік жастардың жалпы адамзаттық құндылықтар үйлесімділігін, оның ұлттық-мәдени, этникалық қажеттілігін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру жүйесінде полилингвизмнің қалыптасуы интеграция мен жаһандану жағдайында дамып, халықаралық талаптарға сай білім берудің өзектілігіне айналуда.

Елбасы Н.Назарбаев көптілді білімді дамытуға жіті назар аударып «..Еліміздің басты құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік», деп атап көрсеткені белгілі [1]. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандану заманы тілдерді білуді талап етеді. Сол себептен ақпараттық-коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды.

Көптілді білім беру жүйесінің мақсаты – көп мәдениетті тұлға қалыптастыру. Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. «Көптілділік» термині (ағылшын тілінде – multilingualism, mehrsprachigkeit) қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі [2]. Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Кәсіби құзыреттілік дегеніміз – ең алдымен студенттің функционалдық

сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Дарибаеваның пікірінше, болашақ кәсіби білікті мұғалім қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзіретті мұғалім бола алады [3].

Қазақстанның болашағы көптілді білім берумен қатар жоғары оқу орнының білім беру саласында осы мақсатты жүзеге асыратын мұғалімдердің білімін жаһандық талаптарға сай жетілдіру мәселесі болып саналады. Еліміздің дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдер мен экономикалық, саяси, мәдени байланыстарының нығаюы, кеңеюі бір шетел тілін немесе бірнеше шетел тілдерін жетік меңгерген мұғалімдерді қажетсінуде. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында білім беру үлгісіне ауысу оқытушының инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлауын талап етеді. Кәсіби педагогикалық шеберлікті, шынайылықты талап ететін қазіргі заманда ұстаздың әрбір ісін, жоспарын мұқият зерделеуін қажетсінеді. Яғни жаңаша білім беруде оқытушыларға қойылатын талаптар барған сайын күрделеніп, сатылы қиындатылып барады [4].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылыми дамытудың 2016-2019-шы жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көп тілді білімі бар педагогикалық кадрларды даярлау іске асырылуда. Оны жүзеге асыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында базалық пәндер циклында шетел тілінен сағаттар санын арттыру және оқудың типтік бағдарламаларында өзгерістер енгізу арқылы жүргізіліп жатыр, әсіресе, пәнді үш тілде оқытатын педагогикалық кадрларды дайындауға байланысты [5].

Көптеген жоғары оқу орындарында көптілді білім беру арқылы болашақ мұғалімдерді көпмәдениеттілікке тәрбиелеу шаралары қарастырылып келеді. Мысалы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде болашақ мамандармен қатар профессор-оқытушылар құрамын да шет тілдеріне оқыту қолға алынған. М. Өтемісов атындағы БҚМУ-да аталмыш бағдарламаның мақсаты үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептер үшін, Назарбаев зияткерлік мектептері үшін кәсіби қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген және тілдік құзыреттілікке ие, халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығында, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті мұғалімдерді дайындау мақсатында көптілді білім беруді дамыту. Осыған байланысты университетте “Математика”, “Информатика”, “Биология”, “Химия”, “География” және “Педагогика және психология” мамандықтары бойынша бакалавриат және магистратура деңгейлері бойынша студенттерді үздіксіз, көпдеңгейлі көптілді дайындығына бағытталған 2012-2016 жылға арналған көптілді білім беруді дамытудың стратегиясы мен бағдарламасы әзірленген.

Сонымен қатар бәрімізге белгілі шетел тілдерін меңгеру тілдік орта болмайынша өміршең емес. Сондықтан, 2013-2014 оқу жылынан бастап оқуға түскен арнайы топтағы болашақ мұғалімдер үшін бірінші оқу жылы тілдік дайындыққа арналуда. Онда студенттер ана тілінен кейінгі кезекте ағылшын тілдерін жетік меңгеру үшін еңбектенеді. Алдағы уақытта осындай топтарда әртүрлі пәндерден дәріс беретін оқытушылар үшін де тілдік курстар жұмыс істейді. Оқыту үрдісінің әрбір кезеңінде студенттер үшін де, оқытушылар үшін де шетелдерге академиялық ұтқырлық бойынша тәжірибе алмасу арылы тілдік ортада болу мүмкіндігі болашақ мамандар мен тәжірибелі мамандарды бәсекелестік талаптарына сай қалыптастырып келеді.

Жазғы демалыс кезінде де оқытушылардың тілдік курстарда тегін білімдерін жетілдіруге мүмкіндіктері бар. Емтиханнан өткен оқытушылар шет елдерде тіл дамыту тәжірибесінен өтіп, тілдік ортада білімдерін одан әрі жетілдіріп келеді.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша, БҚМУ-да 2012-2015 жылдары аралығында төмендегі жұмыстар атқарылды:

1. Бағдарламаға сәйкес көптілді топтар ашылған мамандықтардың саны, көп тілді топтарда білім алушылар саны, көптілді топтарда сабақ беретін оқытушылар саны өсті.
2. 2013-2015 жыл аралығында Университетте студенттер мен ПОҚы үшін тілдік курстар ұйымдастырылған 191 студент және 149 оқытушы өтті.

3. Біліктілікті арттыру мақсатында, соның ішінде тілдік дайындықты арттыруда университетіміздің 54 ПОҚ-ы «Өрлеу» және академиялық ұтқырлық арқылы алыс шет елдердің жоо-ларына барды.
4. Академиялық ұтқырлық бойынша 35 оқытушы Ресей Федерациясының серіктес жоғары оқу орындарынан және шетелден шақырылды.
5. Кафедраларда көптілді білім беру мәселелері бойынша мұғалімдерге арналған тұрақты семинарлар өтіп тұрады.

Жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығы үшін мобилді мамандарды дайындауда оқытушының өзге де тоқаптардың қатарында тілдік құзыреттілігі маңызды рөл атқарады. «Үштілдік оқыту» бағдарламасының аясында Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының үштілде білім алуы, атап айтқанда мемлекеттік және ағылшын тілдерін кәсіби терминология тұрғысынан оқуы жүзеге асуда.

Осыған орай университет алдағы уақытта өз алдына келесідей мақсаттар қояды:

- мемлекеттік және ағылшын тілдерінде сабақ жүргізу үшін профессорлық-оқытушылар құрамының бір бөлігін тарту;
- профессорлық-оқытушылар құрамын шет тілінен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
- М. Өтемісов атындағы БҚМУ немесе серіктес шетел жоғары оқу орындарындағы негізінде отандық және батыс мамандарының қатысуымен қарқынды кәсіби-лингвистикалық курстарын ұйымдастыру;
- шет тілін меңгеру деңгейін арттыру үшін 1-3 курс студенттері мен оқытушылардың үздіксіз, тілдік дайындығын ұйымдастыру;
- «Болашақ» бағдарламасы арқылы және серіктес шетел жоғары оқу орындарында тілдік тағылымдаманы ұйымдастыру [6].

Қорыта айтатын болсақ, қазіргі уақыт талабы – көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілу. Тілдерді меңгеру – әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті, бұл олардың қоғамдық өмірде бәсекеге қабілеттілігі мен белсенділігін айқындайды. Сондықтан қанша тіл білсек, сонша адами сапаға көтерілеміз және кәсіби сұранысымыз да арта түспек.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. 2007 жылғы Жолдауынан бастау алған тіл саясаты туралы // Мәдениет – 2008. – №6. – 52-53 б.
2. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2002
3. Дарибаева А. Жеке тұлға қалыптастыруда үш тілде оқытудың рөлі // Средняя школа Казахстана. – 2013. – №4. – 19-21 б.
4. Ayarov T.T. Ph.D., Professor, Tuyakbaeva B.E. PhD, Associate Professor M.A, Multilingual personality in Multilingual Education (an article), Oxford Journal of Scientific Research, 2015, No. 1 (9) (January-June). Volume IV. «Oxford University Press», 2015. P.439-445.
5. «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
6. <https://ime.wksu.kz/kz/article/24/109>, Көптілді білім беру – уақыт талабы

## **ЖИДКИЕ ПРОТИВОГОЛОЛЕДНЫЕ РЕАГЕНТЫ: ТЕХНОЛОГИЯ ПРИГОТОВЛЕНИЯ**

Киялбаев А.К. - д.т.н., профессор  
Есентай Д.Е. - магистрант  
КазАДИ им. Л.Б. Гончарова, г.Алматы, РК

Возникновение скользкости на автомобильных дорогах в зимний период года способствует появлению большого числа дорожно-транспортных происшествий, как на

участках автомобильных дорогах, так и на городских улицах. По данным статистики на обледенелых дорогах отмечается до 40% несчастных случаев и аварий, снижается скорость движения автомобилей и уменьшается их производительность на 30-40%, а себестоимость перевозок увеличивается на 30-40%. Причиной тому является недостаточный уровень сцепления автомобильной шины с дорожным покрытием, фактический уровень коэффициента сцепления на скользкой дороге значительно ниже допустимого ( $\phi_d=0,28$ ) [1].

В практике дорожной и коммунальной службы применение химических реагентов для предотвращения зимней скользкости на автомобильных дорогах практически во многих странах мира, в т.ч. Казахстане, имеет весьма актуальное значение. Использование химического метода борьбы со скользкостью по сравнению с другими методами с эксплуатационной точки зрения наиболее экономически выгодным. Область применения этого метода распространяется в особо интенсивных и скоростных дорогах (более 1000 авт/сут, скорость в зимнее время более 70 км/ч), тогда как фрикционные материалы менее эффективны вследствие малой продолжительности действия (не более 25-30 мин.).


Практически во всех европейских странах мира по борьбе со скользкостью на автомобильных и городских дорогах в основном используются химические реагенты, т.к. их климатические условия благополучны для этого. Химические методы на автодорогах Средней Азии и Казахстана не всегда приемлемы из-за резкоконтинентальности климата. Например, средний перепад суточной температуры воздуха в самом холодном месяце года в Центральном Казахстане составляет 13-17 °С, в Восточных – 11-16 °С, в Северных – 11-14 °С, а в Южных – 15-19 °С. Годовое количество осадков соответственно – 260-300, 340-370, 300-340 и около 150 мм /1/. Поэтому, применение передового опыта развитых стран мира в условиях IV-V дорожно-климатических зонах не всегда практичны из-за следующих технологических соображений: во-первых, отсутствие городской коммуникаций для распределения жидких противогололедных реагентов; во-вторых, из-за большого перепада суточной температуры воздуха противогололедные растворы замерзают в трубопроводах противогололедной системы [1,2].

С сентября 2012 года нами, молодыми учеными КазАДИ в лаборатории КазАДИ исследуются применения жидких противогололедных реагентов на дорогах с твердыми тапами покрытия и определяются их оптимальная концентрация (рис. 1) с учетом температуры воздуха и потеря прочности цементобетонных образцов в солевых растворах (рис. 2). Материалами исследования является широко применяемые в эксплуатационных службах Казахстана, хлористые соли и ацетатовые реагенты.

а)



б)



**Рисунок 1 – Определение концентрации растворов противогололедных реагентов:**

а – перемешивание раствора; б – определение плотности раствора ареометром.

Результатами лабораторных испытаний нами была установлена зависимость между содержанием цементобетонного образца марки В20 и В80 в соленом растворе и ее прочностью. Как видно на рисунке 3, при 4 месячном выдерживании в 20 %-й

концентрации хлористонариевого раствора потеря прочности бетона марки В20 составляет 1,8 %, а марки В80 – 0,29 %. Однако, на практике исключается 4-х месячное воздействие цементобетонных покрытий соевым раствором.

а)




б)




**Рисунок 1 – Испытание цементобетона в растворах противогололедных реагентов:**  
а – выдерживание образцов в соевом растворе; б – испытания образцов на прессе.

а)



б)




**Рис. 2. Потеря прочности цементобетонных образцов в соевых растворах:**

а – для бетона марки В20; б – для бетона марки В80.

На рис. 2 представлен диапазон использования хлористого натрия (другие реагенты также имеют аналогичные зависимости). Здесь начальная концентрация раствора колеблется в пределах от  $C=10$  до  $20$  %, плотность снежно-ледяного наката равна  $\rho_{с-л.о.}=0,3-0,55$  т/м<sup>3</sup> и его толщина –  $h_{с-л.о.}=3-5$  мм. Как видно из этих наклонных прямых, что диапазон использования хлористого натрия в дорожно-климатических зонах с резко-континентальным климатом могут достигать при температуре воздуха от  $0$  °С до  $-12$  °С, практически тот предел, который оказывается самым гололедоопасным. При этом продолжительность действия раствора зависит от его концентрации. Чем ниже концентрация раствора, тем продолжительность действия  $t$  сокращается. Например, см. рис. 3.4, при  $C=10$  % продолжительность действия раствора при температуре воздуха  $-2$ °С длится всего лишь на 38 мин, а при  $C=20$  %-ой концентрации и при той же температуре воздуха – на 148 мин.

Рис. 3.



**Зависимость продолжительности действия химических растворов от их концентрации**

Литература:

1. Киялбаев А.К., Киялбай С.Н. Эксплуатация автомобильных дорог. Учебное пособие. /под ред. д.т.н., проф. Киялбаева А.К. – Алматы-Москва: МААДО, КазАДИ, 2017. – 342 с.
2. Руководство по борьбе с зимней скользкостью на автомобильных дорогах. Издание официальное. – М: Минтранс РФ, 2003. – 72 с.

3. Резюме. При применении противогололедных реагентов в жидком и предварительно увлажненном состояниях на автомобильных дорогах, расположенные в IV-V дорожно-климатических зонах (Казахстан и страны Средней Азии), требуются соблюдать следующих условий:
4. – тщательно изучить причин образования снежно-ледяного наката на покрытиях автомобильных дорог общего пользования с учетом климатических условий местности;
5. – строго соблюдать технические условия, концентрации и норм распределения жидких реагентов применительно для климатических зон с большим перепадом суточной температуры воздуха.

### **ПРИМЕНЕНИЕ АДГЕЗИОННЫХ ДОБАВОК ДЛЯ УКРЕПЛЕНИЯ ФРИКЦИОННЫХ СВОЙСТВ БИТУМА ПРИ ХОЛОДНОЙ РЕГЕНЕРАЦИИ ДОРОЖНЫХ ОДЕЖД**

Киялбай С.Н. - к.т.н., доцент,  
Алимгазин Б.Т. - ст. преподаватель,  
Кабылдин А. - магистрант  
КазАДИ им. Л.Б. Гончарова, г.Алматы, РК  
ВКГТУ им. Д. Серикбаева

Прочность дорожных одежд является важнейшим транспортно-эксплуатационным показателем, влияющим на технический уровень и эксплуатационное состояние автомобильной дороги и, в частности, определяющим способность дорожных конструкций сопротивляться многократно повторяющемуся воздействию нагрузок от проезжающих транспортных средств и обеспечивать эффективность перевозочного процесса в течение межремонтного срока службы. В последнее десятилетие в Казахстане отмечается существенный рост темпов развития экономики страны по сравнению с предшествующим периодом. Этот рост одинаково ощущается в автодорожной отрасли Казахстана. Изменились также состав и интенсивность транспортных потоков в сторону увеличения осевых нагрузок. Отсюда в дорожном хозяйстве страны появляется новая, более острая чем предыдущие, проблема – высокая степень износа и несоответствие большинства дорог современному парку автомобилей, среди которых отмечаются большегрузные транспортные средства с осевой нагрузкой до 13 тонн и выше.

Несмотря вышесказанного, на автомобильных дорогах Казахстана наблюдается высокий уровень аварийности. В происшествия попадают пострадавшие и по своей, и по чужой вине, и вообще без вины. Много происшествий происходит из-за низкого уровня транспортно-эксплуатационного состояния дорог. Каждый водитель помнит то ощущение беспомощности и страха при необъяснимом непослушании исправного автомобиля при торможении или повороте руля.

*Технология холодного ресайклинга* является одной из самых эффективных методик строительства и ремонта дорожного полотна. Традиционный ремонт асфальтобетонных покрытий дорог с заменой верхнего слоя дает лишь временный эффект и является более дорогостоящей и материалоемкой альтернативой. В связи с этой, преимуществами технологии холодного ресайклинга на месте являются [1-3]:

– отсутствие загрязнения окружающей среды благодаря полному использованию материала старой дорожной одежды, нет необходимости в площадках для отвалов, объем привозных материалов минимален, очень невелики перевозки. Расход энергии значительно снижается, также как и разрушительное влияние транспортных средств на дорожную сеть;

– качество ресайклируемого слоя вследствие последовательного смешивания полученных на месте материалов с водой и стабилизатором. Жидкости вводятся в точно

необходимом количестве благодаря микропроцессорной системе управления насосами. Смешивание отвечает самым высоким требованиям, поскольку компоненты принудительно перемешиваются в рабочей камере;

– структурная целостность дорожной одежды. Холодный ресайклинг позволяет получать связные слои большой толщины, которые отличаются гомогенностью материала. Благодаря этому не требуются жидкие вяжущие между тонкими слоями дорожной одежды, что иногда необходимо в дорожных одеждах традиционной конструкции;

– сохранение целостности грунта, так как при ресайклинге повреждение низкокачественного грунта меньше по сравнению с применением обычных дорожно-строительных машин для восстановления дорожной одежды. Обычно холодный ресайклинг выполняется за один проход ресайклером на пневмошинах, которые оказывают малое давление на грунт и мало деформируют его.

– уменьшение продолжительности строительных работ. Современные машины для ресайклинга отличаются высокой производительностью, что существенно сокращает время строительных работ по сравнению с традиционными методами восстановления дорожных покрытий. Укорочение времени работ выгодно для пользователей дороги, так как благодаря этому дороги закрываются для движения на более короткий период.

*В Бельгии* для приготовления асфальтобетонных смесей, как правило, используют битум с глубиной проникания иглы, равной 55. Во время приготовления асфальтобетонной смеси, а также регенерации асфальтобетона происходит старение вяжущего, и в результате глубина проникания иглы уменьшается до 10-15. Поэтому необходимо, чтобы в процессе регенерации глубина проникания иглы восстановленного битума в смеси, приготовленной с использованием регенерированных материалов, после ее укладки составляла 35-45. Для восстановления свойств вяжущего используют регенерирующие добавки с низким содержанием асфальтобетонов и с высоким содержанием ароматических соединений в мальтенах, устойчивые к старению, с высокой температурой воспламенения и нетоксичные. Содержание неразжиженной регенерирующей добавки должно составлять 3-5 % от массы вяжущего в регенерируемом материале. Для облегчения применения добавки осуществляют ее разжижение. В некоторых случаях осуществляют разжижение добавки в среде битума. Выбор регенерирующей добавки и способ ее введения определяются с учетом оптимального насыщения (пропитки) добавкой вяжущего в регенерируемом материале, продолжительности и температуры приготовления смеси.

*В Германии* [4,5] для переработки сфрезерованного асфальтобетона фирма «Teerbau» совместно с фирмой «Ammann» разработала установку с производительностью 200 т/ч, позволяющую повторно использовать до 80% сфрезерованного материала. Смесительная установка состоит из двух вращающихся смесителей барабанного типа, в которых осуществляется разогрев минеральных материалов и материала, подлежащего переработке. Новый материал нагревают в смесителе с принудительным перемешиванием, а перерабатываемый материал – в смесителе со свободным перемешиванием.

*В США* для регенерации в основном применяется измельченный старый асфальтобетон, который подвергается дроблению в дробильных установках после снятия его с дорожных покрытий, или используется материал после холодного или горячего фрезерования. В Америке регенерированный асфальтобетон применяется в смеси с новыми материалами и некоторой добавкой битума. Как показала практика, применение регенерированного асфальтобетона значительно сокращает общий расход битума. Фирма «Iowa Manufacturing» применяет для регенерации метод, позволяющий производить качественный материал из смеси старого асфальтобетона с новыми материалами. Этот метод заключается в измельчении старого асфальтобетона в дробилке первичного дробления, дополнительном измельчении, разгрохотке на отдельные фракции и последующей термообработке с новыми каменными материалами во вращающемся барабане Cedarapids.

Ресайклер XCMG XLZ230K фирмы Wirtgen[5]. В настоящее время на автомобильных дорогах Казахстана регенерация асфальтобетонной смеси осуществляется дорожной техникой германской фирмы Wirtgen. Преимущества ресайклеров фирмы Wirtgen: высокая производительность на любом типе покрытий; работа в любых климатических условиях; возможность предварительного подогрева поверхности; удобность в работе на строительном или ремонтном участке; большая экономия денежных средств; В отличие от грейдера, ресайклер обладает гораздо большим потенциалом в работе, а также способен выполнять поставленные задачи с большей точностью. Особенности ресайклера XCMG XLZ230K. Немецкий ресайклер XCMG XLZ230K относится к средней группе дорожной техники (рис. 1).




Рис. 1. Ресайклер XCMG XLZ230K фирмы Wirtgen

*Адгезионные присадки к дорожным битумам и полимербитумным вяжущим (ПБВ)[1.2].* Одной из основных причин преждевременного разрушения дорожных покрытий и неудовлетворительного состояния автомобильных дорог является отсутствие прочного сцепления битума с поверхностью минеральных материалов, особенно кислых пород, и как следствие, недостаточная водо- и морозостойкость покрытия, приводящие к эрозии, шелушению, выкрашиванию, образованию трещин, выбоин, ям.

*Адгезионные добавки «АМДОР-9» и «АМДОР-10».* В последние годы наиболее широкое применение нашли адгезионные присадки «АМДОР-9» и «АМДОР-10». Для большинства используемых битумов и минеральных материалов, в том числе кислых пород, к которым относятся граниты, эффективная концентрация присадок в битуме находится в интервале 0,2-0,5 %. При этом обеспечивается сцепление на уровне контрольного образца №1 при испытании по ГОСТ 11508-74. Адгезионные присадки «АМДОР-9» и «АМДОР-10» отличаются технологичностью, сохраняют адгезионные свойства при введении в битум при температуре до 160 °С в течение до 72 часов.

Адгезионная присадка «АМДОР-10», являющаяся усовершенствованным аналогом присадки «АМДОР-9», характеризуется улучшенными органолептическими свойствами, меньшей вязкостью и более низкой температурой потери текучести (до -3°С), что позволяет использовать ее в условиях пониженных температур.

При применении адгезионных добавок «АМДОР-9» и «АМДОР-10» в количестве 1,5-5 кг/т битума (0,15 ÷ 0,50 %)[1.2]:

- достигается высокая степень сцепления битумов с минеральных материалами;
- улучшаются пластические свойства АБС, что способствует улучшению обволакиваемости, удобообрабатываемости и подвижности АБС, лучшему их уплотнению при укатывании, уменьшению слеживаемости холодного асфальтобетона;
- появляется возможность снижения расхода битума на 5-10 %;

- возможно снижение температуры битума на 10-20 °С при приготовлении горячих асфальтобетонных смесей;
- снижаются энергозатраты на технологические нужды;
- повышается производительность оборудования АБЗ и уплотняющих дорожных машин;
- увеличивается сезон дорожно-строительных работ;
- увеличивается срок службы дорожного покрытия в 1,5-2 раза.

*Адгезионная добавка СС 81*[2,3] предназначена для изготовления адгезионных слоёв при устройстве стяжек и выполнении бетонных работ, а также обрызгов и полуобрызгов при выполнении штукатурных работ, внутри и снаружи зданий с целью повышения адгезии бетонных и растворных смесей к плотным минеральным основаниям.

СС 81 применяется для изготовления адгезионных слоёв при устройстве стяжек с применением традиционных цементно-песчаных смесей и смеси СN 83, для изготовления обрызгов и полуобрызгов при работе с традиционными цементно-песчаными и цементно-известковыми штукатурками, а также цементно-песчаными штукатурками, приготовленными с введением порообразующей добавки СО 84.

СС 81 может применяться для приготовления цементно-песчаных и цементно-известковых растворных смесей, наносимых механизированным способом.

СС 81 разбавляют чистой холодной водой (от +15 до +20°С) в пропорции, предусмотренной для данного применения (см. таблицу 2 или технические описания на соответствующие материалы Ceresit). Полученную жидкость используют для приготовления бетонных и растворных смесей.

#### Литература:

1. Бахрах Г.С. Свойства асфальтогранулобетона (АГБ) – продукта холодной регенерации дорожных одежд с асфальтобетонным покрытием. – М.: Информавтодор, науч.-техн. инф. сб. «Автомоб. дороги», Вып. 12,1999. – 28 с.
2. Бахрах Г.С. Регенерация покрытий и дорожных одежд нежесткого типа. – М.: Наука и техника в дор. отрасли, 1998, № 3. – С. 18-21.
3. Гладков В.Ю., Телюфанова О.П. Термическая регенерация асфальтобетонного покрытия по методу «Ремикс Плюс» на автодороге М-1 «Беларусь». – М.: ГП РосдорНИИ, 1998, вып. 9. – С. 83 - 87.
4. Neue Möglichkeiten der Verwertung Von Ausbauasphalt. Aktuelle Regelwerte and ihre Auswirkungen / Horst E: Asphalt, 2001, № 6 – S. 26-35
5. Wirtgen Recycling-Tage in Windhagen. tis. – 2002, 44, № 11. – S. 53-54

## АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Мұратов А.А. – магистрант,

Сүлейменова Д.Д. – т.ғ.к., профессор

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Биыл Алаш қозғалысының 100 жылдық мерейтойы аталып өтті. Бұл аса елеулі, аса маңызды меже. Қазақ елі мемлекетшілдігінің асыл арқауы, Алаш қайраткерлері құрған Алашорда атты Уақытша үкімет болатын.

Алаш қозғалысы қоғамдық-саяси, ұлт азаттық қозғалыс [1, 23 б].

XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы қазақ халқын отарлық езгіден азат ету жолында күрес додасына түсті.

Дәл қазір тәуелсіз мемлекеттің негізін салған ғасыр басындағы Алаш қозғалысы болатын.

Қазіргі қазақ қоғамы Алаш тарихын тәуелсіз елдің арқауы ретінде жан-жақты зерттеп, таразылап халқына танытуға қызмет істеп жатыр.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ халқы Ресей империясының орталық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа шықты. Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты.

Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамудың күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күшке сұраныс үлкен еді. Ал ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-1907 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш-сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын [2, 88 б].

Осы бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін Алаш қозғалысы атанған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады. 1905 жылы Қоянды жәрменкесінде дүниеге келген Қарқаралы құзыреті (петициясы) оның бағдарламалық құжаты болатын. Осы мезгілден бастап Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов жетекшілік еткен ұлттық зиялылар жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман, түркішілдік қозғалыстарға ат салысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады. Ал 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған "Қазақ", оның артын ала өмірге келген "Бірлік туы", "Сарыарқа", "Ақжол" газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті [3, 96 б].

Алаш қозғалысының басты мақсаты қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құрын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркентету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқығын және басқа демократиялық принциптерлі қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды [4, 67 б].

Бірінші орыс революциясы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылы ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың жазы мен көктемінде Қазақ мемлекетінің пайда болуы, күзіне қарай Алаш партиясының, ал соңына қарай Түркістан автономиясы (Қоқан автономиясы) және Алашорда үкіметінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын [5, 105 б].

1917 жылы пайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылғанымен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахынасынан бірден кете қойған жоқ. Мемлекеттік тәуелсіздік, жер және кезінде алаш зиялылары күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси басқа да мәселелерді басты талабы етіп, ұлт азаттық қозғалыс жаңа сипатқа Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Қожанов, С.Садуақасов, Ж.Мыңбаев, біздің жерлестеріміз Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, Д.Күсіпқалиев, т.б. қазақ халқын бостандығын сақтап қалу жолында күрес сахнасына шықты.

Кеңес өкіметі Алаш қайраткерлерімен бастапқы кезде достық қарым-қатынасты ұстанды, бірақ бұл алдамшы саясат болатын.

Сол күндердің куәсі ретінде Қошке: «Үкіметтің қара құғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан» деп жазды [6, 45 б].

Алаш қайраткерінің ішінен Ә. Бөкейханды осылайша ерекше бөліп атаудың жөні бар. 1905 жылғы отаршыл үкіметке қарсы саяси қимылдардың көпшілігінің басында тұрған Әлихан. Ақпан төңкерісі нәтижесінде озбыр империяның патшасы тақтан құлатқанда халқынан сүйінші сұрап, бірлік пен теңдікке үндеген де Әлекең болатын. Бірінші және Екінші жалпықазақ съездерін ұйымдастырудың басында тұрған да осы тұлға. Сондықтан да сан жылдық күрес жолындағы саяси һәм рухани серіктері оны Алашорданың төрағасы етіп те сайланды. Алаш қозғалысының басы мен соңына қарасақ, онда оның қай кезеңінен де Әлихан Бөкейханның тұлғасы өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Бұл тұлғаның өз кезегінде, Алаш қозғалысының 1905 жылдан басталғандығына, сөйтіп 1920 жылы аяқталғанына да көрнекі мысал бола алады. Қозғалыстың жалпыхалықтық сипат алуында Әлихан сияқты қайраткердің ерен еңбегі жатыр.

Сондай-ақ, 1905 жылдың соңында Орал қаласында Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының құрылуы да Алаш қозғалысының осы жылдан басталғандығын айғақтайды.

Б.Қаратаев, Н.Ипмағамбетов, Ғ.Бердиев, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедұлы сияқты кейінірек ірі қайраткерлерге айналған азаматтардың да осы жылдан азаттық күресіне белсене араласа бастағанын көреміз.

Екінші жалпықазақ съезінде құрылған Алашорда үкіметі бірден қызу іске кіріскені белгілі. Алашордашылардың осы кезеңде Ресей билігіне келген большевиктермен күресі Ленин бастаған кеңестік билікті үрейлендірді. 1918-1919 жылғы Алашорда мен кеңестік билік арасында әртүрлі келіссөздер, қалыптасқан жағдайда большевиктер билігінің жалпы Ресей аймағында басты күшке айналуы Алаш көшбасшыларын жаңа биікке мойынұсынуға мәжбүр етті [7, 124 б].

Соның нәтижесінде, Алаш көсемдері кеңестік билікті мойындауға, Алашорданы таратуға амалсыздан көнді. Бірақ Уфа мәжілісінде құрылған Батыс Алашорда үкіметі 1919 жылдың аяғына дейін большевик әскерімен күресін тоқтатпады. Сөйтіп, Алашорданың таратылуы іс жүзінде 1920 жылғы 5 наурыздағы арнайы қаулымен ғана жүзеге асырылды. Сондықтан Алаш қозғалысының толық аяқталуын осы датамен байланыстырамыз [8, 78 б].

Ол А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш делегациясының В.Ленинмен келіссөздерінің нәтижесінде ғана мүмкін болған, 1920 жылдың 26 тамызында құрылған Қазақ кеңестік социалистік автономиялық республикасы еді. Бұл 1936 жылы 5 желтоқсанда құрылатын Қазақ кеңестік социалистік республикасының да, 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланған Қазақстан Республикасының да негізі болатын. Сондықтан бүгінгі «Тәуелсіздік» деген қазақ баласының мәңгілік аңсарының қайнар көзінде Алаш қозғалысының күресі жатқанын айғақтау, сол күреске түскен ерлеріне құрмет көрсету – егемендігіміздің қадір-қасиетін ұғыну болып табылады.

Қозғалыстың басты идеясының жалғастығы мен үздіксіздігі. Алаш қозғалысы бастауынан аяғына дейін негізгі, басты бір идеяны іске асыруға бағытталды, атап айтқанда, қазақтың теңдігі, құқығы, азаттығы.

Қозғалыстың түпкі мақсаты қазақтың дербес ұлттық мемлекетін құру. Осы 1905 жылдан бастап өмірге келген негізгі идея 1920 жылдың 5 наурызына дейін, 2 жыл 3 ай өмір сүрді. Яғни, қозғалыстың өнебойында оның басты идеясының бірлігі сақталды. Қозғалыс ауқымындағы саяси, рухани, ағартушылық оқиғалар бір-бірімен жалғасып, үздіксіз үдерісті қалыптастырды. Сондықтан да біз Алаш қозғалысын 14-15 жылға созылған үздіксіз тарихи үдеріс деп санаймыз. Яғни, бұл ұлт азаттық қозғалыс белгілі бір идеялар төңірегінде топтасқан ұлт қайраткерлерінің мақсатты түрде үздіксіз жүргізген саяси һәм рухани күресінің жемісі [9, 51 б].

Қозғалыс мұратын жүзеге асырудағы амалдар мен тәсілдердің сабастығы. Алаш қозғалысы қайраткерлері өздерінің идеяларын жүзеге асыру үшін сол дәуірдің қажет еткен және мүмкіндік берген ауқымы шегінде ұлт азаттығы үшін қажетті саяси, рухани, ағартушылық амалдар мен тәсілдерді жүзеге асырды.

Қорыта айтқанда Алаш қозғалысы бүгінгі егеменді тәуелсіз мемлекеттің негізі. Сондықтан да тәуелсіздігіміз мәңгі болу үшін халқымызға бірлік, татулық және түсіністік қажет.

Әдебиеттер:

1. ТілешовЕ.Е., ӘріпбекГ.П. Алаштың ардағы. Астана: «Руханият» 2010ж.
2. Озғанбаев Ө. Ресей мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917жж). Алматы, 2001 ж.
3. ҚожановаЗ.С., Жармұхамедұлы М. Алаш арысы. Алматы: ҚАЗАқпарат 2011 ж.
4. Қойшыбаев Б. Алаш қозғалысының тарихы. Алматы: «Дәстүр» 2015ж.
5. Тұрсын Х. Түркістан мұхтариаты. Алматы, 2008 ж.
6. ТілешовЕ., Хамзабекұлы Д., НұрахметИ. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008 ж.
7. Сүлейменова Д.Д. Алаш қозғалысы және Ж.Досмұхамедов. Орал, 2010 ж.
8. Нұрпейіс К. Алаш Һәм Алашорда. Алматы, 1995 ж.
9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995 ж.

**Резюме:**

Движение Алаш – одна из составных частей непрерывной национально-освободительной борьбы казахского народа против колониальной политики России. История этого движения как общественного явления, сложность его характера и содержание является одной из актуальнейших проблем отечественной исторической науки.

Сегодня Казахстан находится в поисках путей усиления национальной государственности. Прочность национальной основы государства является гарантом противостояния процессу глобализации, происходящему в современном мире. Об этом в свое время говорили деятели алашского движения.

## **ВОЗМОЖНЫЕ СТРАТЕГИИ ПРОДУКТА НА РАЗНЫХ ЭТАПАХ ЕГО ЖИЗНЕННОГО ЦИКЛА**

АйтугановТ.-магистрант

Габдуалиева Р.С. - д.э.н., профессор

Западно-Казахстанский инновационно –технологический университет, г.Уральск, РК

Выбор стратегий продукта на разных этапах его жизненного цикла определяется результатом анализа альтернатив, сопоставления целей, сценариев, ресурсной базы, инноваций, необходимых инвестиций, применения маркетингового подхода.

В современной, исключительно динамичной рыночной среде в маркетинговую стратегию любой компании должны периодически вноситься коррективы — вместе с изменением товара, рынка и конкурентов.

На разных этапах жизненного цикла используются различные [маркетинговые стратегии](#). Маркетинговая стратегия-совокупность стратегических решений, касающихся номенклатуры, объема выпускаемой продукции и способы поведения предприятия на товарном рынке.

Что касается характеристик, целей и стратегий маркетинга, то они тесно связаны с каждой из стадии жизненного цикла продукта. Для каждой стадии ставятся конкретные цели и применяются определенные стратегии. Их выбор зависит от многих причин, например, от привлекательности отрасли и конкурентоспособности компании.

Успех компании напрямую зависит от того, насколько она успешно выходит на рынок с новым предложением, внедряет новый продукт, создает новые услуги.

Таблица 1 Уровень объема продаж, издержек, прибыли, наличие конкурентов и цели маркетинга для каждого периода ЖЦП [ 1].

Характеристики / Этапы ЖЦП	Внедрение	Рост	Зрелость	Спад
----------------------------	-----------	------	----------	------

Объем продаж	Низкий уровень	Стремительный рост	Максимальный уровень	Падает
Издержки	Высокие в расчете на каждого потребителя	Средние в расчете на потребителя	Низкие	Низкие на каждого потребителя
Прибыль	Отсутствует	Рост прибыли	Высокая	Снижается
Конкуренты	Несколько или отсутствуют	Число конкурентов возрастает	Стабильное число с тенденцией к сокращению	Число конкурентов сокращается
Цели маркетинга				
	Информирование рынка о новом товаре и побуждение к пробным покупкам	Максимизация доли рынка	Максимизация прибыли и защита доли рынка	Снижение издержек и поддержка объема продаж

Этапы жизненного цикла продукта делятся на несколько групп: внедрение, рост, зрелость и старение. Рост начинается с зарождения и заканчивается расцветом, после этого наступает старение, начинающееся со стабилизации и заканчивающееся смертью организации. Продолжительность ЖЦП и его отдельных периодов зависит от многих причин: самого товара, конкретного рынка, экономики страны, где продвигается данная продукция, уровня инфляции.



Рисунок 1 Стратегии продукта на разных этапах его жизненного цикла [ 5].

На каждом этапе жизненного цикла предприятия структурируется определенный набор элементов, который составляет комплексную стратегию предприятия. Основная задача в данном случае состоит в том, чтобы с максимальной точностью провести диагностику предприятия с целью выявления уровня развития предприятия и этапа жизненного цикла, на котором предприятие находится. Результаты данной диагностики будут являться тем базисом, на котором целесообразно далее (с учетом влияния внешних и внутренних факторов на структурные элементы стратегии) формировать стратегические приоритеты. Следовательно, одной из актуальных задач стратегического управления является разработка стратегий управления организации с учётом стадии их жизненного цикла.

Правильно определив, на какой стадии ЖЦТ находится продукт компании, можно выстроить эффективную стратегию его развития, определить приоритетные цели и задачи продуктовой, ценовой, рекламной и сбытовой политики.

Каждая фаза развития продукта имеет свои особенности, требует детального анализа и правильного управления. Перед тем, как разрабатывать маркетинговую стратегию развития продукта, следует определить, на какой фазе жизненного цикла находится товар. Неверный выбор стратегии управления продуктом может привести к излишним затратам компании или, наоборот, к недостатку инвестирования в продукт и к потере доли рынка.




Рисунок 2 Эффективная стратегия развития ЖЦП [ 4].

Несвоевременная корректировка задач, целей, стратегии и, соответственно, системы управления приводит к динамическому спаду, а затем и переходу к последней стадии жизненного цикла.

Для реализации общей экономической стратегии предприятия вся система управления должна быть ориентирована на создание условий для эффективного использования ресурсов и рыночного роста за счет поддержания равновесного состояния

организации с внешней средой, то есть ее адаптации к внешним изменениям, и, следовательно, должна иметь адаптивные механизмы.

Для любых условий функционирования, для обеспечения высокого качества товаров и услуг предприятие должно выбрать те стратегии, которые отвечают особенностям и задачам этапа жизненного цикла. Должно быть обеспечено поддержание эффективной деятельности в настоящем и сохранение устойчивого положения на рынке в стратегическом плане.

Литература:

1.Лавизина О. Некоторые аспекты управления жизненным циклом организации, понимаемой как социальная система // Менеджмент в России и за рубежом. — 2003. — №5. — С. 47—60.

2.Портер М. Конкурентная стратегия. Методика анализа отраслей и конкурентов; Альпина Бизнес Букс, 2007 г. ISBN 978-5-9614-0491-3

3.[www.businessvoc.ru](http://www.businessvoc.ru) - Бизнес Энциклопедия

4.[www.4p.ru](http://www.4p.ru)-Электронный журнал по маркетингу

5.[www.marketing.spb.ru](http://www.marketing.spb.ru) - «Энциклопедия маркетинга»

6.[cfm.ru](http://cfm.ru) - сайт «Корпоративный менеджмент» 27.[www.dis.ru](http://www.dis.ru) - Интернет-библиотека по маркетингу.

## **СТРОИТЕЛЬСТВО ЖИЛЬЯ В КАЗАХСТАНЕ**

Усманова Р.К.–магистрант,  
ТолебаеваБ.Т.-к.э.н., доцент

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,г.Уральск, РК

Подъем экономики Казахстана, а также стремление большей части населения к улучшению своих жилищных условий обусловили повышенный интерес государства к жилищному строительству в республике.

Жилищное строительство признано одним из приоритетных направлений развития экономики. В Стратегии развития Казахстана до 2030 года строительство жилья является одной из наиболее важных задач общенационального характера. Повышение конкурентоспособности экономики Казахстана в среднесрочной перспективе требует новой политики в жилищном строительстве. В связи с этим основными направлениями развития жилищного строительства в Республике Казахстан являются обеспечение устойчивого темпа роста строительства жилья, доступного для широких слоев населения путем снижения его стоимости, улучшения условий жилищного кредитования - снижение размера первоначального взноса и ставки кредитования.

Помимо строительства жилья требуются новые подходы к его эксплуатации. Они касаются дальнейшего совершенствования форм управления объектами кондоминиума, в том числе института кооперативов собственников квартир. В Казахстане жилищный сектор перешел на рыночные отношения и главной целью жилищной политики является создание условий для перехода на приобретение и строительство жилья населением через развитие прогрессивных форм кредитования. Изменилась структура вводимых в эксплуатацию жилых домов по формам собственности и источникам финансирования. Радикальные изменения произошли в системе финансирования жилищного строительства, основную роль стали играть частные и индивидуальные застройщики.

Цель работы: Обобщение состояния строительства жилья в РК и оптимизация путей решения жилищной проблемы

Политика государства по обеспечению жильем граждан нашей страны дала ощутимые результаты. За 25 лет построено 113,2 млн. кв. метров жилья. Это позволило обеспечить

дополнительно свыше 1,0 млн. семей жильем. Уровень обеспеченности жильем возрос с 14,2 до 21 кв. метра на одного человека.

Объем введенных площадей многоквартирных жилых домов вырос на 26,7% (до 3,1 млн кв. м.), индивидуальных жилых домов - на 4,0% (до 3,3 млн кв. м.). Позитивная динамика сохраняется и по вводу жилья за счет государственных средств, на которые было построено 507 тыс. кв. метров жилья.

В 2016 году введено порядка 9,0 млн. кв. метров жилья на сумму 830 млрд. тенге за счет всех источников финансирования.

Это связано, в первую очередь, с положительным влиянием принимаемых мер в рамках Госпрограммы «Нұрлыжол» и Антикризисных мер Правительства и Нацбанка.

Госпрограммой «Нұрлыжол» предусмотрен ввод к 2020 году 4,5 млн. кв. м жилья, жилья (к 2020 году арендное - 1,7 млн. кв. м жилья, кредитное - 2 млн. кв. м жилья, коммерческое - 0,8 млн. кв. м жилья).

На жилищное строительство в 2015 году выделено 189,7 млрд. тенге, в том числе из Нацфонда - 140 млрд. и РБ - 49,7 млрд. тенге.

На развитие жилищного строительства и инфраструктуры выделено 442,5 млрд. тенге, в том числе из Нацфонда - 423,9 млрд. и РБ - 18,6 млрд. тенге. в том числе:

Таблица 1. Направление выделенных средств

№№	Наименование	Сумма
1.	Всего вт.ч.	442,5
	-на строительство арендного жилья	82,8
	- на строительство кредитного жилья	129,8
	- на строительство коммерческого жилья	97,0
	- на обустройство ИКИ - 110,9 млрд. тенге;	110,9

Таблица 2. Введено всего квартир

№№	Наименование	Годы				темп роста	
		2016		2017		2017/2016%	
		тыс. кв.м	кол-во квартир	тыс. кв.м	кол-во квартр	тыс. кв.м	кол-во квартр
1	по строительству арендного жилья	554,8	9 010	587	9 923	5,48	9,2
2	по строительству кредитного жилья	223,4	3 111	798,3	12 904	72,01	75,9

В результате, за счет государственных средств в 2015 году и за прошедший период 2016 года было предоставлено жилье 22,6 тыс. семьям и до конца т.г. дополнительно будет обеспечено 6,8 тыс. семей. В 2017 году будет построено свыше 33,0 тыс. квартир.

На строительства инженерно-коммуникационной инфраструктуры и кредитного жилья акиматами выделено 110,9

По итогам года в Западно-Казахстанской области сдано 1424 квартиры: девять многоквартирных жилых домов (1255 квартир) и 143 жилых домов на селе (169 квартир). В целом, годовой план ввода жилья в эксплуатацию перевыполнили здесь за 10 месяцев.

Большая часть средств, говоря о госпрограмме жилищного строительства «Нурлыжер», была выделена и потрачена на строительство и ввод в эксплуатацию многоквартирных домов в городском секторе и сельской местности. «План ввода на 2017 год - 278,1 тысяч квадратных метров жилья, в том числе за счет государственной поддержки 77,7 тысяч квадратных метров жилья.

За год было введено 313,91 тысяч квадратных метров за счет всех источников финансирования, из них 57,2 тысяч квадратных метров или 790 квартир за счет

государственных средств. На реализацию программы «Нұрлыжер» выделялось 14,6 млрд. тенге. Большую часть, 12, 7 млрд. тенге, направили на строительство 14 многоквартирных городских и 188 жилых домов в сельских населенных пунктах. Остальные 1,9 млрд. тенге построено 15 объектов инженерно-коммуникационной инфраструктуры районов жилищной застройки».

Жилье возводилось за счет разных источников финансирования. Так, четыре дома строились по линии АО «БайтерекДевелопмент». Три из них предназначены для вкладчиков АО «Жилстройсбербанк Казахстана» (504 квартиры), один дом возводился для АО «ИО «КИК» (180 квартир). Шесть домов построили по линии «Жилье для участников жилстройсбережений» (691 квартира). Два многоквартирных дома в городе Уральск и 14 домов в сельских населенных пунктах возводят для социально уязвимых слоев населения (для очередников местных исполнительных органов, жильцов аварийных домов, 396 квартир), по линии АО «НК «СПК «Орал» еще два многоквартирных дома и 174 дома в сельских населенных пунктах для очередников (493 квартиры).

Литература:

1. Об утверждении Государственной программы инфраструктурного развития "Нұрлыжол" на 2015-2019 годы и внесении дополнения в Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 957 "Об утверждении Перечня государственных программ"
2. А. Бейсекеева. Потребность в жилье: сколько нужно? // Жилищное строительство Казахстана. – 2017.- №5(79). – 16 февраля.
3. Как завершает 2017 год рынок недвижимости РК [ForbesKazakhstan](http://ForbesKazakhstan) Доклад Министра национальной экономики на заседании Правительства РК о ходе строительства жилья (г. Астана, 27 сентября 2017 года) [zakon.kz/4825403-doklad-ministra-nacionalnoj](http://zakon.kz/4825403-doklad-ministra-nacionalnoj)

## ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Тлепбергенова А. М. – магистрант,  
Джонисова Г.Қ. – п.ғ.к., доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Психологиялық стресске төзімділікті қалыптастыруға арналған көптеген әдістер бар және оның мақсаты солардың біреуін тандап, онда бір жағынан белгілі бір адамның жеке ерекшеліктеріне сай келетін, ал екінші жағынан нақты шарттарға, яғни дәл сол жерде, дәл сол уақытқа негізделген. «Психологиялық стресске жеке қарсылық» атты еңбегінде К.В.Судаков стресске төзімділікті қалыптастырудың іс-шаралардың аса маңызды жолдарын мынадай келесі тәсілдермен көрсетеді:

1. аутогендік жаттығу;
2. түрлі релаксация әдістері;
3. биологиялық кері байланыс жүйесі;
4. тыныс алу гимнастикасы (жаттығуы);
5. жағымды эмоцияларды адам өміріне енгізу;
6. музыка;
7. дене шынықтыру жаттығулары;
8. психотерапия;
9. физиотерапевтикалық ( физиотерпиялық) іс-шаралар (массаж, сауна, электрасс.
10. инемен емдеу және т.б.

Бұл ретте қандай да бір стресске төзімділігін қалыптастыру әдістерін таңдау арқылы сол организмнің стресске қарсы тұру күшін қалыптастыру болып табылады [1].

Стресске төзімділігін қалыптастыруға арналған нақты шараларды қоспағанда, ағзаны қалпына келтіру практикасын қарастыру қажет. Мысалы, жүрек-қан тамыр


жүйесінің бұзылуын болдырмау, емтихан салдарынан болатын стресс, күнделікті күн тәртібін сақтау, өзінде әрекетсіздіктің төмендеуіне жол бермеу, таза ауада және дұрыс тамақтану үшін жүйелі әсер кешені болуы тиіс. Стресті төмендетуде қолданылатын мынадай тәсілдерді атаған:

1. табиғатпен қарым-қатынас;
2. музыка;
3. ішімдік;
4. түс көру;
5. үй жануарлары;
6. достармен қарым-қатынас
7. экстремальды дене жүктемелері;
8. хобби;
9. бу моншасы;
10. жақсы фильм көру;
11. кітап оқу;
12. спортпен шұғылдану және т.б.


Егер біз стресс туралы ғылыми әдебиеттерге жүгінсек, кең көлемдегі әдістерде психикалық шиелініс және оны таңдаудағы мәселе туындауы мүмкін. Кейбір психологтар аутогендік жаттығулардың артықшылықтарын айтса, басқалары-бұлшықет релаксациясын, үшінші біреулері-тыныс алу жаттығуларын, төртіншілері-медитацияның артықшылықтарын атап көрсеткен. Осылайша, іс-жүзінде психологтардың міндеті стресске төзімділік әдістерін саралау, сондай-ақ қолайлысын іріктеп алу соның ішінде жеке тұлғаның мінез-құлқына, ерекшеліктеріне сай келетін деңгейді таңдап алу [2].

Көптеген тәсілдерін түсіну үшін, психологиялық стресстен арылуға бағытталған, белгілі бір ерекшеліктеріне сәйкес оларды ұйымдастыруға қажетті таңдалған жүйеге байланысты жіктеу координаталары әр түрлі болып келеді. Біз стресстің алдын алуымыз үшін оның 2 жіктеу әдістерін ажыратуымызға болады. Бірінші жіктеуге жататын табиғаттық стресске төзімділігін қалыптастыруға арналған ықпалдары мынадай: физикалық, химиялық немесе психологиялық, екінші жіктеуге – есте стресске қарсы ойды орнатуды жүзеге асыру жолы- яғни жеке немесе басқа тұлғаның көмегімен деп көрсетілген.

Кесте 1- Стресске төзімділігін қалыптастыру әдістерінің жіктелуі



Кесте 2- Стресске төзімділігін қалыптастыру әдістерінің жіктелуі



Бірінші жіктеу. Егер төменгі деңгейден бастар болсақ, материяның ұйымдасуы бұл ең қарапайым физикалық әдістің стрессті бәсеңдетуі – жоғарғы немесе төменгі температураның әсері, жарықтың түрлі спектрлік құрамы мен үдемелілігі. Көптеген бақылаулар ағзаны шынықтыру стреске төзімділікті қалыптастыратынын дәлелдейді. Сонымен қатар, психотерапияның барлық түрлері, жақын адаммен эмоционалдық қатынасқа түсу, білікті маманның кеңесі, жыныстық қатынас, спорттық ойындар. Кейбір жағдайларда жоғарыда ескертілген тәсілмен, яғни маман болмаған немесе бөгде адаммен жеке бас проблемасымен бөлісу арқылы стрессті тоқтату мүмкін емес. Мұндай жағдайда қолданылатын өзіне-өзі көмек көрсететін психологиялық түрлі әдістер-аутогендік жаттығу, медитация, тыныс алу техникасы, арнайы дене шынықтыру жаттығулары өте тиімді [3].

Өндірістік стресстерді төзімділік ісінде өзіндік жіктеу тәсілдері бар функционалдық қалып, анистресстік қорғаныс барлық тәсілдерді екіге бөледі ол ұжымдық және психопрофилактикалық.

Сонымен қатар, стреске төзімділік қалыптастыруда тренингтің орны ерекше. В.В.Никандров айтуынша, стреске төзімділік қалыптастыруда жетекші мақсат, нақты міндеттер, уақыт тәртібі, басшылық түрі әсер етеді. Тренингте әдістер мен жұмыс техникасын таңдаудың ең бірінші мақсатқа тәуелді болғандықтан ұсынылған топтардың біріншісін қарастырайық және олардың ішінен стреске қарсылық тренингінің орнын анықтайық. Жетекші мақсат бойынша барлық тренингтерді шарты түрде екі топқа бөлуге болады. Әдістемелік және психокоррекционды (психотерапевтикалық жеке даму, оқытушылық, ұйымдастырушылық). Психокоррекционды тренинг. Стреске қарсылық тренингі адамның психикалық сферасының өзгерісіне, оның жүріс-тұрысының өзгерісіне, өз танымының жетілуіне бағытталған. Ол келесі аспектер енетін психокоррекционды тренингтер типіне жатады. Аталған тренингтің түзетудің ең тиімді құралы-эмоционалды фактор. Ойындарға қатысу, жаттығулар тыңдаушыларға сәйкес эмоционалды толқулар арқылы өзін түсінуге, оларға сәйкес мәселелердің тиімді шешімін табуға көмектеседі. Стреске қарсылық тренингінде психоанализден алынған жаттығулар, гештальт-терапия, ән терапиясы, психотерапевтикалық тренинг психотерапевтикалық әсер алуға бағытталған. Сөзсіз стреске қарсылық тренингі қандай да бір түзету жұмысы секілді емдік әсерінің туындауына себеп болады. Және стреске қарсы тренингі қатысушыларға деструктивті жағдайын жеңілдетіп, стреске қарсылығын көтеретін білім, мүмкіндіктер және біліктілік беруге бейімделген. Стреске қарсылығын көтеруге мүмкіндік беретін психологиялық климат және жағдайына жеткізу мақсатында нақты ұйым шеңберінде

өткізілген болса, онда ол мұндай стресске қарсы тренинг ұйымдаструшылық деп аталуы мүмкін. Сонымен, клиент тобының ерекшелігіне, стресске қарсы тренинг көмегімен шешілетін мақсаттарға және міндеттерге байланысты атап өтелген тренингтердің кез-келген түрінің сипатын ол біркелкі түрде иемденуі мүмкін: әдістемелік, психотерапиялық, жеке даму, оқытушылық, ұйымдастырушылық [4].

Кез-келген тренингтің және стресске қарсы тренингтері оның тұжырымдама негізін құраудан басталуы тиіс. Тренингтің тәжірибиелік жұмысының нақты теориялық фундаменті қандай, ол қандай мақсатпен өткізілетін болады, мақсатты аудиторияның болжамы, аталған тренингтің ерекшелігі, тренинг жүйесіндегі орны қандай, ол қаншалықты қажетті және талапты, жұмыс үшін қандай ресурстар керек-осы аталған сұрақтарды жаттықтырушы тренингті құруға бағыттаудың алдында шешеді. Стресс-менеджмент бойынша тренингтерді өткізу барысында біз қатысушыларды психологияның жаңа саласы туралы және оның стресске қарсы мәселесін әзірлеуде үлесі туралы ақпараттандыру маңызды деп есептейміз. Денсаулық психологиясы шеңберінде стресс-менеджментті зерттеу ерекшелігінің сипаты- жүйелікке ұмтылу. Тұлға стресс жағдайында өзін тек әрбір адамға стрессті бақылаудың өзіндік жүйесін жасауға мүмкіндік беретін адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызды аймағында (денсаулық-жанұя-жұмыс-рухани құндылық) жүйелік анализ өткізілген жағдайда ғана сақтай алатыны анық.

Д. Гоулманның бойынша, стресске төзімділікті қалыптастыру тренингі тұжырымдамасын эмоционалды интеллект теориясына сүйеніп өткіземіз. Эмоционалды интеллект – адамның өзін-өзі және басқа адамдарды басқару қабілеттілігі. Оған өзін-өзі тану, қызбалықты бақылау, тұрақтылық, сенімділік, өзіндік ынталандыру, эмпатия және әлеуметтік пысықтық кіреді. Осыған байланысты, стресс негативті эмоциялармен қатар жүретіндіктен, эмоционалды біліктілікті дамыту сөзсіз тұлғаның стресске қарсылығын қалыптастырады.

С. Хобфолл, Н.Е. Водопьянова, Е.С. Старченкова, И.Н. Калинаускас бойынша, тұлғаның ресурстарын сақтау стресске төзімділікті арттырып отырады. Сол себепті тренингтің міндеттерінің бірі – топ қатысушыларының стресске қарсы ресурстарын дамыту.

Тренингтің негізгі мақсаттарының бірі жасөспірімінің коммуникативті тұлғалық құзіреттілікті арттырудағы әдістері болып табылады. Сондықтан төмендегідей тренингтер тиімді деп ойлаймыз. Олар стресске төзімділігін қалыптастыру тренингтері төмендегідей факторларға тәуелді [5].

1. Тренингті өткізудегі мақсаты.
2. Тренинге қатысу құрамы, саны, дайындық және жас деңгейі
3. Жасөспірімнің психологияның мінез-құлқы, мотивация, тәжірибе, топтық конфликт.
4. Ұйымдастырудың мәдени деңгейі, бұл тренингтің қызметкер мен қарым-қатынас немесе керісінше қызметкерлерді олардан қорғау болып табылады.
5. Проблеманың күрделілігіне байланысты тренингтің тереңдік деңгейі тренингтің бірінші жаттығуларының бірі-сурет немесе стресс тақырыбында болса, ол біртоп мүмкіндігінен толғантуға түрткі болып ұзақ уақытқа созылса, ал оның өткізілуі жеңіл түрде яғни, топ қатысушылары оған дайын болмағандықтан өткізіледі.
6. Тренердің профессионалдық дайындық деңгейі. Тренердің арттерапия шеңберіндегі дайындығы, дене терапиясы, НЛП және психологиялық дайындығы оның атқарып отырған жұмыс сапасына, әдістемелігіне әсер етеді.

Қиын сәттерде адамның қиындықты жеңуге деген психологиялық ресурстары болуы керек. Қай кездерде болса да, адамға қажырлы үміт және сенім қажет. Адамда стресс әрекетіне деген психологиялық дайындық және стресске төтеп берер дайындық болу қажет. Сонымен, жасөспірімдердің стресске төзімділігін қалыптастыру мақсатында психологиялық тренингтердің, аутогендік жаттығулардың, психотерапияның орны ерекше екені айқын.

Әдебиеттер:

- 1 Куликов Л. В. Здоровье и субъективное благополучие личности// Психология здоровья/ Под ред. Г. С. Никифорова. С П б., 2000 - С.18-19.
- 2 Глэддинг С. Психологическое консультирование. С П б., 2001
- 3 Андреас С. Герлинг К.,Фолкнер Ч. и др. Миссия Н Л П: новейшие американские психотехнологии. М., 2000- С.-28-192.
- 4 Колчаев А. И. Профессиональный стресс и здоровье// Психология профессионального здоровья/ Под. Ред. Проф. Г. С. Никифорова.2006
- 5 Красовский Ю. Д. Управление поведением в фирме: эффекты и парадоксы (на материалах 120 российских компаний): Практическое пособие. М.,1997- С.117-170.  
*Резюме. В статье рассматриваются методы и премы формирования стрессоустойчивости у подростков и их классификация. Виды различных упражнений которые способствуют улучшению сопротивляемости к трессам.*

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «ҰЯТ/CONSCIENCE» ҰҒЫМЫ

Темирбекова Ж.Т.- магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

В.И. Даль берген анықтамасында: «Ұят – өнегелі түсінік, өнегелі құндылықтарды айыра білу қабілеті немесе адам бойындағы сана-сезім; жүректің терең түкпірінде әрбір қылықтың мақұлдауы не кінәлаушылық процестері болатын жақсылық пен зұлымдықты саналы түрде түсіну; қылықтың сапасын, түрін тани білетін қабілет; қайырымдылық пен ақиқатқа деген еріксіз махаббат» [1, 219 б.]. Ғалымның пайымдауы шындыққа жанасады. Адамның адамшылық қасиеті, оның саналы әрекеті ағылшын және қазақ тілдерінде ұят ұғымымен астасады. Сондықтан да «ұят – субъектінің өз қылық-әрекеттері, ниеттері және сырт келбетінің басқалар күткендей не өз принциптеріне орайлас болмағанын түсінуден келіп шығатын ұнамсыз сезім» түрі [2, 211 б.] *Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағыз жат – надандықтың белгісі.* Бұл ой атақты ойшыл Л. Фейербахтың пайымдауымен үндеседі. Философ ұяттың әр түрлілігіне назар аударып оны екі түрге бөлген болатын: таза және таза емес. Оның пайымдауынша «таза ұят басқаларға қуаныш, шаттық әкелетін қуанарлық сезім; таза емес ұят басқа біреуге жаңылысып, қателесіп немесе әдейі істейтін ауыртпалықтың азап шегуі» [3, 219 б.]. Біз ұят ұғымының бірінші түрін қарастырғалы отырмыз.

Ұқсас ойды Абайдың еңбегінде кездестірдік. Ұят туралы ұлы ақын өзінің 36-шы сөзінде адамдарда екі түрлі ұяттың болатынын келтіреді. Біріншісі – надандықта – ұят. Оған адамдардың ұялмас нәрседен ұялуын жатқызады. Екіншісі – адамдық қасиеттен туындайтын ұят. Бұл ұятты ақын былай танытады: Ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұндай ұят қылық жасағаныңды жұрт білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады.

Абай мұндай ұятты өте жоғары бағалады. «Бұл – адамның өзіне-өзінің қатаң жазасы екенін, осыны түсінген адамның, басқа біреудің жасаған ұятты қылығын қайталамайтындығына көз жеткізеді» [4, 32 б.]. Сөйтіп ғұлама керісінше түрлерге бөлген.

*Ешкі қырыққан сайын бір өледі, ер жігіт ұялған сайын бір өледі; Озған мұрат, қалған ұят; Бетіне келер ұятын, өзі білін жуса игі; Muck and money go together; Better a glorious death than a shameful life.* Синтаксистік позициядан *Ешкі қырыққан сайын бір өледі, ер жігіт ұялған сайын бір өледі; Озған мұрат, қалған ұят* паремияларының құрылымы ұқсас. *Muck and money go together* паремиясында *muck and money* бастауыш қызметін атқарып тұр және бұл сөздерге жан бітіп олар персонификацияланған. Паремияларды сараптау барысында паремиялық бірліктердің едәуір бөлігі ағылшын тілінде персонификацияланған деген қорытындыға келдік. Демек, ағылшын тілдік

санасында заттардың көбісі «Адам» екпіні арқылы өлшенген.

Ұят ұялу етістігінен шыққан болатын. Ол етістік перформативті болып саналады. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі бойынша ұят ұғымын білдіретін бірнеше синонимдер баршылық. Олар: ұялудан басқа, имену, қымсыну, қысылу, шімірігу, қызару, ұялшақтану, бетінен оты шығу, әдеп сақтап ынғайсыздану, кішірею. Ағылшын тілінің сөздігінде shame, embarrassment, humiliation синонимдері беріледі.

Деректер бойынша *имену, қымсыну, қысылу, қызару* жиі қолданыста. Бетінен оты шығу, қызару синонимдерін ағылшын тілінде де кездестірдік (*blush*) *Blush to the roots of one's hair; Blushing is virtue's colour; Blush like a black dog.*

Қазақ тілінің әлемдік бейнесінде бетінен оты шығу, қызару деген сөз тіркестері бет жүзіне арналса, не бет жүзінде ғана мекендейтін қасиет болса, ағылшындардың санасында (*blush*) шаштың түбіне дейін жететін қасиет ретінде белгіленеді (паремиялардың с.с. аудармасы).

Сонымен ол (таза ұят) – адамның бойындағы сананың көзі десе де болғандай, өйткені екі елдің ұғымындағы ұят – адамның мінез қылығын іштен басқаратын рухани тетік. Мұны халықтың *Өлімнен ұят күшті; Көрмесе жат, көріңесе ұят; Емен ағаштың иілгені – сыңзаны, ер жігіттің ұялғаны - өлгені; I should like to sink through the floor; If a man deceives me once, shame on him, if he deceives me twice shame on me* деген паремиялық бірліктерде сақталған ой-пікірден табамыз. Бұл жолдарда ұяттың жоқтығы өліммен теңеліп рухани күштілігі баса көрсетілген.

*Ұятсыз әйел – тұзсыз ас, әдепсіз жігіт – жүгенсіз ат; Ұят – жаман ойдың жүгені* деген паремиялардың тарихи аспектісіне зер салсақ, қазақ тұрмысында жылқы малына жүген киізеді, ол ат үстіндегі адамның ат басын бұруға арналған. Сол себептен де болса керек, астам әрекеттерге жол бергізбейтін ұятты халық өзінің тұрмыс-тіршілігіндегі, нақты болмыстағы заттың-құралдың осындай сипатын көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайтын қабілетке теңейді. Бұл ұғымның түркілердің моральдық ерекшеліктерінде: «...көне грек ұғымына негізделген Батыс түсінігіндегі рухани әлсіздік емес, адамға үнемі өзін бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін психологиялық механизм» деп танылуы.

Ағылшын тілінің әлемдік бейнесінде ұят ұғымы *conscience* ұғымымен мағыналас келеді. Оған бірнеше паремиялар айғақ *A good conscience is a soft pillow; A good conscience is a continual feast; A quiet conscience sleeps in thunder; A good conscience makes an easy couch; A clear conscience laughs at false accusations; A guilty conscience is a self-accuser; I cannot afford to keep a conscience.* Яғни, ұят жұмсақ жастықпен, ұзақ мереке, тоймен, жайлы тақпен салыстырылады. Түптеп келгенде, біз, ағылшындар барлық күрделі үдерістерге жеңілдікпен қарайды деген ойдамыз.

Ағылшындардың тілдік санасында ұят/shame мағынасын білдіретін *conscience/сана* ұғымы – жақсы (*good*), таза (*clear*), *quiet* (мейірімді), *guilty* (айыпты, кінәлі) т.б. тәрізді қасиеттермен сипатталады. Бұл тұста айтып кететін бір ақиқат, *guilty* (айыпты, кінәлі) сын есімнен басқа барлық аталған сын есімдер (*good, clear, quiet*) жағымды коннотацияға ие; *guilty* – ұяттың бірінші түріне (таза емес) жатады.

*Өлімнен ұят күшті* деген аталы сөзінде ұят ажал алдында бас имейтін адамның парасат күші деп танылады. Ол күш адамның асыл қалпын төмендетпейтін санадан бастау алуы, сөйтіп физиологиялық үдерістерге –өлімге бас имейтін, руханилықтың жоғары деңгейінің қалпын сақтауы.

Руханилық адам баласының рухани жан дүниесінің көрінісі. Руханилықты жоғарғы деңгейге өрбіту ұят негізінде жатыр. Ол *Ұят кімде болса, иман сонда; Ұят – иман белгісі; Ұят – иманның қабы; Ұяттыда иман бар* паремияларында көрінеді. Өзінің 36 - сөзінде Абай қазақтың *Ұят кімде болса, иман сонда* деген паремиясын талқылауға салып, иманы кәміл адам мейірімді, ұятты болады, ал ұятсыз адам имансыз болады деп көрсеткен. Қазақ түсінігінде имандылық пен ұят егіз ұғымдар болып саналады. Оған жоғарыда берілген паремиялар арқылы көз жеткізуге болады. Имандылық діни ұғым ретінде көне түркілік жазба ескерткіштерінде тіркелген, халық тағылымының қоғамдық-

мәдени факторларға байланысты қалыптасатын сипатын аңдатады. Қазақ халқы имандылықты өзіндік дүниетаным сипатында адамдық зиялы қасиет ретінде көрсете отырып, оны адамдық асыл қалыптың бұзылмауын қадағалайтын ұят ұғымымен ұластырады.

Сөйтіп, ұят ұғымы туралы этностық танымда қалыптасқан ой-пікірлерді жинақтай айтсақ, ол адамға тән сананың жоғарылығын көрсететін, адамды жамандық істерге жібермейтін руханилықтың негізі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Кадина Ж.З. «Мінез-құлық» концептісінің әлемнің тілдік суретіндегі көрінісі // ҚР-сы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2007. – №3 (163). – 82-85 бб.
2. Столин В.В., Наминач А.П. Психологическое строение образа мира и проблемы нового мышления // Вопросы психологии. – 1988. – №4. – С. 34-46.
3. Керимбаева Д. Языковая картина мира казахских народных волшебных сказок: автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 2008. – 31 с.
4. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. – Алматы: Білім, 2005. – 304 б.
5. Клепиков В.Н. Этическая культура школьников в контексте триады «Истина-Добро-Красота» // Педагогика. – 2006. – № 2. – С. 29-37.

## СТИЛИСТИКА – САЛААРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ

Продан Д.А. - магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., ҚР

Тілдің функционалды болуының ең маңыздысы – оның стильдік жіктелуі болып келеді. Стилистикаға арналған еңбектерде әртүрлі дәрежелі тіл бірлігінің стильдік функционалдылығы туралы едәуір мәліметтер бар. Бұл мәліметтер тілдік стильдерді ұғынуға, анықтауға және үйренуге бағытталған теориялық әдіс-тәсілдер болып келеді.

Тілдің стилистикалық дифференцияциясы лексикалық деңгейде айқынырақ көрінеді. Стилистиканы үйрену тілдің лексикалық мүмкіндіктерін бейнелеуден басталады, себебі, оның сөздік құрамы – тілдің ең басты байлығы.

«Стиль – латынша *stylos* (қазақша – жазу құралы) деген сөз. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған» [1, 5 б.].

«Стилистика – сөйлесімнің әртүрлі жағдайында ой мен эмоцияны білдіру үшін қолданылатын лексикалық, грамматикалық, фонетикалық және жалпы тілдік құралдардың таңдау принциптері мен нәтижелерін зерттейтін лингвистиканың саласы» [2, 7 б.].

Ағылшын тілінің стилистикасын зерттеген бірқатар ғалымдар «стиль» ұғымына бірнеше тұжырымдама берген. Ағылшын тілінің «*style*» сөзі латын тілінің «*stilus*» деген сөзінен пайда болған. «*Stilus*» деп, алғашқы римдіктер балауыз тақтайшаларда жазуларын жазу үшін пайдаланған бір ұшы өткір, ал екінші ұшы жалпақ келген қысқаша таяқшаны айтқан. Қазіргі кезде «*style*» сөзі көптеген бағыттарда қолданылады [3, 11 б.]. Бұл туралы ұлы ғалымдар мен ойшылдар былай жазған:

«*Style is the man himself*» (Buffon)<sup>1</sup>;

«*Style is depth*» (Darbyshire);

«*Style is deviations*» (Enkvist);

«*Style is a choice*»;

«*Style is a quality of language which communicates precisely emotions or thoughts, or a system of emotions or thoughts, peculiar to the author*» (J. Middleton Murry);

«*Style is a contextually restricted linguistic variation*» (Enkvist);

«*Style is a selection of non-distinctive features of language*» (L.Bloomfield).

Стиль (жалпы стилистика) – тіл туралы ғылымның, әдеби тілдің стильдерін, тілдің әртүрлі өрістерде қолданылу заңдылықтарын, тіл құралдарының әртүрлі жағдайларға, мақсаттарға, шарттарға байланысты пайдаланылуының ерекшеліктерін зерттейтін ғылым. Стилистика әдеби тілдің барлық деңгейіндегі стилистикалық жүйемен және тілдесімнің дұрыс (әдеби тілдің нормаларын бұзбай), нақты, логикалық және мәнерлі стилистикалық ұйымдастырумен таныстырады. Стилистика тілдің заңдылықтарын саналы және мақсатқа сәйкес пайдалануды және сөйлеуде тілдік құралдарын қолдануды үйретеді» [4, 10 б.].

«Сөйтіп, лингвистикада «стиль» жазу мәнері, сөзге сендіру тәсілі, мәнерлі сөйлеу және белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құралдар жүйесі деген сияқты көптеген мағынада қолданылып келген... Ал стилистика – ең алдымен стиль туралы ғылым. Стиль деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз».

«Стилистиканың қазіргі кезде қарқынды дамып жатқан саласының бірі – салғастырмалы стилистика, екі немесе бірнеше тілдердің стилистикалық мүмкіндіктерін қатар салыстыра қарастырады».

«Әртүрлі стильдік сапа, мәнерлегіштік сипат тілдік единицалардың барлығында да болады. Сондықтан стилистикасының объектісі –лексикология, семасиология, грамматика және фонетика зерттейтін единицалар.

Лексикология және стилистика. Лексикология сөздердің шығу тегін, сөз құрамын, оның баю жолдарын қарастырса, стилистика сөздердің қолданылу заңдылықтарын, сөздер мен сөз тіркестерін экспрессивтік тұрғыдан дұрыс пайдаланылу принциптерін зерттейді.

Семасиология және стилистика. Семасиология – тіліміздегі бейнелегіш тәсілдердің мағынасын, оның өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Семасиологиялық стилистиканың міндеті – тіліміздегі бейнелегіш құрамдарды топтастырып, олардың стильдік қызметін, қолданылу заңдылықтарын көрсету.

Грамматика және стилистика. Стилистика грамматиканы да өзінің зерттеу нысаны ете алады. Ол грамматикалық құбылыстарға стильдік талдау жасайды. Бірақ грамматикалық талдау мен стильдік талдау тәсілдері бір емес. 1. Морфология сөздердің тұлғалық көрінісін және грамматикалық мағынасын, яғни сөздердің құрылысын, өзгерілуін және құрамын талдап топтастырады. Стилистика ойды мәнерлі (выразительно) жеткізу үшін морфологиялық формаларды (тұлғаларды) қандай жағдайда қалай қолдануға болатындығын қарастырады. Яғни морфологиялық тұлғадағы сөздердің, олардың варианттарының (синонимдерінің) ішінен сөйлеу не жазу арқылы жеткізілетін ойдың эмоционалды-экспрессивті реңін білдіре алатындарын сұрыптап қолдану принциптерін зерттейді. 2. Синтаксис сөйлемнің құрылысын, сөздердің тіркесу заңдылықтарын қарастырады. Ал ойды білдіретін сөйлемдердің айтылуына, қолдану тәсіліне қарай әртүрлі реңдері болады... Стилистика синтаксистік құралдардың мәнерлілігін, оны дұрыс пайдалану заңдылықтарын зерттейді.

Фонетика және стилистика. Фонетика тілдегі дыбыстардың жасалуын, жүйеленуін зерттесе, стилистика дыбыстарды, оларға тән белгі, интонация, қайталау, дыбыс үйлесімділігі сияқты фонетикалық ерекшеліктерді белгілі мақсатқа икемдеп, қайткенде де мәнерлі құрал ретінде пайдалану жағын көздейді. Стилистика фонетикалық единицалардың мәнерлі қолдану заңдылықтарын зерттейді.

Стилистика тілдің стильдік жүйелерін, ауызекі және жазба түрлерін, өздеріне тән ерекшеліктерін, әдеби тілдің стильдерін тегіс қамтиды».

Сөздегі стилистикалық реңктің өзгеру-өзгермеуін анықтайтын стилистиканың саласын фоностилистика (фонетикалық стилистика) деп атайды.

Стилистиканың негізгі бағыттары:

1. тіл салалары стилистикасы;
2. функционалдық стилистика;
3. көркем әдебиет стильдері туралы ғылым;
4. практикалық стилистика.

Басқа ғылым салалары сияқты стилистиканың да өзіне тән зерттеу объектісі, ұғымдары мен категориялары, әдістері бар. Стилистиканың негізгі ұғымдары мен категориялары:

стилистикалық құрылым,  
стилистикалық бояу (реңк),  
стилистикалық синонимия,  
стилистикалық антонимия,  
тілдік құралының байланысы мен вариативтілігі,  
стилистикалық норма,  
стилистикалық белгі жатады.

*Стилистикалық құрылым.* Тілдің стилистикалық құрылымына стилистикалық бояуы бар және нейтралды құралдар, сонымен бірге стильдің әртүрлі типтері және олардың құрамы кіреді.

«Тілдің стилистикалық құрылымы – нейтралды және стилистикалық мағынасы бар тіл құралдарының ұйымы, дәрежелі құрылымы бар жалпы тіл системасына таңылып, коммуникативтік функциясынан бөлек, әр алуан жеке функцияларды, және оған қоса жүретін оның негізгі қоғамдық функциясын өзінің функционалды стильдері мен подстильдері арқылы орындау жұмысын атқарады. Тілдің жеке қызметтеріне: қатынас, хабарлама, әсер ету, экспрессивтік, эмотивтік (қозу функциясы), волюнтативтік (көңіл білдіру функциясы) және т.б. функциялары кіреді.

Тілдің стилистикалық ұйымдастыруы тілде нақты-сөйлеу функцияларын (белгілі бір функционалды стиль арқылы) – репрезентативтік (ойдың тақырыбына бейімделіп) байланыс орнататын (сөйлеу актісіне қатысушылары мен олардың арасындағы байланысты орнатуға бейімделген) және т.б. көптеген жеке тіл бірліктердің стилистикалық функцияларын атқаруға мүмкіндік береді».

Н.М. Шанский былай дейді: «Стилист үшін *злоствовать (ашу тұту)* – *злиться (ашулану)* – *кипятиться (қатты ашулану)* сөздерісемантикалы-стилистикалық тұрғыдан қызық болып келеді, бұл сөздер – тілдің стилистикалық құрылымының бір көрінісі. Бұл сөздердің ортақ жалпы мағынасы «ашулану» болса да, олар стилистикалық бояу арқылы ерекшеленеді». Осындай сөздер арасындағы стилистикалық қатынасты «плюс», «нөл», «минус» формуласы арқылы көрсетуге болады. Бұл формулада «плюс» стилистикалық көтеріңкі реңкті, «нөл» – стилистикалық реңктің жоқтығын, «минус» – стилистикалық төмен реңк екендігін білдіреді. Мысалы: ағылшын тілінде: *eyes – blinkers*; қазақ тілінде: *көз – жылтылдақ*; орыс тілінде: *очи – моргала, фонари*. Н.М. Шанскийдің және басқа ғалымдардың концепциясы бойынша бұл модель «стилистикалық парадигма» атауын алды, аналогы ретінде, мысалы, септеу мен жіктеу парадигмаларындағы сияқты сөздің жалпы негізі сақталып, сөз өзгертіліп, түрлендіріледі.

Стилистикалық парадигма тілдің барлық салаларында бар, бірақ ол көбінесе лексикада анық көрінеді. Алайда, кез-келген уақытта стилистикалық парадигманың барлық үш түрін табу мүмкін емес, кейде олар, тек екеу ғана болады. Бірақ бұл жағдай, белгілі бір тілдің құрылымдық аймағында тіл бірліктерінің стилистикалық ұйымдастырылуының жалпы парадигмалық моделі ретінде мойындауға кедергі жасамайды.

Тілдің әр деңгейі өз ерекшелігінің күшімен стилистикалық парадигматиканы шығарады. Мұндай мүмкіндіктер көбінесе лексикада бар. Стилистикалық парадигманың үш мүшесін синонимиялық қатарда көреміз:

*тырысу/ to seek to do smth.* (кітаби) – *ынталану/to try* (нейтр.) – *зорлану/ to dosomebodies utmost*(сөйл.);

*құлату/ to precipitate* (кітаби) – *лақтыру/ to throw* (нейтр.) – *ырғытып жіберу/ to chuck* (сөйл.).

Тек екі бояуы бар нейтралды және кітаби сөздердің парадигмасы бұдан да көп: *алу / to take – тартып алу / to exact*; немесе нейтралды және төмендетілген: *үәде беру / to promise – дәмелендіру – to vow*.

Кейде парадигманың белгілі бір позициясы бір емес, екі, үш, не одан да көп сөздер мен фразеологизмдердің санымен көрсетіледі: *мистификациялау / to mystify – алдау / to lie – алдап кету / to dupe – алдап, тонап алу / to swindle – ақымақ емин кету / to fool – біреудің көзін бояп, алдау / to bluff, to pull the wool over someone’s eyes*.

Фонетикада стилистикалық градациялардың парадигмасы өзінше көрінеді. Фонетикалық стилистиканың лексикалық стилистикадан ерекшелігі – кейбір стилистикалық реңк жаңа сөзбен емес, сол сөзбен, бірақ оның ерекше айтылуымен көрсетіледі. Мысалы, сөздің фонемалық құрамының өзгеруіне байланысты: *поднимать – подымать, балова’ть – ба’ловать, звони’т – зво’нит*; қазақ тілінде стилистикалық нейтрал – стилистикалық төмендету: *лезде – ілезде, рахат – ырахат, жаңа – жана, қарбыз – дарбыз, Фаридә – Пәридә*; ағылшын тілінде стилистикалық нейтрал – стилистикалық төмендету: *clothes – cloths, colour – color, favourite – favorite, labour – labor*.

Фонетикада тіл бірлігінің стилистикалық реңкі интонацияның өзгеруіне де байланысты ауысып тұрады. Мысалы, қазақ тілінде: *Керемет!* (Көтеріңкі (таңдану, мадақтау) стилистикалық реңк). *Керемет?* (Төмендету (сенімсіздік, кекету, мұқату) стилистикалық реңк); орыс тілінде: *Отличник!* (Көтеріңкі (мақтанғыш тұту) стилистикалық реңк). *Отличник?* (Төмендету (сенімсіздік, кекету, мұқату) стилистикалық реңк); ағылшын тілінде: *Wonderful!* (Көтеріңкі (таңдану, мадақтау) стилистикалық реңк). *Wonderful?* (Төмендету (сенімсіздік, кекету, мұқату) стилистикалық реңк).

Фонетикадағы стилистикалық реңктің интонация арқылы өзгеруі синтаксиспен тікелей байланысты, сондықтан сөйлемдегі стилистикалық реңктің өзгеруі синтаксистік стилистикада қарастырылады.

Тілдің дыбыстық жүйесі туралы ғылымдағы (фонетика, фонология) тіл бірлігінің стилистикалық реңкінің өзгеруі суперсегментті бірліктер – сөз екпіні және сингармонизмге байланысты. Мысалы, қазақ тілінде сөздің стилистикалық реңкі сингармонизм түрінің алмасуымен де байланысты (өте сирек). Нейтрал-төмендету: *дөңгелек* (жіңішке сингармонизм) – *доңғалақ* (жуан сингармонизм). Орыс тілінде тіл бірлігінің стилистикалық реңкі екпін орны ауысуына байланысты өзгереді. Мысалы: нейтрал-төмендету: *кварт’ал – квартал; повтор’им – пов’торим*.

Сөйлесімнің эмоционалдылығы – бұл контекстің стилистикалық ерекшелігі.

Сөздің эмоционалдық және контекстік бояуларының барлық түрлерін екі үлкен топқа бөлуге болады: 1) жағымды реңктердің эмоционалды бояуы – салтанатты, көтеріңкі, сергек және т.б.; 2) жағымсыз реңктердің эмоционалды бояуы – кемсіту, кекету, прониялық, сықақ және т.б. Сондықтан, «эмоционалдық» деген ұғыммен бірге «бағалау» деген ұғым бірге жүреді.

«Эмоционалдық баға» деген сөз тіркесі әр деңгейлі құбылыстарды анықтайды. Экстралингвистикалық деңгейде эмоционалдық баға, сөйлеушінің логикалық пайымдауы сияқты емес, түйсік, сезім, эмоция шығару деген белгілі бір объектінің қасиеті жайлы (жеке не коллективті) субъектінің пікірін білдіреді. Тілдік деңгейде эмоционалдық баға тілдік белгілердің семантикасында бейнеленеді ... . Бағалау мен эмоционалдық мағынаның екі түрлі компонентін құрамайды, олар тұтас мағына береді. Жағымды баға тек жағымды эмоция – мақұлдау, мақтау, еркелету, мейірім, қуаныш, сұқтану, масаттану, т.б. арқылы беріле алады. Жағымсыз баға жағымсыз эмоция – жақтырмау, қабылдамау, айыптаушылық, өкініш, ыза, ашулану, менсінбеу, жек көру, т.б. арқылы беріледі. Бұл жерде баға тиісті эмоцияны «сіңіріп» алғандай болады, ал эмоция мен бағаның параметрлері сәйкес келеді: «жағымды» – «жақсы», «жағымсыз» – «жаман», «approving» (мақұлдау), «disapproving» (жақтырмау), менсінбеу, т.б. сөйлеушінің сөйлеу тақырыбына байланысты тиісті эмоционалды реакцияларын білдіреді, ал баға эмоциялардың ішінде жасырынып тұрғандай, ал нақты пікір айтуда не үлкен, не кіші деңгейде баға үдейді.

Кейбір зерттеушілер бағалау категориясын коннотация емес, тілдік белгінің номинативті функциясының бір түрі деп қарастырады. Тілдік бірліктің бағалық мағынасы өздігінен (жағымды және жағымсыз белгілері бар шындық құбылыстардың белгіленуі) стилистикалық белгі бола алмайды.

Егер бағаны дербес және аяқталған құрылым ретінде қарастырсақ, әдетте, ол пікір айтудың тиістілігі болып есептеледі. Пікір айтудың бағалау материалы, даусыз, күрделі және көпөлшемді құбылыс ... . Ол тілдік және тілдік емес экстралингвистикалық факторлардың өзара әрекеттігінің қорытындысын көрсетеді. Сөз сөйлем бірлігі болған жағдайда, оның бағалық құрылымы кеңейеді, сондықтан тілдік және тілдік емес факторлардың әсерінен белгілі түрде күрделі өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз.

Сонымен, экспрессивті сөздің семантикасының жүзеге асуына контекстің ықпалы жайлы сөз қозғайтын болсақ, эмоционалдық бағаның екі түрін ажыратып алуымыз керек: ингеренттік (тілдік, узуалдық) және адгеренттік (сөйлеу, окказионалдық). Бұл - көпшілік мақұлдаған мүшелендіру.

Н.А. Лукьянова бұл екі ұғымды былай түсіндіреді: «Ингеренттік эмоционалдық баға дегеніміз, ол сана-сезімде бейнеленген эмоционалдық реакция мен сөйлеушінің (жеке және коллективтің) белгілі бір референтке қатысты және бұл лексеманың мағынасында жеке инвариантты семаның, сөйлемде нақты сөз формаларында белгілі бір аллосемада іске асатын мағынасында бекітілген баға. (Бұл жерде, мелиоративті бағаның аллосемасы – мақұлдау, еркелету, сұқтану, масаттану; пейоративті бағаның аллосемасы – жақтырмау, қабылдамау, айыптаушылық, өкініш, ыза, ашулану, менсінбеу, жек көру, т.б.). Адгеренттік эмоционалдық баға дегеніміз, ол, сөздің мағынасында бекітілмеген эмоционалдық реакция мен сөйлеушінің нақты контекстің фонында, белгілі бір сөйлеу актісінде дәл осы сөз формасымен актуалды болатын кейбір референттерге қатысты пікірі (бағасы)».

Сонымен, эмоционалдылық пен бағалық терминдері бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ тепе-тең емес. Тілдік категорияны бағалау – сөйлеудегі эмоционалдық қатынастың пікір айту жайлы қалыптасқан ой-пікірден пайда болған бейне. Басқа сөзбен айтқанда, эмоционалдық баға (бағалық) тек психикамен ғана емес, ойлаумен де байланысты. Бұдан мынадай қорытынды шығады: стилистикада эмоционалдық және бағалық категориясы бірге түйіседі, бірақ сәйкес келмейді.

#### Әдебиеттер:

- 1 Сыздыкова М.А. Сопоставительно-типологический анализ фразеологических единиц со значением глаголов речи (на материале русского и казахского языков): дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 1995. – 137 с.
- 2 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 265 б.
- 3 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 4 Сауранбаев Н.Т. Общие сведения о глаголах // Современный казахский язык: Фонетика и морфология. – Алматы, 1962. – С. 238-246.
- 5 Серғалиев М.С. Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы, 1983. – 41 б.
- 6 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1997. – 240 б.
- 7 Beard Adrian. Texts and Contexts: An Introduction to Literature and Language Study. – London: Routledge, 2001. – 176 p.
- 8 Bex Tony, Michael Burke and Peter Stockwell. Contextualized Stylistics. – Amsterdam:

## ВИТАГЕНДІК ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Жанекенова К.Б.-

Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті, Орал к., ҚР

Витагендік технологияның алғашқы арналары академик, педагогика ғылымдарының докторы А.С.Белкин мен оның шәкірттері В.А.Кривенко, В.В.Нечаева, Н.О.Вербицкая т.б. ізденістерінен бастау алады.

А.С.Белкин: «Витагендік оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетінің белгілі бір мақсатқа бағытталуы, сабақ үдерісінің оқушының жинақтаған тәжірибесі арқылы ұйымдастырылуы, оқушылардың ұжымдық тәжірибелерінің жүзеге асуы. Витагендік оқытуды ұйымдастыру сабақ жүйесі мен технологиясын өзгертуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұғалімнің оқушыларға берілетін материалдағы витагендік ақпараттан хабардар болуы тиіс. Ең бастысы, витагендік оқыту оқушылардың тәжірибелерін белсендірумен қатар, жинақтаған өмірлік тәжірибелерін жүзеге асыратын витагендік мүмкіндіктерін қалыптастырады» – дейді [2, 25 б.]. Оқушылардың басты проблеманы бірігіп шешуіне, бірлесе тәжірибе жинақтауларына және әр оқушының өз тарапынан нәтижелі шешімге жетуіне мүмкіндік тудырылады. Бұл жүйеде тапсырманы оқушылардың бірігіп шешуіне, бірігу арқылы ортақ мақсат қою және сол мақсатқа жетудегі бірлескен өздік тәжірибе жинақтау маңызды болып табылады. Тіл үйренушілердің витагендік тәжірибесі деп те аталады.

«Витагендік тәжірибе дегеніміз – дара тұлғаның қалыптасу жолындағы жинақтаған өмірлік тәжірибесінің нәтижесі. Витагендік тәжірибенің негізіне тіл үйренушінің жинақтаған білімін, қоршаған ортаға деген көзқарасын, іс-әрекетін көрсететін витагендік ақпараттар жатады. Витагендік оқыту теориясы оқушының витагендік тәжірибесін жетілдіруде негізгі рөл атқарады. Яғни витагендік тәжірибеде оқушының өмір бойы жинақтаған тәжірибесінің бөлігі ретінде жеке тұлғаның түрлі жағдаяттардан шығу жол тауып шыға алу дағдыларының маңызы зор. Витагендік технология оқу үдерісін түбегейлі өзгертіп, дара тұлғаның өмірлік тәжірибесін жаңа білім алудың көзі ретінде пайдалануға жол ашады» [3, 12 б.].

Бұл технологияның басты мақсаты – оқушылардың интеллектуалдық-психологиялық мүмкіндігін кеңейту, оны өмірлік дағдыларға ұластыру. Қазіргі Нәтижеге бағдарланған білім моделі ауқымында бұл ең маңызды мәселе болып саналады.

«Vita» латынша өмір деген мағынасын білдірсе; gen гректің тәжірибе деген сөзінен шыққан. Демек витаген деген сөз «адамның өмірлік тәжірибесі» деген мағынаны білдіреді. Бұл технология оқытуды Субъект-Субъект қатынасына сай ұйымдастыруға негізделген жаңа педагогикалық парадигманың талаптарына толық сәйкес келуімен: оқушылардың ортақ мақсатқа бірлесе қол жеткізуін қамтамасыз етуімен, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың тең демократиялық жағдайын қалыптастыруымен, оқушылардың басты проблеманы бірігіп шешуіне, бірлесе тәжірибе жинақтауларына және әр оқушының өз тарапынан нәтижелі шешімге жетуіне мүмкіндік тудыруымен ерекшеленеді.» [3,4 б.]. деп көрсетілген авторефератта. Витагендік тапсырмалар оқушыларға қазақ тілін сапалы үйретуді, олардың танымын кеңейтіп, ой-өрісін нығайтуды, өз сөзін дәлелді жеткізуге дағдыландыруды көздейді. Витагендік оқыту технологиясы арқылы оқушы өзіне қажетті білім көзін таба алады. Өмірлік тәжірибе – белгілі бір құндылықтарды қажет ететін, адамның бұрынғы не жаңа өмірімен тығыз байланысты жүзеге асатын витагендік ақпарат. Ал витагендік тәжірибе – адамның белгілі бір тұлға ретінде қалыптасуында маңызды қызмет атқаратын, өмір бойы жинақталған тәжірибесінің нәтижесі. Сондай-ақ, витагендік тәжірибенің адамның болашағын болжауға және айқындауға негіз болатын әлеуметтік маңызы да зор. Витагендік тәжірибе жинақтау үдерісі өмір бойы еш үзіліссіз жүріп отырады. Оқу үдерісінде витагендік тәжірибеге сүйену оқушылардың белгілі бір табысқа жетуіне, танымдық қызығушылықтарын

дамытуына, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруына, коммуникативтік мәдениетін тәрбиелеуіне, өзін-өзі бағалауына септігін тигізеді. Демек, витагендік технология ұғымы адамның өмірге, шеберлікке бейімделуін білдіреді. Оқыту үдерісінде витагендік технологияны қолдану оқушыларды сабақта ізденуге, дара тұлғалық қасиеттерінің дамуына, шешімді таңдаудағы еркіндігіне жол ашады.

Витагендік оқыту технологиясы қолданылған сабақтарда мынадай талаптар орындалғаны тиімді деп саналады:

- сабақта қол жеткізетін мақсаттар жиынтығының болуы;
- сабақтағы бірнеше шағын мақсаттардың түпкі бір нақты мақсатты жүзеге асыруға бағытталуы;
- сабақтың алдына қойылған мақсаттардың түгел орындалуы мен толық жүзеге асырылуы;
- оқушылардың алдына нақты бір проблеманың қойылуы мен оны біріге отырып шешу мүмкіндіктерінің қамтылуы;
- оқушылардың танымы, ойлау қабілеті, дарыны мен коммуникативтік құзіреттілігінің өзара бірлікте дамытылуы;
- оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттері мен өзіндік психологиялық ерекшелігінің ескерілуі, әрбір оқушымен дербес қарым-қатынас жасалуы.

Қазіргі кезде еліміз білім беру жүйесін жаңаша қалыптастырып, оны бүкіләлемдік білім кеңістігіне ұластыру бағытын ұстанып отырғаны айқын.

Қатысымдық құзіреттілік аясында оқушылар сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін меңгереді. Оқушылар тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім бойынша айтылған ақпараттардың мазмұнын, бұқаралық ақпарат құралдарынан берілген жаңалықтарды, әңгімелесу кезіндегі сөз болған мәселенің негізгі тақырыбын және мақсатын айқындап ұғынады; кез-келген ортада өзінің пікірін еркін айтуға, қазақша мақала жазып, ой түюге, мемлекеттік тілде іс қағаздарды жүргізуге дағдыланады; мәтіндегі ақпараттарды толық түсініп оқи алады.

Витагендік оқыту технологиясының басты мақсаты – тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту; тілді тәжірибеде қолдана білуге баулу. Витагендік оқыту технологиясының негізінде ұйымдастырылған жаттығулар өзінің мазмұндық-құрылымдық сипатына қарай аналитикалық, проблемалық, шеберлік және шығармашылық жаттығулар болып бөлінді.

Витагендік технология арқылы тілді оқыту барысында жаттығулар жұмысының атқаратын қызметі ерекше. Жаттығу жұмыстары оқушылардың грамматикалық, лексикалық дағдыларын қалыптастыра отырып, қазақша еркін сөйлеуіне жол ашады, дағдыландырады. [3, 1 б.].

Витагендік технология арқылы жүзеге асатын аналитикалық жаттығулардың қатысымдық бағыты, ақпараттық қызметі, тәжірибелік маңыздылығының айқындалуы оқушыларға грамматикалық, лексикалық тұрғыдан білім бере отырып, сөйлеуге машықтандыруға жол ашты. Проблемалық жаттығулар оқушыларға тың проблема қоя отырып, газеттік мәтіндердегі соңғы елтанымдық бағыттағы мақалалармен бірге, экономикалық жаңалықтар туралы жаңа ақпарат беруді көздеді. Шеберлік жаттығулар арқылы оқушылардың мамандыққа сай алған ақпараттарын сарапқа салып, не үйренді, нені үйренгісі келетіндігі жөнінде сөйлеу шеберлігі жетілдірілді. Ал шығармашылық жаттығулар арқылы меңгерген жаңа тілдік, сөйлеу материалдары арқылы қоғамдық өзгерістерге, жаңалықтарға ойын, пікірін, көзқарасын еркін жеткізе отырып; әлеуметтік, кәсіби, дербестік тілдесімі қалыптасты.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді сауатты, кәсіби деңгейде игеру. Кәсіби іс-әрекет шеңберін жемісті бейімдеудің негізгі шарты кәсіби қазақ тілінде еркін сөйлеу болып табылады. Кәсіби қазақ тілін игерудің практикалық дағдыларын, экономикалық терминологиясын игерген жоғары дәрежелі мамандарды дайындау үшін оқушыларға қазақ тілін оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін іздеу қажеттігін туындатады.

Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, 2003, 26 желтоқсан.
2. Белкин А.С. Витagenное обучение с голографическим методом проекций // Школьные технологии. – 1998. – №3. – С. 23-26.
- 3.Әлібаева М.С. Автореферат.Кәсіби қазақ тілін витagenдік технология арқылы оқыту әдістемесі (экономика мамандығы бойынша) .Алматы,2010

## ВАЛЮТНЫЙ КУРС В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Кабденов Т.М. - магистрант

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск, РК

Чтобы обеспечить осуществление торговых и финансовых операций между странами устанавливается определенное соотношение между их национальными денежными единицами. Денежная единица страны называется национальной валютой. В соответствии с Законом Республики Казахстан «О валютном регулировании и валютном контроле» валюта – это денежные единицы, принятые государствами как законное платежное средство, или официальные стандарты стоимости в наличной и безналичной формах, в виде банкнот, казначейских билетов и монет, в том числе из драгоценных металлов (включая изъятые или изымаемые из обращения, но подлежащие обмену на находящиеся в обращении денежные знаки), а также средства на счетах, в том числе в международных денежных или расчетных единицах [1].

Основным органом валютного регулирования в Республике Казахстан является Национальный Банк Республики Казахстан. Правительство Республики Казахстан и иные государственные органы осуществляют валютное регулирование в пределах своей компетенции.

Валютный курс (обменный курс) - цена единицы иностранной валюты, выраженная в количестве единиц местной валюты. Обменный курс обычно представлен в виде двух показателей - цены покупки и цены продажи. Вопрос о валютном курсе тенге и его влиянии на экономический рост остается важнейшим в деловых и научных дискуссиях. Насколько данный валютный курс отвечает потребностям общества, как он должен изменяться, какое влияние он оказывает на экономический рост и какова величина этого роста – вот далеко не полный список тем, обсуждаемых в средствах массовой информации.

Валютный курс национальной денежной единицы оказывает прямое воздействие на конкурентоспособность отечественной продукции на мировых рынках, объемы и направления внешнеторговых потоков, движение капиталов. Все растущее значение внешних рынков усиливает влияние валютного курса на внутренние процессы накопления, структуру экономики государства, на весь воспроизводственный процесс в целом. И процессы накопления, и структура хозяйства оказывают непосредственное влияние на состояние валютного курса.

19 августа 2015 года в Казахстане произошла шестая девальвация тенге. Национальный банк Республики Казахстан перешел от режима валютного регулирования к инфляционному таргетированию. Проанализируем данные для этого периода.




Рисунок 1 - Официальные обменные курсы тенге к основным валютам, на конец периода, тенге за единицу валюты

В декабре 2015 года объемы продаж иностранной валюты обменными пунктами превысили объемы ее покупки: российского рубля – в 0,3 раза, евро – в 0,5 раза и доллара США – в 0,4 раз. В декабре 2015 года по сравнению с ноябрем продажи доллара США и российского рубля увеличились на 52% и 28,7% соответственно, а евро снизилось на 0,4% [2, с.112]. В целом за 2015 год казахстанцы купили в обменниках 17 млрд.долларов, продали - 9,3. В декабре 2015 года на фоне продолжающегося укрепления курса иностранной валюты продажи долларов обменными пунктами РК выросли до \$1,7 млрд. с \$1,1 млрд. в ноябре. Покупка долларов у населения три месяца подряд держалась на одном уровне - около \$700 млн. После рекордных продаж в декабре 2014 г., когда граждане приобрели в обменных пунктах свыше \$4 млрд., пиковые значения 2015 г. были зафиксированы в апреле - \$2,1 млрд., в июле - \$1,8 млрд. и в декабре. Меньше всего долларов обменники продали в мае - чуть менее 1 млрд. В мае 2015 года совокупный спрос населения на наличную иностранную валюту (сумма купленной в уполномоченных банках, полученной по конверсии и снятой с валютных счетов наличной иностранной валюты) по сравнению с апрелем уменьшился на 54,2% и составил 0,96 млрд.долларов. Объемы покупки американской валюты обменными пунктами в течение всего 2015 года сохранялись на уровне \$0,6 - 0,8 млрд. Исключение составили август и сентябрь, когда в тенге конвертировалось порядка \$1 млрд. в месяц. Казахстанцы чаще продавали, чем покупали доллары в сентябре также из-за сезонного фактора: многие вернулись из отпуска и обменивали оставшиеся доллары обратно в тенге – покупка в июне \$0,77 млрд., в июле \$0,73 млрд., в сентябре \$1,12 млрд.

Также стоит отметить падение реальных доходов казахстанцев. А чем ниже доходы, тем меньше возможности копить, в том числе, и за счет покупки иностранной валюты. Среднедушевые номинальные денежные доходы населения в декабре 2015 годасоставили 76 472 тенге, что на 4,7% выше, чем в декабре 2014 года, реальные денежные доходы за указанный период снизились на 7,8% [2, с.77]. При общем снижении реальных доходов, а также реальных зарплат этот процесс дифференцирован по разным отраслям и сферам деятельности. Наибольшее сокращение реальных зарплат произошло в строительстве, финансовой деятельности, сфере государственного управления, издательской деятельности, гостиничном и ресторанном бизнесе. В сельском хозяйстве, добыче полезных ископаемых, обрабатывающем производстве, торговле, предоставлении коммунальных и социальных услуг уровень реальной зарплаты сократился в наименьшей степени.

В 2015 году в Республике Казахстан куплено 1 178,9 млн.евро, продано 566,8 млн. Больше всего продано евро в июле 127,4 млн., что объясняется периодом отпусков. Чистый спрос со стороны казахстанцев на наличную иностранную валюту уменьшился в

августе 2015 года на 37,5% относительно прошлого месяца или на 47,8 млн. в евровом эквиваленте. Меньше всего продано евро в августе 79,6 млн. – причина: девальвация национальной валюты, сезонный фактор оказался менее выражен. В сентябре объем продаж увеличился на 22,6 млн. евро, что можно объяснить настроением населения в отношении продолжавшегося обесценивания тенге. Объем продаж обменными пунктами европейской валюты сокращается четвертый месяц подряд - в декабре 2015 года он составил 90,1 млн. евро против 90,5 млн. за ноябрь. Покупка также незначительно сократилась - с 42,6 млн. до 42,0 млн евро. В целом в 2015 году динамика продаж по евро была такой же, как и по доллару: максимальные объемы отмечались в апреле - 113 млн., и в июле – 127,4 млн., минимальные - в мае 86,9 млн. Обратный обмен евро на тенге был наиболее активен в марте - 66 млн. евро, и в августе – 56,2 млн. По данным Национального Банка РК, казахстанцы чаще продавали, чем покупали иностранную валюту. Такую тенденцию эксперты связывают с желанием граждан зафиксировать прибыль на возросшем курсе доллара и евро.

Уровень популярности российского рубля в течение года был подвержен значительно более резким колебаниям. Российская валюта рекордно подешевела в феврале 2015 года – продажа составила 29,49 млрд. руб., в мае на ожиданиях скорой девальвации тенге продажи рубля сократились почти в три раза - до 11,05 млрд. По мере ослабления девальвационных ожиданий продажи российской валюты обменными пунктами вернулись на уровни начала года - до 25,04 млрд. в августе. Отпуск тенге в свободное плавание значительно урезал спрос на рубли - в декабре было продано 12,96 млрд.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан от 13 июня 2005 года № 57-III «О валютном регулировании и валютном контроле» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018 г.).
2. Социально-экономическое развитие Республики Казахстан. Том 1. – Астана, 2016. – 139 с.

## **РОЛЬ ТЕСТИРОВАНИЯ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ХИМИЯ»**

Сеницкая Г.Б., Халикова А.В.

Самарский государственный университет путей сообщения, г. Самара

Химия является одной из фундаментальных дисциплин, изучаемых в любом техническом вузе, и преподается как при подготовке специалистов, так и бакалавров.

Химия как самостоятельный учебный предмет имеет специфические закономерности, определяющиеся той ее ролью, которую она играет в познании законов природы и материальной жизни общества, в решении глобальных проблем человечества: культуры, науки, истории. Обучение химии в техническом вузе, это не только обязательный компонент профессионального образования, но и необходимая часть общей культуры человека, поскольку оно обеспечивает не только систему химических знаний, интеллектуальных умений, стиля мышления, но и систему интеллектуально – профессиональных качеств, востребованных в профессиональной деятельности. Можно сказать, что обучение химии – это образование, способствующее высокому уровню развития интеллектуальных возможностей студентов, обеспечивающее адекватную адаптацию в обществе, социуме.

В современных условиях процесс обучения химии в техническом вузе представляет собой трудную задачу, т.к. студенты ориентированы преимущественно на

узкопрофессиональную деятельность и недостаточно подготовлены к усвоению химического материала [1].

Изучение химии включает в себя три обязательные составляющие:

- 1) чтение лекций, дающих основные теоретические знания по химии;
- 2) проведение лабораторных работ, наглядно подтверждающих и закрепляющих экспериментальными методами полученные ранее теоретические знания;
- 3) различные способы контроля качества знаний

При традиционном подходе к образованию, традиционных средствах обучения эффективное усвоение химических знаний весьма проблематично. Необходимость вовлечения каждого студента в активный познавательный процесс, воспитания умения работать в сотрудничестве при решении разнообразных проблем требует создания инновационных приемов преподавания.

В настоящее время такому методу проверки качества знаний как тестирование уделяется особое внимание. Этот метод стал очень популярным и модным. Формы тестирования могут быть самыми разнообразными. Так, нами применялись два вида тестирования: устное вводное - в начале и письменное – в конце семестра [2].

Устное тестирование являлось входным, проводилось в виде вопросов студентам, на которые они давали после небольшого раздумья ответ, получая за правильный ответ один балл. Студенты заранее не были информированы об этом, это была своего рода проверка остаточных знаний химии из школьного курса. Предлагаемые студентам вопросы охватывали школьный материал, необходимый для эффективного усвоения курса химии, предусмотренного вузовской программой, в том числе основные понятия и определения, важнейшие законы химии. Задачей такого тестирования было определить уровень знаний с целью оптимального формирования небольших групп студентов для выполнения ими лабораторных работ, а также планирования всего учебного процесса. Также предполагалось, что вводное тестирование будет мотивировать студентов, имеющих пробелы в изучении дисциплины «Химия» в школе, уделить дополнительное время повторению по крайней мере некоторых разделов химии, тем более что программа предусматривает достаточное время на самостоятельную работу студентов. Сравнивая результаты тестирования за несколько лет можно сказать, что уровень школьных знаний по химии значительно снизился и это, по нашему мнению, является следствием того, что химия не является обязательным предметом для сдачи ЕГЭ во многие технические вузы, следовательно, в выпускном классе ученики не уделяют ей достаточного времени.

Для письменного тестирования, которое является выходным контролем было предложено 8 вариантов, включающих по 11 вопросов из всех разделов изучаемого курса общей химии, по количеству изучаемых тем, предусмотренных рабочей программой дисциплины. К каждому вопросу прилагался список из 4 – 5 ответов, среди которых надо было выбрать один верный. Задачей письменного тестирования, проводимого в конце семестра, когда студенты заканчивают изучение курса общей химии, является выяснить, насколько успешной была полугодовая работа как студентов, так и преподавателей.

Оба вида тестирования имеют как свои плюсы, так и минусы.

К положительным моментам можно отнести:

- при устном тестировании можно уточнить или по-иному сформулировать вопрос, разъяснить его, если студент не так его понял, а также быстрый результат тестирования (количество набранных баллов). Также, в том случае, если какой-то конкретный студент испытывает затруднение в ответе на предлагаемый вопрос, возможно коллективное обсуждение, в котором принимает участие вся группа ;

- при письменном тестировании каждый студент имеет равные условия (одинаковое число вопросов в задании, одно и то же время выполнения), сам распределяет, сколько какому вопросу уделить времени, полный охват всего изученного материала.

В качестве отрицательных сторон можно отметить следующие:

- устное тестирование занимает довольно длительное время ( $\approx 1$  пара), возможны подсказки отвечающему со стороны других студентов и, особенно при коллективном обсуждении заданных вопросов, затруднительно оценить уровень знаний каждого конкретного учащегося;

- при письменном тестировании существует вероятность угадывания правильного ответа, невозможно проследить за логикой размышлений студентов и источником совершенных ими ошибок.

Проведение письменного тестирования требует большего количества времени от преподавателя для подготовки разнообразных вариантов тестирования, исключающих повторение, но сокращает время оценки контроля знаний.

В целом следует заметить, что метод тестирования, несомненно, полезен для промежуточной оценки знаний студентов и контроля остаточных знаний (через некоторый промежуток времени после окончания изучения курса), а также при соответствующей подготовке тестирование вполне может заменить курсовой экзамен. На данный момент экзамен более объективно позволяет оценить глубину и всесторонность знания предмета, так как происходит при непосредственной беседе преподавателя с каждым конкретным студентом (хотя здесь и присутствует субъективная оценка преподавателя). Чтобы стать равноценной заменой экзамену, необходимо увеличить число заданий, сами задания сделать разнообразными, охватывающие и теоретический материал, например, определения, формулировки законов, и практический, позволяющий применить математические формулы законов для расчетов, а также оценить возможность протекания химических реакций. Также, чтобы исключить возможность угадывания, целесообразно составлять задания таким образом, чтобы среди предложенных вариантов ответов не один, а несколько вариантов ответов удовлетворяли предложенному вопросу. Такой подход к формированию тестов уже реализован в рамках сдачи ЕГЭ и доказал свою эффективность.

#### Список литературы:

1. Сеницкая Г.Б., Халикова А.В. Инновационные приемы в преподавании химии в техническом вузе. Материалы VIII Междунар. науч.-практ. конференции, посвящ. Дню слав. письм. и культ. СамГУПС. Самара, 2011.
2. Сеницкая Г.Б., Халикова А.В. Контроль качества знаний по общей химии при подготовке специалистов для железнодорожного транспорта. Матер. V Всерос. науч.-практ. конф. «Актуальные проблемы развития транспортного комплекса», 2009 г. – Самара: СамГУПС, 2009.

Статья посвящена тестовому подходу в оценке формирования компетенций студентов технических вузов при изучении дисциплины «Химия». Проведен сравнительный анализ и выявлены преимущества и недостатки устного и письменного тестирования студентов.

## ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ақсериков Ғ. Е.-магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Шәкіртке жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік

тұрғысынан) тәрбиелеуде халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осындай құндылықтың бірі-ұлттық ойындар. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану шәкірттердің ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Ұлттық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді[1]. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Оқу үдерісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жана материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды.

Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтастырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек[2]. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір білдіргендер қатарына К.А.Покровский, А.И.Ивановский, Н.И.Гродеков, Е.А.Алекторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П.Пашин, Г.С.Запьяжский, А.Шиле, А.Харунзин, А.Горячкин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов, т.б. айтуға болады.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;
2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттеген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Алғашқы топтама еңбектің тарихнамалық тізімінде Ә.Диваевтың еңбегі тұрады. Ол өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Ә.Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шындауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады. Ә.Диваев: «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласында: «бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығы сөз етіледі.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады. Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін, жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуінде атқаратын қызметін жоғары бағалаған еді. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі. М.Жұмабаев ойындарды «халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі» деп тұжырымдайды.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңқайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар;
7. Атракциондық-көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды. Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес 1949 жылы М.Гуннердің «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі толықтырып, өңделіп, қайта басылды.

Кеңес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындарын зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Әсіресе М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған. Ең бастысы, ол дене тәрбиесінің Ұлттық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалаған М.Тәнекеевтің авторлығымен шыққан

алғашқы туынды «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957). Бұл зерттеуінде ізденуші қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәтіптерін таразылап, халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп жіктеп, құнды мұрағат деркелеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады. Ғалым негізінен Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде дене тәрбиесі мәдениетінің дамуын талдай отырып, тарихта тұңғыш рет, дене мәдениеті мен спорттың екі даму бағытын қара халықтық және ақсүйектік деп көрсетіп, оны формациялық әдістемеге сүйеніп, яғни таптық тұрғыдан қарастырады. Сонымен бірге ғалым зерттеуіне әскери қолданбалы маңызы бар кейбір спорт және ойын түрлерінің өрлеуіне отаршыл Ресей патшалық өкіметінің саяси көзқарасын көрсетеді. М.Тәнекеевтің аталған еңбегінде таптық-формациялық идеологиялық көзқарас тұрғысынан сол заманға сай зерттелгеніне қарамастан, бүгінгі күні өз құндылығын жоймаған, ғылыми тұрғыдан аса жоғары еңбек болып табылады. М.Тәнекеевтің басшылығымен бұдан басқа да бірнеше ғылыми монографиялық еңбектер жазылды. Кеңестік кезеңдегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде дәстүрлі қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін дәлелдеп, ойын зерделеген.

Аталған автор қаламынан халықтың этнопедагогика мен ұлттық ойындар арасындағы байланыс және ойындардың ертеңгі болашаққа керекті қасиеттілігін зерттеген басқа да қомақты ізденістер дүниеге келеді. Е.Сағындықовтың авторлығымен жазылған ғылыми монография «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (Алматы, 1993) деп аталады. Ғылыми еңбекте қазақ мектептерінде I-ҮІ сыныптарда қазақ халық ойындарын жекелеген классификацияларға топтап, оны сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістері анықталып, қазақ халық ойындарына педагогикалық талдау жасалып, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделеді. Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындардың ережесі қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985) атты еңбегіндегі ат спортына қатысты бәйгені бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйге, т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдау жасалады. Бала өміріндегі ұлттық және спорттық қимыл-қозғалыстың және ойынның алатын орны, формасы және мазмұны үлкен адамның тұрмыстық күйімен, еңбек түрімен және мазмұнымен салыстырылса, қаладағы қажеттіліктің бір тұсы адамды дағдыға үйрету екендігін байқаймыз.

Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады

#### Әдебиеттер:

1. Сухомлинский В.А. О воспитани. М. «Политиздат». 1976. с. 94.
2. Әуезов М.О. Таңдамалы көп томдық. Алматы, «Атамұра».1992.
3. Таникеев М. Казахские виды спорта и игры. Алма-ата. Мектеп. 1971. с. 3-27.
4. Төтенаев Б. Казахские народные игры. Алма-ата. 1978. с. 33-70.

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Абиғалиев Р.А. -магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Көп жыл бойы спортпен шұғылданушылардың оқу-жаттығу үдерісіне қызығушылығы жойылғанда, дене шынықтыру мен спортқа деген селқостығы байқалады. Балалар мен жасөспірімдердің едәуір бөлігі, орта мектепті бітірмей, жаттығуды мүлдем тастап кетеді. Ал кейбіреулері ЖОО-на түскеннен кейін өзінің спорттық шеберлігін арттыру орнына, дене тәрбиесі сабақтарына теріс көзқарасын білдіріп, өздерінің спортшы екендігін саналы түрде жасырады. Дене шынықтыру біліміндегі спорттық педагогикалық ынтымақтастықтың болмауы мұғалім мен оқушының арасындағы бір-біріне деген сенім элементтерінің, ізденіс пен өз білімін толықтырып отырудың болмауына, жаттықтырушының педагогикалық мүмкіндігінің білімі мен құралдарының, әдістері мен әдістемелік тәсілдерінің жылдам жойылуына әкеп соғады.

Адамның әлеуметтік дамуының шегін қоса есептегенде, оның дене, психикалық және адами-эмоционалды тұрғыдан қалыптасып өсуінің тоқырауы мен шектелуі ерте басталады. Сондықтан педагогикалық бақылауға алынған ақпараттардың, ең бастысы - ұйымдастыру қағидалары мен талаптардан ауытқушылықтарды, олардың жіберілген себептерін, алынған нәтижелерді анықтап, бұрын белгіленген логикалық құрылым мен жоспарға педагогикалық жұмыстың сәйкестігін тексеріп, бақылауға қоса жұмыс сапасының жағдайы туралы, оның мазмұны, ұйымдастырылуы, түрлері мен құралдары, оның методологиялық қамтамасыз етуі жөнінде алынған ақпараттың кешенді тәсілдерін енгізу қажет.

Есеп секілді, бақылаудың дамытатын және тәрбиелейтін, ұйымдастыратын және үйрететін маңызы болады. Еңбектің методологиясына бақылау жасау - бұл ұстаз бен жаттықтырушының өз қызметін бақылау. бірақ; ең жақсы бақылау — бұл өзінің пәніне педагогикалық бақылауды мұқият және жүйелі түрде жүргізген жөн. Негізінен, сабақ жыл бойы таза ауада еткізілуіне байланысты, әрбір сабақта, әсіресе қыста, спортпен шұғылданушылардың киімі мен аяқ киімінің жағдайын тексеріп, олардың көңіл-күйін, олардың қалай ұйықтағанын, олардың тәбетінің қандай екендігін сұрап отырған дұрыс болады.

Егер спортпен шұғылданушы бірнеше жаттығуға қатыса алмаса, біз оның себептерін анықтап, ол үшін екі-үш сағат бойы дене жүктемесін азайттық. Қыздырыну жаттығуларына дейін және оларды орындағаннан кейін тамырдың соғуын өлшедік, осыған байланысты әрқайсысына жаттығудың қарқындылығы мен екпінін түзеттік.

Біздің зерттеулеріміз, қозғалу жылдамдығы 2-2,5 м/с болатын 1 сағаттан 5 сағатқа дейін созылатын дене жүктемелерінің көлемінің өзі кез келген жаста артық күш түсу қаупін туғызбайтындығын көрсетіп отыр. Дегенмен жаттығудың жоғары қарқындылығы қауіп туғызады. Сондықтан организмді өсіретін және қалыпқа келтіретін жаттығулардың мұндай тәсілдері аралық және барынша жоғары жүктемемен жұмыс жасау әдісі ретінде жиі емес бір-екі аптада бір рет қана қолдануға болады, бұл ретте барлық жүйелер мен мүшелердің жоғары функционалдық деңгейде қалыптасуы қамтамасыз етілуі тиіс. Оқушылар мен студенттердің ағзасындағы тыныштық жағдайдағы, сондай-ақ дене жүктемелері кезіндегі функционалдық жағдайдың орнықсыздығы, сандық және сапалық өзгерістердің секірмелігі, оқушы спорттық секцияда шұғылдана ма, жоқ па, бұларға байланыссыз стандартты сабақпен немесе стандартты жаттығумен ай сайын бақылау жасау қажеттілігін туғызады. Өйткені адам ағзасының физиологиялық болып, патологиялық жолмен жүруі үшін тіпті бір рет артық күш түсірудің өзі жеткілікті. 20-35 жасқа дейін организмнің көптеген жүйелері, бәрінен бұрын, жүрек-қан тамырлар жүйесі қаншалықты қалыптасса, соншалықты жаттығады деген пікір көбірек айтылуда. Кез

келген мүшеге артық күш түсіру, бірінші кезекте, жаттығушының жүйке жүйесі мен психикасына соққы болады. Сондықтан ұстаз бен жаттықтырушы ертерек тар шеңбердегі мамандануда арнайы жаттықтыруды арттыру мәселесін өте мұқият шешуі керек.

Таза ауада бұлшық еттерге түсетін жүктеменің жеткілікті көлемі спорттық гиперкинезияда жаттығу процесін түзету мен гипокинезия құбылыстарымен ойдағыдай күресуге көмектеседі. Дегенмен сауықтыру мақсатында да, сондай-ақ спорттық шеберлікті арттыруда да дене тәрбиесі мен спорт құралдарын пайдалану шұғылданушылардың ағзасына олардың әсер етуін тек қатаң бақылауға алғанда ғана жағымды нәтиже береді. Бір жағынып, бақылау дәрігерлік, екінші жағынан педагогикалық ауқымды мәселелерді қамтуы тиіс. Білім алу деңгейін, негізгі физикалық қасиеттері мен дене дайындығын дамытуды анықтау әдістерін негізгі, дайындық және арнайы дәрігерлік топтар мен оқу бөлімдерінің құрамдарын қосқанда, оқушылармен де, сондай-ақ студенттермен де жүргізілген жұмыстарда пайдаландық. Жаппай тексеру жүргізу үшін бақылау тексерулері мен тестілеуді сабақтың 45 немесе 90 минут болуына байланысты «жан-жақты тең үшбұрыш» немесе «бесбұрыш» түріндегі педагогикалық ынтымақтастықтың қағидаларын пайдаланып, стандартты сабақ түрінде жүргіздік, онда бір мезгілде бөлім немесе топ, сынып немесе түйдек, факультет немесе курс іске қосылды, мұның өзі бірінші курстағы нөлдік бақылаудан бітіргенге дейінгі аралықта әр студенттің дене жағдайындағы өзгерістерді бақылап, жеке реттеуге мүмкіндік берді. Бұл ретте сабақтың сауықтыру тиімділігі алгоритм бойынша анықтадық.

Ұзақ өмір сүретіндердің организм мүмкіндігінің едәуір көп екендігі айқын көрініп отыр. Ағза тозғанша жұмыс жасайды және уақытынан бұрын тозады. Адам организмдегі артық заттар «шлактар» клеткааралық кеңістікте болады - яғни осы жерде, осы деңгейде өзін-өзі бақылау және адам өз организмне көмектесуді бастауы керек. Және бұл көмек мыналар- үнемі қозғалыста болу, дұрыс тыныс алу, оңтайлы, тиімді тамақтану.

«Өркениет ауруларының» алдын алу және емдеу қозғалыстың аздығымен күресудің тиімді шараларын дайындауды, әр оқушы мен студенттің, қызметкердің осы мәселелердегі дене тәрбиесі туралы білімінің жеткілікті болуын талап етеді. Бұл, тұтастай алғанда, адамның физикалық жағдайын, жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу жүйесінің функционалдық жағдайын, сондай-ақ дене жаттығуларының қалыпқа келтіру және әсер ететін сақтандыру бағдарламаларын қолдану сауатылығында тереңірек бағалау үшін қазіргі жаппай оңтайлы сынақтарды іс жүзіне кеңірек енгізу қажеттілігін ұсынады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда балалардың, жеткіншектердің және ТМД-ның барлық аймақтарындағы ересек тұрғындардың денсаулық деңгейінің төмендеуі мен ғұмырының қысқаруы байқалады (өкпе ауруы, жыныстық қатынастан жұғатын сөз аурулары және т.б.). Сараптамань қосқандағы біздің зерттеулеріміз, көптеген аурулар мен қызметтердің бұзылуы дұрыс тамақтанбаудан екендігін түсіндік.

Зерттеудің барысында дене деңгейдегі бейімделу сатысы үш айдан кем болмауы, бұл аптасына дене жаттығуларымен екі реттік жаттығумен әрқайсысы, екі сағаттан шұғылдану керек екендігін көрсетіп отыр. Осы кезеңдегі дене жүктемелерімен шұғылданғанда тамыр соғысының жиілігі кезеңнің басында минутіне 110-130-дан, соңында 140-170-тен аспауы тиіс. Бұл реттегі негізгі құрал циклды жайлы дамытатын жаттығулар кешені (ілігіштікке, созылуға, керілуге жаттығулар, 2-3 м/с шапшаңдықпен баяу жүгіру немесе әр 100 м 30-50с жүгіріп өту, әр 100 м 2,10-2,30 минут шапшаңдықпен жүзу) болып табылады. Дене жүктемелеріне бейімделгеннен кейін оқушы жастардың дене шынықтыру білімі мен дене тәрбиесі құралдарын құрайтын, негізгі бағдарламалық және бағдарланған материалдар жеңіл атлетикадан, шаңғы, коньки дайындығынан, қозғалыс ойындарынан, жүзуден, атудан және тандан алынған спорт түрінен маманданудан меңгеру сайысы басталады.

Зерттеу нәтижелері жалпы алғанда ұсынылған ғылыми болжамда дәлелдейді және мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Ұзақ жыл спортпен шұғылданушылардың оқу-жаттығу үдерісіне қызығушылығының төмендейтіндігі, дене шынықтыру мен спортқа селқостық танытатындығы байқалады. Біріншіден, балалар мен

жасөспірімдердің едәуір бөлігі орта мектепті бітірмей жатып, жаттығуды мүлдем тастап кетеді. Ал кейбіреуі ЖОО-на түскеннен кейін, өзінің спорттық шеберлігін арттыру орнына дене тәрбиесі сабақтарына теріс көзқарасын білдіріп, өздерінің спортшы екендігін әдейі жасырады. Екіншіден, дене шынықтыру, дене тәрбиесі мен және спортшы арасындағы бір-біріне деген сенімдерінің, ізденіс пен спортта спорттықпедагогикалық ынтымақтастың болмауы оқушы мен жаттықтыршыны өз білімін толықтырып отыруының болмауына, жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық мүмкіндігінің, әдістері мен әдістемелік тәсілдерінің, білімі мен құралдарының жылдам жойылуына әкеп соғады. Үшіншіден, адамның әлеуметтік дамуының шегін қоса есептегенде, оның дене, психикалық және адами-шопионалды тұрғыдан қалыптасып өсуінің тоқырауы мен шектелуі ерте басталады.

Қорыта айтқанда, педагогикалық бақылауға ақпарат алудың кешенді тәсілдерін, ең бастысы жұмыстың мазмұны, ұйымдастырылуы, түрлері мен құралдары туралы енгізу қажет.

#### Әдебиеттер:

1. Садыкова Ж.Л. Социально-педагогические аспекты физической культуры // Вестник физической культуры. - 2005. - № 1 -2. - С. 103-105.
2. Касымбекова С.И., Садыкова Ж.Л. Формирование физкультурного образования учащейся молодежи // Материалы Международной научно-практической конференции «Теория и практика физической культуры и спорта». -2006.-С. 221-223.
3. Қошаев М.Н., Қасымбекова С.И., Садыкова Ж.Л. Денсаулыққа деген жағымды көзқарасты қалыптастырудың педагогикалық принциптері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Оқушы жастардың дене тәрбиесі мен спорттың өзекті мәселелері» - Ақтөбе, 2007. - 470-475 бб.

### ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Саймова А.Т.-мұғалім

№7 жалпы орта білім беретін мектебі. Орал қ.

Мемлекет пен тіл, ұлт пен діл сабақтас, тығыз байланысты ұғымдар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі. Мемлекет құраушы ұлттың тілі осы елдің барлық этникалық топтарын, азаматтарын ұйыстырушы негізгі күш. Елді біріктіруші фактор қазақ тілі болуы қажет. Кеңес үкіметі тұсында бірыңғай орыстандыру саясатының салқыны айтарлықтай ықпал етсе де, қазақ әдеби тілі көркем, бай қалпында бүгінге жетіп отыр. Татар ақыны Хасан Туфан «Сырлы тіл, жырлы тіл, нұрлы тіл – қазақ тілін ғасырлар бойында қастерлеп сақтағандарыңыз үшін, қазақ бауырлар, сіздерге рақмет» деген еді.

1991 жылы тәуелсіздігіміз жарияланғаннан кейін, қазақ тілінің дамуына жол ашылды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді. Міне осындай мүмкіндік туғанмен, қазақ тілінің шын мәнінде толыққанды мемлекеттік тіл болып даму жолында бірнеше кедергілер бар болып шықты. Басты кедергі Қазақстанның байырғы халқы қазақтардың біршама тобының қазақ тілін шала білуі екені байқалады. Оның ішінде ана тілін мүлде білмейтін, ұлттық тамыры үзілген ұрпақтар да бар.

Екіншіден, тарихи тағдырдың себебінен Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері қоныстанды, өсіп, өнді. Біртұтас кеңес үкіметі тұсында жергілікті халықтың тілін, дәстүрін білу қажет болмағандықтан, олар орыс тілімен өмір сүрді. Тіл саясатын жүргізуде басқа ұлттардың мүддесінің тапталмауын да үкімет басты назарда ұстап отыр. Бірақ толыққанды тіл саясатын жүргізу үшін еліміз көпэтносты, көпконфессиялы дегенді көлденең тарта беруге болмайды. Профессор А.Тайжанов былай дейді ... ««Халық», «этнос» -көне заманнан бері белгілі бір аумақта пайда болған, өзінің тілін, әдет-ғұрпын, ұлттық психологиясын, экономикасын, мемлекеттілігін қалыптастырған үлкен әлеуметтік топ. Бізде оған ие бола алатын тек қазақ халқы ғана. ҚАЗАҚСТАН-егемен ел, унитарлы мемлекет, ал қазақтар өзінің станы бар, тұрағы бар, пайда болған орны бар этнос. Құдай бізді осы жерде жасаған, басқаларды басқа жерде. Олай болса, мемлекет құраушы қазақ, қазақ ұлтынан басқалардың бәрі – біздің елімізге 4 күн бұрын келсін, 400 жыл бұрын келсін ДИАСПОРАЛАР»[1, 50]. Тәуелсіздік алған жиырма алты жылдың ішінде еліміздегі көптеген ұлт өкілдері бір атаның баласындай бірлесе отырып, экономикалық даму жолына түсті. Қазақстанда мемлекет құраушы, титулды этнос қазақ ұлты екендігін бәрі де біледі. Ал мемлекеттік тілді үйреніп қана қоймай толықтай меңгеру – қазақтарды айтпағанда, барлық диаспоралар мен этностық топтар өкілдерінің азаматтық парызы. Елбасы өзінің жолдауында «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін, одан әрі дамытуға бар күш жігерімізді жұмсауымыз керек», - деген еді.

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздік алып, коммунизм елесінен есін жиған қазақ халқы өз тарихын өзі жазып, рухани мәдениетін түгендеуде. Осы тұста өрениет пен мәдениеттің ара-жігін ажыратып алған дұрыс. Түрік ойшылы Зия Көкалып бұл мәселені былай түсіндіреді: «Мәдениет ұлттық, ал өркениет халықаралық категория. Мәдениет бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, тіл, экономика және тұрмыс-тіршілігінің үйлесімді жиынтығы. Өркениет болса, дамудың ортақ деңгейінде тұрған көптеген ұлттың қоғамдық жиынтығы». Яғни өркениет адамзаттың әдіс-тәсілдері арқылы, түрлі ғылымдарды игеру негізінде жасаған құрал жабдықтары. Біз оны сол күйінде басқа елден ала саламыз. Адамзат жасаған дайын өнімді қайта жасаймыз деп әуре болмаймыз. Ал мәдениет ондай емес. Мәдениет бір ұлтқа тиесілі. Мәдениет ұлттың жан дүниесі. Оны қолдан жасай алмаймыз. Ұлттық мәдениет ғасырлар бойы қалыптасады. Ұлттың тілі, ділі, діні, музыкасы, дүние танымы, салт - дәстүрі ұлттық мәдениеттің негізгі ұстындары. Дегенмен жаһандану ұлттық мәдениет үшін қанша қауіпті болса да жаһанданудан бас тартып, томаға тұйық отыра алмаймыз. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев жақында қазақ басылымдарының редакторларымен болған сұхбатында: «Біз жаһанданумен күресуді емес, жаһандануға бейімделуді алдымен ойлауымыз керек. Сөйткенде ғана тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз», - деді.

Әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениет тоғысында, сол мәдениеттің негізгі нышаны ана тілін сақтау әрбір саналы ұлттың мақсат-мұраты. Ал түркі өркениетінің бір тармағы қазақ мәдениетінің негізі сүйенері –тіл. Тіл - тәрбие діңгегі, тіл - білім-ғылым игерудің көзі, тіл ұлттың жаны. Белгілі ақын Қадыр Мырзалиевтің «адамның жаны бар сияқты ұлттың да жаны бар. Оның тілі мен жаны табиғи тығыз байланысты. Тілінен айрылған халық міндетті түрде ұлттық қасиетінен айырылады», - деген сөзі ұлттық болмыстың өзегі ана тілде жатқанын көрсетеді.

Президентіміз ұсынған «үш тұғырлы тіл мәдени жобасы» ел ішінде қарама-қайшы пікірталастар туғызды. Елбасы жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. Бұл экономикасы қарқынды дамып келе жатқан ел үшін көкейкесті мәселе. Бірақ үш тілді игеру өте күрделі психологиялық құбылыс. Көптеген қазақ зиялылары бұл жобаға сын көзбен қарап, мемлекеттік тілдің дамуына кедергі болатын үрдіс деп тануда. Дейтұрғанмен, Елбасы өз сұхбатында бұл мәселенің түйінін шешіп

берді. Қазақ тілі екі халықаралық тілдің көлеңкесінде тоқырап қалмай ма деген күдікті «қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі –Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді», -деп сөйлтті. Елбасының «тілге қамқорлықты алдымен тыныштыққа қамқорлықтан бастау керек. Менің ел басшысы ретіндегі де, қазақ ретіндегі де парызым қазақ тілін өсіріп, өркендету» деген ойларына сүйене отырып, қазақ тілін насихаттаудан гөрі, талапты күшейту керек.

Биылғы жылғы Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы мемлекет құраушы ұлт қазақ қауымы көптен күтіп жүрген құнды мәселелерді көтерді. Қоғамға жаңа сілкініс әкеліп, көңілге жылу ұялатып, болашаққа сенім туғызды. Елбасы рухани жаңғырудың басты қағидаларын, алдағы міндеттерді елеп-екшеп берді. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты –сол ұлттық кодты сақтай білу», -деп атап көрсетті. Ұлттық код неге сүйенеді деген сұрақ туындайды. Сөз жоқ ұлттық кодтың басты тірегі-тіл. Тіл-мәңгіліктің мәңгілік мәселесі. Қазақстан тәуелсіздік алғалы мемлекеттік тілдің мәртесі артып келеді. Дегенмен, шешімін таппай жүрген күрделі мәселе-әліпби мәселесі еді. Елбасы «қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек»-деп түйінді шешіп берді.

Бүгінгі қолданып жүрген әліпбиіміз кирилл әрпіне негізделген орыс-қазақ әліпбиі екені рас. Осы әліпбидің ықпалымен тілімізде басы артық әріптер, жат дыбыстар еніп, емле-ережеміз қиындағанын жоққа шығара алмаймыз.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында төл ұлттық әліпбиге қол жеткізу-ұлттық мүдде, ұрпақ алдындағы парыз. Латын жазуына өту біреуге жақындау, не біреуден алыстау емес, бұл тілге реформа жасау. Тіліміздің мөлдірлігін, тазалығын қалпына келтіру, рухани жаңғыру.

Әліпбиді ауыстырып, емле-ережемізді реттеуде ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қағидаларын ескеруіміз керек. Қазіргі латын жазуына негізделген әліпби жасаушылар көп. Осы мәселені дауға айналдырмай, «тауық сойса да, қасапшы сойсын», -деген Ақанның сөзін ескеріп, Тіл білімі институты мамандарын, Ә.Қайдаров, Ә.Жүнісбек сияқты лингвистердің ұсыныстарын ескеру қажет. Жаңа әліпбиде әріп саны азайып, орфография және орфоэпия нормалары жүйеленіп, жазу жүйесі компьютер пернетақтасына сәйкестендіріліп жасалса дұрыс болар еді. Қазақтың төл дыбыстау жүйесін ескере отырып, емле ережелеріміздегі кирилл әрпінің ықпалымен туындаған қателіктерді түзетіп, қиындықтарды шешу-басты міндет. Қазақ тіліне енген барлық кірме сөздер, терминдер (араб-парсы, орыс, ағылшын тілдерінен енген) қазақтың дыбыс жүйесімен айтылып, қазақ тілінің заңдылығымен жазылуы-шарт. Х.Досмұхамбетов мына сөзі көкейкесті: «қазақ тілінен енген сөз қазақтың тымағын киюі қажет». Бұл үрдіс әлемнің барлық тіліне тән.

Төл ұлттық әліпбиге қолжеткізу- ұлттық тамырымыздың нығаю. Әлемдік жаһандану үдерістеріне «мен қазақпын» деп ілесу.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Тайжанов А. Мемлекеттік тіл саясаты: әлеуметтік-философиялық талдау.// Мемлекеттік тіл саясаты: жаңа кезең мен жаңа міндеттер (III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция), Орал, 2011 ж.
2. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егеменді Қазақстан. 12 сәуір 2017.
3. Вольфганг Буцкамм [http://ru. Wikipedia.org/ wiki/](http://ru.wikipedia.org/wiki/)
- 4.Қазақстан Республикасы Президенті –Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
5. Освальд Шпенглер. Закат Европы., М., 1993 г.
6. Айталы А., Жаһандану және ұлт мәселесі. «Егеменді Қазақстан» газеті, 2008 ж. 27 ақпан.

## ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ БОКСШЫ

Лұқпанов С. - магистрант 1 курс

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

Қазақ спортының тарихында күш атасы Қажымұқан палуанды қашанда бірінші айтамыз. Күрес өнері қазақ қазақ болғалы жалғасып, дамып келе жатқан спорттың түрі болса, ал бокс қазақ топырағына кейінгі заманда келген өнер. Қазақ тарихында қолына алғаш былғары қолғап кейген –Шоқыр Бөлтекұлы.

Шоқыр Бөлтекұлы Маңғыстау ауданы, Жармыш ауылында 1916 жылы туған. Әкесі қарапайым балықшы Бөлтек теңізде балық аулап жүргенде қатты жел тұрып қайығы аударылып, өзі жағаға шығып жарақат алады. Есін жинап сүйретіліп, қайыққа жақындаса ауына үлкен Шоқыра деген балық түскен екен. Үйіне жақындағанда: әйелің ұл туды деп көршілер сүйінші сұрайды. Әке қуанышында шек жоқ, ауына түскен шоқыра балығын жақсы ырымға жорып, баласына Шоқыра деп ат қояды. Кейін оны ауыл-аймақ Шоқыр деп атап кетеді.

Шоқыр тоғыз жасында қазіргі Форт-Шевченко қаласында мектеп табалдырығынан аттапты. Бес-алты шақырымдай жерден қатынап оқығанына қарамастан, үлгілілер қатарынан көрінеді. Ол сонымен қатар, сурет салуға деген ерекше икемдігін танытқан. Қазанның түп күйесін пайдаланып жартасқа қайықшыларды, қаламмен кластастарын, құм үстіне жануарлар суреттерін айнытпай салады. Жас баланың осындай талантын байқаған мұғалімдер, оған суретшілер даярлайтын арнаулы оқу орнына бару жөнінде кеңес береді. Ұстаздар ақылымен Ш. Бөлтекұлы 1932 жылы Баку қаласындағы суретшілер училищесіне түседі. Училищені тәмамдауға екі айдай қалғанда Мәскеуден Петров деген ұстаз келеді. Ол математика маманы, әрі боксшы екен. Жаңа өнер Шоқырға бірден ұнайды. Бірақ оқуды аяқтағалы жатқан балаларды секцияға қатыстырмай қойған. Қазақтың қаршадай баласы салған суреттер, ұстаздар көңілінен шығып жүрді. Олар таңдаулы үш шәкіртке шеберліктерін ұштай түсу үшін, оқуларын Мәскеу немесе Киев қалаларының бірінде жалғастыру жөнінде ұсыныс жасайды. Сол таңдаулылардың қатарына іліккен Шоқыр Киевті қалады. Украина астанасына келіп көркемсурет институтына орналасты. Бакудегі жоғары бағалары мен комиссияға тапсырған суреттері қабылдаушылар көңілінен шықты. Ол алғаш сабаққа барған күннен бастап, бокс бапкерін іздеді. Ақыры осындағы бапкер И.Ивановтың секциясына жазылады. Аптасына үш рет жаттығу, Шоқыр үшін ешқандай қиындық туғызған жоқ. Бес айдан кейін жаңадан үйренгендер арасында жарыс ұйымдастырылады. Шоқыр үш қарсыласпен шығып, бәрінде де айқын басымдықпен жеңіске жетті. Жас талапкердің аяқ алысын байқаған бапкер, енді оны үшінші және екінші разряды бар спортшылармен шайқастырып көрді. Мұнда да қазақ жігітінің тегеуріні мықты екендігі байқалды. Иван Константиновичтің шәкірттері Киев, Львов, Харьков қалаларындағы жоғары оқу орындары студенттерімен көптеген жолдастық кездесулер өткізді. Соның бәрінде де Шоқыр Бөлтекұлы жеңіске жетіп, ұстаз мерейін өсіре түсті. Шеберлігі күн санап өсіп келе жатқан шәкіртінің оқуын бітірер сәті жақындаған сайын Ивановтан маза кете бастады. Бірде кезекті жаттығудан соң Шоқырды жеке шақырып алып:

– Салған суреттеріңді Матвей Никифорович Петренко мақтады. Ол талабы өте жоғары ұстаз. Осы айтулы әріптесімнің өзің жөніндегі пікіріне қуанып қалдым. Рингтегі шәкірттеріміздің арасында сенен асқан спортшы жоқ екенін көріп жүрсің. Киевте тағы екі-үш жылдай еңбек етіп, рингтегі шеберлігіңді ұштай түссең дұрыс болмай ма? – деді.  
– Сіздерден үйренгенім көп-ақ. Өздеріңізге әрқашанда қарыздармын. Бірақ елге барып өз тәжірибемді жас ұрпақтарға үйреткім жөн деп шештім,- дейді.

Оқуын бітіріп, Қазақтың опера және балет театрында сурет салып жүрген жас жігіт болашақ жары, кейіннен екі перзентінің анасы, Ақтөбелік биші Нұрсұлу Тапаловамен танысады. 1936 жылы Бүкілқазақстандық спартакиада болады, бағдарламаға бокс та енгізіледі, бірақ Шоқырға қарсылас табылмайды. Осы кезден бастап ел басшылары бокс спортын дамыту керек деп шешім қабылдап, Шоқырды Мәскеу мен Ленинградқа тәжірибе алмасуға жібереді. 1936 жылы қазан айында Қазақстанда тұңғыш бокс үйірмесі осылайша ашылады. Шоқыр боксшы ретінде 223 рет рингке көтерілген. 50 рет финалға шыққан, оның 38-де жеңіске жетіп, төртеуінде тең түскен көрінеді.

Шоқыр Бөлтекұлы журналистерге берген сұхбатында былай деген еді: «Өмір бойғы темірқазығым – біреудің ала жібін аттамау, адалдық пен тәртіптің құлы болу. Қолғап киген бар шәкірттерімді баулығанда «олай ұр, былай ұр» деумен шектелген емеспін. Қолымнан келгенінше саналарын сәулелендіріп, ізгілік шарапатымен де сусындатып, бойларына теренірек сіңіруге тырыстым. Олардың әрқайсысын тәрбиелеуге бар қуатымды, ынта-жігерімді, алтын уақытымды сарп еткен жанмын. Оған ешқашан өкінбеймін де. Осындай қағидаларды зердесіне мықтап тоқығандардың бірі, өзімнен тәрбие алған тұңғыш спорт шебері Серік Әбденәлиев. Шәкірттерімнің ішінен Ескендір Хасановтан кейін құрама тізгінін ұстаған Серікке ризамын». Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Серік Әбденәлиевтің бокстан Ел құрамасының бас бапкері болған еді.

«Шоқыр» журналының 2015 жылы №2 санында Шоқыр Бөлтекұлы «Ер Қосай» жырының 1899 жолын жатқа біледі деп жазылған. Шоқырдың рухының мықтылығы да содан болар бәлкім. Халықаралық додаға қатысып жүрген біздің спортшыларымыз үшін бұл нағыз үлгі-өнеге боларлық дүние. Шоқыр Бөлтекұлы Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер, бірнеше тілді меңгерген полиглот, (неміс, украин, араб, орыс тілі т.б.) Басында қаны бар, ұлтжанды турашыл, өз принципімен өмір сүрген. Туған топырақтан дарыған қасиеті оны батыл мінезді, тура айтатын, ұлтын сүйетін, рухы биік тұлға ретінде қалыптастырды. Текті топырақтан жаралған Шоқыр аға төлқұжатындағы ұлы деген тегін де өзгертпеген. Бірде Шоқырға Бауыржан атамыз әзілдеп: «Бізде екі-ақ нағыз қазақ бар. Бірі-сен, екіншісі-мен депті». Шоқыр аға қазақтың көптеген зиялыларымен жиі араласқан, Бейімбет Майлин, Шәкен Айманов, Бауыржан Момышұлы, Нұрғиса Тілендиев т.б. Қазір ата мұрасына иелік етіп отырған қызы Тотыға жазған өсиетінде: «Бала күнімде балықшыларға еріп, Сұлтан үпі деген әулиенің басына жиі баратынбыз, қасиетті жер еді, аяғың жетсе барып дұға қыларсың деген» Әкем айтқан әулиенің басын көзімнің жасын тия алмай, жылап жүріп зияраттадым.-дейді қызы Тоты өз естелігінде. Шоқыр Бөлтекұлы 1994 жылы 78 жасында дүниеден озды. Араға төрт жыл салып зайыбы Нұрсұлу Елубайқызы да дүниеден өтті. Екеуі де иісі қазақтың жақсысы мен жайсаңы мәңгілік орын тапқан Кеңсай зиратында. Жыл сайын Ақтау қаласында Шоқыр Бөлтекұлын еске алуға арналған бокстан ересектер арасында бокстан халықаралық турнир өтеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, қазақ боксының королі, ҚазССР үш дүркін чемпионы, қазақтан шыққан тұңғыш СССР спорт шебері Шоқыр Бөлтекұлының өмірі жастарға үлгі.

#### Әдебиеттер:

5. Сухомлинский В.А. О воспитани. М. «Политиздат». 1976. с. 94.
6. Әуезов М.О. Таңдамалы көп томдық. Алматы, «Атамұра».1992.
7. Таникеев М. Казахские виды спорта и игры. Алма-ата. Мектеп. 1971. с. 3-27.
8. Тотенаев Б. Казахские народные игры. Алма-ата. 1978. с. 33-70.

## ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕРДІ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ШЕШУ

Оразбаева Н.- магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

Еліміздің білім саласындағы ең бірінші кезекте тұрған тіл саясаты туралы басты мәселе мемлекеттік тілді еркін білумен қатар, шет тілін меңгеру. Басты мақсат – бәсекеге қабілетті зияткер ұлттың өкілін дайындау. Білім алушылардың сапасын халықаралық стандартқа сай көтеру. Елбасы биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында адами капитал жаңғырудың негізі екенін баса көрсетті. Білім берудің жаңа сапасына көшіп, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. «Білім беру мазмұнының негізгі мақсаты қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір суруге икемді, білімді, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, оның болашақ кәсіби бағдарын айқындауына игі ықпал ету болып табылады. Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде», -деп Елбасы атап көрсетті.

Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі жағдайында шетел тілдерін оқытудың рөлі артады. Әрине 12 жылдық білім беру жағдайында ағылшын тілін оқыту әдістемесінің бірі ойын элементтерімен іс-әрекеттер арқылы оқыту. Ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың белсенділігін пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруында болып табылады. Оқудың алғашқы кезінде оқушының тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлерін дұрыс өткізілген сабақта оқушылардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады. Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, іздендіруге дағдысына қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсатта қолдану тиімді.

1. Алфавитті дұрыс меңгерту
2. Орфографияны дұрыс оқыту
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру
4. Лексиканы меңгерту
5. Оқушылардың ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру.

Әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығудың бір түрі ретінде ойындарды қолданылып, сабақты қызықты өтуге, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға, білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады. Таңдап алынған ойындар оқушылардың сөз байлығына, тіл қорына сай болу керек. Мұғалім кез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Сонымен бірге мұғалім ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарын біліп орындауы тиіс.

Ол әдістемелік тұрғыдан алғанда мынадай бөліктерден тұрады:

1. Ойынның өтілетін сабақтарының мазмұны мен тақырыбына сай болуы.
2. Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу.
3. Ойынның ойналу түрі, топ болып ойнау.
4. Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы.
5. Қолданылған сөздер, сөз тіркестері, өлең таңдау
6. Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Мұғалім алдымен оқушының оқуға қызығушылығын ояту қажет. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне

мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді пайдаланылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық сыныптарда қолданылады. Сонымен бірге сынып ішінде ойнайтын ойындар мен іс-әрекеттер арқылы да оқытуға болады. Біз сынып ішінде ойындарынды қашан қолдануымыз керек. Мысалы сабақ үстінде жаңа сөздерді қайталау үшін, өтілген жаңа сабақты еске түсіру үшін қолданған жөн.

Сынып ішінде мынадай ойындарды ойнауға болады:

What's in the bag?

Around the world

Board Race

Order Race

Question race

Bingo

Go fish

ойындарын қолдануға да болады. Бұл ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі. Ағылшын тілі пәнінде көбіне рөлдік ойындар, грамматикалық ойындар, танымдық ойындар қолданылады. Ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Ойындар оқушылардың танымын, ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылыас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру және тиянақтау, пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Ойын ұғымына түсінік берсек, бұл баланың мінез-құлқына өзі басқарумен қатар топпен жұмыс жүргізе білу әрекеті, ол баланың бір-біріне көмектесу, тез ойлау қабілетін, алға ұмтылу ісін дамытады. Сондықтан бағдарлама бойынша бекітілген оқыту үрдісінде ойын түрлерін сабақ үрдісінде үнемі пайдаланып отыру керек.

#### Әдебиеттер:

1. Захарова Е.Н. О компетентностном подходе в образовательной деятельности // Вестник Адыгейского государственного университета. Сер. Педагогика и психология. Майкоп, 2011. Вып.4. с.32-40.
2. Patricia A. Duff. Case study research in applied linguistics. N.Y.: Lawrence Erlbaum, 2008. P.233
3. Faltis C. Case study methods in researching language and education // Encyclopedia of Language and Education. Vol. 8: Research Methods in Language and Education // N.H. Hornberger, n D. Corson (Eds.). Dordrecht; Boston; London: Kluwer Academic Publishers, 1997. P.125-127

## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Сабыр М.Б. Рухани жаңғыру – ұлт болшағының іргетасы .....	3
Наумова Н.В. Психоаналитический взгляд на проблему учебной мотивации студента.....	5
Капцов А.В. Диагностическое обеспечение стадий становления субъектности студентов при компетентностной модели образования.....	7
Обыденкина Л.В. Тренды в образовании и вопросы подготовки педагогических кадров нового поколения.....	11
Тажигалиева З.Т.Тәжірибе алаңы: сөйлесім әрекеттері және оны ұйымдастыру жолдары.....	14

### I СЕКЦИЯ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР/МОДЕРНИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Ростигаева А.Н., Вилякина Е.В., Сотова Н.В. Активизация познавательной деятельности обучающихся в техническом вузе.....	17
Халиков М.М. Эволюция лингвистического мышления в процессе освоения чужого языка.....	19
Ерназаров Ж.Т.Проектирование образовательных программ: методические рекомендации, новые вызовы и тренды.....	23
Иргалиев А.С., Кузайырова А.М. Болашақ педагогтардың креативті күзiреттiлiгiн қалыптастыру мәселесiн зерттеудiң теориялық негiздерi.....	28
Кирилина Н.П. Эмпатия как составляющая коммуникативной компетенции преподавателя вуза.....	34
Присташ В.В. Деструктивное проявления в профессиональной деятельности преподавателя вуза (ригидное мышление).....	37
Садыкова А.К., Курманова Г.К. Главные задачи модернизации образования.....	41
Тоғайбаева А.К., Жеңісбекова Ж.Ж. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудағы мұғалім іс әрекеті.....	44
Досмырза Р.Ж., Жармұханбет Н.Е. Білім беру жүйесіндегі педагог-психолог мамандығының алатын орны.....	47
Толеуова Р.Н., Қайырлы А.Қ.Экологиялық білім беруді дамыту және оның болашағы.....	49
Аманова Б.Н. Технология проблемного обучения как инновационное направление в современном образовательном процессе.....	51
Жолдасова А.А., Құрманғалиева Б.Б. Әдебиет сабақтарын жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту жолдары.....	55
Құрманқұлов Ш. Өнер бағытындағы жоғары оқу орындарында дуалды оқытудың үдерісі.....	57
Идрискалиева С.К., Төреғали К.Е., Қойлыбаева Б.Ж. Тіл білімінің қазіргі жағдайы: жаһандану үрдісіндегі білім берудің жана тәсілдері.....	60
Жақыпова Қ.Ү., Кәрімова Б.М. Бастауыш сыныпта жаңартылған білім мазмұнында әдебиеттік оқу пәнін оқыту жолдары.....	63

### II СЕКЦИЯ. УНИВЕРСИТЕТ, КОЛЛЕДЖ, МЕКТЕП: БІЛІМ БЕРУ КЛАСТЕРІ/УНИВЕРСИТЕТ, КОЛЛЕДЖ, ШКОЛА: ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ КЛАСТЕР

Сүлейменова Д.Д. Жаңартылған білім беру бойынша тарих пәні сабағын оқытудың жолдары.....	66
Джонисова Г.Қ., Халықова Б.Т. Педагогиканы оқытудағы интерактивті әдістер.....	68

Кинжекова Р.С. Студенттердің тұлғалық дамуы мен кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруда жаңа технологиялардың мәні.....	71
Байтлесова Л.И., Амиргалиева А.М., Кенесарина К.Х. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру - жоғары оқу орнында студенттердің білімге қызығушылығын қалыптастыратын ерекше оқыту түрі.....	75
Еркегалиева Т.Ж., Сахибеденова Ш.Е. Музейлік педагогика арқылы патриоттық тәрбие беру.....	77
Бакитжанова Н.Е., Иргалиев А.С. Психологическое сопровождение формирования осознанного родительства в молодой семье.....	80
Ажғалиев М.Қ., Хамзин О.Т. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын арттыру жолдары.....	83
Жумасейтова А.Е. Мектеп жасына дейінгі балалардың қол моторикасын дамытудың әдістері.....	89
Султанғалиева А.И. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру жолдары.....	93
Нугманова Ж.Т. Жоғарғы оқу орындарындағы кредиттік оқыту жүйесіндегі студент портфолиясы.....	95
Абужалитова А.Т. Бастауыш сынып оқушыларын мәнерлеп оқуға үйрету жолдары.....	99
Гинаятова А. А. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұжымшылдыққа тәрбиелеуде ұлттық қимылдық ойындардың маңызы.....	101
Арыстанова А.Б. Сынып жетекшісінің электрондық журналын құрастыру.....	104
Нурманова А.К. Применение ИКТ в высшем образовании Республики Казахстан.....	107
Құттығұлова Ә.Н. Жоғары сынып оқушыларын жоо-да оқуға бейімдеу құралы ретінде 10-11 сыныптардағы математикадан элективті курс.....	109
Оразова Б.Қ. Кіші мектеп жасындағы балалардың қазіргі әлеуметтік ортада әлеуметтендіру үрдісін зерттеу.....	114
Какимов О. У. Бөбекжайдағы музыка оқу қызметтерінде музыкалық аспаптарды қолдану.....	120
Бейсенова Г.А., Кенжебай Ж.М. Орта мектептегі шет тілін оқыту үдерісінде оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеудің тәрбиелік аспектілері.....	122
Абуова А.С., Ербулатова А.М. Халықтық педагогика арқылы оқушыларды эстетикалық талғамын арттыру ерекшел.....	126
Баймолдина А.А., Боранбаев Д.С. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері.....	131
Букаткина М.Н. Психологические особенности усвоения английского языка учащимся начальных классов.....	133
Табылдиева А.М. Фонетические игры на уроках английского языка как средство формирования фонетических навыков у младших школьников.....	137
Тоғайбаева А.К., Жұмабай Д.А. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау процесін жақсартудың психологиялық мүмкіндіктері.....	139
Бакитжанова Н.Е. Сиротство и безнадзорность как проявление безответственногo родительства.....	144

### III СЕКЦИЯ

#### ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ТЕХНИКАЛЫҚ БАҒЫТТА МАМАНДАР ДАЙЫНДАУДА ҚАЗІРГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ

Джумакаева Б.С., Джумакаева К.С. Современные подходы в изучении темы «биохимические основы питания спортсменов.....	148
Уракчинцева Г.В., Бакесова Р.М. Развивающие возможности самостоятельной работы студентов.....	152
Дальке А.Ю. Инновационные методы и технологии обучения при подготовке финансистов.....	155
Ибраева Г.К. Фармация пәндерін оқытуда жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесін қолданудың жолдары.....	157
Чечетко М.В., Есполова Ж.Е. Жоғары оқу орындарында тілдік емес мамандықтарға шетел тілін меңгертудің инновациялық жолдары.....	161
Жумаев Ж.Ж., Уразова Б.А., Нургалиева Э.М. Организация самостоятельной работы студентов экономических специальностей.....	163
Мухангалиева Ж. К. Интербелсенді оқуда бірлескен топтық жұмыстардың мәні мен маңызы.....	166
Машанова С.А., Айтмуканова Г.М. Топқа бөліп оқыту әдістемесі.....	169
Тоғашева Д.С. Экономикалық пәндерді оқытуда көрнекіліктің рөлі мен маңызы... ..	172
Какимова Д.М. Қалыптастырушы бағалаудың ерекшелігі және қолдану жолдары.... ..	175
Умарова Б.Ж., Нариманова А.Ж. Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.....	179
Дауесова А.Ж. Құқық негіздері пәнін оқытудың маңызы мен негізгі әдістері.....	181
Есетов Е.Н. Салу есептерін шешу әдістемесі.....	185
Ибрагимова З.Ш. Об актуальных способах обучения детей -билингвов русской лексике и фразеологии.....	189
Калиева Ж.А. Гуманитарлық пәндер бойынша жоғары мектептегі білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырып өткізудің ерекшеліктері.....	192
Бегайдарова К.Д., Ихсанова С.А. Интерактивті әдістерді қолдану арқылы танымдық қабілеттерді дамыту.....	194
Бисенова Г.Т., Тажбаева Д.Т. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері.....	197
Жумагалиев И.К., Тапишев М.С. Экология және тұрақты даму сабағында студенттердің танымдық ерекшеліктерін белсендіру.....	199
Мукамбеткалиева А.Н., Кенжеғалиева М.Б. Инновациялық әдістерді қолдана отырып білім алушылардың белсенділігін қалыптастыру.....	204
Кубеева З.Т. Особенности и методика преподавания правовых дисциплин.....	206
Ерғалиқызы Ә., Берікханова Г.Е. Мәтінді есеп-тәжірибеге бағытталған әдіс.....	209
Надинова Э.С., Кенжеғалиева Д.Р., Есполов Т.О. Использование игр на уроках иностранного языка для повышения мотивации у учащихся.....	212
Калекешева Х.Х., Рахметкалиева Г.К. Современные проблемы развития бухгалтерского учета в Казахстане.....	216
Толебаева Б.Т., Усманова Р.К. Реализация жилищной государственной программы «Нурлы жол» в Казахстане.....	219

### IV СЕКЦИЯ

#### МАМАН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС, ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ/ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И ПРОИЗВОДСТВА В ПОДГОТОВКЕ КАДРОВ

Пересветов Н.Н., Булатов О.К. Физкультурно-спортивное краеведение как научная проблема и пути её реализации.....	221
Ким А.А., Курманова Г.К. Человеческий капитал и экономика знаний.....	222

Абдрахманова Р.Л. Методические особенности организации научно-исследовательской работы студентов.....	226
Бисималиева М.К., Сагингалиева А.О. Көптілділік қазіргі білім беру үрдісіндегі тиімді қолданыстардың бірі.....	228
Ибрагимқызы Ш.Х. Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру үрдісіндегі рөлі.....	231
Калекешева Х.Х., Рахметкалиева Г.К.Учет запасов. Особенности учета давальческих материалов в строительстве.....	235
Сисекешова А.С. Қазақстан Республикасындағы құқықтық білім берудің қалыптасуы мен дамуы.....	238
Молдагалиева М.С., Кудышева Б.Г. Білім алушыларды кәсіпкерлікке бейімдеу жолдары.....	242
Алдашева К.С. Қазақ неологиясы мен неографиясы: даму тенденциялары және бағыттары.....	245
Калекешева Х.Х., Рахметкалиева Г.К. Бухгалтерский учет в ТОО в Казахстане.....	252
Мендигалиев Б.С. Орал өңірінде самбо күресінің негізін салушы-Қамеш Исмагулов.....	255
Ажғалиев М.Қ., Қалбаева Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі лингвистикалық терминдердің қазіргі сөздіктердегі көрінісі.....	257
Жалмуханова М. Романтизмнің көркемдік-эстетикалық мәні.....	260
Фатихова А.К. Көптілді білім беру болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамыту рөлі.....	263
Киялбаев А.К., Есентай Д.Е. Противогололедные реагенты: технология приготовления.....	265
Киялбай С.Н., Алимгазин Б.Т., Кабылдин А. Применение адгезионных добавок для укрепления фрикционных свойств битума при холодной регенерации дорожных одежд.....	269
Мұратов А.А., Сүлейменова Д.Д. Алаш қозғалысының алғы шарттары.....	272
Айтуганов Т., Габдуалиева Р.С. Возможные стратегии продукта на разных этапах его жизненного цикла.....	275
Усманова Р.К., Тoleбаева Б.Т. Строительство жилья в Казахстане.....	277
Тлепбергенова А.М., Джонисова Г.Қ. Жасөспірімдердің стресске төзімділігін қалыптастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер.....	279
Темирбекова Ж.Т. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «ұят/conscience» ұғымы.....	283
Продан Д.А. Стилистика – салааралық ғылым.....	285
Жанекенова К.Б. Витагендік оқыту тәжірибесі.....	289
Кабденов Т.М. Валютный курс в современных условиях.....	291
Джумағалиев А.М. Анализ кредитных отношений в Казахстане.....	293
Сеницкая Г.Б., Халикова А.В. Роль тестирования при преподавании дисциплины.....	300
Ақсериков Ғ.Е. Қазақ ұлттық ойындарының зерттелуі.....	302
Абиғалиев Р.А. Дене тәрбиесі сабағында педагогикалық бақылауды жетілдіру.....	306
Саймова А.Т. Жаһандану кезеңіндегі қазақ тілінің өзекті мәселелері.....	308
Лукпанов С.У. Қазақ топырағындағы алғашқы боксшы.....	311
Оразбаева Н. Шет тілін үйренуде психологиялық кедергілерді ойын арқылы шешу.....	313